Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ 37.016:821.512.122(574).(043) Қолжазба құқығында

КУМИСБЕКОВА ЖАЗИРА НАУАТБЕКОВНА

Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы

8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
ҚР ҰҒА академигі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Ф.Ш.Оразбаева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор
Ө.Чобаноғлы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 5
КІРІСПЕ 6
1 ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ 14
1.1 Тіл білімі мен педагогика саласындағы интеграциялық оқыту: анықтамасы, зерттелуі 14
1.2 Филология ғылымдарының докторы Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың тілдік-әлеуметтік негіздері..... 25
1.3 Ғалым Алма Қыраубаева еңбектерін интеграциялық оқытудың философиялық негізі..... 31
1.4 Профессордың ғылыми шығармашылығын интеграциялық тұрғыдан меңгертудің педагогикалық-психологиялық аспектілері... 38
2 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҒАЛЫМ АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ҚОСҚАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ..... 50
2.1 Профессор Алма Қырауаеваның «Сенім» авторлық бағдарламасындағы интеграция мәселесі..... 50
2.2 Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту реформасын ұлттық құндылықтарға негіздеу қағидалары..... 58
2.3 Интеграциялық оқытудың білім беру трендтеріндегі жаңашылдығы 70
2.4 Филология ғылымдарының докторы Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық байланыстың қазіргі білім беру жүйесінде алатын орны..... 83
3 ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖҮЙЕСІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ..... 93
3.1 Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесінің трансформациялық ұстанымдары 93
3.2 Профессор А.Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытуды халықтық педагогика тұрғысынан талдау..... 100
3.3 А.Қыраубаеваның интеграциялық еңбектерінің ерекшелігі мен мен құндылық әдіс-тәсілдерін аппробациялау..... 109
3.4 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперимент жұмыстары 118
ҚОРЫТЫНДЫ 137
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 140
ҚОСЫМШАЛАР 149

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1994 ж.

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы: ҚР Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі №3058 Өкімі. – Алматы, 1996 ж.

Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319.

«Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазанындағы №914 қаулысы. – URL: https://surl.li/ozmust.

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000611.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2024. – 15 наурыз.

АНЫҚТАМАЛАР

Әдіс (көне грек тілінде метод – зерттеу жолы таным зерттеу обьектісінің қозғалыс заңдарынан туындайтын теориялық және практикалық қызметті игеру формасы.

Интеграция – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі.

Интеграциялық оқыту – білім берудегі әотүрлі пәндер мен тақырыптарды бір-бірімен байланыстыра отырып, дүниені біртұтас бейнесін қалыптастыруға бағытталған оқыту.

Пәнаралық интеграция – екі немесе одан да көп пәндердің білім мазмұнындағы деректердің, ұғымдардың, қағидалар мен ұстанымдардың, дағдылардың т.б. өзара кірігуі.

Пәнаралық байланыс – жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру, оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының кең өрісті қалыптасу үдерісін танытады.

Педагогикалық техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы мазмұнының үйлесімді бірлігіне әсер ететін тәсілдер жиынтығы.

Метапән – дәстүрлі оқу пәндерінен тыс құрылатын жаңа білім беру формасы.

Метабілім – бір білім негізінде көп өрісті білімді меңгеру туралы білім, яғни танымның амалдары мен әдістері (когнитивті біліктер) және олармен жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы білім (философия, әдіснама, көпсалалы ғылым).

Метабілік – меңгерілген метатәсілдер, жалпы-оқу, пәнаралық (пәннен тыс) танымдық біліктер мен дағдылар **.**

Білім берудегі метапәндік нәтижелер – оқушылардың бір, бірнеше немесе барлық оқу пәні аясында игерген нәтижелері, тек білім беру үдерісінде ғана емес, сонымен қатар өмірлік жағдайларда түрлі мәселелерді шешуде қолдануға болатын іс-әрекет тәсілдері.

Лингвомәдени құзыреттілік – тұлғаның тілдік білім мен ұлттық-мәдени құндылықтарды меңгеріп, сол тілде қатысымдық және мәдениетаралық жағдаяттарда тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті.

Педагогикадағы модельдеу – педагогикалық материалдардың, құбылыстардың, үдерістердің көшірмесін құрастыру, зерттелетін педагогикалық жүйелерді схемалық бейнелеу.

Сөйлеу мәдениеті – ойды әдеби тіл нормасына, қарым-қатынас әдебіне, сөйлеу жағдаятына және қабылдаушыға сай анық, жүйелі, әсерлі жеткізу қабілеті.

Эволюация – білім беру процесін ұйымдастыру мен оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерістерімен байланысты жағдайларды, құбылыстарды және іс-әрекеттерді жүйелі зерттеу және бағалау.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
IQ – Intelligence Quotient
AQ – Adaptability Quotient
CQ – Cultural Quotient
EQ – Emotional Quotient
SQ – Spiritual Quotient
PQ – Pedagogical Quotient
ЭТ – эксперименттік топ
БТ – бақылау тобы
SPSS – Statistical Package for the Social Sciences
WordCloud – мәтіндік деректерді визуалды түрде ұсыну технологиясы
Cohen’s d – әсер өлшемі

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі жаңарулар оқыту мазмұнын оқушының тілдік-қатысымдық, шығармашылық, сыни әрі мәдени-танымдық әлеуетін дамытуға бағыттауды көздейді. Білім алушының сөйлеу шеберлігін шыңдау, ұлттық құндылықтарды танып-білуге жетелеу мен дүниетанымын кеңейту заманауи оқыту тәсілдерінің артықшылығын көрсетеді. Үздіксіз білім беру жүйесін жаңғырту, оқу үдерісінде ұлттық сананы қалыптастыру, пәндік білімді базалық мазмұн аясында ұйымдастыру және рухани құндылықтарға негізделген дара тұлғаны тәрбиелеу күн тәртібіндегі негізгі міндеттер санатында.

Еліміздің педагогикалық тәжірибесіне тың әдістемелік амалдар енгізіп, ұлттық тәрбие бастауларын оқу мазмұнымен шебер ұштастырған ғалымдар қатарында профессор Алма Қыраубаеваның орны бөлек. Ғалымның ғылыми-әдістемелік мұрасында әдеби мәтінді тарихпен, мәдениетпен, рухани-адамгершілік тәрбиемен байланыстыра отырып, жас ұрпақтың дербес ойлауын, ізденімпаздығын, ұлттық болмысын қалыптастыруға арналған бай тұжырымдар қамтылған. Зерттеуші ұсынған тұжырымдар қазіргі білім берудегі пәнаралық интеграциямен және құндылыққа негізделген оқыту бағыттарымен үндестік табады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылғы 15 наурызда Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбына арналған баяндамасында өскелең ұрпақтың бойында жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық қасиеттерді тәрбиелеу – білім беру жүйесінің басты міндеті екендігіне ерекше назар аударды. Президент өз жолдауында ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқтала келіп, басты құндылықтардың бірі – жасампаздық және жаңашылдық екеніне тоқталды. Мемлекет басшысы: «Біз қоғамда білімпаздықты дәріптеуге, білім және ғылым саласын дамытуға баса мән беріп келеміз. Еліміз біртіндеп постиндустриалды қоғам үлгісіне көшіп келеді, идея мен инновация оның басты қозғаушы күші саналады. Біз адам капиталына арқа сүйесек, өзіміз белгілеген ауқымды өзгерістердің бәрін жүзеге асыра аламыз» [1] – деп, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы инновациялық амал-тәсілдерге тың бағыт-бағдар берді.

Профессор Алма Қыраубаева ұсынған интеграциялық оқыту жүйесі баланы рухани-адамгершілік тұрғыдан кемел, жан-жақты білімді тұлға етіп тәрбиелеудің мазмұнды моделі іспетті. Ұлттық Құрылтайда көтерілген «Адал адам» идеясы мен құндылықтар кеңістігі ғалымның «Сенім» авторлық бағдарламасының негізгі өзегін айқындайды. Ұлттық тәрбие талаптары Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту теориясынан, «Жаным садаға: 5 томдық шығармалар жинағы», «Елдік мұрат: Ұлттық білім беру бағдарламасының концепциясы мен әдістемелік негіздері», «Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық», «Ұлттық мектеп: тәжірибе» еңбектерінен, «Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектебінің тәжірибесі», «Сену тәрбиесі», «Ұлттық мектеп – өрісіміз», «Бүгінгі ұлттық мектеп», «Авторлық

мектеп және педагогикаға қойылған жаңаша талаптар», «Жас ұрпақ: бүгін және ертең» атты ғылыми мақалаларынан айқын көрінеді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-шығармашылық еңбектері білім алушылар бойындағы интеллектуалдық әлеуетті ұлттық құндылықтармен ұштастыра келіп, оның қоршаған ортаға, еңбекке және өзіне деген сенімді қарым-қатынасын қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның интеграциялық тұғыры мен «Сенім» бағдарламасы арқылы тәрбиеленген тұлға – бүгінгі қоғам талап етіп отырған гуманистік-адамгершілік қасиетімен, өз еңбегімен, әрі адал табысымен мемлекеттің сапалы адами капиталын құрайтын нағыз «Кемел адамның» бейнесін қалыптастырады.

Тұлғаны біртұтас дамыту мен жастардың адами капиталын арттыру идеясының түп-төркіні ұлттық оқу-ағарту негізін қалаған Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен бастау алады. Ахмет Байтұрсынұлы ана тілі мен әдебиетті, логика мен психологияны оқыту үдерісінде жас буынның дүниетанымын, пайым-парасатын жан-жақты өсіретін білім мазмұнын қалыптастыруды ұсынған. Ұлт ұстазы «Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш» еңбектерінде сөз өнерін танымдық, тарихи, философиялық қатпарлармен астастыра түсіндіруді жөн көреді. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» кітабында баланы тәрбиелеудің интеграциялық құрылымын негіздеп, дене, жан, ақыл, сұлулық, мінез-құлық тәрбиесін ажырағысыз біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Жүсіпбек Аймауытов білім беру үдерісіне өнер, еңбек, жаратылыстану ғылымдарын тоғыстыратын рухани негіздерді енгізуді құптап, баланың шығармашылық ой-қиялын жетілдіру мақсатында өнер мен қисындық пәндер арасын тығыз байланыстыруды қажет санайды. Алаш арыстары қалаған адам жанының біртұтастығы мен ой-еркіндігі ұстанымдары профессор Алма Қыраубаеваның оқу-әдістемелік ізденістерінде жаңа заман талабымен шебер сабақтасып, ғалымның оқу құралдары мен зерттеулерінде жалғасын тапты.

Интеграциялық оқыту заманауи білім парадигмасында ақпаратты жүйелеу мен шәкірттің ішкі әлеуетін толық ашудың тиімді тетігі саналады. Әлемдік тәжірибеде швед ғалымы Т.Хюсен оқудағы пәнаралық кіріктіру шәкірттің танымдық шеберлігін арттыратынын дәлелдесе, неміс ойшылы Ю.Хабермас мәдениетаралық қарым-қатынас пен тіл мәдениетінің оқытуға ықпалын дәйектейді. Білім мазмұнын кезең-кезеңімен күрделендіретін Д.Брунердің спиральді оқу бағдарламасы үздік дидактикалық амал ретінде мойындалған, ал Дж.Дьюи білім мен өмірлік тәжірибені тоғыстыру қағидатына ден қояды. Чех ағартушысы Я.А.Коменский болмыстағы құбылыстардың өзара байланысын түсіндіре келіп, адамның жаңа қырларын ашуға екпін түсіреді. И.Г.Песталоцци тұлғаның ақыл-ой, ар-ождан және дене дамуын үйлесімде қарастыратын «бас, жүрек, қол» бірлігін алға тартады. К.Мейтонның «Легитимациялық код» теориясы білімнің ішкі құрылымын саралап, әр түрлі пәндерді байланыстырудың ғылыми негізін түсіндіруге бағытталған.

Л.С.Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің тұтастығы хақындағы зерттеулері мен А.Н.Леонтьевтің іс-әрекет тұжырымдамасы педагогикалық интеграцияның іргелі діңгегін құрайды. Ғалымдар оқыту барысында білімді тек жеке пәндер

аясында шектемей, оларды кешенді ұсынудың қажеттілігін негіздеген. В.В.Давыдовтың дамыта оқыту бағыты, Д.Б.Эльконинніңтанымдық әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдері оқу үдерісіндегі пәнаралық байланыстың жоғары мәнін айғақтайды.

Отандық ғылыми-әдістемелік қазынаны қайта пайымдап, заманауи талаптармен шебер сабақтастыру бүгінгі білім саласына қойылып отырған басты шарттардың бірі. Қазақ тілін оқыту әдіснамасын байытуда профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми мұрасы ерекше маңызға ие. Педагог ұстанымында интеграция қарапайым дидактикалық тәсіл шеңберінен шығып, шәкірт бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге, сыни көзқарасты шыңдауға, рухани әрі зияткерлік қабілеттерді тұтас дамытуға бағытталған негізгі әдіснамалық құрал қызметін атқарады. Пәнаралық тұтастыққа құрылған білім беру үлгісі елдің бәсекеге қабілетті сапалы адами капиталын өсіруге тікелей ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыста қарастырылған профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығын ғылыми тұрғыдан жүйелеу, олардың теориялық негіздерін анықтау, ұстаз еңбектері бойынша заманауи әдістемелік мүмкіндіктерді айқындау және ғалым шығармашылығына тән әдістеме мен әдіснамалық инновациялардың қазіргі білім беру мазмұнымен сабақтастығын көрсету зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу нысаны: жалпы орта білім беру жүйесіндегі 10–11-сыныптарда қазақ тілін оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: профессор Алма Қыраубаеваның әдістемелік мұрасы негізінде 10-11 сыныптарда қазақ тілінің интеграциялық оқытудың мазмұны, әдістері мен технологиялары.

Зерттеу мақсаты: профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелеу, әдістемелік жаңашылдығын айқындау, авторлық бағдарлама ұстанымдарын дәйектеу және оқу үдерісіндегі тиімділігін педагогикалық тәжірибе арқылы дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

– Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұрасын саралай отырып, білім беру жүйесіндегі интеграциялық оқытудың әдіснамалық негіздері мен дидактикалық ерекшеліктерін бағамдау;

– Ғалымның интеграциялық әдістемесіндегі ұлттық құндылық, тұлғалық-бағдарлы оқыту, шығармашылық және танымдық әрекет ұстанымдарының өзара сабақтастығын көрсету;

– Интеграциялық тәсіл арқылы жоғары сынып оқушыларының дүниетанымы мен шығармашылық ойлауын, метабілімін қалыптастырудың маңыздылығын дәйектеу;

– Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасындағы рейтингтік бағалау жүйесінің әдістемелік ұстанымдарын зерделеп, оны қазіргі критериалды бағалау жүйесімен сабақтастығын анықтау;

– Зерттеу нәтижелері негізінде қазақ тілін оқытуға арналған интеграциялық оқытудың жүйелі әдістемелік моделін ұсыну;

– Қазақ тілді жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында әдістемелік жүйенің тиімділігін эксперимент арқылы бағалау және оның нәтижелерін анықтау.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер профессор Алма Қыраубаеваның еңбектері мен авторлық бағдарламасындағы жаңашыл идеялар гуманитарлық пәндерді оқытудың әдістемесіне енгізілсе, оқу сапасы артып, дара тұлғаның білім-білік дағдылары шығармашылық деңгейге көтеріледі; оқушылардың зияткерлік ой-өрісі мен дүниетанымдық қабілеті артады. Сөйтіп, жалпы білім беретін орта мектеп аясында жас ұрпақтың рухани болмысының өрісі кеңейіп, коммуникативтік-шығармашылық дағдылары терең тілдік тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасалады. Ғалымның интеграциялық оқыту жүйесіне бағытталған тұжырымдары мен кешенді тапсырмалар жүйесі сабақ барысында қолданылса, ұлттық құндылықтарға негізделген тілдік мәдениеті жоғары ойлы тұлға қалыптасады. Өйткені интеграциялық оқыту жағдайында жүзеге асатын оқушылардың мәдени-гуманистік, тұлғалық, коммуникативтік, реттеушілік және жалпытанымдық әмбебап іс-әрекеттері метапәндік біліктіліктердің дамуына негіз болады.

Зерттеудің жетекші идеясы: профессор Алма Қыраубаева ұсынған интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығын қазіргі білім беру талаптары тұрғысынан қайта жүйелеу; оқу үдерісіндегі оқушының метапәндік білімін, біліктілігін, тұлғалық қарым-қабілеті мен құзыреттілігін арттыру; дара тұлғаның ұлттық болмысын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы бірнеше бағытты қамтиды. Диссертациялық жұмысқа данышпан Әл-Фарабидің «Ғылымдардың жіктелуі туралы» трактатында айтылған әлемдегі барлық ғылымдардың негізінде білім мен тәрбиенің бірлігі жататындығын ескере келіп, бес ірі ілім салаларының (тілтану, логика, математика, физика, азаматтық ғылымдар) білім мазмұнында адам жанының ішкі рухани байлығының қалыптасып, дамуы басты орында болуы керек деген ой-түйіні тірек болды. Сол сияқты жұмыста Жүсіп Баласағұнидің «Білім мен тәрбие – ажырамас біртұтас үдеріс» деген тұжырымы мен тіл мәдениетін этикалық заңдылықтармен байланыстыра оқыту қажет дейтін пікірі негізге алынды. Ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың қара сөздері мен өлеңдерінде білімнің тұлғалық интеграциялық сипатын барынша тереңдете беретін «Тәннің қуаты» және «Жанның қуаты» деген концептуалды түйіні, А.Байтұрсынұлының ғылыми терминология мен дыбыстық жүйе интеграциясы, М.Жұмабаевтың тіл мен бала психологиясының бірлестігі, Ж.Аймауытовтың тіл, әдебиет, табиғаттану, тарих, сурет және еңбек пәндеріне қатысты тоғыспалы білім беру жүйесі зерттеуде басшылыққа алынды.

Тіл білімінің ірі өкілдері Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев қалыптастырған ана тіліміздің ішкі заңдылықтары мен нормаларын жүйелеу тәжірибесі, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәли тереңдеткен сөз құдіретін ұлттық

болмыспен, дәстүр-салтпен үйлестіре оқыту ұстанымдары, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік тұрғыда білім беру үрдісі негізге алынды, Қ.Бітібаеваның жыр-толғаулар арқылы шешендік өнерді шыңдау тәсілдері жұмыстың мазмұнын байыта түсті. Академик Ф.Оразбаеваның коммуникативтік теориясы мен сөйлесім әрекетіндегі пәнаралық тетіктері профессор А.Қыраубаеваның оқыту тәсілдерін терең түсінуге бағыт береді.

Ғылыми ізденістің әдістемелік желісін түзуде Н.Оралбаеваның сөзжасам мен синтаксисті ұштастыру қағидалары, С.Рахметованың сөйлеу мәдениетін жетілдіру амалдары, Р.Шаханованың пәнаралық негізде функционалдық сауаттылықты арттыру тұжырымдары басты назарда. Шәкірттердің қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда Ж.Балтабаеваның, тұлғалық кемелдену мен кәсіби ұстанымдарда Б.Аринованың, оқу үдерісін жаңғыртуда А.Сәтбекованың, жас толқынды тарихи тұлғаларды тануға бағыттауда Ж.Сүлейменованың, технологиялық жаңашылдықта Р.Рахметованың, пәнаралық оқытудың теориясында Ж.Дәулетбекованың, белсенді әдістерді енгізуде А.Әлімовтің, жағдаяттық тапсырмалар негізінде тілдік құзыреттілікті жетілдіруде Ә.Әлметованың еңбектері басшылыққа алынды. Педагог-ғалымдар ұсынған дидактикалық амалдар жалаң ақпарат берумен шектелмей, оқушының ойлау белсенділігін арттыру мен жүйелі сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың сенімді діңгегі қызметін атқарады.

Зерттеу әдістері: тақырыпты жан-жақты зерделеу барысында ғылыми еңбектерді жүйелеу, салыстырмалы талдау, жинақтау және теориялық тұжырымдарды қорыту тәсілдері өріс тапты. Тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруда профессор Алма Қыраубаева мектебінің қағидаттарына сүйенген жағдаяттық және қатысымдық оқыту амалдары қолданылды. Мектеп тәжірибесі негізінде оқу процесін жаңғыртуды сипаттайтын модельдеу тәсілі, диагностикалық және эмпирикалық бақылау, сауалнама, сұхбаттасу, нарративтік талдау амалдары жүзеге асырылды. Нәтижелердің нақтылығын таразылауда t-тест өлшемі, Cohen’s d коэффициенті, визуалды контент-талдау (WordCloud) және SPSS статистикалық бағдарламасы негізге алынды.

Зерттеу кезеңдері: бастапқы кезеңде (2023–2024 жж.) қарастырылып отырған мәселе бойынша А.Қыраубаеваның педагогикалық мұрасы мен авторлық мектеп тәжірибесі жинақталып, пәнаралық оқытуға қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттер сарапталды. Отандық және шетелдік тәжірибе сараланып, ғалымның жобалары, мектеп ісін ұйымдастыру, ұстаз қызметін бағалау, шәкірттің тұлғалық дамуын эвалюациялау ұстанымдары жүйеге түсті. Жоғары сынып оқушыларына қазақ тілін кіріктіре оқытудың әдіснамалық негіздері тұжырымдалып, ізденістің ғылыми аппараты құрылды. Негізгі ғылыми ұғымдардың теориялық сипаты мен мазмұны айқындалды.

Келесі кезеңде (2024–2025 жж.) қазақ тілін интеграциялық тұрғыда оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасақталып, оның компоненттері, өлшемдері, деңгейлері мен педагогикалық шарттары нақтыланды. Профессордың әдістемелік тұғырына сай жоғары сынып оқушыларына арналған тапсырмалар жүйесі сұрыпталды. Ғалым еңбектері басшылыққа алына

отырып, анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау бағытындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар кешенді түрде жүзеге асырылды.

Қорытынды кезеңде (2025–2026 жж.) жоғары сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін қалыптастыруға арналған пәнаралық тапсырмалар кешені іріктеліп, оқу үдерісінде қолданыс тапты. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштері сараланып, нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті. Қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінің қорытындылары негізінде әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, диссертациялық жұмыс белгіленген академиялық талаптарға сай түпкілікті рәсімделді.

Зерттеу жұмысының эксперименттік базасы: педагогикалық тәжірибелік жұмыстар Жамбыл облысы Тараз қаласындағы А.Макаренко атындағы орта мектеп пен Алматы облысы Қаскелең қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп базасында ұйымдастырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасындағы интеграциялық оқыту идеялары әдістемелік сала ретінде ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, оның теориялық негіздері мен негізгі ұстанымдары анықталды;

2. Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы мазмұндық, пәнаралық, тұлғалық-бағдарлық, ұлттық-құндылықтық және шығармашылық бағыттар негізінде сараланып, оның құрылымдық компоненттері айқындалды;

3. Ғалымның қазақ тілін оқытуға қатысты әдістемелік идеялары қазіргі білім берудегі интеграциялық оқыту, функционалдық сауаттылық, тұлғалық-бағдарлы және құндылыққа негізделген оқыту қағидаларымен сабақтастықта қарастырылып, олардың қазіргі әдістемелік әлеуеті негізделді;

4. Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасындағы рейтингтік бағалау жүйесінің әдістемелік ұстанымдары қазіргі критериалды бағалау жүйесімен сабақтастықта қарастырылып, 10–11-сыныптарда қазақ тілі пәнін интеграциялық оқыту барысында оқушылардың білім деңгейін, танымдық белсенділігін, шығармашылық ізденісі мен жеке даму динамикасын бағалау мүмкіндіктері негізделді;

5. Зерттеу нәтижелері негізінде Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасының тұлғалық-құндылықтық идеяларына сүйенген қазақ тілін интеграциялық оқытудың әдістемелік моделі әзірленіп, оның мақсаты, мазмұны, қағидаттары, әдістері, ұйымдастыру формалары және күтілетін нәтижелері сарапталды;

6. Алма Қыраубаева мұрасының қазіргі білім беру кеңістігіндегі ғылыми-әдістемелік сабақтастығы мен жаңғырту тетіктері айқындалып, ғалымның әдістемелік идеяларын қазіргі қазақ тілін оқыту тәжірибесіне енгізудің ұсыныстары әзірленді.

Зерттеудің теориялық маңызы тілді оқыту үдерісін ұлттық мұраттармен, тұлғалық бағдармен және пәнаралық кіріктіру қағидаттарымен үйлестірудің теориялық негіздерін жүйелеу зерттеудің негізгі маңызын айқындайды. Профессор Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасының мазмұндық әрі әдістемелік ұстанымдары терең талданып, заманауи білім беру талаптары

тұрғысынан кіріктірілген оқытудың дидактикалық мәні дәйектелді. Жоғары сыныптарда қазақ тілін қоғамдық-гуманитарлық бағытта ұлттық құндылықтармен және интеграциялық байланыспен меңгертудің тұжырымдамалық моделі ұсынылды. Әзірленген теориялық үлгі тілдік, танымдық, мәдени және рухани-тәрбиелік компоненттердің ажырамас тұтастығын негіздеуге жол ашады.

Зерттеудің практикалық маңызы: ізденіс барысындағы тұжырымдар білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи әдіс-тәсілдермен толықтырылып, интеграциялық оқытуды сабақ барысында қолданудың амалдары мен жолдары көрсетілді. Бұл тұжырымдар мен әдістемелік жұмыстар пәндерді оқыту жүйесінде, арнаулы курстарда, факультатив сабақтарында тиімді материал болып табылады. Зерттеу барысында интеграциялық оқытуға қатысты педагогтің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасуын анықтаған диагностикалық құралдар кешені ұсынылды. Зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептің жоғарғы сыныптарында, жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, қазақ тілі мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталықтарында кеңінен пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

1.Қазақ тілін интеграциялық тәсіл негізінде меңгерту оқушылардың білім сапасын тереңдетіп, метатанымдық қабілеттерін дамытады. Ақпараттық технологияларды сауатты үйлестіру оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырып, әлеуметтік ортада еркін әрекет етуіне жол ашады;

2.Оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық, танымдық және нәтижелік компоненттердің бірлігінен түзіледі. Ұсынылған құрылым интеграциялық оқу үдерісінің мақсатын, мазмұнын және бағалау өлшемдерін біртұтас жүйеге келтіруге бағытталған;

3.Жоғары сыныптарда пәнді интеграциялық оқыту мынадай педагогикалық шарттарды жүзеге асырады: ғалымдардың тәжірибесін зерделеу және басшылыққа алу; қазақ тілін интеграциялық оқытуды ұйымдастыруда пәндерді кіріктірудің ұстанымдарын жүйелеу; болашақ тіл мұғалімдерін интеграциялық оқыту тәсілімен білім беруге даярлау;

4.Интеграциялық оқыту жаңашыл әдістеме түрлерін, осы бағытта құрылған тапсырмаларды, ұтымды әдістерді, авторлық бағдарламаларда ұсынылған оқыту кешендерін қолданғанда нәтижелі болады. Метапәндік көрсеткіштерді көздейтін тапсырмалар жүйесі оқушының теориялық пайымын тәжірибемен байланыстырып, оның санасында тұтас дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруға қызмет етеді;

5.Мұғалімдерінің заман талабына сай инновациялық оқыту әдістемесін меңгеруі, педагогикалық шеберлік дағдыларын қалыптастыруы мұғалімдер мен оқушыларға ұсынылған курстар аясында жүзеге асырылса тиімді болады.

Зерттеу жұмысының мақұлдануы: зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері ғылыми-әдістемелік семинарларда, конференцияларда, педагогикалық тәжірибе барысында талқыланып, тәжірибелік жұмыс арқылы тексерілді. Диссертация тақырыбы бойынша дайындалған ғылыми мақалаларда зерттеудің теориялық және практикалық тұжырымдары көрініс табады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеуден алынған тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан сараланып талдануымен, зерттеу нәтижелерінің дәлділігі теориялық еңбектерге сүйенуімен, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әдістердің қолданылуымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жүйелі жүргізілуімен, алынған нәтижелердің сандық және сапалық тұрғыдан сараланумен қамтамасыз етіледі. Зерттеу барысында теориялық тұжырымдар мен практикалық нәтижелердің өзара байланысы сақталды.

Зерттеу құрылымы: диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, ғылыми аппараты, теориялық-әдіснамалық негіздері, жаңалығы, теориялық және практикалық құндылығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары баяндалған. Бірінші тарауда профессор Алма Қыраубаеваның еңбектеріндегі кіріктіре оқыту мәселесі және оның әдіснамалық бастаулары қарастырылады. Тіл білімі мен педагогика ғылымындағы интеграция ұғымы сараланып, ғалым мұрасындағы тілдік-әлеуметтік, философиялық және педагогикалық-психологиялық аспектілер ғылыми тұрғыда сараланады. Екінші тарауда профессор Алма Қыраубаеваның білім беру жүйесіне енгізген жаңашыл ізденістері қамтылған. Ғалымның «Сенім» бағдарламасындағы ұлттық құндылықтар қағидасы, оқытуды интеграциялаудың мазмұндық сипаты мен пәнаралық сабақтастықтың қазіргі мектеп тәжірибесіндегі маңызы зерделенеді. Үшінші тарауда профессор Алма Қыраубаева идеялары негізінде қазақ тілін интеграциялық оқытуды трансформациялау жүйесі талданады. Пәнаралық ұласу жолдары айқындалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері, тиімділігін көрсететін сандық және сапалық көрсеткіштер сараптамасы беріледі. Қорытындыда ғылыми ізденістің негізгі тұжырымдары түйінделіп, тәжірибеге арналған әдістемелік ұсыныстар көрсетілген, ал қосымшаларда оқу-әдістемелік тапсырмалар кешені ұсынылған.

1 ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Тіл білімі мен педагогика саласындағы интеграциялық оқыту: анықтамасы, зерттелуі

Ғылымның бүгінгі қарқыны білім мен тәрбие салаларын заманауи талаптарға сай кіріктіре игеруді алға тартады. Оқу мазмұнындағы үйлесім шәкірттердің қоғамдық және ұлттық сана-сезімін жетілдіруге тікелей бағытталған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі тиіс», дей келіп, бәсекеге қабәлетті интеллектуал ұлт қалыптастырудың мәнін дәйектеген болатын.

Педагогика кеңістігінде интеграция феномендік сипатқа ие іргелі құбылыстар санатынан көрінеді. Бастапқы кезеңде тоғысу, бірігу мағынасын білдірген ұғым оқу үдерісінде кіріккен білім мазмұнын танытты. Дәстүрлі ғылым салаларының дифференциациясына өзгеше қырынан қарау қажеттігі туындағанымен, ғылыми білімнің жіктелуі заңды үдеріс ретінде бекіді. Жекелеген арналарда тереңдетілген ізденістерден тың ғылыми бағыттар өрістеді. Таным көкжиегінің кеңеюі интеграция түсінігіне жаңа мағына қосып, жаһандану дәуірінде мазмұны түбегейлі жаңғырды. Ғаламды бөлшектемей, біртұтас күйде тануға деген ұмтылыс интеграциялық үдеріске қоғамдық қызығушылықты күшейтті. Саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардың тоғысуы адам баласының ақпарат алмасу, өзара қарым-қатынас жасау көкжиегін кеңейтетін ортақ құралға айналуда.

Заманауи білім кеңістігінде интеграция пәндердің іргелі мазмұнын терең меңгертуді көздейтін, оқушы бойына рухани-адамгершілік, мәдени-танымдық, этикалық нормаларды сіңіретін тоғыспалы дидактикалық жүйе ретінде танылады. Оқыту үдерісіндегі интеграция жеке тұлғаның гуманитарлық әлеуетін ашып, сапалы адами капиталды қалыптастырудың бастауы қызметін атқарады.

Адамзат танымының тарихи дамуы интеграция мен дифференциацияның диалектикалық бірлігінен туындайды. Қос ұғымның өзара қарама-қайшылығы білім табиғатын терең түсінуге жол салады. Дифференциация ғылыми пәндердің дербестелуі мен жіктелуін сипаттаса, интеграция оқу үдерісіндегі білім синтезі деген ұғымдарды білдіреді. Бұл құбылыстар бір-бірімен диалектикалық бірлікте өмір сүреді. Егер ғылымның дамуындағы екі қарама-қарсы процестің диалектикалық өзара әрекеттестігін қарастырсақ, онда ғылым мен ғылыми пәндер дербес емес, бір-бірімен байланыста бола отырып, әртүрлі салаларда өзара әрекеттесе отырып дамитынына көз жеткізуге болады. Олар бір негізден бастау алып (әртүрлі құрылымдар мен жүйелердің заңдылықтарын және айрықша ерекшеліктерін тереңірек және нақты танытатын) жеке бағыт ретінде дамиды. Жеке пәндердің бірігуі біртұтас ұстанымға бағынып, шоғырлы білім көзін қалыптастыруға қызмет етеді. С.Гашенко пәнаралық байланыстарға

арналған зерттеуінде: «Процессы интеграции и дифференциации характерны и для образования. Эти процессы соответствуют двум тенденциям человеческого познания, с одной стороны, представлять мир как единое целое, с другой – глубже и конкретнее познавать закономерности и характерные особенности различных структур и систем» деп дәйектейді [2].

Білім беру парадигмасын жаңғыртуда интеграция қоғамдық өзгерістерді жетелейтін серпінді қозғаушы күш саналады. Тәсілдің жаңашылдық сипаты зор әдіснамалық әлеуетін айғақтайды. Зерттеушілердің пайымдауынша, қарастырылып отырған үдеріс «экспериментальды дүниенің жүзеге асуының кеңдігімен, шығармашылық ойдың тереңдігімен, мерзімнің ұзақтығымен және тарихи даму диалектикасымен» [3] өлшенбек.

XIX ғасырдың ортасында баланың дүниені тұтас қабылдау ерекшелігіне мән беріліп, оқу пәндерінің оқшаулығы сынға алынды. Нәтижеде пәндік шеңберден шығып, ортақ тақырып төңірегінде бірігетін алғашқы кешенді бағдарламалар дүниеге келді. Джон Дьюи білім мазмұнын кіріктірудің үйлесімді тұжырымдамасын ұсынып [4], баланы қоршаған ортамен бірлікте қарастыратын жаңа қағиданы негіздеді. Ойшыл бала өскен сайын өрістейтін ұғымдар кеңістігін отбасы, мектеп, қала, ел, мемлекет және күллі ғалам деңгейінде сатылап байланыстыру қажеттігін түсіндіреді. Оқытуды кіріктірудің психологиялық-педагогикалық тірегін Ресей ғалымы К.Д.Ушинский қалаған болатын. Педагог: «знания и идеи, сообщаемые какими бы то ни было науками, должны органически встроиться в светлый и по возможности обширный взгляд на мир и его жизнь» [5] дей отырып, ғылыми білімнің біртұтас көзқарасқа айналуын талап етеді.


Кеңестік білім беру тәжірибесінде 1930-жылдардың бас кезінде кешенді оқыту ізденістері тоқтатылып, дәстүрлі пәндік жүйе қайта үстемдік алды. Дәстүрлі оқыту шектеуіне қарамастан, кейінгі зерттеулерге арқау боларлық теориялық-қолданбалы іргетас қалыптасып үлгерді. Н.Ф.Бунаков шәкіртке мәтінді механикалық оқытудың орнына грамматикалық заңдылықтарды, табиғат танымын және сөз өнерін қатар тоғыстыра игертуді талап еткен болатын [6].

XX ғасырдың орта шенінен бастап пәнаралық оқытудың ғылыми негіздері сапалық жаңа деңгейге көтеріле бастады. Ғалымдар ізденісінде философ әрі мәдениеттанушы В.С.Библердің «Мәдениеттер диалогы» тұжырымдамасы жарық көрді [7]. Зерттеуші ұсынған жүйеде дәуірлер мен мәдениеттер тоғысы арқылы шәкірттің сыни ойлау қабілетін жетілдіру көзделсе, Т.Г.Браже сөз өнерін тарих, музыка және бейнелеу өнерімен байланыстыра оқыту үлгісін тәжірибеге енгізді [8].

Кеңестік мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланыстар оқу мен тәрбие бірлігін қамтамасыз ететін жетекші әдіснамалық қағидатқа айналды. Қалыптасқан жүйе білім мен еңбекті дүниетанымдық тұрғыда тоғыстыруға бағытталған еді. 1950-жылдары политехникалық білімнің мәні артып, жалпы білім мен кәсіптік даярлықты ұштастыратын тың қадамдарға жол ашылды. Ғылыми дүниетанымды жетілдіруде, танымдық жалпы әдістерді игеруде және жастарды еңбекке баулуда пәнаралық байланыстар басты тетік ретінде

бағаланды. В.В.Краевский оқу пәндерінің мазмұнын жалпы контурлы жүйе түрінде құруды ұсынса [9], Д.Зверев пен В.Н.Максимова байланыстыру үдерісін заманауи дидактиканың кешенді өзегі деп қарастырады. Зерттеушілер оқытудың себеп-салдарын ортақ мақсаттар арқылы бағамдап, білім мазмұнын пәндік құрылымның табиғи байланысымен дәйектейді [10].

Оқытудағы кіріктіру мәселелері бойынша 1983 жылы «Педагогикалық ғылым және коммунистік тәрбие мен білім берудегі интегративті үдерістер» атты ғылыми еңбектер жинағы жарық көрді [11]. 1990-жылдардың ортасына қарай пәнаралық байланыстар негізінде интегративті курстар мен сабақтар әзірлеуге бағытталған педагогтер қозғалысы жаңа деңгейге көтерілді. Педагогикалық ізденістерде пәнаралық байланыс пен интеграция ұғымдары әу баста түрлі мағынада қолданылғанымен, уақыт өте келе қатар жүретін түсініктерге айналды. Екі атаудың мағыналық шекарасын бірдей деп қарау ғылыми тұрғыдан дәл емес. Сөздік қорға ертерек енген пәнаралық байланыс біртіндеп күрделеніп, біртұтас білім кеңістігін қамтитын кешенді интеграция ұғымына ұласты. Интеграция тарихы 1-суретте көрсетілгендей, XX ғасырда үш даму кезең болып қалыптасқаны анықталды.



Сурет 1 – Интеграциялы оқытудың қалыптасу кезеңдері.

Қазақ педагогикасына интеграциялық оқыту жат құбылыс емес. Қазақ тәрбиесі баланы тұтас әлемді тану арқылы дамытуға, әр ұғымға қатысты жеке түсініктерді жинақтауға да, талдауға да мән беріп, тұжырымды ой қорытуға үйретуге негізделген. М.Жұмабаев: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге

өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті» деп айтып өткеніндей, қазақ баласы сөз өнерінен бастап, табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын байланыста қарап, ой-өрісін дамытып отырған [12]. Интеграциямен байланыста қарастыруға негіз болатын ойлар, идеялар мен көзқарастар А.Байтұрсынұлы [13], Ж.Аймауытұлы [14], М.Дулатов сынды алаш азаматтарының ағарту саласындағы еңбектерінен де айқын көрінеді [15]. Кеңес Одағы кезінде белгіленген бағдарламалар негізінде сабақ процесі жүзеге асырылып отырғанымен, жеке пәнді ғана меңгермей, оны өзге ғылым түрлерімен толықтыра оқу тиімді екенін педагогтер жақсы түсінді. 80-90-жылдарда интеграция ғасыр басындағы комплекстік оқыту уақыт өте келе ғылыми жағынан дамыған түрі «интеграция» термині түрінде қалыптасты. Латынның «integration» – қалпына келтіру, қайта құру, толықтырылу сөзінен шыққанын көреміз және бірнеше білімнің саласына тарамдалып, таралып (дифференциалдану), кейде білім көздерінің өзара жақындасуымен, кірігуімен байланыста қарастырылатын үдеріс ретінде анықталады [16]; интеграциялау – бөліктерді бүтін болатындай біріктіру, яғни біртұтас бөлшек етіп біріктіру [17]; кеңірек сипатта интеграция – белгілі бір бөліктердің, детальдар мен элементтердің бүтінге біріктірілуі және қоғамдағы екі немесе одан да көп мемлекеттердің, ғылым салаларының, шаруашылықтардың өзара бейімделу және біріктірілу үдерісі. «Интеграция» сөздері мазмұндас мағынада, ал ғылыми термин деңгейінде қарастыру үшін оның белгілі бір мәндері мен белгілерін нақты қарастыруды қажет етеді: мақсат, міндет, шарт, белгі, жүйе, қызмет т.б. анықтап барып, біріктірудің ғылыми жүйесін, алгоритмін ұсынған дұрыс.

«Интеграция» ұғымын анықтау «жалпыны» құрайтын «жекенің» жаңа сипаттағы сапасын қарастыру орынды, себебі жеке білім деңгейі жалпы білім сипатына ауысқанда өзгеріс айқын көрінеді, яғни жалпыға көшкенде жаңа сапаға ие болады. Демек, интеграциялық оқыту жағдайында жеке бірлік (оқу пәндері, дидактикалық материал, іс-әрекеттердің түрлері) болып табылатын бір типті элементтер мен бөліктердің негізінде біртұтас жаңаның жасалуы, сондай-ақ осы элементтер мен бөліктердің және олардың бірігуінің бұрын болмаған ерекше бүтіндік сапаға бейімделуі ретінде анықталады.

Тұжырымдау формасы әр түрлі болғанымен, интеграциялық байланыс сапамен байланысты, жаңа сипаты мен қызметі, мәні тұрғысынан түсіндіріледі. Бұл түсініктерді төмендегі 1 - кестеге жинақтап ұсындық.

Кесте 1 – Интеграция ұғымының түсіндірмелері

Интеграциялық байланыстар сипаттамалары		
Интеграциялық үдерісте байланысқан бөліктер «саны» жаңа сапаға ауысады, яғни бұрын ғылымда белгісіз болған жаңа мазмұнға, өзгеше жаңа сипатқа ие болады.	– интеграциялық байланыста белгілі бір жүйенің бастау алуы және дамуы, оның сипатын анықтайтын элементтер саны өседі, олардың өзара әсері күшейеді	Интеграциялы даму жүйесі құрамына енетін әрбір элементтің сапалық түрлену, даму, жаңа сипаты мен мазмұнын, қызметін анықтайтын табиғи үдеріс болып табылады

«Интеграция» ұғымының мән-мағынасын саралау педагогика ғылымындағы өзекті міндеттер қатарына жатады. Педагогикалық жаңашылдық пен интерактивті үдерістерді ілгерілету, тәлім мен тәрбиенің әдіснамалық, философиялық және психологиялық арқауын нығайту білім саласындағы кіріктіру үрдісімен тікелей байланысты.

Тіл білімі мен педагогика кеңістігінде кіріктіре оқыту қазіргі білім парадигмасының негізгі өзегі саналады. Базалық мазмұн мен оқыту тәсілдерінің ортақ мұрат жолында тоғысуы шәкірттің білім деңгейін арттырып, сабақ сапасын жаңа белеске көтеруге жол ашады. Теориялық қағидалар мен қолданбалы амалдар кешенді түрде ұсынылғанда, оқушының материалды қабылдауы жеңілдеп, таным көкжиегі айтарлықтай кеңеймек. Тұтас мазмұн аясында талдау, саралау, сыни пайымдау дағдылары шыңдалып, меңгерген білімді өмірдің түрлі саласында еркін қолдану қабілеті жетіледі. Әдебиет, тарих, математика немесе жаратылыстану ғылымдарының деректерін қазақ тілімен байланыстыра игеру тілдің функционалдық әлеуетін арттыруға негіз. Интеграциялық ықпалдастық оқушының танымдық ынтасын оятып, жеке көзқарасын еркін жеткізе алатын, күрделі мәселелерге шығармашылық шешім таба білетін ойлы тұлға қалыптастыруға қызмет етеді.

Интеграциялық оқыту мазмұн мен әдістемені теориялық әрі практикалық тұрғыдан үйлестіретін кешенді дидактикалық жүйе ретінде бағаланады. Пәнаралық сабақтастық шеңберінен әлдеқайда ауқымды қарастырылатын жаңашыл тәсіл шәкірттің өмірлік дағдыларын қалыптастырып, зияткерлік қабілетін кемелдендіруді басты мұрат тұтады. М.С.Жолшаева, Д.Алясова, Ж.Балтамұратова және М.Канжигалинова қазақ тілін интеграциялай оқыту мәселесін қарастыра отырып, қазақ тілі пәнін әдебиет және тарих пәндерімен кіріктіре оқытудың тиімділігін нақты мысалдар арқылы негіздейді [18].

Жаһандану дәуіріндегі өзгерістер білім беру жүйесіне тың сапалық талаптар қоятыны белгілі. Интеграциялық үйлесімге сүйенген оқу үдерісі жастарды түрлі сын-қатерлерге төтеп беруге баулып, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Дидактикалық кеңістікті кіріктіру негізінде білім алушылардың бойында келесідей жаһандық құзыреттер жүйесі қалыптасады:

1. Сыни ойлау: пәндердің тоғысуы ақпаратты сараптауға, деректерді салыстыруға және байыпты шешім қабылдауға жетелейді. Санасы ашық шәкірт әр түрлі көзқарастарды саралап, кез келген құбылысқа терең баға бере алады.
2. Шығармашылық пен жаңашылдық: оқу материалдарын кіріктіре оқыту таптаурын шеңберден шығып, тың идеялар ұсынуға әрі креативті шешімдер табуға бағыттайды. Шығармашылық қасиеттер цифрлық өркениет пен жаңа технологиялар дәуірінде айрықша сұранысқа ие.
3. Тілдік қатынас: пәнаралық байланыс оқушыларды еркін пікір алмасуға, ортақ шешімге келуге және ойды нақты жеткізуге баулиды. Тіл тек қатынас құралы деңгейінде қалмай, мәдениетаралық сұхбат құрудың негізгі діңгегіне айналмақ.
4. Ақпараттық сауаттылық: түрлі сала мәліметтерін тұтас жүйеге түсіріп, шынайы қорытынды жасай білу сауаттылықтың негізгі өлшемі. Оқушылар

дереккөздермен сауатты жұмыс істеуді, мәліметтерді талдауды және технологияны тиімді пайдалануды меңгереді.

5. Өмірлік икемділік және бейімделу: меңгерген білімді нақты жағдаяттарда қолдана білу, күрделі кезеңдерде оңтайлы бағыт таба алу қабілеті оқушыларға аса қажет.

6. Мәдениетаралық түсіністік: оқу үдерісіне мәдени элементтерді кіріктіру өзге халықтардың рухани қазынасын, тілі мен дүниетанымын құрметтеу сезімін оятады.

7. Әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық белсенділік: білім мазмұнын қоғамдық мәселелермен ұштастыру оқушыны қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға тәрбиелеп, саналы азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте интеграция термині жекелеген бөліктерді біріктіріп, тұтас құрылым түзу үдерісі ретінде сипатталады. Элементтер арасындағы тығыз әрекеттестік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етпек. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары интеграция ұғымын әр түрлі пәндік білімдер мен біліктерді сабақтастыра отырып, кешенді оқыту деп таниды. Негізгі нысана білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуге және айналадағы құбылыстарды біртұтас қабылдауына тіреледі. Оксфорд сөздігіндегі түсіндірме бойынша интеграция жеке бөлшектердің толық үйлесуінен жаңа сипаттағы бірліктің қалыптасуын айшықтайды.

Педагог Т.А.Ильина пәнаралық байланысты оқыту мазмұнын ортақ жүйеге келтірудің негізгі шарты деп қарастырады. Ғалым пайымынша, пәндердің өзара ұласуы шәкірттің білімді өмірмен байланыстыра меңгеруіне қолайлы орта туғызады. Г.С.Костюк зерттеулерінде оқу үдерісіндегі мазмұндық жүйелілік пен пәндердің өзара тәуелділігін айқындауға ерекше мән беріледі. В.В.Давыдов пәнаралық байланыста оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамытудың пәрменді тетігі ретінде бағалайды.

«Интеграциялай оқыту» терминінің терең тарихы мен күрделі негіздері бар. Бұл ұғымның қалыптасуы білім беру саласындағы пәнаралық әдістердің дамуымен тығыз байланысты. Бұл терминді енгізу үдерісі біртіндеп жүзеге асырылып, оқытудағы өз көрінісін кезең-кезеңмен айқындай түсті. Интеграциялай оқыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды әдістерінің бірі, ол оқушылардың жүйелі ойлау қабілетін дамытуға және әртүрлі пәндер арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі. Бұл тәсіл білім беру жүйесін жаңарту мен заманауи оқыту әдістерін енгізу қажеттілігінің туындаған кезеңінде пайда болды. Себебі, дәстүрлі әдістер өзгермелі әлемде және оқушылардың дағдыларына қойылатын талаптар өскен жағдайларда өз тиімділігін жоғалтады. Біздің пайымдауымызша, интеграциялық оқыту оқушылардың танымдық қызығушылығы мен білім сапасын арттырып қана қоймай, бірнеше пән бойынша меңгерген білімдерін өзара байланыстыра отырып, өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін дамытады. Қазақ тілі сабақтарында интеграциялық тәсілді жүзеге асыру оқушылардың

шығармашылық, ізденімпаздық және зерттеушілік белсенділігін арттыруға, білім мазмұнын тұтас қабылдауына мүмкіндік береді [19].

«Интеграция» термині, таза математикалық аспектісінен (яғни интеграл жиынының шегі ретінде) басқа, әдебиеттерде XIX ғасырдан бастап қолданылып келеді және анықтамалық дереккөздерде «бірігу», «қайта құрылу» және «толықтыру» мағынасына ие. Мұндай анықтама терминнің адамзат білімінің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылуына жол ашады. Бұл ұғымның пайда болуы мен дамуы адамдардың әрекеттеріндегі үдерістердің қажеттілігіне және әлемде орын алып жатқан объективті өзгерістерге тікелей байланысты болып табылады.

Интеграция ұғымының әртүрлі салалардағы қолданылуын қарастырайық. Ғалым, ойшыл Ф. Энгельс философиялық, қоғамдық, саяси және экономикалық мәселелер мен интеграциялық үрдістерді зерттей отырып, былай деп жазады: «Заттарды жеке - жеке, бір - бірімен қатар қарастырғанда, қарама - қайшылықтарға ұрынбаймыз, өйткені бұл жағдайда біз күнделікті ойлаудың метафизикалық тәсілдерін қолданамыз. Алайда, заттарды қозғалыс барысында олардың өзара әрекеттесуі тұрғысынан қарастыра бастағанда, бірден қарама - қайшылықтарға тап боламыз. Бұл қарама - қайшылықтардың үнемі пайда болуы және оларды бір уақытта шешу – қозғалыстың мәні». Бұл қарама - қайшылықтар тек философиялық ұстаным ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы, ғылымдағы және экономиканың түрлі салаларындағы интеграциялық үдерістердің негізі. Бұл қарама - қайшылықтарды шешу арқылы ғана біз тиімді даму мен прогреске қол жеткізе аламыз.

Жалпы, интеграция – өзара байланысты үдерістердің динамикасын түсінуге мүмкіндік беретін, әрі әлеуметтік, мәдени және ғылыми салаларда жаңа идеялар мен шешімдерді туындататын қуатты құрал. Интеграциялық үрдістердің маңызды рөлі қоғамның тұрақты дамуы мен инновацияларды алға жылжытуда айқын көрінеді. Себебі тек интеграция арқылы біз күрделі мәселелерге кешенді түрде жауап бере аламыз.

Зерттеуімізде «интеграция» ұғымы оқыту әдістерінің үйлесімділігі ретінде қарастырылды, сонымен бірге оған ғылыми таным әдістері де кірді. Енді осы ұғымның зерттеліп отырған салаға қатысты философиялық қырларына назар аударайық.

Ғалымдар интеграцияны ғылыми танымның әдіснамалық негізінің жалпылығы және оның дамып келе жатқан синтезі ретінде сипаттайды. Чех педагогы Ян Амос Коменский (1592-1670) мектеп пәндерін бөлек оқытудың теріс әсерлерін алғашқылардың бірі болып көрсеткен прогрессивті ұстаздар қатарына жатады. Ол пәнаралық байланысты білімнің жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде бағалайды. Ол өзінің «Ұлы дидактика» атты еңбегінде оқыту принциптерін табиғат заңдылықтарына сәйкестендіруді ұсынады. Сонымен қатар, мектептегі оқытудың тиімділігін төмендететін негізгі себептерді анықтайды.

Ян Амос Коменскийдің пікірі бойынша, «То, что было соединено природой, брали не вместе, а раздельно», «искусство и наука едва ли где-либо преподаются не в отрывках, а энциклопедически. Поэтому в глазах учащихся

они являются как бы кучей дров или хвороста, и никто не может понять, чем они между собой связаны: один подхватывал одно, другой - другое, и ни у кого образование не было вполне всесторонним, а, следовательно, и основательным» деп, табиғатта бірге байланысқан нәрселерді білім беруде бөлек-бөлек оқыту дұрыс еместігін жазды. Ол өнер мен ғылымның көбінесе тұтастай емес, үзік-үзік түрде үйретілетінін сынға алды. Осылайша Я.А.Коменский мынадай қорытынды жасайды: оқушылар білімді біртұтас жүйе ретінде емес, жай ғана жинақталған материал ретінде қабылдайды. Әрбір адам әртүрлі білімнің бөлшектерін меңгергенімен, ешкім толық әрі жан-жақты білімге ие бола алмайды, бұл білімнің негізділігіне кері әсер етеді.

Ғылымның интеграциялану үдерісінің негізгі көрінісі – оның математикалық сипатқа ие болуы. Бұл көрініс тек дәстүрлі жаратылыстану салаларын, яғни астрономия, физика, химия, биологияны ғана емес, сонымен қатар экономика, тіл білімі, медицина және басқа да көптеген салаларды қамтиды. Математика жаратылыстану пәндерінің негізі ретінде қызмет етіп, басқа ғылымдарда зерттеу әдісі мен нәтижелерді ұсыну тәсілі ретінде ғана емес, сондай-ақ жаңа білім мен фактілерді ашудың құралына айналды. Математикалық логика ғылымның интеграциясында маңызды рөл атқарып, математиканың тілін және басқа ғылымдардың танымдық көріністерін дамытуға ықпал етеді. Осылайша, ғылым мен білімдегі интегративтік үдерістердің жетекші рөлін анықтай аламыз. Бұл ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға, білімнің шекараларын кеңейтуге және жаңа, кешенді мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мәселен, математика арқылы басқа ғылым салаларының өзара байланыстарын анықтау және оқытуда жаңа әдіснамалар мен тәсілдерді қолдану бізге күрделі мәселелерді кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қазіргі заманғы ғылыми жетістіктер мен технологиялардың дамуына ықпал етеді, қоғамның әртүрлі салаларында прогреске жетуге көмектеседі.

Ғылым мен білімдегі интеграция үдерістері маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, Я.А.Коменский білім беру жүйесіне арналған бірнеше дидактикалық ұсынымдар беріп өтті. Оның табиғатқа сәйкестік қағидатының негізінде «Өзара байланысты нәрселер сол байланыста оқытылуы тиіс» деген тұжырым қалыптасты. Бұл қағида терең білім алуды қамтамасыз ету үшін интербелсенді және практикалық оқыту әдістерінің қолданылуын білдіреді. Мұндай тәсіл оқушыларға оқу материалын өмірмен байланыстыра түсіну мен оны практикалық түрде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, олардың шығармашылық потенциалын ашуға және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, ұлы педагог Я.А.Коменскийдің дидактикалық қағидаттары қазіргі білім беру жүйесінің қажеттілігі мен талаптарына жауап беріп, оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Табиғи заңдылықтар мен принциптерге сүйену арқылы мұғалім оқушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасай алады. Бұл идеяны кейін швейцариялық педагог Иоганн Генрих Песталоцци дамытты. Өзінің «Метод» атты еңбегінде ол табиғаттағы өзара байланысты заттарды саналы

түрде сол байланыста қабылдап, оқыту керектігін атап өткен болатын. И.Г.Песталоццидің бұл ұстанымы білім берудің тиімділігін арттыруда өте маңызды. Ол оқушылардың тек ақпаратты қабылдауы ғана емес, сонымен бірге оны өмірде қолдана білуі, табиғат пен қоғамның заңдылықтарын түсінуі қажет екенін көрсетті. Бұл тәсіл, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ, оларды табиғатпен, әлеуметтік ортасымен байланыстырып, болашақта жауапты азамат ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. И.Г.Песталоццидің әдістемесі бүгінгі білім беру жүйесінде де өз өзектілігін жойған жоқ, себебі бұл әдіс оқу үдерісінде табиғи және әлеуметтік байланыстарды ескеру арқылы оқушылардың дамуын ынталандырады.

Осылайша, Я.А.Коменский мен И.Г.Песталоцци еңбектері оқытудың жүйелілігі мен тұтастығына баса назар аударған. Ал мұның негізі білім берудегі интеграцияда, яғни ғылымдар арасындағы байланыста жатыр.

Сонымен, негізгі идея – әлемдегі барлық заттардың өзара байланысын түсіну. Бұл адамға әлемді бөлшектер ретінде емес, тұтастық ретінде қабылдауға және шындықты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл үйлесімді тұлғаның дамуы мен табысты әлеуметтенуі үшін маңызды. Білімді табиғи байланыстармен интеграциялау толық және үйлесімді дамудың кепілі бола алады.

Интеграция термині ғылыми айналымға енбес бұрын, көптеген педагогтар пәнаралық байланыс пен кіріктірілген оқыту үдерістерін негізгі әдіс ретінде қарастырды. Педагогика мен психология ғылымдары да өзара байланысты, үйлесімді салалар ретінде қарастырыла бастады. Бұл ретте психологиялық негіздерге де ерекше назар аудару қажет болды. Неміс педагогы Иоганн Фридрих Гербарт пәнаралық байланыстардың оқушылардың қызығушылығын оятып, білімді терең меңгеру мен қолданудағы рөлін зерттеді. Оның тұжырымы бойынша, терең білім алудың негізі – оқушылардың бұрынғы білімдерін жаңа ақпаратпен байланыстырып, оны практикада қолдану дағдыларын дамытуда жатыр.

Орыс классикалық педагогикасында пәнаралық байланыстың дидактикалық маңызын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тереңінен зерттеуді алғаш рет педагог К.Д.Ушинский қолға алған. Ол әртүрлі ғылымдардан алынған білім мен идеялардың біртұтас, жан - жақты әлемге деген көзқарасты қалыптастыруы керек деп есептеді. Пәнаралық байланыстарды оқыту мен тәрбиелеуде жетілдіру мәселелері психологтар Е.Н.Кабанова - Меллер, Н.А.Талызина, сондай-ақ әдіскерлер М.Р.Львов, В.Г.Горецкий сияқты ғалымдардың жұмыстарында кеңінен талқыланған.

Алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов және Х.Досмұхамедов бастауыш мектепке арналған оқу құралдарын (мысалы, «Оқу құралы», «Әліп-би», «Табиғаттану», «Есептану құралы», «Пішіндеме» және т.б.) және әдістемелік нұсқауларды («Баяншы», «Нұсқаушы», «Бастауыш сыныпта ана тілі» және т.б.) әзірледі. Олар өз жұмыстарында ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, пәнаралық байланыстың маңыздылығын атап өтіп, оқытуды интеграциялау

тәсілдерін ұсынды. Мәселен, А.Байтұрсынұлы оқытудың тиімді әдістерін талқылай отырып, оқушыларға білімді формалдық ережелерді жаттатудан гөрі, оны түсіндіру және қорыту арқылы меңгерту қажеттігін ұсынды. Бұл идея пәнаралық байланыстың және кіріктіріп оқытудың негізін қалаушы тұжырымдардың бірі болып табылады.

М.Жұмабаев оқыту үдерісінде балаға нақты бейнелер мен суреттер арқылы білім беру қажеттігін атап, оқыту барысында баланың өмірлік тәжірибесіне сүйену керек деген пікірді ұстанды. Оның көзқарасы бойынша, мектеп пен тұрмыс бір-бірінен алшақ болмауы тиіс, яғни білім өмірмен тығыз байланыста болуы керек.

Ж.Аймауытов дүниетану пәнін балалардың өмірлік тәжірибесіне сәйкестендіріп ұйымдастыруды ұсынды. Ол туған жердің табиғаты мен қоршаған ортаны танып білу арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Мұндай әдіс оқушылардың алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына мүмкіндік беріп, интеграцияланған оқытудың тиімділігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта «интеграция» ұғымы білім беру саласында кең мағынада қолданылады. Мектептерде пәнаралық байланыстарды орнату және оқу мазмұнын біріктіру арқылы оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсат етілген. Жаңа стандарттар негізінде интеграция үдерістері білім беру сапасын арттыруға бағытталған, өйткені ол пәндерді өзара байланыстыра отырып, оқушыларға дүниені тұтастай тануға мүмкіндік береді. Бүгінде мұндай үдерістер оқушылардың пәндер арасындағы байланыстарын түсінуін арттырады. Интеграцияланған оқу әдістері білімнің тереңдетіліп, кең ауқымда қабылдануына ықпал етіп, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, оны практикалық тұрғыдан өмірде қолдануға дайын болады.

Интеграция педагогикада дәстүрлі құбылыс және көбінесе пәнаралық деңгейде көрінеді. Мысалы, әдебиет пен бейнелеу өнері пәндерін біріктіру. Ол қоршаған құбылыстар мен үдерістер арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқу уақытын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Интеграциялай оқытудың басты мақсаттары – білім сапасын жақсарту және педагогикалық ұжымдардың шығармашылық әлеуетін арттыру. Бұл үдеріс ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру әдістерін, жеке тұлғаның қалыптасуын және дүниетанымдық көзқарастарды ескереді. Ғылыми интеграция қазіргі ғылымның тенденцияларын анықтауда маңызды рөл атқарады, мысалы, қоғамның дамуындағы әлеуметтік қызметтер мен ғылыми жаңалықтардың әдістемелік сүзгіден өтуі.

Ғылыми синтез табиғат, қоғам, адам, техника, өнер сияқты нысандарды зерттеуде жүзеге асырылып, пәнаралық бағыттарды (адамтану, қоғамтану және т.б.) қамтиды. Білімнің интеграциялық тенденциялары нақты ғылымдар мен философия арасындағы күрделі қарым-қатынастарды көрсетеді, ал интеграциялық теориялар мен бағыттар жаңа ғылыми бағыттар ретінде пайда болады. Мектептегі білім беру мазмұнын жетілдіру үшін интеграцияны тиімді

пайдалану үшін әдіскер ғалымдар үш негізгі шартты ұсынады: зерттеу объектілерінің сәйкестігі, бірдей немесе ұқсас зерттеу әдістерінің қолданылуы және ортақ заңдылықтар мен теориялық тұжырымдамаларға негізделу. Мысалы, жаратылыстану ғылымдары ішінде математика пәнінің оқытылуы мектептен басталады, бірақ оның идеяларымен танысу әлдеқайда ертерек жүреді.

Балалар әдебиеті, балалар фольклоры, мысалы, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар мен ертегілер – бұл идеяларды балаға жеткізетін маңызды дереккөздердің бірі. Кішкентай кезінен осындай әдебиет үлгілерін тыңдаған бала міндетті түрде математиканы да меңгеруді бастайды. Орта мектепте оқытылатын қазақ батырлары туралы ертегілерде қаһарманның күндеп, апталап, айлап өсетіні, ұзақ уақыт бойы өз ауылынан жырақта болатыны және оралғанда елі ұлан-асыр той жасауы секілді мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фараби «Музыка туралы үлкен кітабында»: «Білім дегеніміз қандай да бір заттың болмысын және сол болмыстың туындау себебін терең ұғынуымыз» дей келе, танымның түпкі мәнін ашады. Ғұламаның түйінді сөзі қазіргі біртұтас білім беру ұстанымымен терең сабақтастықта. Ахмет Байтұрсынұлы ана тілін ұлттың рухани және мәдени қазынасын ұрпаққа дарытатын басты тетік санаған. Профессор Алма Қыраубаева Алаш ұстазының ой-тұжырымын басшылыққа алып, тілдік білімді өзге пәндермен ұштастырудың тың әдіснамасын ұсынды. Тілдің бай қазынасы арқылы күллі ғылым салаларын игеру көзделді. Мағжан Жұмабаевтың еңбектеріндегі эстетикалық және рухани дамуға қатысты қағидалар ғалымның әдістемелік жүйесінде жаңа сипат алды. Сөз өнері мен көркемдік танымды тоғыстыру қазақ тілін өзге пәндермен байланыстыра оқытудың басты тірегіне айналды.

Жүсіпбек Аймауытов жас ерекшеліктеріне сай тәрбие беру мен тілдік материалды қабылдау заңдылықтарын педагогикалық тұрғыдан тиянақтаған еді. Зерттеуші осы бағытты одан әрі тереңдетіп, қазақ тілін меңгертуде оқушының психологиялық көңіл-күйі мен танымдық белсенділігін басты назарда ұстады. Тіл мен психология тоғысы интеграциялық білім жүйесінің өзекті арнасына айналды. Академик Ф.Ш.Оразбаеваның «Ана тілі» басылымында жарияланған «Жүрек пен ойдың ұстанымы» атты еңбегінде тіл үйретудегі ақыл-ой мен сезім тепе-теңдігін ғылыми тұрғыда негіздейді [20]. Тұжырым профессор Алма Қыраубаеваның «Жүрек жылуы» педагогикалық тұғырнамасымен және заманауи когнитивтік лингвистиканың қағидаттарымен астасып жатыр.

Профессор Алма Қыраубаева пәнаралық кірігуді ұлттық мектеп кеңістігінде жүйелі білім беруді қамтамасыз ететін негізгі әдіснамалық құрал дәрежесіне көтерді. Қазақ тілін оқытудағы интеграция жай ғана пәндер сабақтастығымен шектелмей, ұлттық танымды сіңіруге және жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуге қызмет етеді. Ғалымның авторлық әдістемесі мынадай тұжырымдамалық ұстанымдарға сүйенеді:

– Когнитивтік психология қағидалары: білім мазмұнын жалаң фактологиялық тұрғыда ұсыну жеткіліксіз, танымдық үдерістерді белсендіру

қажет. Ана тілін меңгерту арқылы шәкірттердің логикалық, аналитикалық ойлау қабілеті жүйелі дами түспек.

– Кешенді оқыту теориясы: қазақ тілі мен әдебиет, тарих, этнография салалары біртұтас мазмұнға тоғысады. Тіл арқылы ұлт мәдениеті мен мұрасын терең сезінуге, сана-сезімді жаңғыртуға берік негіз қаланады.

– Педагогикалық прагматизм: оқу материалын нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстыру басты орында. Тілдік нормалар академиялық жаттандылықтан арылып, салт-дәстүр, мәдениет және қоғамдық қарым-қатынас аясында тәжірибелік мәнге ие.

Қорыта келе, ғалым тұжырымындағы интеграциялық оқыту жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарытудың әрі заманауи біліммен қаруландырудың пәрменді тетігі ретінде көрінеді. Тілдік қағидаларды өмірлік қажеттіліктермен сабақтастыру жас буынның функционалдық сауаттылығын арттыруға тікелей қызмет етпек. Тіл білімі мен педагогика тоғысындағы интеграциялық оқыту ұстанымы фактілерді механикалық түрде меңгеруден арылтып, шәкірт санасында әлемнің тұтас бейнесін сомдайтын іргелі дидактикалық бағыт саналады. Бұл бағыт заманауи жаһандық құзыреттерді дамыту және бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастырудың негізгі тетігі болып табылады.

1.2 Филология ғылымдарының докторы Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың тілдік-әлеуметтік негіздері

Ғалым Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқытудағы тілдік-әлеуметтік ұстанымдары «Сенім» бағдарламасы мен авторлық концепциясының өзекті аспектісі саналады. Ғалымның ең өзекті парадигмаларды бағдарға алу жеке пән бойынша интеграциялық байланыстың тиімділігін зерделеудің жоғары мәнін танытады. Интеграциялық сабақтастық «Адам, тіл, мәдениет» тұтастығына құрылып, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, прагматика аясында тіл құбылысын кешенді қарастырудың маңызы арта түсуде. Антропологиялық бағыттың бастауында тұрған В.Гумбольдт тілді қоршаған болмыс пен адам санасын тоғыстыратын көпірге теңеп, ұлттың рухани жаны мен дүниетанымының көрінісі ретінде түсіндірген. Тіл мен мәдениет байланысын терең ұштастыру мақсатында ғалымның «Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі» атауын таңдауы үлкен мәнге ие.

Ұлттық мектепті негіздеу барысында Алма Қыраубаева көрші елдердің тәжірибесіне үңіле отырып, Қытай мемлекетінің «батысқа еліктеу» саясатынан кейін қайта ойланып, түп-тамырға оралуға көшкенін алға тартады. Ұрпақ тәрбиесіне терең көңіл бөлуді көздей отырып, педагог келесі ұсыныстарды ортаға салды:

1. Қазақ мәдениетін жүйелі оқыту;
2. Орыс тілді мектептерде «Қазақ мәдениеті» пәнін енгізу;
3. «Қазақ мәдениетін» жоғары оқу орындарының оқу жоспарына тұрақты кіргізу;
4. Жаңа үлгідегі мектеп моделін жасау.

Тәжірибелік негізде «Қазақ мәдениеті» кешенді бағдарламасын сынақтан өткізіп, ұлттық тәрбиені заманауи кеңістікпен үйлестіру қажеттігі туындады. Ресей мектебі стандарттарының тасасында қалмай, ұлттық білім ошақтарының дербес мазмұнын түзу күн тәртібіне қойылды [21]. Мектеп қоғамдық сананың айнасы болғандықтан, 1970–1980 жылдардағы педагогикалық жаңалықтарға зер салған жөн. П.Я.Гальперин ойлау әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру тұжырымын ұсынды [22]. Л.В.Занков оқушының өздігінен іздену, талдау мен қорытынды жасау әрекеттерін зерттеуді құптады [23]. Д.Б.Эльконин оқушыны дайын ақпарат алушы емес, міндеттерді шешуші белсенді тұлға ретінде сипаттайды [24]. В.В.Давыдов проблемалық оқытуды дамытты [25], ал Т.А.Шамова танымдық белсенділікті арттыру заңдылықтарын зерделеген [26]. А.К.Маркова сабақ барысындағы оқушы белсенділігін мотивациялық қырынан қарастырса [27], Ю.К.Бабанский оқытуды оңтайландыру теориясын негіздеді [28]. С.Н.Лысенкова перспективалық-озыңқы оқыту жүйесін зерттесе [29], ал В.Ф.Шаталов тірек сигналдары арқылы білім мазмұнын жүйелеу әдістемесін енгізді [30].

В.С.Библер мәдениетті адамның өзгеруі мен дамуының негізгі шарты ретінде бағалайды [31]. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «Байқасаң қазақтықтың өзінде бар, Дүниенің генийлігі, пайғамбары» [32] деген өлең жолдары қазақи танымның терең философиялық мәнін танытады. Терең толғаныстар білім мен мәдениет тоғысқан ұлттық мектеп ашу идеясын орнықтыруға тиек болмақ.

Әдебиеттану саласын терең игерген Алма Қыраубаева оқу-ағарту үдерісінде тіл мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. Педагог тұжырымдаған әдіснамалық парадигмалар білім мазмұнын жүйелеуде маңызды рөл атқарады:

– Лингвоәлеуметтік парадигма: тілдің қоғамдық және мәдени қызметін зерделейді. Тілдік құбылыстарды әлеуметтік ортамен байланыстыра қарастыру педагогикалық тәрбие үдерісін байыта түспек.

– Мәдениетаралық парадигма: әр түрлі мәдениеттердің тілдік байланысын талдайды. Мәдениетаралық қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктерін саралау ортақ құндылықтар кеңістігін айқындауға жол ашады.

– Дискурстық парадигма: тіл, ойлау және қарым-қатынас әрекетінің тоғысуын басшылыққа алады. Түрлі жағдаяттардағы тілдік бірліктердің қызметін жүйелеу сөйлесім мәдениетін қалыптастырудың сенімді діңгегі.

– Аксиологиялық парадигма: білім кеңістігінде оқушының тұлғалық еркіндігін, адамгершілік мұраттарын басты орынға қояды. Тәрбие мен оқытуды ізгілендіру ұстанымдары адамгершілік өлшемдерін алдыңғы шепке шығарады.

– Антропологиялық парадигма: адамды оқу-тәрбие кеңістігінің негізгі субъектісі деп қарайды. Жеке тұлғаның психологиялық, рухани және әлеуметтік қасиеттерін біртұтас дамыту арқылы білім мазмұнын адамға бағдарлау қамтамасыз етілмек.

Ана тілі мен әдебиетті тұтастай меңгерту тіл мен мәдениет байланысын, тілдік нормалардың қолданысын, қатысым үдерісіндегі маңызын зерделеуге жетелейді. Ұлттық мәдениеттің айнасы саналған тілді терең игеру шәкірттің өз тарихын, салт-дәстүрін және жеке болмысын тануына негіз. Тіл мен мәдениет бірлігі аясында «қазақы құбылыс» атты тың тәрбиелік феноменді қалыптастыру

мүмкіндігі туындайды. Тілді ұрпақ тәрбиесі мен ұлт болмысының өзегі ретінде бағалай отырып, академик Ә.Қайдардың «этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да тіл» [33] деген тұжырымына арқа сүйейді.

Бастауыш сыныпқа арналған «Тілашар» пәні «Тіл, бала, әлем» модулінің бастамасы еді. Тіл мен қоғам сабақтастығын терең пайымдаған ғалым білім берудегі ана тілінің рөлін жай қатынас құралымен шектемей, ұлттық қазына мен мәдениетті тасымалдаушы негізгі күш ретінде қарастырады [34]. Педагог тілдік-әлеуметтік бағдарды келесі үш арнада шоғырландырған:

1. Тілдің ұлттық мәдени код қызметі: ұлттық мұраттар, салт-дәстүр мен тарих ана тілі арқылы сақталып, ұрпақ жадына сіңеді. Тілдік қазына оқушылардың рухани азығына айналмақ. Білім беру кеңістігі ана тіліне сүйенгенде ғана ұлттық сана-сезім мен тұтас дүниетаным толық қалыптасады.
2. Әлеуметтік бейімделу мен кірігу тетігі: тіл қоғамдық байланыстарды бекітіп, ұлттық бірегейлікті сақтауға жағдай туғызады. Оқу үдерісіндегі тілдік қатынас шәкірттерді қоғам өміріне бейімдеп, азаматтық ұстанымын айқындай түседі.
3. Интерактивті әрі интегративті оқыту әдістері: тілдік пәндерді тарих, география, әдебиет және математикамен сабақтастыра жүргізу білім берудің нәтижелілігін арттырады. Әлеуметтік және қатысымдық дағдыларды ұштастыру оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіруге қызмет етеді. Тіл арқылы түрлі ғылым салаларын тоғыстыру шәкірттің танымдық дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне тірек. Пәндік мазмұндардың өзара синтезі оқушыға жан-жақты білім беріп, кемел көзқарас сыйлайды. 2-суретте ғалым ұсынған интеграциялық оқытудың негізгі тұғырнамалық бағыттары көрініс тапқан.



Сурет 2 – Интеграциялық оқытудың тілдік әлеуметтік негіздеріне сәйкес тұғырлар

Тілдік әрі мәдени кірігу үдерісі қоғамның әлеуметтік негіздерінен тамыр тартып, көпмәдениетті ортада жетекші қызмет атқарады. Әлеуметтік құрылымдағы сан алуан топтардың өзара қарым-қатынасы тіл арқылы орныгатынын профессор Алма Қыраубаева ерекше бағалаған. Ғалым ана тілін қатынас құралы деңгейінде ғана шектемей, ұлттың рухани діңгегін сақтайтын мәдениет тасымалдаушы негізгі күш ретінде сипаттайды. Зерттеуші еңбектеріндегі тіл мен мәдениет сабақтастығы қазіргі ғылыми көзқарастармен салыстырылып, мынадай бағыттарда зерделенеді:

Тілдің әлеуметтік қызметі. Қоғамдағы рухани құндылықтар, әдет-ғұрыптар мен дүниетаным ана тілінің арқасында ұрпаққа жетеді. Тілдік кірігу аясында жаңа қатысымдық нормаларды игеру мен ортақ мұраттарды қабылдау үдерісі жүйелі сипат алмақ. Ұлттық болмыстың айнасы саналған тілдік байланыстар өркениетаралық диалогты өрістетуге бағытталған.

Мәдениеттердің өзара сабақтастығы. Қарым-қатынас кеңістігіндегі тілдік тоғысу өзге халықтардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінуге бағдар береді. Тілдік әрі рухани алмасу қоғамда тың мәдени шындықты қалыптастырады. Көптілді ортада бірнеше тілдің лексикалық және мағыналық қатпарлары кірігіп, жаңа құндылықтар жүйесінің бастауына айналмақ.

Тілдік құзыреттілікті жетілдіру. Жаһандану дәуірінде көптілділік пен мәдениетаралық қатысым талаптары алдыңғы шепке шықты. Тіл үйрену барысында жалаң грамматикалық ережелерді жаттаумен шектелмей, нақты жағдаяттарға сай әлеуметтік-мәдени нормаларды меңгеру қажет. Тілдік кірігу ортасында жеке тұлға өзге тілде еркін пікір алысып қана қоймай, сол мәдениетке тән мінез-құлық үлгілері мен дәстүрлі қағидаларды қатар игереді.

Сәйкестік пен мәдени бейімделу. Жеке тұлғаның әлеуметтік болмысы мен өзіндік бірегейлігі ана тілі мен мәдени кеңістігіне тікелей тәуелді. Жаңа ортаға енген кезде адам өзінің мәдени бейнесін қайта бағамдайды. Бейімделу барысында өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, өзге мәдениетпен үйлесім табуға ұмтылыс жасалады.

Мәдениетаралық сұхбат. Тілдік қатынас халықтар арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықтың деңгейін арттырады. Адамдар арасындағы рухани шекараларды жақындастыратын тіл ортақ көзқарас қалыптастырып, қоғамдастықты нығайтудың сенімді тетігі.

Әлеуметтік негіздерге арқа сүйеген кіріктіру үдерісі сан алуан тілдер мен мәдениеттердің тығыз үйлесімін қамтамасыз етеді. Мәдени әралуандықтың артуы қоғамдағы келісімді күшейтумен қатар, ұлт мәдениетінің мәртебесін биіктетуге бағытталған.

Қоғамдық-тілдік негіздерге сүйене отырып ұлттық әрі жалпыадамзаттық мұраттарды, халық педагогикасын кешенді қарастыру тіл мен мәдениеттің ажырамас тұтастығын аша түседі. Ұлттық болмысты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде ана тілі шешуші қызмет атқарады. Әрбір халық өз тілі арқылы төл қазынасын болашаққа мирас етеді. Тілдік мәдениет арқылы тоғысатын құндылықтар жүйесі келесі арналардан түзіледі:

Ұлттық құндылықтар. Халықтың тарихы, рухани байлығы мен дүниетанымы ана тілі арқылы ғасырлар тереңінен жетеді. Тіл ұлттың бірегей

болмысын айқындайтын рухани код саналады. Әлеуметтік ортада тілдік қауымдастықтар ортақ мұраттарды жаңғыртып отырады. Профессор Алма Қыраубаева ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің сақталуын тікелей ана тілінің қызметімен байланыстырған.

Жалпыадамзаттық құндылықтар. Тілдік қарым-қатынас ғаламдық деңгейдегі бейбітшілік, өзара құрмет пен ынтымақтастық мұраттарын бекітеді. Зерттеуші мектеп бағдарламасына қазақ, шығыс және батыс мәдениетін кіріктіретін таңдау курстарын енгізуді көздеген. Ғалым пайымынша, кіріктірілген пәндер шәкірттердің жалпыадамзаттық қағидаларды терең тануына және заманауи кеңістікке бейімделуіне тірек.

Халық педагогикасы салт-дәстүрлер мен дүниетанымдық қағидаларға сүйене отырып, ұрпақ тәрбиесінің рухани арқауын құрайды. Төл тәрбие бастауларында ана тілінің көмегімен ұлттық қазына игеріліп, өскелең ұрпақтың танымы кемелденеді:

Тіл халық педагогикасының құралы. Жаңа ұрпаққа тәлім үдерісінде ата-баба мұрасы, жөн-жоралғылар мен әдет-ғұрыптар ана тілі арқылы беріледі. Мақал-мәтелдер мен ауыз әдебиетінің үлгілері мінез-құлық нормалары мен адамгершілік қағидаттарын сіңірудің басты арнасы.

Тілдің тәрбиелік маңызы. Халық педагогикасындағы тілдік тәрбие жастарға қоғамдық нормалар мен парасаттылықты ұғындырады. Тілдік-әлеуметтік өлшемдер ұлттық болмысты сақтап, жас ұрпаққа бағыт-бағдар береді. Интеграциялық кешенді ұстаным ғылым салаларының өзара байланысын зерделеп, оқу үдерісін біртұтас кеңістікке айналдырады. Тіл өзара қатынас пен ақпарат алмасудың басты өзегі ретінде қызмет атқарады.

Интеграциялық оқытудағы тілдің рөлі. Білім беру жүйесінде тіл сан алуан ғылым салаларын тоғыстыратын ортақ дәнекер. Пәнаралық қатынас арқылы оқушылар математика, жаратылыстану және гуманитарлық пәндердің бірлігін ұғынып, кешенді ойлау дағдысын шыңдайды.

Тұлғаға бағдарланған оқыту жүйесі. Алма Қыраубаеваның әдістемелік көзқарасы шәкірттің дербес ерекшеліктерін ескеруге негізделген. Әлеуметтік ортадағы баланың орны мен тілдік тәжірибесі есепке алынып, оқу үдерісі оқушының жеке шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталады.

Әлем, табиғат және адам үйлесімі. Ғалым дүниетанымында қоршаған орта мен адам баласының табиғи үндестігі негізгі орында. Тілдік мәдениет табиғатпен астасып, оқушылардың санасына экологиялық таным мен әлеуметтік жауапкершілік сезімін дарыту көзделеді.

Қалыптасқан ғылыми ой-толғамдар негізінде авторлық мектептің тұжырымдамасы түзіліп, тілдер мен мәдениеттер тоғысындағы әлеуметтік кірігудің тиімді тетіктері айқындалған. Ұсынылған қағидаттарды жүйелі жүзеге асыру білім сапасын арттырудың кепілі. Академик Ф.Оразбаева ғалым мұрасындағы интеграциялық оқытудың тілдік-әлеуметтік негіздерін 3-суретте жүйелі түрде топтастырған [35].



Сурет 3 – Академик Ф.Оразбаева бойынша интеграциялық оқытудың тілдік әлеуметтік негіздеріне сәйкес тұғырлар

Алма Қыраубаева оқу үдерісіне тың әдістемелік амалдарды енгізіп, сабақтың нәтижелілігін арттыруға баса назар аударған. Педагогикалық тәсілдер білім алушылардың сөйлесім дағдыларын шыңдауға, тілдік білімді шығармашылық тұрғыда жетілдіруге әрі түрлі әлеуметтік ортада еркін қолдану қабілетін ұштауға бағытталған. Оқушылар теориялық мәліметтерді өмірлік жағдаяттарда жүйелі пайдалануға төселіп, қатысымдық және әлеуметтік біліктілігін бекіте түседі. Ғалым мектеп-лицейінің тәжірибесі негізінде жасақталған «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешендері тек республика көлемінде ғана емес, Ресей мен Моңғолиядағы қазақ мектептерінде де сұранысқа ие болды. Тәжірибенің мұндай ауқымда таралуы кіріктірілген оқытудың тілдік-қоғамдық тіректері ғылыми тұрғыдан дұрыс қаланғанының нақты айғағы.

Оқу құралдары тілдік дағдыларды дамытумен қатар ұлттық бірегейлікті сақтауға, мәдениетаралық үндестікті нығайтуға лайықталған құрылымымен ерекшеленеді. Шәкіртпен тікелей сұхбат құруға негізделген мазмұн ұстаздар қауымы мен оқушылар арасында жоғары бағаға ие. Тіл мен мәдениетті ұштастыра оқыту боқушылардың сөйлеу шеберлігін ғана емес, сыни ойлауын, зерделеу қабілетін және өмірлік дағдыларын қатар өсіруге қызмет етеді.Бұл тұжырым тілдік коммуникацияны тек қатысымдық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде емес, ұлттық құндылықтар мен мәдени танымды сабақтастыра дамытудың маңызды тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы бағытта Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, Р.С.Рахметова және т.б. авторлардың «Тілдік коммуникация парадигмалары» атты еңбегінде тілдік қарым-қатынастың тұлғаның танымдық, коммуникативтік және мәдени құзыреттерін қалыптастырудағы маңызы айқындалады [36].

Профессор Алма Қыраубаева оқу-ағарту кеңістігінде тіл мен ұлттық мәдениеттің ажырамас байланысын басшылыққа алып, пәнаралық оқытудың тың бағытын орнықтырды. Тілдік бірліктердің астарында халықтың материалдық әрі рухани болмысы мен дүниетанымы жатқанын ескере отырып, тұлға қалыптастыру ісін ұлттық ділмен астастыра жүргізу көзделді. Шәкірттің қоршаған ортаны қабылдауын ана тілінің бай қоры арқылы кеңейту, өркениетаралық қарым-қатынасқа бейімдеу басты бағдарға алынған. Тілдік-әлеуметтік факторларды оқу процесіне терең енгізу ана тіліміздің қоғамдық мәртебесін нығайтып, оның маңыздылығын жаңа деңгейге көтереді.

1.3 Ғалым Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың философиялық негіздері

«Интеграция» ұғымын анықтау педагогика ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі саналады. Бұл бағыт білім беру жүйесіндегі жаңашылдықты өрістетіп, оқыту мен тәрбиенің әдіснамалық, философиялық қағидаттарын толықтыратын негізгі қозғаушы күш. Интеграция философиялық тұрғыда «тұтастық» категориясымен тығыз байланысты. Адамзат ой-санасы ежелден дүниені бөлшектеп қабылдаудан гөрі, оны өзара сабақтас біртұтас жүйе ретінде тануға ұмтылып келеді.

Философия (грекше philosophia – даналыққа құштарлық) болмыс, таным, құндылық, ақыл-ой және тіл құбылыстарының терең заңдылықтарын зерттейтін іргелі ғылым саласы. Ұғымды алғаш ғылыми айналымға енгізген Пифагор болмысты тану мен заңдылықтарды сараптауды негізгі мән деп білген. Адамның өмір сүру мағынасы, сыртқы ортамен байланысы мен саналы әрекеттері философияның түйінді өзегін құрайды. Ғылыми танымда әлем құбылыстарының өзара тәуелділігі диалектиканың басты заңы ретінде түсіндіріледі. Ешбір құбылыс оқшау өмір сүрмейді, барлық элементтер бір-бірімен тығыз байланыста қозғалысқа түседі. Диалектикалық ұстанымды оқу-тәрбие саласына бағыттау таным үдерісінің тұтастығын мойындауды қажет етеді.

Профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасы оқу әдістемесін белгілі бір пән шеңберімен ғана шектемегенін байқауға болады. Ғалым ізденістерінде білімді бөлшектеп ұсынудың орнына, әлем туралы біртұтас түсінік қалыптастыру идеясы басты орынға қойылған. Оқыту үдерісіндегі интеграция тек пән мазмұнын жасанды тоғыстыру амалы емес, адам мен қоршаған дүние арасындағы байланысты терең сезінудің өзіндік танымдық көзқарасы. Ғалым еңбектерінің ішкі мәнін түсіну үшін әуелі оның дүниетанымдық-философиялық бастауларын таразылауды қажет етеді.

Зерттеушінің ғылыми пайымында айналадағы болмыс үйлесімді жүйе түрінде көрініс табады. Тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, өнер, табиғат пен адам болмысы рухани кеңістіктің біртұтас құрамдас бөлшектері ретінде зерделенеді. Мұндай үйлесім халқымыздың төл дүниетанымымен сабақтас. Қазақ ұғымындағы адам мен табиғаттың, жер мен елдің, сөз бен ойдың табиғи бірлігі айрықша мәнге ие. Зерттеушінің көне жазба ескерткіштерге, фольклор мен

тарихи деректерге жүйелі сүйенуі тұтастық қағидасын айғақтай түседі. Қазақ тілін оқыту ұстанымы тек көркем мәтінді механикалық игеру деңгейінде қалмауы тиіс. Көркем сөз үлгілері тілдік құрылым ғана емес, танымдық кеңістік қызметін атқарады. Сөз мағынасында ұлттық дүниетаным, тарихи тағылым және адамгершілік өлшемдер шоғырланған. Әдеби білім мен тілдік нормалардың, тарихи сана мен көркем ойдың өмір тәжірибесімен тоғысуы Алма Қыраубаева әдістемесінің кіріктірілген сипатын нақтылайды.

Ғалымның философиялық тұғыры білімді дайын күйінде ұсынуға қарсы шығып, оны оқушының ізденісі арқылы меңгерілетін саналы таным ретінде түсіндіреді. Шәкірт дайын қорытындыны жаттаушы емес, сұрақ қоятын, салыстыратын, ой түйетін дербес субъект ретінде әрекет етуі қажет. Осы тұрғыдан «Ой зертханасы» әдістемесінің қолданбалы маңызы айрықша. Зертханалық ізденіс ортасы болжам жасауға, тәжірибе жүргізуге, талдау жасап, өз бетінше байлам шығаруға жетелейді. Оқу мазмұнының жүйеленуі шәкірттің белсенді танымдық қимылымен ұштасуы шарт. Ғалым алға тартқан «Баға құнды емес, бала құнды» қағидаты терең гуманистік ойға негізделген. Мұнда бала оқу көрсеткішіне қол жеткізетін нысан емес, жеке қызығушылығы, өзіндік пікірі мен ішкі қабілеті бар дербес тұлға дәрежесінде бағаланады. Оқытудың түпкі мақсаты тек білім мен білік қалыптастыру шеңберімен шектелмейді. Білім алушының өз болмысын тануына, айналаны ұғынуына, өмірлік сенімін орнықтыруына қызмет етуі тиіс. Интеграциялық оқыту пәндердің жай ғана механикалық қосындысы емес, баланың тұлғалық кемелденуіне бағытталған танымдық даму ортасы ретінде бағаланады.

Педагогтің ғылыми-әдістемелік қағидаттарын «Адам, әлем, білім» сабақтастығы арқылы пайымдау нәтижелі болмақ. Адам дүниені тіл арқылы танып, әдебиет арқылы рухани кеңістігін байытады, тарих арқылы уақыт көшін түсінсе, нақты ғылымдар арқылы табиғат құбылыстарын сараптайды. Ғылым салаларының тоғысуы оқушының болмысты тұтас қабылдауына негіз қалайды. Тіл мен әдебиетті өзге пәндермен кіріктіру тек қосымша дерек қосуды емес, пәннің танымдық шеңберін кеңейтуді көздейді. Бұл ерекшелік жаратылыстану ғылымдарының ұғымдарын гуманитарлық пәндермен ұштастыру тәжірибесінен анық байқалады. Тілдік ұғымдарды математика, физика, биология, география пәндерінің мазмұнымен байланыстыру бір ұғымның түрлі салалардағы сипатын салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай ортада тіл ғылыми заңдылықтарды танудың құралына айналса, әдеби мәтін уақыт, кеңістік және себеп-салдар қатынастарын талдайтын танымдық алаң рөлін атқарады. Гуманитарлық және жаратылыстану білімдерін өзара қарама-қарсы қоймай, тоғыстыра қарау жаңашыл әдістемелік жүйені қалыптастырады.

Интеграциялық бағыттың бұл қыры ұлттық білім беру тұжырымдамасымен тығыз астасып жатыр. Зерттеуші үшін ұлттық мектеп тек қазақ тілінде сабақ беретін мекеме емес, ұлттық ділді, тарихи жадыны, адамгершілік мұраттарды жаңашыл білім мазмұнымен ұштастыратын рухани орта. Әдістемеде көне әдеби мұра мен жаңа білім, халықтық тағылым мен ғылыми жаңалық, ұлттық құндылық пен жалпыадамзаттық бағдар ажырамас тұтастықта қарастырылған. Тәсіл ұлттық руханиятты өткеннің жаңғырығы

күйінде қалдырмай, бүгінгі баланың таным көкжиегіне сай жаңғыртуға бағыттайды. Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі оқытуды кіріктірудің философиялық діңгегі келесі негізгі ұстанымдар арқылы тұжырымдалады:

- дүниенің біртұтастығын мойындау;
- оқушыны танымның белсенді субъектісі ретінде қабылдау;
- білімді дайын ақпарат ретінде жаттамай, зерттеу әрекеті арқылы игеру;
- ұлттық танымды ғылыми біліммен үйлестіру;
- гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының өзара сабақтастығын пайдалану.

Аталған ұстанымдар баланың жалаң білім қорын жинақтауымен шектелмей, өз болмысын және қоршаған дүниені терең түсінуіне тірек. Алма Қыраубаева ұсынған интеграциялық оқытудың философиялық негіздері мен әдістемелік сипаты 2-кестеде жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 2 – Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқытуының философиялық негіздері және олардың әдістемелік көрінісі

№	Интеграциялық оқытудың философиялық негізі	Алма Қыраубаева ұстанымы	Әдістемелік көрінісі	Оқушы тұлғасына ықпалы
1	2	3	4	5
1	Дүниенің тұтастығы	Тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, табиғат пен адамды өзара байланыста қарастыру	Әртүрлі білім салаларын тіл мен әдебиет мазмұнымен сабақтастыру	Әлемді тұтас қабылдау
2	Адам мен әлемнің сабақтастығы	Білімді қоршаған ортаны және адам болмысын тану құралы ретінде қарастыру	Мәтін арқылы табиғат, қоғам, адам, тарихи орта байланысын ашу	Дүниетанымның кеңеюі
3	Білімді әрекет арқылы игеру	Оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, ізденуші субъект ретінде тану	«Ой зертханасы», зерттеу, салыстыру, сұрақ қою, дәлелдеу	Зерттеушілік ойлаудың қалыптасуы
4	Ұлттық дүниетанымның тұтастығы	Ұлттық мәдениет, тарихи жад, тіл мен әдебиетті біртұтас рухани кеңістік ретінде қарастыру	Көне мұра, фольклор, әдебиет, тарих және тіл байланысын ашу	Ұлттық сана мен мәдени танымның дамуы
5	Гуманитарлық және жаратылыстану білімдерінің сабақтастығы	Ғылым салаларын бір-бірінен оқшауламай, өзара байланыста қарастыру	Математика, химия, биология, география элементтерін тілдік-әдеби мазмұнмен байланыстыру	Ғылыми-танымдық өрістің кеңеюі
6	Тұлғаның ішкі мүмкіндігін қарастыру	«Баға құнды емес, бала құнды» ұстанымы арқылы баланы өзіндік ойы бар тұлға ретінде тану	Еркін ойлау, таңдау, шығармашылық әрекет, өзіндік пікір	Өзіндік сана, шығармашылық қабілеттің дамуы

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
7	Танымның зерттеушілік сипаты	Дайын қорытындыдан гөрі баланың өз ізденісі арқылы білімге келуін қолдау	Бақылау, болжам жасау, талдау, интерпретация, қорытындылау	Сыни және зерттеушілік ойлаудың қалыптасуы

Философиялық негіздер Қыраубаева қалыптастырған ғылыми-әдістемелік мектептің кейінгі әдістемелік жүйесін түсіндіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оның зертханалық оқытуы, зерттеушілік тапсырмалары, мәтінді әртүрлі қырынан талдауы, пәндік мазмұндарды сабақтастыруы және оқушының жеке ізденісіне мүмкіндік беруі бір-бірінен бөлек әдістер емес, тұтас таным жүйесінің құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Сондықтан профессор Алма Қыраубаеваның еңбектеріндегі интеграциялық оқытуды зерттеу оның қолданған әдістерін сипаттаумен шектелмей, сол әдістердің ар жағындағы адам, білім, тіл, әдебиет және әлем туралы ғылыми-танымдық көзқарастарды ашуды талап етеді. Демек, Қыраубаеваның интеграциялық оқыту тәжірибесін оның жеке әдіс-тәсілдерінің жиынтығы ретінде емес, белгілі бір дүниетанымдық және философиялық тұтастықтан туындаған ғылыми-әдістемелік жүйе ретінде қарастыру қажет. Оның тіл мен әдебиетті тарихпен, мәдениетпен, философиялық оймен, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдарымен байланыстыруы білім мазмұнын кеңейтумен қатар, оқушының танымдық өрісін де кеңейтеді. Мұнда интеграция пәндерді біріктірудің сыртқы формасы емес, дүниені тұтас тануға, білім арасындағы байланысты аңғаруға және сол байланыс негізінде өзіндік ой қалыптастыруға бағытталған танымдық қағида ретінде танылады.

Профессор Алма Қыраубаеваның еңбектеріндегі интеграциялық оқыту идеясы - кездейсоқ әдістемелік жаңалық емес, терең философиялық негізге сүйенген, ұзақ ойлау мен тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан біртұтас көзқарас. Оның негізінде тұтастық идеясы, диалектикалық байланыс заңы, гуманистік және ұлттық тәрбие философиясы, сондай-ақ жүйелілік тұғыры жатыр. Осы философиялық негіздерді түсіну – Алма Қыраубаева әдістемесінің тек «не істеу керек» деген практикалық жауабын ғана емес, «неге дәл осылай істеу керек» деген терең мағыналық негізін де ашуға мүмкіндік береді.


Томас Гоббс философияны адам ойлауының жемісі және ол адамның өзімен бірге өмір сүретінін айтса [37], Диоген Лаэртскийдің философтар өмірі мен ілімі туралы кітабында өзі тоқталған ойшылдар үшін философиялық толғамдар өмірдің даналық өзегі, әр философтың өмірінің мәні болғанын көреміз [38].

Қазақ тілдік дидактикасында интеграциялық оқытудың философиялық және әдіснамалық негіздерін тілдік танымдық, әлеуметтік және мәдениеттанымдық табиғатын біртұтастықта қарастыратын отандық ғалымдардың зерттеулерінен көрініс табары сөзсіз. Тілді жалаң грамматикалық ережелер жиынтығы емес, әлемнің біртұтас бейнесін тануды құрал ретінде қарастыру бағыты Е.Жұбанов тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қарастыра

отырып, тілдік құбылыстардың халықтың тарихи-мәдени тәжірибесімен сабақтастыра зерттеудің маңызын көрсетті [39]. Н.Сауранбаевтың еңбектеріндегі пәнаралық және мәдени танымдық интеграция идеяларымен астасады [40]. Интеграцияның философиялық мәні – оқушы санасында дүниенің тұтас суретін қалыптастыру болса, оны практикалық жүзеге асыру тетігі тілдік қатынас арқылы көрініс табады.

Тілдік қатынасты жүйелі-коммуникациялық тұрғыдан зерттеген көрнекті ғалым, профессор Ф.Ш.Оразбаеваның лингводидактикалық тұжырымдамасы [41] диссертациялық жұмысымыздың негізгі тірегі болып табылады. Академик Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатынастың философиялық және прагматикалық мән-мағынасын аша отырып, «тілдік қатынас – жай ғана ақпарат алмасу емес, ол тұлғаралық интеграцияны, креативті ойлауды және әлеуметтік бейімделуді жүзеге асыратын күрделі психолингвистикалық үдеріс» [42] екенін дәйектейді. Бұл теориялық ұстаным білім беру мамзұнын интеграциялау жағдайында 10-11 сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін заманауи деңгейде дамытудың әдістемелік платформасын айқындап береді.

Ғалым Алма Қыраубаева интеграциялық оқыту әдістемесінің философиялық негіздемесін шығыс, батыс және қазақ мәдениеті философиясы негізінде қарастырды (4-сурет). Аталған бағытта автордың әдістемелік жүйесі білімді жалаң ақпарат түрінде бермей, әлемнің біртұтас бейнесін оқушы санасында адами құндылықтар арқылы қалыптастыруды көздейді. Нәтижесінде Батыс пен Шығыс ойшылдарының таным теориялары қазақ халқының елдік мұратымен сабақтасып, жоғары сынып оқушыларының креативті ойлауымен тілдің қатынасын дамытудың іргелі әдіснамалық платформасына айналады.



Сурет 4 – А.Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың философиялық негіздері

Философиялық негіздеме ғалымның өз мектебін құруға, педагогикалық идеяларын жүзеге асыру жүйесіне, білім мен тәрбие беру үдерісін баланың

танымдық қызығушылығы, таңдандыру техникасы мен еркін ойлы, сенімді тұлғалық деңгейін дамытуға бағыттындағы жұмыстарын ұйымдастыруына өзек, діңгек болды [43].

Алма Қыраубаева мектеп ашуда инновациялық жаңашылдығын Д.Дьюидің «бала–күн» идеясымен үйлесетін идеяға, бүкіл қоғам ұрпақ үшін, мектеп бала үшін жұмыс істеуі керек екеніне және мұғалім мен шәкірт серіктес, ынтымақтаса жұмыс жүргізетін тұлға ұстанымына негіздеді. Баланың өзі келген орта, өмір сүру және адамгершілік, ел тәуелсіздігі, әділет пен құқық, ақыл-ой мәдениетінің пайымдауларына негіз болатынын, қарапайымнан күрделі де жүйелі ойлауына жол салса, ойлау, толғану тұжырымдау барысында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық код іспетті ұғымдар, категориялар мен ұстанымдар бастау алатынын болжады. Өзі ойлаған «қазақы құбылыс» феноменін ұлт даналығының, ұлы дала мәдениетінің көрінісі ретінде қарастырды.

Академик Ф.Оразбаева өзінің лингводидактикалық еңбектерінде А.Қыраубаеваның «Елдік мұрат» концепсиясындағы рухани құндылықтарды қазіргі коммуникативті оқыту әдістемесінің басты бағдары ретінде бағалайды. Ғалым Алма Мүтәліпқызының ұсынған ұлттық тәрбие философиясы мен өзіндік әдістемелік қолтаңбаның жоғары сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін ашудағы және олардың тілдік қатынас мәдениетін қалыптастыруда рөлін ғылыми тұрғыдан жоғары баға берген. Профессор Ф.Оразбаеваның коммуникациялық тұжырымдамасы [44] мен Алма Қыраубаеваның ұлттық білім беру парадигмасының тоғысуы 10-11 сыныптарда қазақ тілін интеграциялы оқытудың теориялық-әдіснамалық өзегін құрайды (5-сурет).



Сурет 5 – Академик Ф.Оразбаеваның, ғалым А.Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары мен философиясын негіздеуі.

Ғалымның дүниетанымдық пайымының діңгегі «Сенім» авторлық бағдарламасынан бастау алады. Бағдарлама мазмұны ұлттық философияға, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиелік қағидаттарына негізделген. Оның қайнар көзі тарихпен, ұлттық мұратпен, шежірелік зердемен және елдіктің тірегі саналған ана тілімен сабақтас. Негізгі нысана ретінде адам, ұлт болмысы, ұрпақ сабақтастығы және өмір сүру кеңістігі танылады. Аталған арна антропологиялық ғылымдар аясына ұласып, адамды біртұтас жүйе ретінде пайымдауға бағытталған. Профессор тұжырымдамасының өзегіне ежелгі қазақ дүниетанымындағы кісілік философиясы алынды. Авторлық мектептің білім беру ұстанымы адамның мәдениеті мен рухани қазынасын байытуға қызмет етуді көздейді [45]. Г.Гегель философиясын [46] Әл-Фараби мұрасымен, көне түркі ойшылдарының, хакім Абай мен Алаш қайраткерлерінің еңбектерімен тоғыстыру арқылы Батыс пен Шығыс танымы бір арнаға тоғысты. Педагогиканы адам жанын изгілікке баулитын өнер, тіршілік пен парасаттың кілті деп түсінген Гегель пікіріне сүйене отырып, ұстазға арналған жиырма қағидат тұжырымдалды. Кісілік қасиетті ту еткен ережелердің негізгі түйіндері мынадай:

- Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істейді;
- Баға құнды емес, бала құнды;
- Ұстаз қызметінің түпкі мақсаты пәнді үйрету шеңберінен әлдеқайда терең, ол адамды сомдаушы тұлға;
- Сабақ ұстаз бен шәкірттің адами қарым-қатынасынан тұрады;
- Сабақтың басты міндеті баланың өзгеге ұқсамайтын дара қасиетін ашу;
- Әр баланың тыныс-тіршілігі өзінше бір тағдыр. Оқушының тағдырына зер сала қарау шарт. Сабаққа келмесе де, пәнге қызықпаса да, мінез көрсетсе де себебіне үңіліп, түйткілді алдымен өзіңнен іздеу керек;
- Баланы таңғалдырудан жалықпау лазым, өйткені даналыққа ұмтылыс таңданудан бастау алады;
- Шәкірттің тек қателігін терсең, талпынысын жоясың. Сондықтан үнемі жетістігін көру маңызды;
- Баланы сабақтың негізгі кейіпкері ете біл;
- Сабақтың жаны - импровизация;
- Әр бала табиғаттың ғажайып құбылысы болғандықтан, ерекше құрметке лайық.

Қорыта келе, Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқытудағы философиялық негіздері оның білім берудегі негізгі қағидаттарымен тығыз байланысты. Яғни, философиялық идеясы – мұғалімнің педагогикалық философиясының сындарлы сипатын таныту, білім алушыны руханилыққа, адамгершілікке апаратын жол, қоғам құндылықтарын бойына сіңірген құбылыс ретінде қалыптастыру. Оның идеяларынан гуманитарлық ғылымдарды, оның ішінде әдебиет, тіл, тарих және философияны интеграциялау арқылы білім беруді жаңаша құруға бағытталғанын көруге болады.

1.4 Профессордың ғылыми шығармашылығын интеграциялық тұрғыдан меңгертудің педагогикалық-психологиялық аспектілері

Педагогикалық үдерістерді кіріктіру мәселесі табиғат пен әлемнің біртұтастығы туралы көзқарастардан өрбитін классикалық дидактика қағидаларына тіреледі. Мұндай таным дүниені тұтас түсінуден басталып, дербес ұғымдарды терең меңгеруге жол салады. Білім мазмұнының тұтастығы хақында чех педагогы Я.А.Коменский: «Бәрі өзара байланыста болатын құбылыстар байланыс күйінде оқытылуы керек» [47] деп жазса, ағылшын ойшылы Джон Локк әрбір оқытылатын пән өзге салалардың деректерімен толығып отыруы қажеттігін дәлелдеген [48]. Пәнаралық байланыс қағидаты кешенді оқытудың алғышартына айналды. О.В.Борщева оқыту үдерісіндегі байланыстардың жаңа дидактикалық элементтерді қалыптастырып, қолданыстағы амалдарды түрлендіретінін атап өтеді [49]. Тұжырымды дамытқан И.Г.Песталоцци пәндер арасын жасанды түрде алшақтатудың толыққанды білімге кедергі келтіретінін ескертіп: «Санаңдағы ойлардың сабақтастығын табиғаттағы барлық құбылыстар секілді өзара байланыста көрсет» [50] деген тұжырым қалдырған.

Профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми мұрасында лингводидактиканың теориялық діңгегі мен тіл және мәдениет сабақтастығы айрықша көрініс тапқан. Педагог тұжырымы В.В.Воробьевтің: «лингводидактиканың аспектісі, тілдің қызмет ету барысында мәдениет пен тілдің өзара әрекеттесу мәселелерін қарастыру және оны сипаттау мен оқыту» [51] деген қағидатымен толық үндеседі. Білім кеңістігінде тіл мен ұлттық руханиятты біртұтас құбылыс ретінде меңгерту, шәкірттің лингвомәдени құзыретін ұштау ғалым еңбектерінің өміршеңдігін айғақтайды. Жаңашыл амалдарды сабақ барысына енгізу оқушының таным көкжиегін кеңейтудің негізгі жолы. Интеграциялық оқыту үлгісі білім беру амалдарының сан алуандығын қамтиды. Тіл мен мәдениет байланысы сөз семантикасы мен этнотанымдық концептілерді ашу арқылы зерделенбек. Ғалым ұсынған әдістеме тілдік деректерді жай сөздер тізбегі ретінде емес, мәдениеттің белгі-таңбасы деңгейінде түсіндіруді көздейді.

Профессор Алма Қыраубаева еңбектерінде интеграциялық оқытудың педагогикалық-психологиялық қырлары ғылыми тұрғыда тиянақты негізделген. Білім беруге қатысты ізденістер ұлттық тәлім-тәрбие үлгілерімен, рухани құндылықтармен тығыз ұштасып, шәкірттің тұлғалық ерекшеліктері мен мәдени ортасын ескеретін жүйеге сүйенеді. Тұжырымдарды бірнеше негізгі желіге бөліп қарастыруға болады.

Интеграциялық оқытудың педагогикалық негіздері интеграция арқылы білім мазмұнын кешенді түрде ұйымдастыру мен тілдік-мәдени интеграция, лингвистикалық және әлеуметтік бағыттарда дамиды [52]. Біріншіден, білім мазмұнын оқушыға жүйелі түрде жеткізу жеке пәнді оқытумен шектелмей, әр түрлі салалар арасындағы үндестікті тереңдетуді көздейді. Екіншіден, тіл мен мәдениетті тұтастықта қарастыру қағидаты басшылыққа алынады. Тіл жалаң қатынас құралы деңгейінде қалмай, ұлттық мұраттар мен тарихи мұраны ұрпақ санасына сіңіретін рухани құндылықтарды бойына сіңіру қызметін атқарады.

Үшіншіден, тілдің қоғамдық міндеттері мен тұлғаның қалыптасуы арасындағы байланысты көрсететін әлеуметтік негіздерге мән беріледі. Тілдік біліктер грамматикалық шеңберден шығып, қоғамдық қызметіне сай кең өріс алады.

Интеграциялық оқытудың психологиялық негіздері оқушының тұлғалық ерекшеліктеріне назар аудару, шығармашылық пен ойлау қабілеттерін дамыту, құндылықтық бағдарлардың психологиялық қырларын бағдарға алады:

1. Оқушының тұлғалық ерешелігіне назар аудару: шәкірттердің жеке психологиялық қажеттіліктері мен қызығушылықтары негізге алынып, өзіндік даму траекториясын құруға мүмкіндік туады.

2. Шығармашылық пен ой-қиялды дамыту: сабақ барысында ізденімпаздықты талап ететін тапсырмалар кеңінен қолданылады. Бұл әдіс күрделі мәселелердің шешімін өздігінен табуға, дербес пайым жасауға жағдай жасайды.

3. Құндылықтық бағдарлар жүйесі: шәкірттерді адамгершілік, мәдени және рухани қағидаттарға баулу ішкі жан дүниені байытып, мінез-құлықтың орныгуына оң ықпал етеді.

Педагогикалық-психологиялық кіріктіруді тәжірибеге енгізу мынадай нақты тәсілдер арқылы өріс табады:

- Өз бетінше білім алуын ынталандыру: оқушыны ақпаратты тек қабылдаушы ғана емес, білімді өздігінен іздеп, өмірлік тәжірибеде қолданушы белсенді зерттеуші деңгейіне көтеру мақсат етіледі. Мұнда балдық бағалау, «таңдандыру сәттері», «кішкентай профессорлар» секілді дидактикалық тәсілдер тиімділік көрсетеді;
- Жеке және топтық ізденістерді ұштастыру: дара қабілеттерді шыңдау ұжымдық әрекеттермен толыға түседі. Өзін-өзі басқару мен серіктестік қағидалары оқушылардың әлеуметтік байланыстарын нығайтуға көмектеседі;
- Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану: ой-пікір алаңдары, зертханалық жобалар мен рөлдік ойындар шәкірттің танымдық белсенділігі мен сөйлесім мәдениетін дамытуға қызмет етеді.

Мысалы: 10 сынып, қазақ тілі пәні.

Бөлім: Тіл және Алаш идеясы. Сөз мәдениеті

Тақырып: Алаш идеясы – ұлттық сананың негізі.

Тапсырма: «Ойлан – талда - тұжырымда»

Оқушыға тапсырма: Алаш қайраткерлерінің ұлттық тіл, білім және ел болашағы туралы көзқарастарын қазіргі қоғаммен байланыстыру. «Ұлттық құндылықты сақтау – ұрпақ міндеті» деген тақырыпта 5-6 сөйлемдік ой толғау жазу.

Педагогикалық-психологиялық интеграция көрінісі:

- Танымдық: тарихи деректерді талдайды, салыстырады.
- Құндылықтық: ұлттық сана мен тілге құрмет қалыптастырады.
- Психологиялық: өз көзқарасын білдіріп, сенімді сөйлеуге дағдыланады.
- Метатанымдық: өз ойын бағалап, қорытынды жасайды.

Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі педагогикалық-психологиялық тұғырлар оқушының шығармашылық әлеуетін ашуға, ұлттық мәдениет арқылы қоғамда белсенді азамат тәрбиелеуге бағытталған. Тұжырымдар оқу үдерісін үйлесімді ұйымдастыруға және баланың ішкі мүмкіндіктерін толық жарыққа шығаруға қызмет етеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-саяси ахуал, қоғамдағы қазақ тілінің күрделі жағдайы және кеңестік кезеңнен қалған орыс тілінің басым ықпалы Алма Қыраубаеваның ұлттық мектеп ашуына басты түрткі болды. Қалыптасқан жағдайдың салқыны қазіргі жаһандану дәуірінде де байқалып, тілдің этнотанымдық қырлары көбінесе көркем әдебиет шеңберінде ғана көрініс табуда. Ақпараттық кеңістікте масс-медиа мен цифрлық технологиялар жетекші орынға шыққан кезеңде сөздік қоры бірсарындылыққа бейімделген ұрпақ қалыптасып келеді. Ғалым тілдік шектелу мен рухани таяздықты «кембағалдылық» ұғымымен түсіндірген. Оқу үдерісінде қазақ әдеби тілінің табиғи заңдылықтары мен көркемдік сипатын меңгерту шәкірттің қызығушылығы мен жеке ерекшелігін ескеретін интеграциялық әдіснама тұрғысынан қарастырылады.

Лингвомәдениеттанудың тіректік категориялары саналатын әлемнің тілдік бейнесі, мәдени концепт және ұлттық тілдік тұлға ұғымдары оқу үдерісінде негізгі нысанға алынады.

1. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі: тіл арқылы болмысты түйсіну, қоршаған дүниені қабылдау мен түсіндіру ерекшеліктері халықтың ойлау жүйесінен хабар береді. Лексикалық қор мен грамматикалық заңдылықтарға негізделген тілдік бейне ұлттың тарихи тәжірибесіне, мекен еткен табиғи ортасына сай қалыптаспақ. Мәселен, көшпелі тұрмыс салтымен біте қайнасқан қазақ дүниетанымында табиғат құбылыстарына, төрт түлікке, жыл мезгілдеріне қатысты бай ұғымдар жүйесі орын алған. Сөз мағыналарында, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде әлемді тұтас қабылдаудың өзіндік философиясы сақталған.

2. Мәдени концепт: адамның ойлау мәнерін, қарым-қатынас ерекшелігін және қоғамдағы өнегелік қалыптарын айшықтайтын құрылым. Мысалы, қазақ болмысындағы «қонақжайлық» концептісі жай ғана дәм ұсыну дәстүрімен шектелмей, бауырмалдық, кісілік, азаматтық сыйластық сынды терең адамгершілік мұраттарды білдіреді. Тіл арқылы ғасырлар бойы сақталған мәдени кодтар өзге тілдерге дәлме-дәл аударыла бермейтін күрделі рухани-тарихи құбылыстарды бейнелейді.

3. Ұлттық тілдік тұлға: белгілі бір мәдени кеңістікке тән, ана тілін жетік меңгерген әрі сөйлесім барысында ұлттық құндылықтарға сүйенетін білім алушы бейнесі. Тілдік, мәдени, әлеуметтік және психологиялық қасиеттерді бойына сіңірген тұлға халықтың рухани болмысын айшықтайды.

Ұлттық тілдік тұлға мәселесі Алма Қыраубаева ұсынған «Қазақы құбылыс» феноменімен табиғи сабақтасады. Тұжырымдама шәкіртті ата-баба мұрасын сақтаушы әрі болашаққа жеткізуші ретінде бағалайды. Мектеп қабырғасында тәрбиеленген тұлға халықтың этномәдени, психологиялық болмысын терең сезініп өседі. Сауатты сөйлесім мәдениеті мен тілдік

нормаларды еркін меңгеру нақты жағдаяттарда ұтымды сөйлей білуге жол ашпақ. Педагог тілдік тұлғаны жалаң грамматиканы игеруші ретінде емес, жан-жақты қабілет иесі деп сипаттайды. Ұлттық қасиеттерді бойына сіңірген азамат рухани мұраны келер ұрпаққа жеткізетін мәдениет өкілі санатында. Оқушының бойындағы лингвистикалық және рухани әлеует ұлттың дара болмысын танытуға қызмет етеді.

Ұлттық тілдік тұлғаның басты сипаттары:

1. Тілдік біліктілік: тіл құрылымының барлық сатыларын (фонетика, лексика, грамматика) сауатты әрі мақсатты қолдану шеберлігі.

2. Мәдени сауаттылық: сөз қолданыста салт-дәстүр мен ұлттық танымды ескеру, ақпаратты рухани өлшемдерге сай қабылдау.

3. Әлеуметтік бейімділік: қоғамдық қатынастарда әдеп нормаларын, ізеттілік қағидаларын сақтай отырып сөйлесу қабілеті.

4. Танымдық (когнитивтік) қыр: ұлттық дүниетанымға сай қалыптасқан ұғымдар мен философиялық категориялар арқылы ой түю.

5. Қатысымдық дағды: ұлттық шешендік мәдениет пен рухани құндылықтарды қарым-қатынас үдерісінде орынды пайдалану.

Аталған лингвомәдени өлшемдер А.Қыраубаеваның «Тіл, бала, әлем» кешенді модулінің өзегін құрайды [53]. Мазмұндық бағдар тіл құрылымы мен мағынасын терең игерту арқылы шәкірттің тілдік санасын орнықтыруға бағытталған. Лингвистикалық категориялар мен ұғымдарды кейіпкер дәрежесінде көрсету арқылы лексика-морфологиялық заңдылықтарды бейнелі меңгерту тәсілі жүзеге асады. Заттың атын білдіретін Зат есім, сынын айқындайтын Сын есім, көлемін бағамдайтын Сан есім оқушы санасында жанды кейіпкер ретінде жанданады. Бұл тәсіл тілдік ұғымдарды жалаң жаттаудан арылтып, олардың қызметін көрнекі түрде ұғынуға жол салмақ. Есімдік, етістік, үстеу мен септік жалғаулары қимыл-қозғалыс үстіндегі нақты әрекеттер арқылы таныстырылып, сөйлемдегі міндеттері нақтылана түседі. Синтаксистік деңгейде бастауыш пен баяндауыш негізгі рөлдегі кейіпкерлер кейпінде қарастырылып, сөйлем құрылысын жүйелі меңгеруге жағдай жасайды.

Зерттеуші ұсынған әдістемелік амал когнитивтік лингвистиканың талаптарымен үндесе отырып, тілдік бірліктерді бейнелі сипатта қабылдауға жол салады. Тіл бірліктерін көркем метафора арқылы ұсыну семиотикалық тұрғыдан таңбалық құрылымды игеруді жеңілдетіп, оқушының пәнге деген ықыласын арттырады. Шәкірттерді ізденіске жетелейтін озық дидактикалық жүйе қазақ тілін кешенді меңгертудің ұтымды тетігі саналады.

Бірлескен ғылыми зерттеуімізде көптілді білім беру ортасында қазақ тілін цифрлық технологиялар негізінде оқытудың әлеуметтік-педагогикалық және де нейролингвистикалық аспектілері қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар, ойын технологиялары, жасанды интеллектке негізделген оқыту моделдері оқушылардың тілдік қарым-қатынасын, оқуға деген қызығушылығын дамытуға ықпал ететіні анықталды. Сондай-ақ, интеграциялық оқыту мазмұны мен педагогикалық әдістерді кіріктіре қолдану қазақ тілін оқыту тиімділігін арттырудың маңызды шарты ретінде негізделді [54].

Алма Қыраубаева оқу-әдістемелік еңбектері мен сұхбаттарында интеграциялық оқыту шығармашыл тұлға тәрбиелеудегі жетекші қызметін дәйекті түрде көтерген. Ғылым салаларының өзара байланысы оқушының танымдық әлеуетін ашып, білім мен өмірлік тәжірибені ұтымды үйлестіруге жетелейді. Ұстанымның дидактикалық мәні шетелдік ғылыми тұжырымдармен де сабақтасып жатыр. Жан Пиаже когнитивтік даму теориясында бұрынғы тәжірибе мен жаңа ұғымдардың тоғысуы шығармашылық ойлауға жол ашатынын негіздесе, Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік орта мен пәнаралық ықпалдастықты алға тартады. В.В.Давыдов оқу әрекетін мазмұндық тұрғыдан интеграциялау баланың ізденімпаздығын арттырып, дербес пайым жасау деңгейіне жеткізетінін дәлелдеген. Ғалымдар ізденісінде шығармашылық тек білім алу барысында ғана емес, адамның өмірлік бағдарындағы шешуші фактор ретінде қарастырылады.

Тұлғаның өсу динамикасын түсіндіруде өзге де іргелі теориялардың маңызы зор. Г.Гарднер «Көптік интеллект» тұжырымдамасында адам қабілетінің сан қырлылығын дәлелдеп, кіріктірілген оқытуды дарын бастауларын кешенді ашудың тетігі деп бағалайды. М.Бахтин тұлғаның толыққанды дамуы әр түрлі білім салалары мен мәдениеттер диалогы арқылы жүзеге асатынын дәйектеген [55]. Француз зерттеушісі әрі психоаналитигі Ф.Дальто білімді кіріктіре ұсыну баланың психоэмоционалдық үйлесіміне оң ықпал етіп, ішкі шығармашылық қуаты мен тілдік қабілетін еркін өрістетуге жағдай жасайтынын көрсетті [56]. Шетелдік және отандық көзқарастардың ортақ түйіні профессор мұрасын пәнаралық негізде игеру оқушылардың танымдық белсенділігі мен мәдениетаралық сұхбат құру мәдениетін қалыптастыратын күрделі үдеріс екенін айғақтайды.

Ұлттық болмысты, тілдік және рухани қазынаны келер буынға дарыту мақсатында педагог ұсынған «Қазақы құбылыс» тұжырымдамасы кешенді әдістемелік сипатқа ие. Тілдік тұлғаны жетілдіру ұлт мәдениетіне арқа сүйеп, төл сана мен дүниетанымды жаңғырту арқылы жүзеге асырылмақ. Тілдің барлық деңгейлері (лексика, синтаксис, фразеология) салт-дәстүрмен, тұрмыс қалпымен және әлеуметтік жағдаяттармен тоғыстырыла оқытылады. Оқушының тілдік және мәдени құзыретін ұштау арқылы ұлт құндылығын әлемге паш ететін өкіл қалыптастыру бастапқы нысана саналады. Мәселен, өнерімен жаһанды тәнті еткен Димаш Құдайбергеннің болмысы ұлттық тәрбие мен төл қазынадан нәр алған кемел адамның жарқын көрінісі іспетті. Тәлім-тәрбие жемісі Алма Қыраубаева көтерген идеялардың өміршеңдігін әрі тіл мен мәдениет үндестігінің өлшеусіз мәнін толық дәлелдей түспек.

Ғалым еңбектерінде оқушының ішкі психологиялық дамуын қолдау, эмоционалдық көмек көрсету және сабақта қауіпсіз психологиялық ахуал орнықтыру мәселелері терең талданған. Ғалымның авторлық «Сенім» бағдарламасының негізгі өзегі шәкіртті «жасытпай оқыту, кембағалдықтан құтқару» мұратына тіреледі. Мұғалімнің шәкірт мінезіне үңілмей, бабын таппауын жай ғана сабақ беруші деңгейінде қалу деп бағалаған педагог талаптары дидактикадағы адами қарым-қатынастың орнын айшықтай түседі.

Сабақ барысында ұстаз құрғақ ақпарат таратушы шеңберінен шығып, әр баланың эмоционалдық және танымдық қажеттіліктеріне сай қолайлы орта жасауға міндетті. Оқушылардың дербес психологиялық қырларын ескермеу тұлғалық өсуге тікелей тұсау болмақ. Мысалы, интроверт оқушы жаңа білімді терең ойланып, дербес зерделеу арқылы игерсе, экстраверт қатарластарымен қарым-қатынас орнатып, талқылау үстінде нәтижеге жетеді. Оқу процесінде ұстаз шәкірттің танымдық стилін, оқуға деген ынтасын және көңіл-күйін терең бағамдауы қажет. Сабақта эмпатия таныту, психологиялық жайлылық қалыптастыру бірінші кезекке шығады.

Баланың өзін-өзі тануы мен сенімділігін бекітуге құрылған әдістер оқу-тәрбие кеңістігінің негізгі тетігі саналады. Мұғалім ынталандырудың алуан амалдарын шебер пайдалана отырып, ішкі танымдық қызығушылықты оятуға, көпдеңгейлі кері байланыс орнатуға күш салады. Сабақ үстінде рефлексия жүргізу мен жағымды эмоционалдық орта құру жеке тұлғаның еркін қалыптасуына тиек. Дәстүрлі білім берудегі біржақты бағытты өзгертіп, субъект-субъектілік қарым-қатынасты орнықтыру оқушыны енжар тыңдаушыдан белсенді ізденуші дәрежесіне көтереді. Өзара тең сұхбаттасу мен сенім атмосферасы шәкірттің танымдық әрекетін жандандырып, кешенді дамуына өріс ашады. Сабақта психологиялық заңдылықтарды елемеу білім сапасын төмендетіп қана қоймай, жас ұрпақтың тұлғалық мүмкіндіктерін шектейтіні сөзсіз.

Оқушылардың тілдік әлеуетін қалыптастыру мәселесі біздің ғылыми зерттеуімізде де қарастырылған. Бірлескен авторлық «Search and experience of forming the language potential of schoolchildren» атты мақалада мектеп оқушыларының тілдік тұлғасын дамытуға ықпал ететін теориялық және де практикалық алғышарттары жүйеленді. Зерттеу барысында ұлттық-мәдени құндылықтар, мәтіндер мен шығармашылық тапсырмалар оқу барысында ұтымды қолданудың мүмкіндіктері айқындалып, шәкірттердің сыни ойы мен шығармашылығын, өзінің ойын тілдік тұрғыдан еркін жеткізу қабілетін дамытуға маңызы негізделді. Зерттеу нәтижелері тілдік және де мәдени мазмұнды өзара сабақтастықта оқытудың оқушының тілдік әлеуетін қалыптастырудағы тиімділігін көрсетеді [57]

Адам жанының құпияларын ашатын психология ілімі педагог үшін таптырмас көмекші құрал. Баланың ішкі дүниесіне бойлап, көңіл күйін дер кезінде аңғару оқыту үдерісін жаңа деңгейге көтермек. Мұғалімге көмек ретінде ұсынылған «Көз-айна» тәсілі оқушының жанарына қарау арқылы сол сәттегі психологиялық дайындығы мен сезім күйін анықтауға бағытталған. Педагогикалық психологияда эмоционалдық диагностика ретінде сипатталатын тәсіл шәкірттің сезімталдық интеллектін жетілдіруге септігін тигізеді.

«Таңдандыру сәттері» оқушының танымдық ынтасын оятып, құндылықтық-мотивациялық өрісін күшейтетін психологиялық серпіліс көзі. Ұстаз осындай әдістемелік амалдар арқылы оқушының зерттеушілік әлеуетін ұштайды. Тәжірибедегі «Сенім-күш» бағыты шәкірт бойындағы күдік пен қорқынышты сейілтіп, психологиялық төзімділік пен өзін-өзі басқару қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушының жұмысына мазмұнды баға беріп,

қабілетінің күшті тұстарын көрсету стресске қарсы тұрақтылықты арттырып, сабақта қауіпсіз психологиялық жағдай туғызады [58]. Профессор Алма Қыраубаева негіздеген тұлғалық қасиеттер мен заманауи психологиялық өлшемдердің өзара үндестігі 3-кестеде сараланған.

Кесте 3 – А.Қыраубаева көздеген тұлға қасиеттері мен заманауи психологиялық көрсеткіштердің салыстырмалы талдауы

А.Қыраубаеваның оқушы бойында тәрбиелейтін қасиеттері	Бүгінгі психологиялық түсініктер (IQ, EQ)
Білімді, парасатты, ойлы	IQ – ақыл-ой деңгейі, когнитивтік қабілеттер
Өмірге икемді, іскер	AQ – бейімделу, өмірлік дағдылар
Мәдениетті, кішіпейіл	CQ – мәдениетаралық құзырет
Адамдарды сүйетін, құрметтейтін, кісілікті тұлға	EQ – эмоцияларды түсіну және басқару
Рухани деңгейі жоғары, ұлтжанды	SQ – рухани интеллект
Білімге құштарлық, жауапкершілік, өзін-өзі тәрбиелеу	PQ – педагогикалық-тәлімдік құзыреттілік

Ғалым Алма Қыраубаева оқушының тұлғалық қасиеттері мен заманауи психологиялық өлшемдердің арасындағы үйлесімділікті аша отырып, қазіргі даму талаптарына сай басымдық берілетін қабілеттер жүйесін айқындайды. Ұсынылған әдістемелік тұғырда баланың психологиялық жетілуі, эмоциялық ахуалы мен оқуға деген ішкі уәжі басты назарда. Педагог үшін психологиялық қағидаттарды күнделікті тәжірибемен сабақтастыру кәсіби шеберліктің өлшемі іспетті. Мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы терең психологиялық талдауға сүйенуі тиіс. Баланың психикалық өсу ерекшеліктерін ескере отырып, даму бағыттарын жүйелі жоспарлау оқыту үдерісінің басты шарты саналады. Кәсіби рефлексия, психологиялық диагностика жасау, оқушының ортаға бейімделу мүмкіндіктерін бағамдау ұстаз қызметінің ажырамас бөлігі.

Когнитивтік даму, эмоционалды интеллект, тұлғалық кемелдену мен мінез-құлық стратегияларына қатысты өзекті сауалдар туындаған сәтте дер кезінде психологиялық қолдау көрсету шешуші мәнге ие. Бала өзінің ішкі «Мен» тұжырымдамасынан айырылмай, шынайы болмысы мен дербес сәйкестігін сақтай отырып өсуі шарт. Оқушының эго-сәйкестігі ішкі жан дүние мен сыртқы ортаның тепе-теңдігін танытады. Тепе-теңдікті нығайту мұғалімнің сезімтал қолдауына тікелей байланысты. Ұстаз қызметі тек пәндік білімді игертумен шектелмей, баланың эмоционалды тұрақтылығын арттыруға бағытталған рухани қамқорлықты қамтиды. Оқушылардың психоэмоционалдық беріктігін шыңдау және жас ерекшеліктерін ескеру мақсатында педагог келесі жүйелі қадамдарды басшылыққа алады:

1. Психологиялық диагностика: оқушылардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік даму көрсеткіштерін үнемі зерделеп, олардың әлеуеті мен қолдауды қажет ететін тұстарын нақтылау. Нәтижеде әр оқушыға бейімделген жеке білім беру бағдарын құру жеңілдей түспек.

2. Эмоциялық интеллектті дамыту: сабақ үдерісінде сезім күйін тану, басқару және түсіну дағдыларын қалыптастыратын жаттығуларды енгізу. Интерактивті әдістер, танымдық ойындар мен проблемалық жағдаяттарды талдау бұл бағытта жоғары нәтиже береді.

3. Субъект-субъектілік серіктестік: оқушының көзқарасы мен сезіміне құрметпен қарап, сыныпта сенім атмосферасын қалыптастыру. Шәкірт пікірін байыппен тыңдап, ынтасын дер кезінде демеу аса қажет.

4. Рефлексия мен кері байланыс: оқушыны өз әрекеті мен сезімдеріне өзіндік баға беруге, рефлексия жасауға баулу. Өзін-өзі шынайы бағалай білу психологиялық кемелденуге бастайтын төте жол.

5. Күйзелісті басқару (стресс-менеджмент): психоэмоционалдық салмақты жеңілдету тәсілдерін меңгерту. Сабақ үстінде жүргізілетін қысқа тыныс алу жаттығулары мен зейін шоғырландыру сәттері шаршауды басып, оқуға деген ықыласты оятады.

6. Жағымды білім беру кеңістігі: сыныпта қауіпсіз, достық психологиялық ахуал орнату. Қолайлы микроклимат шәкірттердің ұжымда еркін пікір алысып, жаңа бастамаларға батыл қадам жасауына дем береді.

7. Жеке «Мен» концепциясын бекіту: баланың жеке жетістігін көре білу, шынайы қолдау көрсету арқылы өзіне деген сенімін нығайту. Тұлғаның өзіндік құндылығын сезінуі жалпы психологиялық саулықтың кепілі.

Аталған қағидалар Алма Қыраубаеваның ұстаздарға арнаған «Жиырма тоқтам» мен «Мұғалімнің бір күні» еңбектерінде, оқушы жетістігін бағалау жазбаларында толық көрініс тапқан. «Сенім» авторлық бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін мектептің мақсат-мұраты келесі қағидаттарды көздейді:

- Баланы жасытпай оқыту, бұйығылықтан құтқару, сенімсіздік кедергілерін жою;
- Адамның ішкі еркіндігі мен әлеуметтік ортаға бейімділігін қатар өрістету;
- Мектеп ішіндегі әміршілдік пен өктемдікке жол бермейтін ізгілікті орта құру;
- Жан дүние тәрбиесі;
- Баланың өзіндік «Мен» бейнесін айқындауына жол сілтеу;
- Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- Кісілік пен парасаттылыққа баулу;
- Жан-жақты кемелденуге жетелеу;
- Салауатты өмір салтын орнықтыру;
- Имандылыққа тәрбиелеу;
- Дене мәдениетін жан тәрбиесімен ажырамас бірлікте дамыту.

Педагогикалық шеберліктің өзегі саналатын «Жиырма тоқтам» ережелерінің тағылымы зор:

1. Кісі екеніне күмәнмен қараған баладан кісі шықпайды.

2. Оқушының кемшілігін көргіш болсаң, ықыласын өлтіресің, үнемі жеңісін изде.

3. Баланың тағдырына ой көзімен қара. Сабаққа келмесе де, пәнге қызықпаса да, еркелік танытса да себебіне үңіл. Себебін алдымен өзіңненізде, мұғалім.

4. Мұғалімнің тек өз сабағын білуі жеткіліксіз. Баланың жан дүниесін түсінбейтін маман жай ғана сабақ беруші қатарында қалады.

5. Әр бала мүмкіндігінің деңгейіне қарамастан, өзінше бір табиғи ғажайып құбылыс.

6. Мұғалімнің мақсаты пәнді үйретуден әлдеқайда терең, өйткені ол адамды қалыптастырушы тұлға.

7. Сабақ: мұғалім мен шәкірт арасындағы ізгілікті қарым-қатынас кеңістігі.

8. Сабақтың басты мақсаты: баланың өзгеге ұқсамайтын дара қасиеттерін аша білу.

9. Баланың талабын ұштап, қолынан іс келетініне берік сенім ұялату парыз.

10. Балаға сыйлы болудың жолы: алдымен баланы жеке тұлға ретінде сыйлау.

Алма Қыраубаева ұсынған тұжырымдаманың «Сенім» деп аталуы терең философиялық мәнге ие. «Баланың «Мен»-ін сыйлау» идеясы оқушыларды тең құқылы тұлға ретінде қабылдауға құрылған: «Баланың өзін-өзі тани білуіне көмектесу және ішкі «Мен»-іне құрметпен қарау қажет. Шәкіртпен қарым-қатынастағы сыйластық сөздер: мырза, бикеш. Мәселен: Айдар мырза, Ләйла бикеш. Ұстаздарға: бике, бибі, мырза. Мәселен: Болат мырза, Алма бибі, Сәуле бикеш» [59]. Тәжірибелік ұстаным ғалым Р.Бернстің пікірімен үндеседі: «Реальное поведение индивида выстраивается в соответствии с его Я-концепцией. Человек пытается интерпретировать события, исходя из существующей у него Я-концепции для того, чтобы обеспечить соответствие чувств и поведения» [60].

Жасөспірімнің ішкі жан дүниесіндегі күдік, қарсылық пен сенімсіздік көбіне білімді бағалау кезеңінде ұлғаятыны белгілі. Дәстүрлі мектептерде оқушыларды «екілік алғыштар», «үштікке сүйретілгендер», «озаттар» деп бөлу бала жүрегінде қорлану, реніш пен үрей туғызатынын педагог ашық жазды. Дәстүрлі баға қою әдісі оқушының талпынысын қолдаудың орнына жағымпаздыққа, алдау мен амалдауға үйретететін кері құралға айналып кетуі мүмкін. Шешім ретінде Қазақстан мектептерінің тарихында алғаш рет рейтингтік бағалау жүйесі енгізілді. Жаңа амалдың мәнін ғалым былай тарқатады: «Баға: бағалаушының көңілінде, ал балл жинау мен еңбектену: баланың өз қолында. Шамасы жеткенше тер төгіп, балл жинасын. Қаншалықты адал еңбек етсең, соншалықты көрсеткіш те артады. Еліміз нарықтық қатынастарға көшкен шақта бұл тәсіл өмірлік жауапкершілікке үйретететін таптырмас мектеп. Мысалы:

1. Сабаққа кешікпей келгені үшін оқушы 4 балл алады. Кешіккен жағдайда ұрыс-керіссіз 4 балдың орнына журналға «К» белгісі қойылады;

2. Үстел үстіне қажетті құрал-жабдықтарды түгел дайындап қойса: 1 балл;

3. Үй тапсырмасын толық орындаса: 2 балл, жартылай болса: 1 балл, орындалмаған жағдайда балл қойылмайды;

4. Сабақ айтқанда жауаптың мазмұнына қарай: 5, 4, 3, 2 немесе 1 балл қосылады;

5. Өз бетінше ізденіп, қосымша әдебиет оқып, конспект жасаса немесе тақырып мазмұнына сай сурет салып, қосымша есептер мен өлеңдер жаттап келсе: 1 балдан 5 балға дейін көтермелеу қарастырылады» [61].

Ұсынылған рейтингтік өлшем мұғалімнің шәкірт жанын жараламай, еңбегін әділ әрі ынталандыра бағалауына жол салады. Жүйе оқушының дербес ізденісіне серпін беріп, өзіндік жауапкершілігі мен танымдық қызығушылығын жаңа сапалық деңгейге көтеруге қызмет етеді.

Ғалым Алма Мүтәліпқызының педагогикалық мұрасында тұлғаға бағдарланған оқыту мен оқушының дербестішгін қолдау және де оның еңбегін бағалау идеялары қазіргі қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды меңгертудің әдістемелік мүмкіндіктерін қарастыруға негіз болады. Ғалымның «Сенім» бағдарламасында қолданылған рейтингтік бағалау жүйесінде оқушының сабаққа қатысуы, даярлығы, тапсырманы орындауы, өзіндік жұмысы, ынтасы және сабақтағы жауабы ескеріледі. Бұл көрсеткіштер оқушының оқу үдерісіндегі белсенділігі мен еңбегін бағалауға бағытталған. 10 сыныптағы «Ұлттық құндылықтар – ұл қазынасы» тақырыбы негізінде «Ұлттық құндылықтар қазіргі жастар үшін қаншалықты маңызды?» деген сұрақ бойынша эссе жазу. Бұл тақырып бойынша жазылған эссе қалай бағаланады?

«Сенім» бағдарламасы бойынша оқушы еңбегін бағалауда мынандай көрсеткіштер аталады: сабаққа қатысуға даярлығы, тапсырманы орындауы, өзіндік жұмысы, ынтасы, сабақтағы жауабы. Бұл жүйеде оқушының қабілеті мен қатар, оның еңбектенуі мен алға ұмтылуына басымдылық беріледі. Қазіргі критериалды бағалау бойынша оқушының жұмысы алдын ала белгіленген оқу мақсаты мен бағалау критерийлері негізінде бағаланады. Бұл оқу нәтижесін нақтылауға, оқушының жетістігі мен жетілдіруді қажет ететін тұстарды анықтауға мүмкіндік береді. Енді екі бағалау жүйесін салыстырсақ:

Алма Қыраубаеваның рейтингтік бағалауы бойынша:

Негізіг мақсат: еңбек, ынта, даярлық, дербестік;

Бағалау нысаны: оқу үдерісіндегі әрекет пен белсенділік;

Оқушыға ықпалы: іздену, талпыну, өзіне сену;

Ұлттық тәрбиеге қатысты: жауапкершілік пен тұлғалық дамуды қолдауға бейімдеуге болады;

Нәтижені анықтау: оқушының оқу барысындағы еңбегі ескеріледі.

Критериалды бағалау бойынша төмендегіше:

Негізіг мақсат: оқу мақсатына жету;

Бағалау нысаны: тапсырманың сапасы мен дескрипторға сәйкестігі

Оқушыға ықпалы: жетістігін түсіну, қатесін түзету;

Ұлттық тәрбиеге қатысты: ұлттық құндылықтарды түсіну мен дәлелдеу сапасын өлшеуге болады:

Нәтижені анықтау: белгіленген критерийлер бойынша жетістігі анықталады.

Екі тәсілді салыстыру рейтингтік бағалау оқушының оқу үдерісіндегі еңбегі мен ынтасын ескеруге, ал критериалды бағалау нақты оқу нәтижелерін өлшеуге бағдарланатынын көрсетеді. Осыған байланысты Алма Қыраубаеваның педагогикалық ұстанымдарын қазіргі критериалды бағалау талаптарымен сабақтастыра қолдану ұлттық мазмұндағы тапсырмаларды бағалауды толықтырудың әдістемелік жолы ретінде ұсынылады. Бұл тәсіл оқушының тілдік құзыреттілігін дамытумен қатар, ұлттық құндылықтарды түсінуін, өзіндік көзқарасын қалыптастыруын және жауапкершілігін қолдауға бағытталады. Профессор Алма Қыраубаева ұлттық құндылықтарды тұлғаның рухани болмысын, ұлттық санасы мен дүниетанымын қалыптастыратын негізгі фактор ретінде қарастырады. Ғалымның педагогикалық және ғылыми мұрасында тіл мен діл тұтастығы, туған жерге сүйіспеншілік, тарихи сана, адамгершілік пен рухани тазалық идеялары сабақтастықта көрініс тауып, қазақ тілін оқыту мазмұнын ұлттық құндылықтармен кіріктірудің маңызын айқындайды [62].

Педагог Алма Қыраубаева бастауыш, негізгі орта және жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай тәрбие бағдарын нақтылауға айрықша мән берген. Жоғары сынып кезеңі бастапқы әлеуметтенумен тұспа-тұс келетіндіктен, жасөспірімнің өзіндік даралығын сезінуі, келешегін жоспарлауы, саналы өмірлік таңдау жасап, кәсіби бағыттарға бейімделуі басты назарда. Э.Эриксонның әлеуметтік-мәдени детерминанталардың жеке адамның дамуына ықпалы хақындағы еңбегінде баяндалған «ұқсастық сезімі» мен «Мен» концептісін сәйкестендіру қағидалары оқу-тәрбие кеңістігінде басты тірекке айналған [63].

Тіл адамның танымдық әлемін айшықтайтын, санада өмір сүріп, үздіксіз жетілетін күрделі құрылым. Ғалым Н.Уәли сана мен тілдің өзара сабақтастығын зерделей келе, адам баласының барлық танымдық әрекеттері тілдік жүйе арқылы жүзеге асатынын әрі даму динамикасын айқындайтынын дәлелдейді [64].

Психолингвистикалық көзқарас тіл мен сана бірлігінің дүниенің танымдық бейнесін сомдаудағы шешуші рөлін көрсетеді. Тілдік кеңістік жай ғана қарым-қатынас тетігімен шектелмей, санадағы когнитивтік схемалар мен танымдық құрылымдар арқылы әлемді қабылдаудың негізгі реттеушісі. Адам бойындағы эмоциялық және зияткерлік үдерістер сөз арқылы өріс алып, санада ішкі бейнелерді қалыптастыруға жол ашпақ. Тілдік қазына ақпаратты таңбалау, жадта сақтау және қайта өңдеу тетігін реттеп, сананың танымдық өрісін кеңейтеді. Л.С.Выготский ұсынған ішкі сөйлесім концепциясы адамның ішкі рухани әлемінің сөзбен біте қайнасып қалыптасатынының айғағы.

Лингвистикалық детерминизм қағидатына сүйенсек, тілдің танымдық қызметі адамның болмысты қабылдау, сараптау және бейнелеу мәнеріне тікелей әсер етеді. Э.Сепир мен Б.Уорф негіздеген лингвистикалық салыстырмалылық болжамы бойынша әр тіл ақиқат дүниені қайталанбас қырынан танытып, дүниетанымдық тетіктерді қалыптастырады. Адам санасындағы тіл тек ақпарат сақтаушы қойма емес, білімді когнитивтік өңдеуден өткізетін ішкі жүйе. Сөз бірліктері, бейнелі метафоралар мен

таңбалар жеке тұлғаның эмоциялық интеллектін шыңдап, қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына тірек. Тіл мен сананың сабақтастығы танымдық және эмоциялық кемелденуді айқындайтын терең психологиялық құбылыс. Психология ғылымында ойлау үдерісі үш негізгі түрге жіктеледі: заттық-әрекеттік, сөздік-қисындық және көрнекі-бейнелі [65]. Тілдік амалдарды игеру барысында оқушының сөйлеу шеберлігімен қатар ой өрісі бірге дамиды. Ғалым ойластырған «Бейнелі қазақ тілі» бағыты заттар мен құбылыстарды салыстыра отырып, қимыл-қозғалыс үстінде визуалды елестетуге жетелейді. Көрнекілікке негізделген ізденіс сыни таным мен креативті ойлауды белсендіруге бағытталған. Образды ойлау кеңістігі балаға шығармашылық шабыт сыйлап, Р.Декарттың «Ойлана білемін, демек өмір сүремін» деген қағидатын терең түйсінуіне жол ашады.

Алма Қыраубаеваның педагогикалық-психологиялық тұғыры шәкірттің ішкі жан сарайы мен дара ерекшеліктерін зерделеуге құрылған. Тіл мен ойлау бірлігі оқушының дербес еркіндігін қалыптастырудың бастауы іспетті. Ұсынылған әдістемелік амалдар білім алушылардың танымдық дамуын сабақ барысында ұштауды көздейді. Зерттеуші баланың сезімталдық интеллектін жетілдіруге баса назар аударған. Эмоционалдық үндестікке құрылған «Көз-айна» тәсілі сабақ үстінде оқушының көңіл-күйін тап басып, ішкі ахуалын түсінуге жәрдемдеседі. Сезімталдық резонансы шәкірттің ішкі уәжін оятып, өз бетінше әрекет етуге деген талпынысын еселей түспек. Ұстаз бен шәкірттің серіктестігі баланың жан дүниесіне үңіле отырып, ішкі ресурстарын толық ашуға және шығармашылық қарымын кеңейтуге қызмет ететіні анық.

Шығармашылық ойлауды дамыту педагогикалық ізденістердің негізгі арқауы. Бейнелі пайымдау жаңа идеяларға жетелейтін қуат көзі болғандықтан, ғалым оқушының жеке дара ой-өрісін арттыратын арнайы тапсырмалар жүйесін тәжірибеге енгізген. Ойлау қызметі оқушылардың сана-сезімін кемелдендіруге тікелей ықпал етпек. Ұстаз шәкіртке дербес мақсат қоюды үйрете отырып, өмірге байыпты қарау дағдысын сіңіруге міндетті. Әр баланың тұлға ретінде қалыптасуының психологиялық тетіктерін зерделеу ғалым еңбектеріндегі түйінді ұстанымдар қатарында. Тіл мен ойлау үдерістерінің бірлігі Алма Қыраубаеваның дидактикалық жүйесіндегі психологиялық дамудың басты діңгегі. Педагог ұстанған қағидаттар білім алушының танымдық, эмоционалдық және жасампаздық әлеуетін ашып, сөз бен таным үйлесімін сабақтың ажырамас бөлігіне айналдырады. Жүйелі амалдар шәкірттің өз болмысын тануына және дара қабілетін жүзеге асыруына берік негіз.

Қорыта айтқанда, интеграциялық оқытудың педагогикалық-психологиялық аспектілері шығармашылық тұлға қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Алма Қыраубаеваның еңбектері де осы бағыттағы маңызды қадамдарды көрсете отырып, ұлттық құндылықтар мен тілдік білімді интеграциялау арқылы шығармашыл тұлға тәрбиелеудің тиімді жолдарын нақтылап берді. Бұл интеграциялық оқытудың шығармашылық тұлға қалыптастырудағы маңызын терең түсіндіреді яғни тіл мен мәдениет, когнитивті даму, және тұлғааралық қатынастардың интеграциясы арқылы шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтудің әдістемелік жаңашыл қадамы болып табылады.

2 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҒАЛЫМ АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ҚОСҚАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ

2.1 Профессор Алма Қыраубаеваның «Сенім» авторлық бағдарламасындағы интеграция мәселесі

Егемендіктің алғашқы кезеңінен басталған білім жүйесін төл мәдениет пен ұлттық мұраттарға сәйкес жаңғырту әрекеті ұлттық мектеп моделін қалыптастырудың іргетасын қалады. Профессор Алма Қыраубаева жасақтаған «Сенім» авторлық бағдарламасының концептуалды негіздерін, оның ішінде пәнаралық кіріктіру мәселесін дидактикалық және әдіснамалық тұрғыдан талдау өзекті міндеттер санатында. Авторлық бағдарлама білімді ұлттық мүддемен сабақтастыратын, ғылым салаларының табиғи байланысын қалпына келтіретін, жасөспірімді психологиялық жағынан жетілдіретін жаңашыл модель ретінде танылды. Тәжірибе жүзінде көрініс тапқан ұлттық бағдар тек құрғақ теориямен шектелмей, мектеп ісінде нақты дидактикалық кешенге ұласты. Оқу-тәрбие үдерісі білім алушының шығармашылық, зияткерлік және рухани әлеуетін кешенді дамытуға арналған қағидаттарға сүйенеді. Ұлттық білім ошағының құрылымдық сипаты мен түйінді ұстанымдары жүйелі түрде айшықталады.

Оқыту үдерісін ұйымдастырудың негізгі қырлары:

- Пәнаралық байланыс: қазақ тілі мен әдебиетін, тарихты, мәдениеттануды, бейнелеу өнері мен музыканы ортақ арнаға тоғыстырып, білім сабақтастығын бекіту;
- Мәдениеттанымдық бағдар: шәкірттерді ұлттық және әлемдік өркениет кеңістігіне баулып, мәдени сәйкестігін шыңдау;
- Шығармашылық сипат: оқушылардың жеке көзқарасын еркін жеткізуіне және креативті ой-қиялын өрістетуіне жол ашу;
- Тұлғаға бағдарлану: жасөспірімнің ішкі «Мен» концепциясын орнықтырып, өзін-өзі тануына тірек болу.

Мектеп қызметінің негізгі ұстанымдары:

1. Тұлғалық кемелденуді көздейтін психологиялық жайлы әрі еркін орта құру;
2. Өзін-өзі жетілдіруге жетелейтін сенім ұялатып, ішкі кедергілерді жою;
3. Музыкалық және көркемдік-эстетикалық талғамды басты орынға қою;
4. Табиғатпен үндестік орнатып, экологиялық танымды арттыру;
5. Рейтингтік өлшемдер арқылы оқушы еңбегін әділ бағалау.

Елімізде бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы (2024 жылғы 30 шілде) алты іргелі құндылыққа арқа сүйейді: тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық. Профессор Алма Қыраубаева отансүйгіштік, еңбекке құштарлық және жасампаздық қасиеттерін ана тілі, фольклорлық мұра және рухани код арқылы шәкірт жанына дарытудың әдіснамасын өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында-ақ ғылыми тұрғыда тиянақтаған болатын.

Педагогикалық құрылымда шәкірт жай білім алушы санатында қалмай, ұрпақ сабақтастығын бекітуші әрі келешек қоғамды жасаушы тұлға деңгейінде бағаланады. Мұғалім пәнді түсіндіруші ғана емес, ұлттық болмыстың жетекшісі, адамгершілік бағдарларын сіңіруге жол көрсететін тәлімгер қызметін атқарады. Оқу материалы құрғақ ақпарат көзі шеңберінен шығып, адамгершілік қағидаларды тарататын рухани кеңістікке айналмақ. Тәжірибеге енгізілген модульдік оқыту мен парадигмалық ұстанымдар «Құндылықтар жүйесі» негізінде келесідей мазмұндық сипат алады:

– Құндылықтық тұтастық: әрбір пәннің мазмұнын төл дүниетаныммен сабақтастырып, ортақ жүйеге келтіру (тіл, әдебиет, тарих, фольклор тоғысы);

– Модульдік құрылым: оқу тақырыптарын белгілі бір қасиет пен ұғым төңірегінде топтастыру («Адалдық», «Жауапкершілік», «Отансүйгіштік» модульдері);

– Дүниетанымдық бағдар: білім беру мазмұнына «Әлемтану», «Елтану» курстарын енгізу арқылы оқу кеңістігін жаңғырту;


– Парадигмалық мән: «Кісілік: Ұлттық гуманизм» ұстанымын тәлім-тәрбиенің басты діңгегі ету;

– Дәстүр мен ғылым үндестігі: батыс педагогикасындағы прагматикалық, танымдық-технологиялық үрдістерді ұлттық тәлімдегі эмоциялық-рухани, мәдени бастаулармен толықтыру;

– Этномәдени басымдық: тәрбие өзегіне абстрактілі қағидаларды емес, ұлттық болмыс пен халықтық тәлімді қою;

– Пәнаралық және мәтінаралық байланыс: рухани-өркениеттік деңгейдегі кешенді интеграцияны жүзеге асыру.

«Сенім» бағдарламасының мазмұндық әлеуеті мен ғылыми құндылығы жаңашыл білім парадигмасын қалыптастыруға қосқан үлесімен өлшенеді. Ғалым жасақтаған ұлттық мектеп тұжырымдамасы дәстүрлі сабақ шеңберінен шығып, халқымыздың рухани қазынасын оқушы санасына терең дарытуды көздейді [66]. Тұжырымдама шеңберіндегі оқыту процесі жалаң ақпарат берумен шектелмей, ұлттық салт-дәстүрді ардақтайтын, елдік сананы сақтап, дамытатын кемел ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған. Осы негізде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филология хабаршысы журналына «А.Қыраубаеваның оқыту технологиясындағы ежелгі дәуір әдебиеті мен ұлттық тәрбиенің интеграциясы» тақырыбында шыққан мақалада «Сенім» бағдарламасы негізінде ежелгі дәуір әдебиеті мен тәрбие интеграциясының принциптері берілген болатын, яғни 6-суретте Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту үлгісі берілген [67].



Сурет 6 – А. Қыраубаеваның оқыту технологиясының үлгісі

Ұсынылып отырған құрылымдық-компоненттік үлгі профессор А.Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасының дидактикалық әлеуетін толық ашады. Сайып келгенде, бұл интеграциялық үлгі тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесіндегі заманауи трендтермен үндесіп, ұлттық кодты сақтаған, сыни тұрғыдан ойлай алатын және бәсекеге қабілетті сапалы адами капиталды – нағыз «Адал адамды» тәрбилеп шығарудың басты әдіснамалық тетігі болып табылады.

Алма Қыраубаеваның «Сенім» авторлық бағдарламасындағы интеграциялық үдерістердің маңызды құрамдас бөлігі ретінде «Құндылықтар жинағы» модулінің негізгі бағыттары мен ерекшеліктері бағдарлама аясында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың біртұтастығын айқындайды. Олар:

1. Құндылықтардың үйлесімділігі: оқу бағдарламасы оқушылардың өз мәдениеті мен дәстүрлерін меңгеру арқылы ұлттық құндылықтармен үндестігін қамтамасыз етеді. Бұл бағытта, әр пән бойынша әртүрлі құндылықтар интеграцияланады: мәдени, этикалық, әлеуметтік, моральдық және білімдік құндылықтар.

2. Пәнаралық синтез: оқушыларға әр түрлі пәндерді (қазақ әдебиеті, тарих, музыка, тіл, философия және т.б.) біртұтас жүйе ретінде оқыту ұсынылады. Мысалы, қазақ әдебиеті мен тарихы, сондай-ақ қазақ мәдениетінің элементтерін біріктіріп, оқушыларға ұлттық сана мен дүниетанымды қалыптастыруға мүмкіндік беріледі.

3. Модульдік құрылым: «Құндылықтық синтез» негізіндегі модульдік оқыту – білім беру процесінде әрбір модульдің өзара байланысын орнатуға мүмкіндік береді. Әр модуль оқушыларға белгілі бір құндылықтың тұрғысынан білім береді, оларды оқу мазмұны мен өмірдің нақты жағдайларына бағыттайды. Модульдер оқу жүйесінің әртүрлі аспектілерін қамтиды: шығармашылық дамыту, әлеуметтік жауапкершілік, адамгершілік құндылықтар және танымдық қабілеттерді арттыру.

4. Әлеуметтік және тұлғалық даму: бұл оқыту жүйесі оқушыларды тек интеллектуалды ғана емес, тұлғалық тұрғыда да дамытуға бағытталған. Олар өз өміріндегі әлеуметтік және мәдени құндылықтарды терең түсініп, оларды іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады.

5. Жаңашылдық және инновация: «Құндылықтар жинағы» негізіндегі модульдік оқыту әлемдік педагогикалық ағартушылық көзқарасымен үйлеседі, алайда оның басты ерекшелігі ұлттық болмыстың, құндылықтардың және дүниетанымның оқу процесіне енгізілуі болып табылады. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, білім беру жүйесі ұлттық құндылықтармен байытылады, бұл оқушылардың ішкі рухани дамуына ықпал етеді.

Ұлттық мектеп моделін жасаудағы мақсат – әрбір оқушының тұлғалық дамуымен қатар оның ұлттық ерекшеліктері мен дүниетанымын қалыптастыру. Оқушыларға тек ақпарат емес, қоғамға деген жауапкершілік пен ұлттық болмысқа деген құрметті сезіндіру маңызды болып табылады. Бұл мәселе Наурызбай Жұмағалидың «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» еңбегінде жан-жақты айтылып, сол кезеңдегі ахуал талдана қарастырылған. Оқу-ағарту мен мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарына оралу мәселесіне терең тоқталған [68].

Бұл жүйе тек Қазақстанның білім беру моделіне ғана емес, жалпы әлемдік педагогикалық білім жүйесіндегі жаңашыл бағыт болып табылады. Ұлттық мектеп моделін енгізу барысында әлемдік тәжірибелер мен ұлттық ерекшеліктердің үйлесімділігі, сондай-ақ, білімнің заманауи талаптарына жауап беретін жаңа парадигмаларды қалыптастыру мақсат тұтылады.

Әлемдік педагогикалық практикалар көбінесе жалпыадамзаттық құндылықтар мен халықаралық білім стандарттарына бағытталған болса, Қыраубаеваның ұсынысындағы «Құндылықтар жинағы» ұлттық және әлемдік құндылықтарды бірдей есепке алады. Бұл модель оқушының тек сыртқы әлемге бейімделуін ғана емес, сонымен қатар оның ұлттық болмысын сақтап қалу қажеттілігін алға тартады. Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесі ұлттық мектептің басты мақсатына – оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға, ұлттық санасын дамытуға бағытталған. Бұл формат оқушының білімін тереңдетіп қана қоймай, оны өмірлік құндылықтармен байланыстырады. Құндылықтық синтез тұжырымдамасы оқушыға сабақтарда ғана емес, сонымен қатар өмірде де маңызды болып табылатын моральдық, әлеуметтік, және мәдени құндылықтарды игеруге көмектеседі. Осылайша, «Құндылықтар жинағы» негізіндегі модульдік оқыту – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, білімді және тәрбиені сабақтастыратын, оқушылардың бүкіл өмірін қамтитын және олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін білім беру форматын 4-кестеде анықталды.

Кесте 4 – «Құндылықтар жинағы» моделінің әлемдік ағартушылық модельдерден ерекшелігі

Салыстырмалы қырлар	Батыс моделдері	Қыраубаева моделі
Мақсат	Когнитивті дамытушы тұлға	Ұлттық дүниетанымда тамырланған рухани тұлға
Тәсіл	Технологиялық, жеке траектория	Интеграцияланған білім көзі, ұрпақтық жалғастық
Құндылық негіз	Универсализм, прагматизм	Ұлттық гуманизм, руханият
Уақыт түсінігі	Болашаққа бағдарланған	Өткен–қазіргі–болашақ жалғастығы
Таным тәсілі	Ғылыми-теориялық	Мәдени-философиялық, поэтикалық интерпретация

Алма Қыраубаеваның тұжырымдамасы – бұл жай ғана пәнді оқыту емес, *ұлтты оқыту* идеясы. Оның тұжырымдамасында ұлттық мектеп моделінің басты ерекшелігі – бұл тек пәндерді оқыту емес, ұлттың рухани болмысын, мәдениетін, дүниетанымын ұрпаққа жеткізу. Бұл модельдің негізінде келесідей принциптер жатыр:

– Оқытудың мақсаты - пәндерді оқыту емес, ұлттық болмысты, мәдениетті, дәстүрді таныту.

– Оқушы тек білім алушы ғана емес, ол ұрпақ жалғастырушы, ұлттың болашағын құрушы ретінде қарастырылады.

– Мұғалім тек пән мұғалімі емес, ол ұлттық болмысты, құндылықтарды жеткізуші көшбасшы рөлін атқарады.


– Оқыту тек оқу материалына негізделмейді, ол құндылықтарды, моральдық бағдарларды және ұлттық рухты таратуға бағытталған кеңістік ретінде қарастырылады.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл бағдарлама оқушының өзіндік әлеуетін толық ашуға бағытталған. Ғалымның еңбегін Л.С.Выготскийдің «Жақын арада даму аймағы» [69] теориясымен салыстыра талдау тиімді. Бұл мұғалім көмегімен меңгерілетін аумақ екендігі сөзсіз.

Кесте 5 – Л.С.Выготскийдің теориясы бойынша негізгі түсініктер

Сөйлеу тілін түсінудің мәні	Выготский теориясы бойынша
Жеке бөліктерге бөліп қарастыру	Оқушының өз бетімен қол жеткізе алмайтын оқу деңгейін ересек немесе ықпалды адамның көмегімен қамтамасыз етудегі рөлі туралы жазады. Мұндай оқудың әлеуметтік көлемі «Жақын арадағы даму аймағы» - ЖАДА ретінде анықталады
Негізгісін бөліп алу	Қолдау көрсетені адам «Рефлексифті агент» ретінде жұмыс жасайды. Оқушының әрекетіне жауап береді, дамуын қамтамасыз етеді. Оқудың дамуы барысында қолдау көрсетушінің түрі мен деңгейі өзгеріп отырады. Бағыттаушылық, түрткі болу, дамудың тиімділігін арттыру мақсаттарына жүреді, түрленіп отырады.
Жеке бөліктерден жалпы мағынаға көшу	Бұл үдеріс «көпіршелер туғызу» деп аталады. Бұл жетекшінің оқушыларды тапсырманы аяқтауға итермелеуі, қолдаудың үнемі ұлғайып, артуы

Ғалым Алма Қыраубаева: «Оқушы өзі даму жолын таңдап, орта қалыптастырады» деген болатын. Ол оқытуды оқушылардың қабілетіне қарай үш деңгейге бөледі (базалық, жоғары, өте жоғары бағдарлама). Бұл жүйе В.В.Давыдов пен Д.Б.Эльконинның дамыта оқыту технологиясына сәйкес келеді [70]. Ерекшелігі де айқын: Алма Қыраубаева тұжырымдамасында оқушының өзіне ситуацияны басқару, шешім қабылдау мүмкіндігі беріліп, түрлі тәсілдер арқылы өзінің даму ортасын өзі ұйымдастырып, белсенді әрекет арқылы жеке даму аймағын қалыптастырады. Л.С.Выготскийдің «Жақын арада даму аймағы» теориясынан Алма Қыраубаеваның «Оқушының даму өрісі» ерекшелігі оқушы өзі даму аймағын өзі құра алады, көмекті тыстан күтіп отырмайды, белсенді әрекет етеді. Қазіргі кезеңде жетілдіре түссе, онлайн және серіктестік кеңістіктерін пайдаланады.



Сурет 7 – А. Қыраубаеваның концепциясы бойынша оқушының даму өрісі

Сонымен қатар, бағдарламаның тәрбиелік аспектілері де қазақ халқының ұлттық педагогикасына негізделген. А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов сынды ағартушылардың еңбектерінде көтерілген тәрбие мен білімнің тұтастығы, оқу мен тәрбиенің өзара байланысы «Сенім» бағдарламасында толық жүзеге асырылған. Аталған бағдарлама бойынша интеграциялық оқытудың ұлттық үлгісі ретінде Қазақстандағы білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастырды. Оның негізінде оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, сенім мен еркіндікке негізделген білім беру ортасын құру және интеграцияланған пәнаралық оқытуды жүзеге асыру идеясы жатыр. Бұл тұжырымдама қазіргі білім беру жүйесі үшін де өзектілігін сақтап келеді.

Алма Қыраубаева ұсынған идея — заман талабынан туындаған тарихи және рухани қажеттілік болатын. Бұл жай ғана жеке авторлық бастама емес, қазақ ұлтының болашағына аландаған, ұлттық сананы қайта тірілтуге бағытталған гуманистік концепция. Оның ұлттық мектеп ашуға ұмтылуына елдегі қазақ мектептерінің жағдайы, ана тілінің құлдырауы, халықтың рухани дүниетанымынан алыстауы, мәдени мұралардан ажырауы басты себеп болды.

1958-1988 жылдар аралығында республика бойынша жабылған 3288 мектептің 1485-і қазақ тілді білім беру мекемелері болды. Бұл әсіресе Солтүстік өңірлерде қатты байқалды. Мысалы, Ақмола облысында 1958-1959 оқу жылында 371 қазақ мектебі болса, 1989-1990 жылдары олардың саны бар болғаны 91-ге қысқарған. Ал Қостанай, Қарағанды, Көкшетау облыстарында да қазақ мектептері мардымсыз деңгейде қалды. Мұндай жойқын үдеріс – тілдің, дәстүрдің, ділдің үзілуіне алып келді. Қала түгілі, ауылдағы қазақтың баласы да қазақ мектебін таба алмады. Орыс мектебі – беделдің, болашақтың, «жақсы өмірдің» кепілі саналып, қазақ мектебі – шектеулі мүмкіндіктің, төмен

деңгейдің символына айналды. Халықтың ұлттық болмысы мен ана тіліне деген сенімі үзіліп, мәңгүрттік сана белең алды.

Мектептегі білім мазмұны да ұлттық рухты оятуға емес, бөтен идеологияны қабылдауға қызмет етті. Қазақ әдебиетінің XVIII ғасырдан бұрынғы мұрасы – Орхон-Енисей жазбалары, «Құтты білік», «Оғызнама» сияқты жәдігерлер – мүлдем оқытылмады. Мұндай жағдайда қазақ баласы рухани бастауларынан ажырады, Өз тарихын білмегендіктен естілген деректерге сенуден қалды. Осы жағдайға қатысты мысал: А.Қыраубаеваның өз мектебінің тәжірибесі негізінде жазған жазбаларынан алдық. Өзінің мектебіндегі рейтинг нәтижесінде көп ұпай жинап, үздік білім көрсеткішін танытқан оқушыларына берген уәдесін орындап, Қазақтың мемлекеттік университетіне алып барады. Оларды аудиторияның соңғы партасына отырғызып, сабақ бастаған сәтінде күтпеген оқиға орын алады [71].

Кесте 6 – Білім беру жүйесіндегі кемшілік және Алма Қыраубаева мектебінің эксперимент нәтижелері

«Кішкентай профессорлар» жазбасынан үзінді	Сол кезеңдегі кемшілік және эксперимент нәтижесі
– Бұхар жырауға дейін жазба әдебиет болған ба? – деймін. Үндемейді. Білмейді. Білмеуі заңды, өйткені мектепте ол жағы оқытылмаған. Осы кезде шыдай алмай кетті ғой деймін: – Алма бибі, мен айтайыншы, – деп шіңкілдеген «кішкентай профессорларым» қол көтере бастады. Алдарындағы 1-курс түгел бұрылып, артқа қарады. Көптің назар аударуы олардың мысын баса алған жоқ. Айдарбек тайсалмай, елу студеттің алдына шықты. Тоқталмай 15 минут сөйледі. Жазба әдебиеттің тарихы V-VIII ғасырдан басталатынын, Орхон жазулары, Қорқыт ата бар екенін, Баласағұни, Ясауи кітаптарын шолып өтті. Тұмар патша мен Заринаны, сақ аңыздарын да ұмытқан жоқ. Студенттер таңғалғанын жасыра алмай, қадала қарап қалыпты. Кейбіреулері ұялғанынан, алдындағы қағазды сызғылай бастады. Мен қуаныштан өзіме әрең ие болдым. Мейрамды олар маған жасады.	1. V-VIII ғасырлардағы жазба әдебиет, Орхон жазулары, Қорқыт ата, Баласағұни мен Ясауи шығармалары, Зарина мен Тұмардың оқиғаларын студенттердің ұлттық мектеп оқушысының аузынан естіп, білуі. Студенттердің таңданысын тудырған бұл материалдар олардың білімін кеңейтті. 2.Студенттердің жағдаятқа қатысты көңіл-күйі (қызығу, таңдану, ұялу, білмегендеріне ыңғайсыздану) және олардың өздері білмейтін тарихи деректер бар екені туралы ойлануы. 3. Ұстаздың өз ісінің нәтижесін көруі.

Кеңестік кезеңде мектеп бағдарламасынан төл музыка мен фольклор шеттетіліп, кеңестік идеологияға негізделген өнер туындылары алдыңғы қатарға шықты. Білім мазмұнымен қатар оқу үдерісінің пішіні де ұлттық діл мен болмысқа үйлеспейтін. 1984 жылғы мектеп реформасы, 1987 жылғы тілге қатысты қаулы және 1989 жылғы «Тіл туралы» Заң халықтың төл руханиятына бет бұруына серпін берген тарихи белестер. Тәуелсіздік қарсаңында ұлттық мектеп идеясы қайта жаңғырған шақта профессор Алма Қыраубаева ортақ үрдіске рухани жетекші ретінде белсене араласты. Ғалымның авторлық мектебі ұлттық мәдениетті жаңғыртатын, шәкіртті төл құндылықтар аясында

тәрбиелейтін, ана тілі мен салт-сананы білім мазмұнының тірегіне айналдыратын жаңашыл парадигма кейпінде қалыптасты [72].

Түркілік танымнан бастау алатын қазақша оқыту үлгісі хакім Абайдың «толық адам» концепциясымен, ұлт тарихы мен төл тәлімімен астасып жатыр. Профессор Алма Қыраубаева құндылыққа бағдарланған білім беру моделін осы тарихи сабақтастық арқылы өрбітеді. «Сенім» бағдарламасы А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытов ұстанған ағартушылық мұраттармен үндесе отырып, заман талабына сай құрылған тұғырнама саналады. Бағдарлама мазмұнындағы ғылыми-прагматикалық қағидаттар білім сапасын арттыруға қызмет ететін мынадай ғылыми бағыттарды қамтиды:

1. Психология саласы бойынша: оқушылардың ішкі сенімін бекіту, еркіндік пен эмоционалдық тұрақтылықты дамыту көзделеді. Шәкірттің өз «Мен»-ін қалыптастыруына гуманистік психология мен скаффолдинг тетіктері негіз.

2. Педагогика саласы бойынша: оқу мазмұнын өмір тәжірибесімен ұштастырып, құндылыққа бағдарланған кіріктіру қамтамасыз етіледі. Тұлғалық бағдар мен қолданбалы білім басты нысана.

3. Когнитивтік ғылым бойынша: мәтін талдау, концептіні саралау арқылы сыни ойлау жетілдіріледі. Танымдық процестерді дамытуда нейропедагогика, метатаным және ұғыну арқылы оқыту ұстанымдары басшылыққа алынады.

4. Лингводидактика саласы бойынша: ана тілін қатынас құралы деңгейінде ғана емес, рухани мәдени код дәрежесінде игерту маңызды. Көркем мәтін ұлттық ойлау жүйесін танытуға қызмет етіп, нарративтік тәсіл, мәдениетаралық қатысым және дискурстық оқыту жүйесі алдыңғы қатарға шығады.

5. Этнопедагогика саласы бойынша: фольклор, салт-дәстүр мен халық даналығы сабақтың арқауына айналады. Ұлттық таным мен тарихи-мәдени сабақтастық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі.

«Сенім» бағдарламасын білім беру кеңістігіне енгізу бірнеше кешенді бағытты талап етеді: пәнаралық сабақтар желісін түзу, ана тілін оқытуда халық педагогикасына сүйену, функционалдық сауаттылықты арттыратын тапсырмалар әзірлеу және тәжірибелік сынақтар негізінде әдістемелік нұсқауларды жетілдіру. Ұлттық діңгегі берік авторлық жүйе жаңашыл тәсілдерді оқу үдерісіне енгізудің озық үлгісі. Тәжірибелік амалдар шәкірттердің логикалық, сыни әрі шығармашылық ойлау қабілетін кешенді дамытудың тиімді дидактикалық тетігі екенін көрсетеді.

2.2 Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқу реформасын ұлттық құндылықтарға негіздеу қағидалары

Тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан профессор Алма Қыраубаеваның оқу реформасы халық педагогикасын, пәнаралық кіріктіруді, рухани тәрбие мен тілдік дамуды тұтас қамтитын жүйелі бағыт. Ұлттық болмысқа негізделген ізденістің түпкі өзегі төл құндылықтарды оқу мазмұнына, әдістемеге және тұлғалық тәрбиеге сіңіруді көздейді.

Ғалымның педагогикалық тұғырнамасында қазақ тілі мен әдебиеті қатардағы пән шеңберінен шығып, ұлттық рухты айшықтайтын біртұтас дүниетанымдық кеңістік ретінде танылады. Әдеби мәтін халық жадының айнасы болса, тіл ұлттық ойлау тетігін, мәдениет рухани кодты құрайды. Ұсынылған үштік бірліктің тоғысуы шәкірттің тұлғалық кемелденуіне тікелей әсер етпек. Көркем шығармаларды тарихи, мәдени және психологиялық контексте зерделеу ұсынылады. Батырлар жырын оқыту барысында батыр бейнесі жай әдеби кейіпкер деңгейінде қалмай, дәуір тынысын, ұлттық мінезді және ерлік идеологиясын айқындайтын тұлғаға ұласады. Оқушы қарапайым сюжеттік желіні баяндаумен шектелмей, ұлттық намыс пен ерлік рухын бойына сіңіріп, төл болмысын сезінеді. Тілдік бірліктер де жалаң ережелердің көрінісі емес, халық психологиясын жеткізетін құрал. Көпмағыналы сөздер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер ұлттың терең танымын әйгілейтін мазмұнды қабаттар қатарында.

Ұлттық қазынаны ұрпаққа жеткізудегі тіл білімінің мәніне айрықша көңіл бөлінді. Тілдің ішкі сырын меңгерту сөздік қорды механикалық түрде молайтуды емес, халықтың тарихын, салтын, дүниетанымын ұғындыруды көздейді. Шешендік сөздер, афоризмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғасырлар бойы жинақталған даналық ұрпақ жадына қонады. Тіл адамдар арасындағы қатынасты қамтамасыз етіп қана қоймай, ұлттық зердені қалыптастыратын негізгі тетік қызметін атқарады.

Тіл мен сана үйлесімі қазақ сөзінің бай иірімдерінен көрінеді. Шешендік толғаулар мен сөз қадірі ұлттық ойлау жүйесін, мәдениет пен тарихи зердені танытатын рухани мұра көзі. Тілдік байлық арқылы ана тіліміздің терең семантикалық қуаты мен тәрбиелік құдіреті толық ашылмақ.

Педагог әдістемесінде психология мен педагогика өзара ажырамас тұтастықта қарастырылған. Сабақ барысы оқушының ішкі ой-толғамына, сезімдік тәжірибесіне әрі адамгершілік таңдауына ықпал ететіндей құрылады. Кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру арқылы шәкірт өз болмысымен сұхбаттасып, ар-ождан өлшемдерін саралайды. Ғалым ұсынған кіріктіру стратегиясы тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, психология және педагогика тоғысындағы мазмұндық көпір іспетті. Құрылған әдістемелік кеңістік оқушыны біліммен қаруландырумен бірге, ұлттық руханиятқа баулып, тұлғалық кемелденуіне берік негіз қалайды.

Ғалым Алма Қыраубаеваның оқытуды ұлттық құндылықтарға негіздеу қағидалары мынадай жүйеден тұрады:

– Тарихи-мәдени сабақтастық қағидаты: оқу мазмұны халықтың рухани, тарихи және тілдік мұрасымен тұтасады. Сабақтарда құрғақ теориялық ақпаратпен шектелмей, ұлттық сана мен тарихи жадты жаңғыртуға басымдық беріледі. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырын өткенде шәкірт сюжетті жаттаумен тоқтамай, астарлы ұлттық кодтарды ашуға машықтанады. Жырдағы ерлік, намыс, ананың ақ тілеуі, адалдық секілді ұғымдар қазақ қоғамының рухани діңгегін құрайды. Мұндай талдау балаға халықтың өмір сүру салтын, дүниетанымдық кеңістігін тануға жол ашып, әдебиет сабағын рухани тәрбие мектебіне айналдырады [73].

– Рухани-адамгершілік тәрбие: оқушының адамгершілік қасиеттерін дамытуда қазақ тілінің психологиялық әрі моральдық қызметі ескеріледі. «Жанұя», «Достық», «Парасат» тақырыптарындағы мәтіндер тіл арқылы ұлттың ізгілік мұраттарын бойға сіңіруге қызмет етеді.

– Интеграциялық көзқарас ұстанымы: қазақ тілі мен әдебиеті тарих, психология, география, музыка пәндерімен өзара сабақтастықта жүргізіліп, тұтас дүниетаным қалыптастырады. әдеби туындылардағы тарихи тұлғалар өмірін зерттеу сөз өнерінің мәдени аясын кеңейте түспек.

– Тіл мен сана тұтастығы: сөз өнері халықтың ойлау тетігін, мінезін, ішкі болмысын айқындайды. Афоризмдер мен шешендік оралымдар арқылы ұлттық сана мен танымның терең иірімдері зерделенеді.

– Дара тұлғаны құрметтеу мен дамыту: әр шәкірттің шығармашылық қарымы мен рухани әлеуеті қазақ тіліндегі мәтіндер арқылы танылып, бағаланады. Оқушының өзіндік ойын ана тілінде еркін әрі жүйелі жеткізуіне қолдау көрсету басты міндет.

Ауыз әдебиетінің жанрларын тарихи-мәдени сабақтастық негізінде оқыту сапалық жаңа мазмұнға ие. Мақал-мәтелдер қарапайым сөз үлгісі емес, халық жинақтаған өмірлік тәжірибенің қысқа әрі нәрлі түйіні. «Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы» секілді нақылдар арқылы шәкірт көшпелі тұрмыс ерекшелігін, адам мен табиғат үйлесімін және ерлік рухын ұғынады. Тәсіл жалаң мәтін талдаудан гөрі төл дүниетанымды терең игеруге саяды.

Шешендік сөздерді талдау қазақ қоғамының құқықтық әрі әдептік жүйесін танытудың сенімді діңгегі. Мәселен, Төле би шешендігінен дауды бітіммен шешу парасаты мен әділдікке құрылған сөз саптау мәдениеті анық көрінеді. Тәжірибенің мәні сөйлеу шеберлігін үйретуден асып, тарихи тағылым арқылы ұлттық ойлау жүйесіне бойлауды көздейді.

Профессор Алма Қыраубаева әдістемесіндегі сабақтастық қағидаты пәнаралық кірігуге тікелей ұласады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырын оқығанда тарих пәнінен хандық дәуір мен жыраулар кезеңінің саяси ахуалы қарастырылса, география аясында оқиға өткен өңірлер сипатталады, ал психология тұрғысынан қаһарманның ішкі жан дүниесі сарапталады. Жүйелі тәсіл білім алушыны кешенді ойлауға, болмысты тұтас қабылдауға баулымақ. Тарихи-мәдени сабақтастық ұлттық білім мазмұнының басты өзегіне айналып, оқушының төл болмысын оятуға, рухани кемелденуіне жетелейді. Ұлттық болмысты оқу үдерісі арқылы қайта тірілту ғалым реформасының басты ерекшелігі саналады.

Рухани-адамгершілік даму идеясы педагогикалық реформаның басты өзегіне жатады. Тәлім үдерісі құрғақ деректер жиынтығымен шектелмей, баланың ішкі жан сарайына үңілуді, кісілік қасиеттерді қалыптастырып, ізгілік пен әділетті ту еткен тұлға тәрбиелеуді көздейді. Сана мен сезім тепе-теңдігі сақталып, білім беру мен адамгершілікке баулу ажырамас бірлікте жүзеге аспақ. Осыған орай біздің зерттеуімізде Алма Қыраубаеваның педагогикалық ұстанымдары негізінде әзірленген инновациялық модель жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік дамуын, оқыту мен тәрбиенің өзара бірлігі арқылы жүзеге асыруды көздейді [74]. Мақалада ұсынылған модельдегі

оқыту мен тәрбиенің сабақтастығы біздің зерттеуімізде қазақ тілі сабақтарын интеграциялық негізде ұйымдастырудың құндылықтық бағдарын айқындауға негіз болады.

Ортағасырлық ойшыл Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат-ат-түрк» сөздігі тілдік мұра ғана емес, дәуірдің парасат-пайымын сақтаған рухани қазына. Ғұлама түркі тілдерінің ерекшеліктерін сипаттай келе, мақал-мәтелдер мен жыр шумақтары арқылы адалдық, мәрттік, үлкенді қадірлеу сынды адамдық қағидаттарды көркем жеткізеді. Сабақ үстінде көне мұраларды жаңа заман үрдістерімен сабақтастыра талдау шәкіртті ізгілікке баулудың ұтымды тәсілі.

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастаны рухани-адамгершілік дамудың классикалық көрінісі іспетті. Дастанда ел басқару мәдениеті, қоғамға адал қызмет ету, әділдік пен ақыл-парасат үндестігі дидактикалық мәнерде баяндалған. Мектеп бағдарламасына енген үзінділерді әдебиет немесе тәрбие сағаттарында талдау шәкірттің азаматтық ұстанымын бекітуге септігін тигізеді. Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Одғұрмыш бейнелері арқылы оқушы ар-ождан, кісілік парыз, рухани жауапкершілік хақында терең ой түймек [75].

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының оқу құралдары жас толқынның рухын шыңдауға арналған кешенді қазына. «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» еңбектеріндегі қағидалар мен «Маса» жинағындағы өлеңдер ана тілін меңгертумен қатар ұлтжандылыққа, парасаттылыққа тәрбиелейді. Мәселен, «Анама хат», «Ұлтқа қызмет» өлеңдерін оқып-үйрену барысында жас ұрпақ ата-ананы құрметтеу мен туған елге адал еңбек ету құндылықтарын терең сезінеді [76].

Оқушының жүрегіне ізгілік ұялатуда рефлексиялық сұрақтар қою әдісі ерекше орын алады. Кейіпкердің іс-әрекетін сараптағанда «Осы жағдайда сен қандай шешім қабылдар едің?», «Сен үшін әділдіктің өлшемі не?», «Жақыныңа соңғы рет қашан жақсылық жасадың?» деген ойландыратын сауалдар баланы өз болмысына үңілуге, ар-ұятын тыңдауға бағыттайды. А.Қыраубаеваның сабақ жүргізу шеберлігі осындай диалогтық ізденістен көрінеді. Тұлғалық кемелдену шәкірттің ішкі дүниесін оятып, ұлттық тәрбие мен заманауи білімді тоғыстыратын алтын көпір іспетті. Қыраубаева реформасы осы парасатты жолды білім мазмұнына енгізудің дара үлгісі.

Интеграциялық көзқарас бағыты білім беру мазмұнын байытудың шешуші тетігі. Тәсіл пәндердің оқшауланuына жол бермей, өзара тығыз үйлесімде оқытылуын талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиетін тарих, музыка, география, психология ілімдерімен тоғыстыру білімді біртұтас кеңістік ретінде қабылдауға бастайды. Әдістеменің мәні әр саланың танымдық әлеуетін біріктіріп, оқу үдерісінің сапасын арттыруда.

Ана тілі мен көркем сөзді өзге пәндермен байланыстыра игеру тілдік білімді ғана емес, халықтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын кешенді зерделеуге жол ашады. Мәселен, «Ұлттық тағамдар» тақырыбын өткенде атаулар мен сөз мағыналарын талдаумен шектелмей, географиядан аймақтық табиғи ерекшеліктер, тарихтан көшпелі шаруашылық пен тұрмыс салты қатар

қамтылады. Ортақ тақырып төңірегінде білім салалары тоғысып, шәкірттің ұлттық мәдениетке көзқарасы кеңеймек.

Оқытуды кіріктіру үдерісі білім мазмұнын адам болмысымен тұтастықта қарастыруға жетелейді. Мәселен, «Ұлттық киімдер» тақырыбы аясында көркем әдебиеттегі киім сипаттамалары, географиядағы аймақтық ерекшеліктер, тарихтағы әлеуметтік дәреже белгілері қатар зерделенеді. Мұндай кешенді сабақ оқушының ғылыми түсінігін тереңдетіп, пәнаралық заңдылықтарды тануына негіз.

Білім мазмұнын тоғыстыру танымдық деңгейді биіктетіп, сыни пайымды, логикалық ойлау мен шығармашылық дағдыларды шыңдайды. Мысалы, музыка сабағындағы қазақтың дәстүрлі әндерін әдебиет пәнімен үйлестіре қарау әуен иірімі мен сөз мағынасының үндестігін сезінуге жетелейді. Сонымен бірге оқу үдерісі күнделікті өмір тәжірибесімен ұштасып жатады. «Салт-дәстүрлер» тақырыбын психологиямен сабақтастыру ұлттық қағидаттардың адам мінез-құлқына тигізетін ықпалын талдауға бағытталған. Әр пәннің рухани мәнін ашу арқылы толыққанды парасатты тұлға қалыптастыру басты мақсат. Пәнаралық кірігу әлемді біртұтас қабылдауға үйретететін әрі терең білімді ұлттық құндылықпен бекітетін кешенді әдістеме.

Тіл мен сана тұтастығы қағидаты ұлттық білім моделінің берік түпқазығы. Ғалым тұжырымында ана тілі жалаң қатынас құралы шеңберінен шығып, ұлттың рухани болмысын, тарихи жадын, ойлау жүйесі мен танымдық картасын бейнелейтін құбылысқа айналады. Қазақ тілін оқыту ережелерді механикалық жаттаудан арылып, терең философиялық, семантикалық және болмыстық ұғыну деңгейіне көтеріледі.

Тұғырнаманың бастауы Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасынан тамыр тартады. Хакім тілді жалаң сөздер жүйесі емес, руханият қазынасының кілті деп бағалаған. Ақынның «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» қағидасы тіл мен сана арақатынасын айғақтайтын бұлтартпас уәж. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері арқылы шәкірттер әдеби тіл нормаларын меңгерумен қатар, қазақы дүниетанымның терең иірімдерін бойға сіңіреді. Ойшыл туындылары адамгершілік, ізгілік пен ар-ождан өлшемдерін қалыптастыруға қызмет етеді.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаған Ахмет Байтұрсынұлы ана тілінің ұлт болмысындағы айрықша орнын терең бағамдаған ғалым. Зерттеушінің «Тіл құрал» еңбегі құрғақ грамматикалық ережелер жинағынан тыс, ұлттық таным мен рухты тәртіпке келтіретін негіз. Ғалым ұсынған «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» тұжырымы тіл мен сана тұтастығының айқын аксиомасы іспетті. Тілді көздің қарашығындай сақтау халықты жойылудан арашалаудың басты кепілі ретінде танылады. Ағартушы көзқарастары А.Қыраубаеваның оқыту үлгісінде білім алушының ана тілі арқылы төл болмысын танып-білуіне берік діңгек.

Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» туындысы мен өзге де публицистикалық жазбалары арқылы қалың бұқараның ұлттық санасы мен азаттық рухын сілкіндіруді көздеді [77]. Қайраткер қаламынан туған еңбектер тілдің жұртты ұйыстырушы әрі күрескерлік қуатын көрсетеді. Сабақ мазмұнына рухты

мәтіндерді енгізу шәкірттерді қарапайым оқыту шеңберінен шығарып, елдік мұрат пен азаматтық сана рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Тіл білімінің көрнекті қайраткері Рәбиға Сыздық ана тілінің тарихи-құрылымдық табиғатын зерделей отырып, сөз бен мәдениет сабақтастығына айрықша назар аударған. Ғалымның «Сөздер сөйлейді», «Абайдың сөз өрнегі» еңбектеріндегі семантикалық талдаулар, образ бен стиль иірімдері шәкірттің сыни ойлау қабілетін ұштайды [78]. Зерттеуші тұжырымдары Алма Қыраубаева ұсынған кіріктірілген оқытудың нақты дидактикалық тірегі, өйткені әдебиет пен тілді, тарих пен мәдениетті ажырамас тұтастықта ұғынуға жетелейді.

Академик Ф.Ш.Оразбаеваның «Тіл кеңістігі» монографиясында қатысымдық-когнитивтік тұжырымдама интеллектуалдық сөйлесім әрекетінің негізгі заңдылығы ретінде сараланады [79]. Ғалым дәйектеген тіл мен ойлаудың, сана мен қатысымның біртұтастық қағидаты профессор Алма Қыраубаеваның ұлттық-рухани білім беру жүйесімен концептуалды тұрғыда терең үндеседі.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер мен шешендік сөздер халықтың тарихи тағылымы мен парасатын көрсететін рухани айна. «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Өнер алды қызыл тіл» мағынасындағы қанатты сөздер шәкіртті сөз қадіріне, жауапкершілік пен терең ойға баулиды. Халықтық үлгілерді оқу үдерісіне енгізу Алма Қыраубаева әдістемесінде білім алушының мәдени әрі танымдық кеңістігін кеңейту құралына айналған. Тіл мен сана бірлігі қағидаты ана тілін оқытудың мазмұндық, құндылықтық және болмыстық іргетасы. Кешенді бағыт оқушыны тек қазақша сөйлетумен шектелмей, төл дүниетаным аясында ойлануға, ұлттық болмысты сезініп өсуге жетелейді. Тіл ұлттық ойлау мен дүниетанымның алтын арқауы саналады.

Жеке тұлғаны тану мен қолдау ұстанымы Алма Қыраубаева мектебінің және ұлттық педагогиканың өзекті қағидаттары санатында. Мазмұны әр баланың ерекше жаратылысын, ішкі рухани қуатын, қайталанбас мінез-құлқы мен дара болмысын бағалауды көздейді. Оқушыны қасаң қалыпқа салып, баршаға бірдей стандарт талап ету ұлттық тәрбие рухымен үйлеспейді. Нағыз ұстаз әр баланың табиғи талантын көріп, кемелденуіне қолайлы орта қалыптастыруға ұмтылады. Адамға сенім артып, азамат болып қалыптасуына жол ашу қағиданың түпкі мұраты. Ғалымның ұстаздарға арнаған «Жиырма тоқтамы» ұстаз әрекетін рухани жауапкершілікпен өруге үндейді. «Кісі екеніне күмәнмен қараған баладан кісі шықпайды» немесе «Баға құнды емес, бала құнды» қағидаттары оқу үдерісіндегі басты құндылық адамның өзі екенін дәлелдей түседі. Шәкіртті тану үшін ұстаз оның жан дүниесіне ілтипатпен қарауы шарт. Ұстаным заманауи тұлғаға бағдарланған оқытудың төл топырағымыздағы табиғи бастауы.

Бала даралығын бағалау психологиялық аспектімен шектелмей, тілдік-шығармашылық ізденістерде де көрініс табады. Мысалы, жазба жұмыстарында бірыңғай талап қоюдың орнына, оқушы қызығушылығына сай түрлі пішін ұсыну тәсілдің нақты нәтижесі. Оқушылардың бірі көркем әңгіме жазса, екіншісі эссе, енді бірі сұхбат немесе күнделік жазбасы түрінде ой өрбіте алады. Ұсынылған әдістемелік еркіндік Алма Қыраубаеваның «Сабақтың

мақсаты баланың басқаға ұқсамайтын қасиеттерін аша білу» қағидатына сай өрістейді.

Педагогтің «Әр баланың өмір тіршілігі өзінше бір тағдыр» деген парасатты байламы оқушының ішкі ахуалына жанашырлықпен үңілуге міндеттейді. Шәкірт сабақтан қалса немесе енжарлық танытса, себепті жазалаудан емес, жанашыр сұхбаттан іздеген жөн. Бала бойындағы сенім ұшқынын тұтатып, қолынан іс келетініне көзін жеткізу үлкен ұстаздық шеберлікті талап етеді. Ізденіс бағыты ғалым мектебінің «Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істеуі керек» тұғырымен үндесе түспек.

Оқушы болмысын тану мен оны дер кезінде демеу мұғалімнен жай ғана білім беруді емес, тәрбие мен рухани серіктестікті талап ететін ізгі құндылық. Бұл көзқарас А.Қыраубаеваның «Мұғалімнің мақсаты өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе, ол адам жасаушы адам» қағидатымен толық айшықталады. Ұстаз кәсібі тек ақпарат берумен шектелмейді, тұлға табиғатын танып, дамытушы рухани жетекші дәрежесінде бағаланады. Әр баланы ұлтының келешек тұлғасы деп қабылдау педагогтің кәсіби борышы.

Дара тұлғаны қолдау ұстанымы ана тілі мен әдебиет сабақтарында айрықша мәнге ие. Қазақ тілі сабағында сөйлесім, жазылым, танымдық қабілеттерді жетілдірумен бірге шәкірттің жан сарайы ашылады. «Менің арманым», «Менің анам», «Менің ауылым» бағытындағы тақырыптар оқушының өмірлік бағдарын, сезімі мен мақсат-мұратын айқындайды. Танымдық тапсырмалар арқылы ұстаз әр баланың сөз қолданысын, пайымдау мәнерін, дүниетанымдық өзгешелігін сараптайды. Нәтижеде тіл сабағы шынайы адамтану сағатына ұласпақ. «Сабақ мұғалім мен шәкірттің адамгершілік қарым-қатынасы» қағидаты педагогикалық қарым-қатынастағы өзара құрмет пен рухани теңқұқықтылықтың мәнін айқындайды. Мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестікке, сенім мен сыйластыққа негізделген орта баланың өзіндік даралығын еркін танытуына, танымдық және шығармашылық әлеуетін дамытуына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір сабақ тек білім меңгерту үдерісі ғана емес, оқушының тұлғалық және рухани кемелдену кеңістігіне айналады [80].

Тұғыр зерек балалармен қатар қолдауды қажет ететін, бұйығы шәкірттермен тіл табысуда аса қажет. Жүректегі сенім отын тұтата білгенде баланың ішкі қорқынышы сейіліп, өзіне деген көзқарасы түзеледі. Профессордың «Балаға сыйлы боламын десең, өзің баланы сыйла» қағидаты рухани теңқұқықтықтың көрінісі. Серіктестік берік орнаған ортада оқушы өзіндік даралығын еркін ашып, әрбір сабақ рухани кемелдену алаңына айналады.

«Әр бала халқының келешек тұлғасы» қағидаты жеке тұлғаны қолдау ұстанымының философиялық түйіні саналады. Бағдарлама талабы баланы өтпелі кезең өкілі емес, болашақ кемел миссия иесі деп қарауға үндейді. Мұғалім шәкіртке биік көзқараспен қараған шақта педагогикалық қызметтің мәні арта түспек. Оқу барысындағы әрбір ой мен тапсырма келешек азаматты сомдауға бағытталуы қажет. Баланың бүгінгі айтқан байламы ертеңгі көшбасшының пікірі, бүгінгі жазған эссесі болашақ қайраткердің ойлау жүйесі.

Тіл мен әдебиет сабақтары ұлттың келешек келбетін түзейтін рухани мінбер іспетті. Ана тілін қастерлеу, сөз мәйегін ұғу, әдеби нормаларды сақтау жалаң лингвистикалық ережеден биік тұратын елдік сана мен мемлекетшілдік тәрбиесінің негізі.

А.Байтұрсынұлының «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» тұжырымы мен академик Р.Сыздықтың тіл мәдениетін сақтау жолындағы еңбектері ана тілі арқылы тұлға қалыптастырудың мәнін дәйектейді. Бүгін ана тілін қадірлеген ұрпақ ертеңгі күні елін қорғайтын саналы азаматқа айналмақ. Профессор Алма Қыраубаеваның интеграциялық бағытының рухани-әдістемелік сипаты 7-кестеде жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 7 – А.Қыраубаеваның интеграциялық ұстанымның рухани-әдістемелік негіздері

Пән/сала	Мазмұндық мәні	Ұстанымдық негізі
Тіл	Сөздік форма емес, рухтың коды	Тіл – тек ақпарат құралы емес, ұлттың ділі мен дүниетанымын жеткізуші мәдени код
Әдебиет	Моральдық бағдар	Әдебиет – кейіпкер арқылы өмірді, адамдықты танып, ішкі таңдауды жетілдіру жолы
Тарих	Жад пен сана	Тарихи сана – оқушының ұлттық тамырмен байланысын, тұлғалық өзіндік сана сезімін оятады
Психология	Қабылдау мен интерпретация негізі	Мәтінді және құбылысты терең түсіну арқылы оқушы өзін, ортасын танып, дамиды
Педагогика	Әдістемелік көпір	Мұғалім – пәндер арасындағы рухани және мазмұндық көпір, интеграцияны іске асырушы

Профессор Алма Қыраубаева ұлттық қазынаны білім мазмұнына тоғыстырудың кешенді әдістемелік жолдарын ұсынып, қазақ тілін оқытудағы жаңашыл бағыттардың басымдығын негіздеген. Көзделген басты мұрат шәкірттерге жалаң деректер беруден асып, төл құндылықтар мен бабалар мұрасын кешенді түрде меңгертуге саяды.

Мәтіндік интеграция. Оқушылар ауыз әдебиеті туындыларын, тарихи шежірелерді, көркем сөз өнері мен көсемсөз жазбаларын қатар зерделейді. Тіл мен әдебиет сабақтарында мәтіндерді байланыстыра қарастыру өскелең ұрпақтың танымдық көкжиегін кеңейтіп, ұлттық мұраға деген ілтипатын тереңдетудің сенімді тетігі. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырын шежіре деректерімен салғастыра оқыту барысында сюжет желісімен қатар сөз саптау құрылымына да баса назар аударылмақ. Ана тілі жай ғана қатынас құралы шеңберінен шығып, дүниетанымдық болмыс пен тарихи оқиғаларды жаңғыртатын рухани арнаға айналады. Ауыз әдебиеті үлгілері мен тарихи құжаттардың тілдік қатпарларын сараптау арқылы жастар әдеби тілдің халық даналығын, батырлық дәстүрлер мен ізгі идеалдарды қалай жеткізіп келе

жатқанын ұғынады. Батырлар жырындағы архаизмдер мен поэтикалық оралымдар бабалар ұстанған моральдық қағидаттарды тануға жол ашпақ.

Мәтінаралық байланыс шығарманың тарихи, мәдени, әлеуметтік қырларын жан-жақты бағамдауға жетелейді. Сөз құдіретіне терең бойлау оқушылардың қатысымдық дағдыларын шыңдап, сөйлесім мәдениетін қалыптастыруға қызмет етеді. Кейіпкерлер диалогын сараптау арқылы олардың ішкі жан сарайын ұғынып, сөйлеу әдебін меңгеруге қадам жасалмақ. Деректі жазбалар мен көркем туындыларды салыстыра оқу тіл мен тарихтың, әдебиет пен төл мәдениеттің ажырамас тұтастығын танытады. Шәкірт мәтіннің сыртқы мазмұнына қоса сөз астарындағы символдық таңбаларды терең пайымдайтын сатыға көтерілмек. Тіл арқылы білім салаларын кіріктіру ұлттық руханиятты кешенді игеруге берік негіз қалайды.

Тақырыптық интеграция. Оқу бағдарламасын терең ұлттық немесе философиялық өзектің төңірегінде жүйелеу білім алушының дүниетанымдық өрісін кеңейтудің басты шарты. Мәселен, қазақ тілі сабағында «Адалдық» тақырыбы қамтылғанда жалаң грамматикалық жаттығулар адамгершілік бағдарларын орнықтырумен ұштасып жатады. Абайдың қара сөздері, халық мақал-мәтелдері және батырлар жырындағы ар-ождан сабақтары бүгінгі күн шындығымен байланыстырылып, жасөспірімді салмақты байлам жасауға әрі жауапкершілікті сезінуге баулиды.

«Адалдық» концептісін тілдік қырынан талдау моральдық мәселелердің сөз арқылы жеткізілу заңдылықтарын аша түседі. Қара сөздердегі кісілік қасиеттер мен мақалдардағы әдеп қағидаттарын зерделеу ойды дәл әрі анық жеткізу шеберлігін шыңдауға тірек. Батырлар жырындағы ар-намыс өлшемдерін бүгінгі қоғам тынысымен салыстыру адамгершілік мұраттарының ғасырлар бойы өзгермейтінін көрсетеді. Сабақта бірнеше білім саласының деректері сабақтасып, оқушы санасында синергетикалық байланыс түзілмек. Тақырыптық бірліктер оқушыны өз көзқарасын жүйелі қорғауға, салиқалы уәж келтіруге және сөйлем құрылымын сауатты түзуге үйретеді.

Ғылымдар тоғысында жүретін тақырыптық бірліктер білім алушының жан-жақты көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Әдеби үзінділерді философиялық, этикалық тұрғыда зерделеу жасөспірімді шынайы өмірлік мәселелерді талдауға бейімдемек. Халық даналығының әлеуетін толық пайдалану жас буынның төл мәдениетке құрметін арттырып, ұлтжанды тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

Құндылықтық интеграция. Сабақ мазмұнын моральдық-этикалық ұстанымдарға бағыттау жеке тұлғаның рухани кемелденуіне тың серпін береді. Тілдік материалдар арқылы жүзеге асырылатын құндылықтық сабақтастық шәкірттің ішкі жан дүниесін ізгілік қағидаларымен байыта түспек. Тіл қоғамның адамгершілік негіздерін сақтайтын әрі келер буынға аманаттайтын құдіретті күш ретінде танылады. Көркем бейнелер мен тарихи тұлғалардың мінез-құлқын салыстырмалы қарастыру оқушыға мәтіннің сыртқы фабуласынан асып, күрделі моральдық қайшылықтарды тануға мүмкіндік береді. Батырлар жырындағы ерлік, адалдық, достық пен сыйластық үлгілері арқылы халықтың өнегелік кодексі ұғынылады. Тіл білімі мен әдебиет сабақтарындағы

құндылықтық бағдар жастарды өз тамырын терең сезінуге жетелейді. Көркем шығармалар арқылы шәкірттің өмірлік көзқарасы шыңдалып, ішкі ұстанымдары беки түспек. Ана тіліндегі құндылықтар кеңістігін меңгеру жас ұрпақтың тарихи зердесін жаңғыртып, ел тағдырына жауапкершілікпен қарайтын азамат тәрбиелеуге берік дәнекер. Құндылықтық интеграцияны тіл білімі негізінде енгізу, әрине, оқушылардың өздеріне ғана емес, қоғамға да үлкен пайда әкеледі. Олар тек әдеби шығармаларды оқып қана қоймай, сол шығармалардың мәні мен маңызын түсініп, өздерінің мәдениетіне, ұлттық тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттырады.

Мәдени-контекстуалдық интеграция халықтың тұрмыс салты мен салт-дәстүрлерін көркем сөз өнерімен ұштастыра оқытуды көздейді. Әдеби туындылар мен шежіре деректерін сол дәуірдегі қоғамдық құрылыммен бірлікте саралау басты назарда. Тіл білімі тұрғысынан келгенде, лексика-грамматикалық заңдылықтарды терең меңгеру ұлттың рухани кеңістігі мен дүниетанымын ашумен сабақтасады. Ұлттық болмыс пен халық өнерін көркем мәтінмен ұштастыру дәуірлік әлеуметтік жүйені, әдет-ғұрыптар мен сөз құдіретінің орнын бағамдауға жол ашпақ. Ауыз әдебиеті мен жазба тарихи жәдігерлерді тоғыстыру ана тілінің ұлттық мәдениетті сақтаудағы қызметін көрнекі ете түседі. Әрбір көркем үзінді халықтың рухани әлемін бейнелейтін тілдік код ретінде қарастырылып, өткен мен бүгінді жалғайды. Ана тілі қарым-қатынас құралымен шектелмей, ұлттық діл мен тарихи зерденің айнасы дәрежесінде бағалануы қажет. Ғасырлар бойы жинақталған халықтық тәжірибе, дүниетаным мен жөн-жоралғылар ана тілі арқылы келер ұрпаққа жетеді. Тілдің лексикалық байлығы мен сөйлем құрылымы халықтың рухани мәдениетінің айқын көрсеткіші. Мәдени-контекстуалдық үйлесім оқушылардың ана тіліне көзқарасын өзгертіп, ұлттық сана-сезімді бекітуге негіз. Тіл ғылымы аясында мәтіндерді жан-жақты талдау шәкірттің дүниетанымын кеңейтетін тиімді құрал. Тарихи дереккөздер мен көркем үлгілерді сараптау барысында сөз мағынасының мәдени астары ашылып, қолданыс ерекшеліктері айқындалмақ. Тілдік білім мен этнотанымдық мағлұматтардың қатар өрілуі интеллектуалдық дамуды қамтамасыз етеді.

Төл дәстүрлерді сөз өнері арқылы тану, тарихи аясын зерделеу жас толқынның ұлттық қазынаға деген құрметін арттырады. Мәдениет пен тіл үндестігін түсінген оқушы меңгерген тағылымын өмірлік тәжірибеде еркін қолдана білмек. Дәстүр мен тарихты жаңаша көзқараспен зерттеу рухани мұраны ұлықтауға серпін береді. Фольклор мен классикалық әдебиеттегі сөз оралымдары тарихи кеңістікте терең мәнге ие. Кешенді талдау шәкіртті көркем ойдың астарына бойлатып, ұлттық санасын серпілтуге қызмет етеді. Білім беруді мәдени астармен тоғыстыру жастардың бойында шынайы отаншылдық қасиеттерді қалыптастырудың сенімді жолы [81].

Кәсіби құзыреттілік жеке тұлғаның бойында теория мен практика бірлігінен, білім мен біліктің кірігуінен өрістейтін кешенді сапа. Тұлғалық сапаның құрамына кәсіби белсенділікті арттыратын әр алуан элементтер жүйесі енеді. Білім салаларын кіріктіру маманның шеберлігін шыңдауда оңтайлы

дидактикалық тетік қызметін атқарады. Жеке тұлғаның интегративтік көрсеткіші ретінде кәсіби біліктілік мынадай негізгі сапалардан тұрады:

1. Теориялық білім: салалық заңдылықтар мен ғылыми қағидаттарды, әдіснамалық негіздерді жетік игеру;

2. Тәжірибелік дағды: жинақталған білімді нақты іс-әрекетте, кәсіби міндеттерді шешуде шебер пайдалану;

3. Қатысымдық шеберлік: әріптестермен және қоғам өкілдерімен нәтижелі байланыс орнату, өзара түсіністікке қол жеткізу;

4. Шешім қабылдау икемі: күрделі жағдаяттарда шұғыл әрі ұтымды байлам жасау қабілеті;

5. Жаңашылдыққа бейімділік: тың идеялар мен озық технологияларды қабылдау, креативті ізденіске ұмтылу;

6. Сыни сараптау: өз қызметі мен өзгелердің жұмысын әділ бағалап, жұмыс сапасын арттыру жолдарын қарастыру;

7. Жауапкершілік: кәсіби міндеттерге байыппен қарап, іс-әрекет нәтижесіне жауап бере білу;

8. Әлеуметтік бейімділік: ұжымдық әрекетке үйлесу, қоғаммен тығыз кәсіби қарым-қатынас орнату;

9. Кәсіби әдеп: қызмет барысында моральдық-этикалық қағидалар мен нормаларды қатаң сақтау.

Гуманитарлық білім саласын жаңғырту үдерісі білім берудің мақсаттары мен құндылықтық жүйесін қайта қарауды күн тәртібіне қойды. Ана тілін меңгертуде азаматтық болмыс пен рухани деңгейді, дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстыру алдыңғы қатарға шықты. Оқу мазмұнын құндылық, танымдық ойлау және құзыреттілік ұғымдарымен сабақтастырудың әдіснамалық маңызы зор.

Интеграциялық оқыту үдерісінде білім мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды оқу мазмұнына кіріктіру маңызды әдіснамалық ұстанымдардың бірі болып табылады. Бұл бағытта оқыту үдерісін технологияландыру, тәрбиені білім берудің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастыру және оқушы бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру мәселелері қарастырылады [82].

Аталған тұжырымдар төмендегі педагогикалық қағидаттар арқылы сипатталады:

1. Білім мен тәрбиені ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастыру;

2. Рухани тәрбие мен сенімділікті қалыптастыру;

3. Халық даналығы мен ауыз әдебиеті үлгілерін тәрбие құралы ретінде пайдалану;

4. Ұлттық психология негізінде оқушының тұлғалық ерекшеліктерін тану, мінез-құлқы мен дүниетанымын дамыту;

5. Халықтың тарихи, мәдени және әдеби мұраларын насихаттау, ана тілінің тұлғалық дамудағы маңызын арттыру.

Бұл қағидаттар интеграциялық оқытудың тәрбиелік әлеуетін айқындап, оқушының өзін-өзі тануына, бағалауына, дамытуына және ұлттық-рухани құндылықтарды меңгеруіне негіз болады.

Ғалымның ғылыми ізденістеріне негізделген интеграциялық оқытудың этнолингводидактикалық моделі 8-кестеде толық көрсетілген.

Кесте 8 – Интеграциялық оқытудың этно-лингводидактикалық моделі

Интеграция түрі	Мазмұндық ерекшелігі	Тіл білімімен байланысы	Ұлттық идеямен байланысы	Қыраубаева әдістемесімен үндестігі
1	2	3	4	5
Мәтіндік интеграция	Фольклор, көркем мәтін, тарихи, публицистикалық мәтіндерді бірге қарастыру	Салыстырмалы тілдік талдау, стиль, құрылым, лексика	Ұлттық дүниетаным, эпикалық код	Мәтін арқылы таным, тіл арқылы тұтастандыру
Тақырыптық интеграция	Бір тақырып аясында бірнеше пәнді синхронды беру	Тақырыптық сөздік, мәнмәтінге сай сөйлеу дағдылары	Адалдық, ерлік, имандылық сынды құндылықтар	Ойлау бірлігі мен тілдік орта қалыптастыру
Құндылықтық интеграция	Әдеби және тарихи кейіпкерлердің мінез-құлқын салыстыру	Этикалық терминдер, мақал-мәтел, метафора, бағалауыштық сөздер	Адамгершілік, ұлттық мінез	Тұлғалық бағдар, тәрбиелік компонент
Мәдени-контекстуалдық интеграция	Мәтінді халықтың тұрмыс-салты, мәдениетімен сабақтастыра түсіну	Мәдени терминдер, тілдік бірліктер, фразеологизмдер	Этнолингвистикалық сана, салт-дәстүр	Тіл – мәдениетті жеткізуші құрал қағидасы
Инновациялық интерпретация	Әдебиет пен тарихты жаңа форматта, зерттеу, салыстыру, модельдеу	Цифрлық мәтіндер, лингвоанализ, сөздік карта	Тілдің қазіргі формаларда өмір сүруі	Инновация мен дәстүрді ұштастыру әдісі

Профессор Алма Қыраубаева ұсынған әдістемелік амалдар ұлттық тарихты, рухани мұраны, тіл мен әдебиетті тоғыстыра отырып, оқушылардың сыни ойлауын өрістетеді. Пәнаралық бірлік қазақ халқының қазынасын жас буынға сапалы жеткізуге жағдай жасамақ. Тұғырнама өзегі кіріктірілген оқыту, ұлттық идея, лингводидактикалық жүйе мен инновациялық ізденістерден түзіледі. Пәндік білімді жалаң ұсынудан арылып, төл дүниетанымды сіңіру, ой мен сөз сабақтастығын бекіту, құндылықтық тәрбие арқылы кемел тұлға қалыптастыру басты нысана [83].

Қорыта келе, интеграциялық тәсілдер арқылы пәнаралық байланыс жүзеге асады. Барлық тәсілдердің ортасында тіл тұрады – ол ұлттық мазмұнды

жеткізудің құралы, мәдени код, ойлау құралы; лингводидактика – оқушының тілдік тұлға ретінде дамуына бағыт береді; құндылықтық тәрбие – әр сабақтың мазмұнына өзек ретінде енгізіледі; инновациялық оқыту – білім мен өмірді, мәтін мен болмысты, тарих пен бүгінді тоғыстыруға негізделеді.

2.3 Интеграциялық оқытудың білім беру трендтеріндегі жаңашылдығы

Интеграциялық оқыту тарихы Я.А.Коменский еңбектерінен бастау алғаннан бергі ғасырда оқытудағы құбылыстардың өзара байланысы туралы ізденістерге толы болды. К.Д.Ушинский өз еңбектерінде танымдық процестің тұтастығы мен жалпыланған танымның қажеттілігін көрсетсе [84], Б.М. Кедров қайта өрлеу дәуірінен бастап ғылымдардың өзара әрекеттесу проблемасының қалыптасуын қарастырды. Ғылымдар арасындағы «органикалық ауысулар» арқылы ғылымдардың байланысын қарастырды. Б.М.Кедров мұндай ауысуларды белгілі бір ғылымның ішінде де, туыс емес ғылымдар арасында да көрді [85]. «Интеграция наук, есть конкретное выражение синтеза наук как междисциплинарного связывания», – деп жазады академик Б.М.Кедров. Ал М.С.Пактың ғылыми ізденістері білім беру практикасына оқытудың интегративті тәсілін дамытуға және енгізуге ықпал етті. М.Пактың пікірінше: «интеграция как более объемном значении понимается не только как процесс, но и как и результат создания неразрывно целостного» [86]. М.Пак оқытуда интегративті тәсілдің тұжырымдамалық аппаратын жасады.

Кесте 9 – М. Пак қарастырған интеграция ұғымдары


М.Пак бойынша интеграциялық процесс ұғымдары	Түрлері
Интегративтік тәсіл функциялары	Әдіснамалық, білім беру, тәрбиелеу, дамыту, конструктивтілік
Интеграциялық өзара әрекеттесу параметрлері	Түпкі мақсат, міндеттер, т.б.
Интеграциялық оқыту проблемаларының негізгі аспектілері	Әдіснамалық, жалпы педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, әдістемелік, тұлғалық-белсенділік
Интегративті тәсілдің дидактикалық принциптері	Әлеуметтік бағыт, әмбебаптық бағыт, т.б.

М.Пак химия пәнін оқытудағы интеграция проблемасының негізгі аспектілерімен бірге ұйымдастырушылық және басқарушылық функциялар, оқу процесінің тұтастығын көрсету функциялары, мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетінде көрінетін оның функцияларының өзара байланысын да қарастырған. О.М.Сичивица, Н.Т.Костюк интеграциялық функцияны орындайтын факторларға назар аударды: зерттеу объектілері күрделілігі, зерттеудегі жаңа тиімді әдістер, жалпы идеялар, интеграция формалары, жалпы теория, ғылыми жүйе мен кешенді ғылым мәселелері, категориялар т.б.[87]. А.Д.Урсул жетекшілік еткен ғалымдар ғылыми білім интеграциясының он түрін анықтады [88] редукционизм, жалпылама интеграция, экстенсивті және

комплементарлы интеграция, құрылымдық және әдістемелік интеграция, тұжырымдамалық интеграция, метағылымдық, интеграциялық, әлеуметтік-мәдени интеграция.

А.Қыраубаева өз кезеңінде бұл бағыттағы ізденістермен таныс болды. Еңбектерге талдау жасап қарап, ғылымдар интеграциясының өзара байланысты пәндердің табиғаты (гуманитарлық, жаратылыстану), тілдік сипаты (қазақ тілі, тарихы, ана тілінің қызметі, түркі тілдік тегі т.т.), мектептің ерекшелігі (жасытпай оқыту, сенімсіздік комплекстерін жою; ішкі еркіндігі мен әлеуметтік қатынастарға ыңғайлылығын қатар дамыту; тең тұлғалық қарым-қатынас, мәңгілік құндылықтарды меңгеруге тәрбиелейтін мектеп), әр пәннің рөлі, интеграциялық өзара әрекеттесудің түпкі мақсаттары мен міндеттері (баланың рухани өсуіне басшылық жасау: кісілік қасиетін дамыту; шығармашылық қабілетін дамыту; дүниетанымын кеңейту) сияқты параметрлерін нақтылай отырып, өз мектебіндегі интеграциялық оқыту бағыттарын да (бастауыш, орта және жоғарғы сыныпта) анықтап алды. Мысалы: бастауыш сыныптағы «Әлемтану» бағдарламасы, орта және жоғарғы буындағы мәдениеттерді оқыту бағыттары т.б. Сабақты жүргізу процесіндегі «практикалық бейнелеу сабақтары» – нағыз интеграциялық оқыту бағдары. Әр пәнге қолданылу барысында мұғалімнің жоспарлауы мен оқушы сұранысына орай өзгертіліп отырды. Мектептің білім беру процесінде интеграциялық оқыту пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асырылады: тіл және математика, тіл және физика, тарих және тіл, тіл және әдебиет және т.б. интегративті тәсілді жүзеге асыру үшін жеке тақырыптардың мазмұны, жалпы тұжырымдамалық категориялар, оқыту құралдары мен әдістері арасындағы ішкі байланыс ып, тәжірибе көрсеткендей, орта мектепте оқуға интегративті тәсілді қолдану оқушының жеке басының жан-жақты дамуына ықпал етті, шығармашылық ойлауды, аналитикалық ақыл-ойды дамытуға көмектеседі және оқушының өзін-өзі бағалауын арттырды.

Алма Қыраубаева интеграциялық оқытуға айырықша мән береді. Әдістер шынайы өмірмен тікелей байланысы бар білім беру тәсілдерін дамытуды талап етеді. Болашақта заманауи қоғамда осы мәселелерді кешенді түрде шешу үшін жан-жақты дайындалған, бірнеше ғылым салаларын меңгерген мамандар қажет болатынын айта отырып, оқушыларды ерте жастан бастап пәнаралық және интеграциялық тәсілдер арқылы оқыту қажеттілігін, олардың болашақта бәсекеге қабілетті, аналитикалық ойлау қабілеті жоғары тұлға ретінде қалыптастыру керек екенін баса айтып өтеді. 8-суретте ғалымның практикалық бейнелеу сабақтарының сипаты ұсынылды.



Сурет 8 – А.Қыраубаеваның практикалық бейнелеу сабақтарының сипаты:

Интеграциялық оқыту арқылы білім алушылар бірнеше пәннің мазмұнын бір жүйеге келтіріп, оларды бір-бірімен байланыстырып үйренеді. Тәсіл оқушыларға әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды түсінуге мүмкіндік беріп, олардың ғылыми көзқарасын кеңейтеді. Мысалы, математика мен жаратылыстану пәндері интеграцияланған сабақтарда оқушылар ғылыми зерттеулер жүргізіп, тіл арқылы мәселелері бойынша математикалық модельдер жасап, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға үйренеді. Міне, пәнаралық оқыту өз кезегінде пәндер арасындағы шекараны жойып, білім алушылардың пәндер арасындағы байланыстарды түсінуін жеңілдетеді. Оқушылар білімді тек оқу сабақтарында емес, сонымен қатар, түрлі практикалық жобалар мен зерттеулер арқылы да меңгереді. Әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, оларды өздігінен шешім қабылдай алатын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын тұлға ретінде тәрбиелейді. Білім алушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға, сыни және креативті ойлау қабілетін қалыптастыруға, топтық жұмыста, коммуникацияда, проблемаларды шешуде, көшбасшылық қасиеттерін дамытуда белсенді қатысуын қамтамасыз етеді [89].

Интеграция – бірнеше ғылым элементтерінің жай ғана қосылуы емес, табиғи заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі; мұғалім іс-әрекетінің ішкі және де сыртқы мазмұнының үйлесімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық техника тәсілдері жиынтығына тікелей әсер етеді. Педагогикалық терминдер сөздігінде интеграция дегеніміз (латын тілінде integer - бүтін, қалпына келтіру) бірнеше пәннің мазмұнын, әдістерін не тақырыптарын біріктіріп, біртұтас жаңа жүйе құру процесі деген анықтама берілген.

Пәнаралық байланыс – бір пәнді оқыту барысында басқа пәндерден алынған мәліметтерді, заңдылықтарды немесе фактілерді қосымша ретінде пайдалану, бұл кезде әр пән өз дербестігін, өз шекарасын сақтап қалады. Осы

негізде 10-кестеде интеграция мен пәнаралық байланыстың белгілері көрсетіледі.

Кесте 10 – Интеграция мен пәнаралық байланыстың белгілері

Белгілері	Интеграция	Пәнаралық байланыс
Құрылымы	Пәндердің шекарасы жойылып, біртұтас жаңа мазмұн пайда болады	Пәндер өз алдына дербес болады, бір пән екінші пәнге «көмекші» болады
Тәсілі	Бірнеше пәнге ортақ мәселені жан-жақты шешу	Басқа пәннің ережелері мен фактілерін мысал ретінде алу
Нәтижесі	Дүниетанымы кеңейеді, сыни ойлай алады	Өтіліп жатқан пән бойынша білімі тереңдейді

Қорыта айтқанда, пәнаралық байланыс – бұл пәндердің өзара сұқбаты мен көмегі, ал интеграция - олардың бір арнаға тоғысып, бірігіп кетуі.

Қандай да бір құбылыстың немесе үдерістің дамуының бағыты немесе ұзақ уақыт бойы байқалатын өзгерісі тұрғысынан қарастырсақ, Алма Қыраубаеваның тұжырымдамасы негізіндегі тенденциялар білім беру саласындағы сол кезеңдегі өзгерістерді көрсетумен қатар, белгілі бір әдіс-тәсілдерге, технологияларға немесе мазмұнға деген қызығушылық арттырды және жаңа бағыт ретінде қалыптасып, ұзақ уақыт бойы өзекті болуда. Алма Қыраубаеваның білім беру жүйесінде жасаған тұжырымдамасы мен идеялары заманауи білім беру үдерістерінің көптеген тенденцияларымен тығыз байланысты. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша төмендегі тенденцияларды қарастырып өтсек:

1. Интеграциялық оқытуға көшу. Алма Қыраубаева білім беру жүйесін интеграциялауды басты назарға алған. Ол пәндерді бір-бірімен байланыстыра отырып оқыту оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, біртұтас білім алуына мүмкіндік береді деп санаған. Бұл бүгінгі білім беру саласындағы маңызды тенденциялардың бірі, себебі қазіргі кезде білім беру жүйесі жеке пәндер бойынша білімнен жалпы, кешенді білім алуға бағытталуда. Біз білім беруде оқушыларды жан-жақты дамытуға, пәндер арасындағы байланысты орнатуға және білімді өмірде қолдануға ықпал ететін интеграциялық оқытудың негізгі ерекшеліктері мен нәтижелі бағыттарын 11-кесте түрінде ұсындық.

Кесте 11– Интеграциялық оқытудың ерекшеліктері мен нәтижелі бағыттары

Интеграциялық оқытудың ерекшеліктері	Нәтижелі бағыттары
1	2
Пәнаралық байланыс	Бірнеше пәндерді байланыстыра отырып, кешенді білім қалыптастыру.
Мазмұнның кешенділігі	Оқушылардың әртүрлі пәндердегі білімдерін біріктіру арқылы әлемді тұтас қабылдауын дамыту.
Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту	Шығармашылық ойлау, зерттеу және шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіру.

11-кестенің жалғасы

1	2
Психологиялық-педагогикалық бағыт	Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру арқылы білім беру.
Тұлғалық-бағдарланған оқыту	Оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және қабілеттерін дамытуға бағыттау.
Оқу үдерісін өмірмен байланыстыру	Шынайы өмірмен байланысқан мысалдар арқылы білімнің тәжірибеде қолданылуын қамтамасыз ету.
Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру	Топтық жұмыстар, талқылаулар және жобалар арқылы қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын дамыту.
Тәрбиелік аспектілердің енуі	Білім беру мазмұнына құндылықтарды енгізу, оқушыларды моральдық-этикалық ұстанымдарға үйрету.
Тәжірибеге негізделген оқыту	Оқушылардың нақты тәжірибе арқылы білім алуы, эксперименттік және жобалық жұмыстарды қолдану.
Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану	Технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты өңдеу, зерттеу және оны қолдану дағдыларын қалыптастыру.

2. Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңашылдыққа ұмтылу. А.Қыраубаева ұлттық дәстүрлер мен мәдени мұраларды сақтай отырып, білім беру жүйесін жаңғыртуды қолдаған. Оның бұл бағыты қазіргі замандағы ең маңызды тенденция болып табылады, өйткені жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, оқушыларға заман талабына сай білім беру қажеттілігі күшейіп келеді. Ғалымның мектебінің ерекшелігіне тоқталған ғалым әрі шәкірті Ж.Дәулетбекованың: «Мектептің жаңалығы ақпаратты күшейту немесе ағылшын тілін оқыту ғана емес, ұлттық сананы қалыптастыру болу керек. Қазақ мәдениеті бүкіләлемдік мәдениетті түсіндірудің негізі болып, баланың жүрегіне сіңуі керек. Жүрекке сіңгенді жат дүниенің көбісі өшіре алмайды. Өз халқын түсінген, оның өз перзенті бола алған адам өзге мәдениетті де жақсы түсінеді, ішкі өзегі мықты болып қалыптасады, салыстыру-саралау ойлары жақсы дамиды» деген уәжін алға тартады. «Сенім» мектебіндегі ұлттық мәдениеттің айқын бір көрінісі ұл мен қыз тәрбиесінің ерекшелігін ескеруден де байқалып тұр» деген пікірі сөзіміздің дәлелі бола алады. Осы негізде А.Қыраубаеваның ұлттық мектеп идеясының мазмұндық негіздері академик Ф.Оразбаеваның пайымдаулары негізінде 9-суретте көрініс тапқан.



Сурет 9 – Ф.Оразбаева: А.Қыраубаеваның ұлттық мектеп идеясының негіздері

3. Оқытудағы пәнаралық байланыстарды дамыту. Ғалым пәндердің бір-бірімен өзара байланысуына және олардың білім беру үдерісінде біртұтас кешен ретінде қабылдануына баса назар аударған. Өз пікірімізді А.Қыраубаеваның пәнаралық байланыстарды дамыту тұжырымдамасы негізінде жасалған, ол оқушыларға білімді кешенді түрде беріп, ұлттық және заманауи құндылықтарды үйлестіре отырып білім беру әдісінің артықшылықтарын сипаттайтынын 12 - кестеде көрініс табады..

Кесте 12 – А.Қыраубаеваның бағдарламасы негізіндегі пәнаралық байланыс аспектілері мен мәні, маңызы

Пәнаралық байланыстың аспектілері	Нәтижелі мәні мен маңызы (А.Қыраубаева бағдарламасы негізінде)
Пәндер арасындағы өзара байланыс	А.Қыраубаева пәндердің байланысын күшейтіп, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуді мақсат етті.
Біртұтас білім жүйесін қалыптастыру	Пәндер арасындағы байланыстар арқылы ұлттық құндылықтарға негізделген кешенді, біртұтас білім жүйесін қалыптастыруды.
Кешенді білім беру	Білім берудің кешенділігі: оқушыларды пәнаралық білім арқылы өмірлік мәселелерді шешуге дайындауды мақсат тұтты.
Интеграциялық тәсілдің қолданылуы	Интеграциялық тәсіл А.Қыраубаеваның еңбектерінде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңашылдыққа ұмтылу арқылы жүзеге асырылды.
Шынайы өмірмен байланыс	А.Қыраубаеваның бағдарламасы оқушыларды шынайы өмірге дайындау үшін білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыруды көздеді.
Ұлттық педагогика және халық даналығының негізіндегі ұлт мәдениеті	Пәнаралық байланыстарды дамытумен қатар, білім беру мазмұнына ұлттық тәрбие, халық педагогикасы мен дәстүрлерін енгізу.

Тәсіл қазіргі білім беру тенденцияларымен сәйкес келеді, себебі заманауи қоғамда шынайы өмірдегі мәселелерді шешу үшін бірнеше ғылым салаларын байланыстыра отырып білім алу маңызды.

4. Психологиялық және тұлғалық дамуға басымдық беру. Профессор өз тұжырымдамасында білім беру үдерісін оқушылардың психологиялық дамуына, олардың тұлғалық өсуіне бағыттау қажеттігін атап көрсеткен. Қазіргі тенденциялардың бірі, өйткені қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың эмоциялық және психологиялық әл-ауқатына көп көңіл бөлінеді.

5. Тәрбиелік және құндылықтық аспектілерге назар аудару. Мектептің білім беру үдерісінде тұлға феноменін қалыптастыру, яғни білімді беру барысында оқушыларға тәрбие құндылықтарды сіңіру ұлттық болмысы мен азаматтық көзқарастарын қалыптастыруды маңызды деп санағанына байланысты профессор Д.Ысқақов: «Алма осы күнге дейін қазақ мектебіне арналған оқулықтарда кездесетін ұлттық мүддемізге жат, жас балаларды теріс жолға салатын материалдардан тазартып, оның орнына ұлтқа қызмет етудің асқан үлгілерін көрсеткен түркілік, ұлттық тұлғалар туралы әңгімелер кіргізуді ұсынды; мектеп оқулықтарынан орын алуы тиіс Тарғытай, Тұмар патшайым, Ширақ батыр, Мөде хан, көк бөрі, Білге қаған өсиеті, Қорқыт бабаның қобызы, Төбекөз дәу, Оғыз батыр, Фараби ата, Сұлтан Бейбарыс туралы қысқа әңгімелер жазып, оны көпшілікке ұсынды.

Гуманитарлық лицейдің басқа мектептерден басты айырмашылығы мұндағы білім беру, тәрбие жұмыстарының барлығы да мемлекеттік стандартты сақтай отырып, ұлттық дәстүр бағытында жүргізілді. Мысалға мектепте бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда, ұстаздар оқушыларға «сен» дегеннің орнына «сіз», оқушының атына ұл бала болса «мырза», қыз балаға «бикеш», ұстаз апайларына жас ерекшелігіне қарай «бике», «бибі деген сөзді тіркестіріп айтатын болған» деп ұлт тұлғасын қалыптастыру ізденісі мен ерекшелігін атап көрсетеді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі тенденциялардың бірі. Көптеген білім беру жүйелері оқушыларға тек академиялық білім беріп қана қоймай, оларды адамгершілікке, жауапкершілікке және азаматтыққа тәрбиелеуге тырысады [90].

6.Оқушының өзіндік ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ғалымның оқыту әдістемесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, зерттеуге баулу, өзіндік пікірін қалыптастыру, олардың сын тұрғысынан ойлауын жетілдіру маңызды рөл атқарған. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі негізгі тенденциялардың бірі болып табылады, себебі қазіргі білім беру өз бетімен ойлай алатын, креативті тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталған. Осыған орай білім алушы тұлғасының қалыптасу бағдарлары мен күтілетін нәтижелері Ф.Оразбаева ұсынған шәкірт моделі арқылы 10-суретте жүйеленген.



Сурет 10 – Ф.Оразбаева: А.Қыраубаева бағдарламасындағы шәкірт моделі

7. Инновациялық әдістерді қолдану. Алма Қыраубаева оқыту үдерісінде авторлық инновациялық әдістерді қолдануды, оқыту тәсілдерін жаңғыртуды ұсынған, өзінің авторлық инновациясымен қатар мектеп мұғалімдерінің идеяларына қолдау көрсеткен. Қазіргі білім беру жүйесіндегі тенденциялармен толық сәйкес келеді, себебі заманауи білім беру жүйесі жаңа технологиялар мен әдістерді пайдалану арқылы сапаны арттыруға бағытталған.

Алма Қыраубаеваның тұжырымдамасы бүгінгі білім беру жүйесіндегі көптеген тенденциялармен үйлесімді әрі өзекті. Оның еңбектері оқушыларды кешенді, терең және жан-жақты біліммен қамтамасыз етіп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін білім беру жүйесін дамытуға бағытталған.

Тілдік дағдыларды меңгеру, топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыра аламыз. Оқу бағдарламаларындағы пәнаралық байланыстардың тығыздылығы, тәжірибелік-бағыттылық, оқу пәндері мазмұнының өмірмен байланысы оқушылардың сапалы білім алуы үшін қажетті танымдық белсенділік пен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын дамытады. Тілдік пәндер арқылы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру – бұл оқушылардың әр түрлі білім салаларының мазмұнын тілдік құралдар арқылы игеруін және түсінуін қамтамасыз ететін маңызды тәсіл. Оқыту барысында оқушылар тілдік дағдыларды пәндер мазмұнына сай қолданып, мәтінмен жұмыс істеу, сөйлеу әрекеттерін қалыптастыруда өз білімін қолдануға үйренеді. Пәнаралық байланыстар оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруда, атап айтқанда, әр түрлі ғылым салалары бойынша ақпаратты тіл арқылы қайта өңдеуде маңызды рөл атқарады. Оқушыларға тек

білім беру ғана емес, сол білімді қалай тиімді қолдануға болатынын үйрету – қазіргі заман талабына сай дағды.

Тіл негізінде интеграциялық оқытудың нәтижелі бағыттары:

– Теориялық ойлау: оқушылар ұғымдарды, ережелерді тілдік құралдар арқылы анықтап, жіктеп, дәлелдеуге үйренеді.

– Ақпаратты қайта өңдеу дағдылары: мәтіндер мен сөйлеу актілерін талдау, интерпретациялау, экстраполяция жасау, ақпаратты бағалап, жинақтау дағдылары дамытылады.

– Сыни ойлау: мәтіндердегі пікірлерді фактілерден ажыратып, дереккөздердің сенімділігін анықтап, логикалық сәйкессіздіктерді табуға бағытталған.

– Шығармашылық ойлау: мәтіндер мен тақырыптарды жаңаша талқылап, баламалы шешімдер табуға және стандартты емес жағдайларды зерттеуге мүмкіндік береді.

– Реттеу біліктері: оқушылар сұрақтар қою, мақсаттарды анықтау, мәтін мазмұнын жоспарлау және талдау дағдыларын жетілдіреді.

Тіл арқылы пәндік байланыстарды жүзеге асыру оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етіп, олардың алған білімін өмірде қолдана білуге, әр түрлі саладағы ақпаратты тілдік құралдармен игеруге мүмкіндік береді. А.Қыраубаева интегративтік оқыту тәсілдерін қазақ тілі негізінде қарастырудың маңызды қадамдарын анықтап, білім беру процесінде пәнаралық байланыстарды қалай тиімді пайдалану қажеттігін көрсетеді. Қазақ тілі арқылы интеграциялық оқытуға арналған негізгі компоненттер:

1. Кәсіби мәтіндер мен тілдік байланыс**.** Қазақ тілін үйрету барысында мәтіндер арқылы оқушылардың ойлау жүйесін қалыптастыру өте маңызды. Мәтіндер оқылған материалды түсінуге, оны талдауға, өз ойын еркін жеткізуге септігін тигізеді. Бұл, әсіресе, кәсіби бағыттағы мәтіндерді таңдау арқылы жүзеге асырылады. Интеграциялық тәсіл қазақ тіліндегі мәтіндерді мамандыққа бағытталған мәтіндермен байланыстыра отырып, тілдік бірлікті арттыруға көмектеседі.

2. Пәнаралық байланыстарды дамыту. Қазақ тілінде білім беру барысында пәнаралық байланыстарды тиімді қолдану арқылы тілдік білімнің тереңдетілген интеграциялық жүйесін қалыптастыруға болады. Қазақ тілі мен ағылшын тілі, орыс тілі пәндерін біріктіре отырып, тіл үйренудің пәнаралық үлгісін құруға мүмкіндік бар. Бұл әдіс оқу үдерісінің мазмұндық интеграциясын қамтиды.

3. Интеграциялық деңгейлер. Қазақ тілін оқытуда пәнаралық байланыс үш деңгейде жүзеге асырылады: Төмен деңгей**:** тек пәнаралық ұғымдар енгізіледі; Орта деңгей**:** пәнаралық байланыстар кеңінен қолданылып, әртүрлі пәндер бір-бірімен үйлестіріледі; Жоғары деңгей**:** толық интеграция мазмұндық және процедуралық деңгейде орын алады, яғни қазақ тілі мен басқа пәндер біртұтас түрде оқытылады. Оқыту барысында дамитын білім-білік дағдылар 13-кестеде жүйеленген.

Кесте 13 – Алма Қыраубаева мектебі нәтижесіндегі интеграциялық оқыту барысында дамитын білім-білік дағдылары

Сыныптар	Когнитивті дағдылар	Реттеуші дағдылар	Ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары
1-4 сыныптар	Заттарды салыстыру, жіктеу және топтастыру	Өз әрекеттерін эталонмен салыстыру және түзету	Оқулық құрылымын түсіну, мәлімет іздеу
	Көрнекі-бейнелі ойлауға сүйене отырып, жоспарлау	Мұғалімнің көмегімен өзін-өзі реттеу	Оқулықтағы ақпаратты дұрыс табу және қолдану
	Ортақ заңдылықтар мен айырмашылықтарды табу	Орындалған тапсырманы бағалау	Мәтін мен суреттерді түсіну және талда.
5-9 сыныптар	Себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және қолдану	Жұмыс жоспарын құру, өз әрекеттерін бақылау	Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу
	Аналогияларды табу және қолдану	Өз бетімен мақсат қою, өзін-өзі тексеру	Мәтіндер, диаграммалар, кестелерді талдау
	Мәселені шешудің бірегей әдістерін ұсыну	Жұмыс барысына түзетулер енгізу	Қажетті ақпаратты өз бетімен табу және сұрыптау.
10-11 сыныптар	Логикалық ойлауды қолдану, жаңа әдістерді игеру	Өз бетімен жоспар құру, құралдарды таңдау	Күрделі дерек көздерінен ақпарат алу және қолдану
	Жалпылау және жүйелеу, заңдылықтарды орнату	Өзіндік іс-әрекетке ағымдық және қорытынды бақылау	Ғаламтор мен басқа да ақпарат көздерімен жұмыс
	Модельдер құру, ақпаратты қайта құру	Өзіндік бағалау және оны дәлелдеу	АКТ қолдану арқылы ақпаратты ұсыну

4. Интеграциялық технологиялар**.** Қазақ тілін оқытуда әртүрлі технологиялар қолданылады: коммуникативтік, танымдық, білім беру міндеттерін шешуге бағытталған тәсілдер. Қазақ тілі пәнін басқа пәндермен (мысалы, математика, химия, физика) біріктіріп оқыту арқылы тіл мен басқа пәндердің интеграциялық үйлесімділігіне қол жеткізіледі.

5. Интеграциялық оқыту құралдары**.** Қазақ тілі сабақтарында оқулықтар мен оқу материалдары интеграциялық байланыстарды қолдайды. Құралдар арқылы оқушылардың қазақ тіліндегі білімдері пәнаралық мазмұнмен байытылады.

Педагог-практиктер оқытуда интегративті тәсілдің теориялық негіздерін кеңінен қолданады. Білім берудің әртүрлі сатыларында оқытуда интегративті тәсілді қолдану бойынша бай тәжірибе жинақталды. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, интегративті тәсіл негізінде оқыту балаларда әлемнің біртұтас көзқарасын қалыптастырады, оның дамуының алғашқы кезеңдерінде табиғи деректерді жетілдіруге мүмкіндік береді, қарым-қатынас дағдыларын және қоршаған ортадағы еркіндік, тәуелсіздік және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді. Орта мектепте интегративті тәсіл негізінде білім алған мұндай оқушы университет өміріне, жаңа талаптар мен ережелерге оңай бейімделеді.

Жоғары оқу орындарында көптеген оқытушылар оқу процесін ұйымдастыруда интегративті тәсілді қолданады.

Білім беру трендтері интеграциялық және пәнаралық оқытуды қолдай отырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына, олардың бәсекеге қабілетті болуына және шынайы өмірдегі қиындықтарға дайын болуына үлкен ықпал етеді. Білім тенденциялары білім беру жүйесінің дамуын, жаңа технологиялардың енгізілуін, әлеуметтік өзгерістерді және әлемдік талаптарды ескере отырып қалыптасады. Төменде қазіргі білім беру тенденцияларының бірнеше негізгі аспектілері ұсынылған:

1. Цифрландыру мен технологияның интеграциясы

– *Интерактивті оқыту құралдары*: заманауи технологиялардың (смартфондар, планшеттер, интерактивті тақталар) кеңінен қолданылуы оқытудың интерактивтілігін арттырады.

– *Онлайн оқу:* дистанциялық білім беру платформаларының пайда болуы оқушылар мен студенттерге әлемнің кез келген жерінен білім алу мүмкіндігін береді.

– *Білім беру қосымшалары*: оқушылар мен мұғалімдерге арналған түрлі білім беру бағдарламалары мен қосымшалардың танымалдығы, оқу процесін жеңілдетеді.

2. Пәнаралық және интеграциялық оқыту

– *Кросс-дисциплинарлық тәсіл:* пәндер арасындағы шекараларды жою, білім беру бағдарламаларын пәнаралық негізде ұйымдастыру оқушылардың жүйелі ойлауын және проблемаларды кешенді шешу қабілетін дамытады.

– *Интеграцияланған оқу бағдарламалары:* оқу жоспарына әртүрлі пәндердің элементтерін енгізу, мәселен, ғылым мен өнерді біріктіру, оқушылардың білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

3. Жекелендірілген оқыту

– *Оқушыға бағытталған тәсіл:* оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне негізделген оқыту әдістерінің қолданысы. Мұғалімдер әр оқушының дамуын бақылап, оларға жеке қолдау көрсетуі қажет.

– *Адаптивті оқу:* оқушылардың деңгейіне, қызығушылықтарына және жылдамдығына қарай оқу материалдарын бейімдеу.

4. Креативтілік пен сыни ойлауды дамыту

– *Проблемалық оқыту:* оқушыларды шынайы өмірдегі мәселелерді шешуге бағыттау, оларды сыни және аналитикалық ойлауға ынталандыру.

– *Жобалық жұмыс:* оқушыларды топтық жобалар мен зерттеулерге қатыстыру, креативті ойлау мен ынтымақтастықты дамыту.

5. Әлеуметтік және эмоционалдық оқу

– *Психологиялық қолдау:* оқушылардың психологиялық әл-ауқатына көңіл бөлу, әлеуметтік дағдыларды дамыту.

– *Эмоционалдық интеллект:* оқушыларға өз эмоцияларын түсінуге, басқаруға және басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуға үйрету.

6. Глобализация және мультикультурализм

– *Халықаралық ынтымақтастық:* әртүрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы байланыстарды нығайту. Оқушылардың халықаралық мәселелер мен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру.

– *Жаһанданудың әсері:* білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға сай болуын қамтамасыз ету.

7. Экологиялық білім

– *Тұрақты даму:* экология және тұрақты даму туралы білімді оқыту, оқушыларды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

– *Эко-білім беру:* экологиялық мәселелерді зерттеу және оларды шешуге бағытталған білім беру бағдарламаларының кеңеюі.

8. Тіркелген және үнемі оқыту

– *Тұрақты білім алу:* білім алу процесінің өмір бойы жалғасуын қамтамасыз ету. Оқушылар мен студенттерге кәсіби даму мен дағдыларды жетілдіруге арналған бағдарламаларды ұсыну.

Алма Қыраубаеваның мектебінде реформаторлық сипатта танылып, ғалым мектебінің өзегі болған интеграциялық және пәнаралық оқыту әдістері қазіргі білім беру жүйесінде маңызды трендтердің бірі ретінде қалыптасты. Бұл әдістердің мәні – әртүрлі пәндерді бір-бірімен байланыстыра отырып, оқушылардың кешенді білімін, ойлау қабілеттерін және практикалық дағдыларын дамыту. Аталған әдістер оқушыларға шынайы өмірдегі проблемаларды шешуде жан-жақты көзқарас қалыптастыруға және теория мен практиканы ұштастыруға мүмкіндік береді.

Тенденциялар білім беру үдерісінің даму бағытын көрсетеді және Қыраубаеваның идеялары осы бағыттардың негізінде маңызды орын алады. Егер Алма Қыраубаева еңбектері негізінде мысал келтіретін болсақ, онда кесте төмендегідей сипатта көрініс береді. Бұл кестеде қазіргі білім беру трендтері мен Алма Қыраубаеваның ұлттық мектебінде жүзеге асырылған тәжірибелердің үндестігі мен ерекшеліктері көрсетілген. Ғалым ұлттық негізге сүйене отырып, жаһандық трендтерге сай білім беруді дамытуға зор үлес қосқанын 14-кестеден байқаймыз.

Кесте 14 – А.Қыраубаева мектебінің тәжірибесі мен нәтижесі негізінде жүзеге асырылған және заманауи білім беру трендтерін салыстыру

Заманауи және дүниежүзілік білім беру трендтері	А.Қыраубаева мектебінің тәжірибесінде жүзеге асырылған білім беру трендтері
1	2
Жаһандық құзыреттер. Интеграциялық оқыту оқушыларға әртүрлі мәдениет пен тілдерді біріктіре отырып, жаһандық мәселелерді түсінуге көмектеседі. Пәнаралық байланыс жаһандық құбылыстарды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді	Әлемдік орта феномені «қазақ құбылысы». Мақсаты – қазақ баласын әлем сахнасына қазақ құбылысы етіп шығару. Қазақ мәдениетін әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі деп қарап, интеграциялық оқыту, әртүрлі мәдениет пен тілдерді біріктіре отырып, кемел білім көзін қалыптастыруды көздеді.

14-кестенің жалғасы

1	2
Ақпараттық технологиялардың дамуы. Пәнаралық оқыту ақпараттық технологиялар арқылы түрлі пәндер арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Интеграция сандық технологияларды білім беру процесіне тиімді енгізуге ықпал етеді.	Мәдениетаралық байланыс және ұлттық құндылықтар А.Қыраубаева ұлттық құндылықтарды мәдениетаралық диалог арқылы сақтауға және нығайтуға тырысты. Оқушыларды өз мәдениетін құрметтей отырып, басқа мәдениеттерді де түсінуге үйрету оның басты қағидаларының бірі болды
Жобалық және проблемалық оқыту. Интеграциялық тәсіл жобалық және проблемалық оқытуды қолдайды, себебі бірнеше пәндер біріктіріліп, нақты өмірлік жағдайларды шешу барысында қолданылады. Пәнаралық байланыстар арқылы мәселелер жан-жақты зерттеледі.	Интердисциплинарлық байланыс Пәнаралық оқыту А.Қыраубаева әдісінің негізінде тұрған басты қағидалардың бірі болды. Оның әдістемесі тіл арқылы әдебиет, ежелгі әдебиет, тарих, биология, география, физика және өнер мен мәдениет (өзі енгізген тілашар, әлемтану, елтану, әдеп т.б.) пәндерді біріктіре отырып, терең түсінік қалыптастырды.
Креативтілік пен сыни ойлаудың маңыздылығы. Интеграциялық оқыту мен пәнаралық байланыс креативті ойлауды дамытып, оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілетін арттырады. Әртүрлі пәндердің қиылысуы арқылы жаңа идеялар туындап, оларды талдауға мүмкіндік береді.	Тұлғалық бағдарланған оқыту Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру маңызды болды. А.Қыраубаева оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын ашуға және дамытуға көп көңіл бөлді, эмоционалды интеллектін дамытуға ерекше назар аударды. Тұлғаны қалыптастыруда мәдени және рухани тәрбиенің маңызы зор екенін ескере отырып, бұл бағытта жұмыс жүргізілді.

Алма Қыраубаеваның педагогикалық әдіс-тәжірибелері интеграцияланған оқыту арқылы әлеуметтік және тұлғалық құзыреттерді қалыптастыруға, оқушылардың білім, білік және дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталды. Оның әдістемесіндегі құзыреттерді, бүгінгі ғылым көзімен қарастырсақ, бес негізгі топқа бөлуге болады:

1. Құндылықтық-мағыналық құзыреттер: оқушыларды ұлттық және жаһандық құндылықтарды түсінуге, оларды күнделікті өмірде қолдануға бағыттайды. Бұл бағытта «жасыл экономика», энергосақтау, экологиялық мәселелер және әлеуметтік-мәдени әртүрлілік сияқты маңызды ұғымдар оқыту барысында қамтылады.

2. Жүйелі-әрекеттік құзыреттер: бұл құзыреттер арқылы оқушылар ақпаратты талдау, қорыту, жүйелеу және жаңа шешімдер ұсыну дағдыларын дамытады. Пәнаралық оқыту кезінде проблемаларды жүйелі шешу және инновациялық идеялар мен гипотезалар ұсыну маңызды рөл атқарады.

3. Өзіндік танымдық іс-әрекет құзыреттері: оқушылардың өз бетімен іздену, білімді басқару, ақпаратты табу, өңдеу, сақтау және қолдану дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, жеке білім траекторияларын жобалау және жүзеге асыруға қабілеттілік қалыптасады.

4. Әлеуметтік өзара әрекет құзыреттері: командада жұмыс істеу, әріптестердің пікірлерін ескере отырып, мақсаттарға қол жеткізу қабілеттері. Бұл құзыреттер арқылы оқушыларға түрлі мәдениеттерде жұмыс істеуді үйрету, өз көзқарасын дәлелдеу және бірлесе шешім қабылдау дағдылары дамиды.

5. Өзін-өзі ұйымдастыру және басқару құзыреттері: оқушылардың өздерін бағалау, шешім қабылдау, өзгермелі жағдайларға бейімделу, өздігінен дамуға және басқаруға қабілеттіліктерін қалыптастыру.

Қорыта келе, ғалымның педагогикалық көзқарастары мен әдістемелік мұралары отыз жылдық ара қашықтығына қарамастан, заманауи білім беру трендтерімен үндестігін, өзектілігін және теориялық ғылыми негіз ретінде қолдану маңыздылығын танытады.

2.4 Филология ғылымдарының докторы Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық байланыстың қазіргі білім беру жүйесінде алатын орны

Профессор Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту идеясы білім кеңістігіндегі пәндер сабақтастығын нығайтып, оқушылардың біртұтас таным жүйесін қалыптастыруды көздейді. Білім мазмұнын өзара тоғыстыра сараптау оқушылардың жасампаздық, зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын шыңдаудың сенімді жолы. Ғалым еңбектерінде пәнаралық сипат оқшау пән шеңберінен шығып, бірнеше ғылым саласын кіріктірудің нақты тетігі ретінде көрініс тапқан. Мәселелерді кешенді зерттеп, жан-жақты шешуге бағытталған пәнаралық үдеріс бірнеше негізгі деңгейде өрістейді:

Мазмұндық байланыс: пәндер арасындағы ортақ ұғымдар мен тақырыптық желілерді тоғыстыру негізгі орында. Мәселен, әдебиет пен тарих сабақтарын ортақ дәуір оқиғалары арқылы үндестіру немесе тіл мен қисындық пайымды синтездеу білім алушының ой-өрісін кеңейте түспек.

Әдіснамалық қадамдар: әр пәннің өзіндік дидактикалық тәсілдерін ұштастыру оқушының сараптау, салыстыру, жүйелеу және байлам жасау дағдыларын кешенді дамытуға арналған.

Когнитивтік әлеуетті арттыру: танымдық белсенділікті жандандыру оқушыны шынайы өмірлік міндеттерді шешуге бейімдеп, функционалдық дағдыларын орнықтырады.

Күрделі мәселелерді кешенді шешу: әр алуан ғылымдар тоғысында қалыптасқан дүниетаным көпқырлы мәселелерді терең пайымдап, оңтайлы шешім қабылдауға бағыттайды.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.Чапаев «Стратегии решения проблем глобализации образования» атты зерттеуінде жаһандану үдерісі мен төл педагогикалық мәдениеттердің дара табиғаты арасындағы қайшылықты басты мәселе ретінде көтереді [91]. Қайшылықты шешу бағытында стандарттау, біріздендіру және әмбебаптандыру жолдары

ұсынылады. Стандарттау арқылы ортақ ережелер мен нормалар бекітілсе, біріздендіру үлгілік нысандардың санын шектеуді көздейді, ал әмбебаптандыру білім беру нысандарының жаһандық кеңістіктегі көпфункционалды қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Ассимиляциялық-репродуктивті кіріктіруге негізделген біржақты стандарттар ұлттық педагогикалық мәдениеттердің ерекшелігін сақтауда оңтайлы шешім бола алмайды. Мәдени-білім беру кеңістігіндегі түйткілдерді еңсеру мақсатында жаттанды үлгілерден бас тартып, өнімді әрі шығармашылық сипаттағы органикалық кірігуге көшу қажеттігі туындайды. Баламалы эвристикалық тетік ретінде ұсынылған диалектикалық тұтастық тәсілі келесі қағидаттарға сүйенеді:

- Үдеріс пен нәтиженің, әмбебаптық пен өзара үйлесімнің бірлігі;
- Құрамдас бөліктердің бір-біріне нұқсан келтірмей, тірі ағза секілді бірін-бірі байытатын өзара трансформациясы;
- Қайшылықты көріністердің бірін-бірі толықтырып отыратын ортақ түйісу нүктелерінің болуы;
- Тұтастықтың бастапқы табиғаты мен көпорталықтылықтың (полицентризм) шынайы үйлесімі;
- Жекелеген қимылдар жиынтығы бірлескен әрекеттен туындайтын кешенді нәтижеден әлдеқайда өзгеше сипат алуы;
- Жеке элементтегі өзгерістердің өзге құрамдастарға әсері жай пропорционалды емес, күрделі заңдылықтармен айқындалуы.

Тұтастық қағидатында еркіндік пен шынайы серіктестік басты орынға шығады. Педагогикалық мәдениеттер сұхбаты әр өркениеттің төл болмысын, теңдігі мен құндылығын сақтаудың сенімді кепілі. «Педагогикалық мәдениеттер диалогы» ұғымы мәдениеттану мен әдебиеттану, педагогика кеңістігіндегі іргелі теориялардан бастау алады.

Араға ширек ғасыр салып жарық көрген Н.Чапаевтың зерттеулері Алма Қыраубаева ұстанған «әуелі төл мәдениетті меңгерту, кейін ғана өзге өркениеттерді таныту» тұжырымдамасының терең көрегендігін айғақтайды. Тәлімгер мен оқушы арасындағы ізгі байланыс мәдениетіне айрықша көңіл бөлінуі бекер емес. Қазақстандық педагог: «Ұстаздар мен директор, ұстаз бен ұстаз, ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынас сыпайы, кішіпейілділікке құрылған. Амандасу әдебі мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін оқушыға шынайы сыйластықпен қарау шарт» деп көрсеткен. Жүйелі көзқарас Н.Чапаевтың: «В педагогике понятие «диалог культур» трактуется весьма широко. Оно включает в себя и собственно общение культур, и способность вести дискуссии об основных культурных представлениях, и определение самой сути усваиваемых понятий, и постоянный диалог в сознании ученика и учителя голосов поэта (художника) и теоретика, в целом оно может пониматься как основа реального гуманитарного мышления» [92] деген байламымен үндеседі. Тұтастықтың қалыптасуын идеялар мен әдістердің өзара сабақтастығы арқылы түсіндірген Н.Чапаев білімнің шоғырлануы мен танымдық қабілеттердің кеңеюіне назар аударады. Зерттеуші кіріктіру үдерісін екі арнаға бөледі: дербес бөліктердің байланысына құрылған жүйелік-техникалық парадигма және білім кеңістігін тірі ағза ретінде бағалайтын

органикалық парадигма. Білім мазмұнын оқшау ұсыну құрғақ деректерді жаттаған, бірақ болмысты терең түсінбейтін шәкірт қалыптастыру қаупін туғызады. Ғалым: «Итак, если системотехническая интеграция направлена на формирование «частичного», «знающего» человека, то органическая служит целям развития целостно-гармоничного, «понимающего» человека. Системотехническая парадигма сводится к внешним проявлениям интеграции, тогда как органическая педагогическая интеграция должна иметь дело с трансформациями (метаморфозами) внутреннего порядка, каковыми являются процессы развития, становления и формирования человека» деп дәйектейді. Ұсынылған қос парадигманың салыстырмалы көрсеткіштері 15-кестеде толық көрініс тапқан.

Кесте 15 – Н.К.Чапаевтың негізгі педагогикалық интеграция парадигмаларының сипаттамасы

Сипаттама	Органикалық парадигма	Жүйелік-техникалық парадигма
Бүтіннің бөлшектеріне қатысты басымдығы	Бүтіннің бөлшектеріне қарағанда басымдылығы және бастапқылығы жоғары	Бөлшектердің бүтінге қарағанда басымдылығы және бастапқылығы жоғары
Бүтіннің бөлшектерге тәуелсіздігі	Бүтін бөлшектеріне толық тәуелді емес	Бүтін бөлшектерге толық тәуелді
Бүтінді интеграциялық процестің бастапқы және соңғы пункті ретінде қарау	Бүтін – интеграциялық процестің бастапқы және соңғы нүктесі	Бүтін – нәтижелік, тәуелді айнымалы ретінде қарастырылады
Интеграциялық процесті түсіну	Интеграция процесі ішкі потенциалды жүзеге асырудың шығармашылық актісі ретінде түсіндіріледі	Интеграция процесі бөлшектердің механикалық өзара әрекеттестігі ретінде түсіндіріледі
Интеграциялық мақсаттардың жүзеге асырылуы	Құрастырмалы компоненттердің өзара бейімделуі арқылы, генетикалық сипаттамаларын сақтай отырып жүзеге асырылады	Құрастырмалы компоненттердің бір-бірін толықтыру арқылы интеграциялық мақсаттар жүзеге асырылады

Көзқарастар негізінде Н.Чапаев оқу пәнінің мазмұнын байланыстыру кезінде интегративтік мүмкіндіктердің үш деңгейін айқындайды:

1. Өзара байланыс: оқу пәнінің мазмұнын баяндау кезінде әртүрлі пәндерден кездейсоқ, үзінді ақпараттар беріледі.

2. Пәнаралық байланыстар: басқа пәндерден материал алдын ала таңдалып, негізгі сабаққа үйлесімді, қажеттілікке орай және толықтыру жеткіліктілік талаптарын ескере отырып қосылады.

3. Интеграция: фактілердің, идеялардың, түсініктердің, принциптердің, заңдардың, түрлі ғылымдар мен адам қызметінің түрлерінің теорияларының бірігуі жүзеге асырылатын курс, пән, бөлім, бағдарлама жасау жорамалданады.

Зерттеу барысында Н.Чапаевтың парадигмалары арасындағы байланыстың мәнін ашатын А.Қыраубаеваның жұмыс бағыттары дәнекер «көпір» ретінде түсінік аясын кеңейте түсетінін байқадық. Оны 16-кестеден көруге болады.

Кесте 16 – Интеграциялық оқыту: Н.Чапаев парадигмалары негізінде А.Қыраубаева әдістемесі

Сипаттама	Органикалық парадигма	Жүйелік-техникалық парадигма
- Мазмұндық байланыс: пәндер арасындағы ортақ тақырыптар мен ұғымдарды анықтау - Әдіснамалық қадамдар: әр пәннің әдістемелерін интеграциялау - Когнитивтік қабілеттерді дамыту: оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру - Мәселелердің кешенді шешу: интеграцияланға білімді қолдана отырып, күрделі мәселелерді шешу	- Динамика: оқу процесінің динамикасын көрсету - Ынтымақтастық: оқушылардың бір-біріне деген құрметі мен бірлігі - Гармония: пәндер арасындағы тепе-теңдік	- Байланыс: пәндер арасындағы өзара байланыстарды көрсету - Интеракция: оқу барысында пәндерді өзара әрекеттесуін насихаттау - Кооперация: оқушылардың ынтымақтастығын арттыру

Алма Қыраубаева ұсынған интеграциялық оқыту негіздері кешенді әрі жаңашыл көзқарастардан бастау алады. Тәлім мен тәрбиені ажырамас тұтастықта сабақтастыру, теориялық білім мен тәжірибелік машықтар тепе-теңдігін сақтау, шәкірттің тұлғалық кемелденуіне басымдық беру оқу-тәрбие кеңістігіндегі күрделі байланыстардың табиғатын дөп басуға бағытталған. Н.Чапаев педагогикалық заңдылықтарды тік және көлденең осьтерде тоғыстыра қарастыруды ұсынады. Тік деңгей иерархиялық жүйеге құрылып, жекелеген нақты заңдылықтарды анықтауға жол ашса, көлденең бағыт педагогикалық қызметтің барша саласындағы өзара байланыстарды зерделеудің сенімді тетігі. Тік бағыттағы оқыту мен тәрбиенің жалпы заңдылықтарын Алма Қыраубаева жүзеге асатын нақты ортамен және субъектілік-танымдық ерекшеліктермен бірлікте бағамдаған. Көлденең деңгейде Н.Чапаев сипаттаған ғылыми-педагогикалық жүйенің даму заңдылықтарымен қатар, тәжірибе барысында шешім қабылдауға бастайтын проблемалық-интегративтік қағидалар кеңістігі айқындалады. Педагогикалық заңдылықтардың уақыт пен жағдаятқа сай түрленетінін ескерсек, Н.Чапаев атап өткендей, жақын санаттар саналатын заңдар мен ережелер арасында қатаң шекара жоқ. Оқыту мен тәрбие үйлесімін зерттеген И.Ф.Харламовтың, кәсіби дайындықтағы байланыстарға мән берген Ю.К.Бабанский мен А.П.Беляевтің еңбектері кеңестік қасаң қалыптан арылуға үндеген қазақстандық ғалымның тәнтұлғалық ұстанымымен үндес: «Шын мәніндегі ұстаз болу шәкірт кейпіне ене білуді талап етеді. Оқыту үдерісі мұғалім өз оқушыларынан үйреніп, өзін солардың орнына қойып, білімді қалай меңгеретінін түсінуге ұмтылған сәттен бастау алады». Ізденісте жеке, жалпы

және нақты дидактикалық өлшемдермен қатар әлеуетті, іске асырылатын және өзекті заңдылықтар тобы сараланады. Жүйе педагогикалық әрекет құрамдастары арасындағы сабақтастықты танытып, ортақ интегративті қызметтерді атқаруға қабілетті. Профессор төл мұраттарды оқытуда әлеуетті заңдылықтарды тәжірибеге енгізіп, қолданыстағы қағидаттарды жүйеге бейімдей отырып, түйткілді мәселелердің келешектегі сипатын дәл бағамдаған.

1. Әлеуетті интегративті-педагогикалық заңдылықтар: педагогикалық қызметтің іргетасын құрап, әр алуан оқу жағдаяттарында қолданыс табатын қағидалар жиынтығы. Ғалым өз әдістемесінде ұлттық мұраттар мен ана тілін меңгертуде осы әлеуетке арқа сүйеген. Қазақ топырағындағы А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов тәрізді Алаш қайраткерлерінің идеялары білім беру кеңістігінде сарқылмас рухани зор қызметін атқарады. Ұлт ұстаздарының мұрасы оқушылардың сана-сезімін жаңғыртып, адамгершілік бағдарын қалыптастыруға бастайтын «Қазақы құбылыс» феноменінің өзегі.

2. Іске асырылатын интегративті-педагогикалық заңдылықтар: ұлттық фольклор, салт-дәстүрлер және халықтық психология қағидаттарын сабақ мазмұнына енгізу барысында көрініс табады. Педагог этнопедагогика тағылымын ұлттық тәрбие діңгегіне айналдырып, пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін тиімді амалдарды тәжірибеге енгізді. Интеграциялық пәндер тоғысы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра тәрбиелеуге даңғыл жол.

3. Өзекті интегративті-педагогикалық заңдылықтар: ғалымның жаңашыл тәсілдері нақты өмірлік қажеттіліктерді өтеуге арналған. Ауыз әдебиеті, қазақ сөз өнері, тіл мен тарих пәндерін өзара сабақтастыра отырып оқушыны өмірге даярлау басты мақсат. Заманауи қоғам сұранысын ескеретін әдістеме ұлттық тәрбиені жаңа білім беру парадигмасымен шебер ұштастырады. Төл дүниетаным мен жаңа ғылым жетістіктері арасында берік мазмұндық байланыс орнықпақ.

Профессор Алма Қыраубаеваның оқу үдерісіне қосқан тың жаңалықтарының бірі кәсіби ұғымдарды ұлттық танымға сай бейімдеп, төл сөздерді батыл қолдануынан көрінеді. Мектеп маңдайшасындағы «Қош келдіңіздер!» тіркесінің орнына Ыбырай салған үрдіспен «Кел, балалар, оқылық!» деп жазуы, ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынаста «бибі», «бике», «мырза», «бикеш» сөздерін орнықтыруы, дәстүрлі сыныпты «жылдық», табельді «деректеме» деп атауы соның айғағы [93]. Сабақта білімді бекіту механизмі ретінде қолданылған «Шиыршық» әдістемесі сапалы оқу нәтижелерін көрсетті. Әлемдік педагогикадағы «спиральдік білім беру қағидатымен» үндесетін ұстаным бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының да арқауына айналған. Ұқсастық қазақстандық педагогтің көрегендігі мен ғылыми болжамының дәлдігін айқындайды.

«Шиыршық» тәсілі мен «спиральді білім беру» қағидатын салғастыра зерделеген жөн. Алма Қыраубаева «Шиыршық» әдісін білімді жүйелеп бекітудің құралы ретінде бағалағанымен, күллі оқу барысын тек осы қалыппен шектемеген. Дж.Брунердің «Оқыту үдерісі» [94] еңбегіндегі ой-тұжырымдар

мен Б.Блум таксономиясы [95] қағидаттары тәжірибелік үдерістің теориялық тірегі саналады.

«Шиыршық» әдісі жаңа материалды меңгертуде оқушының жас және танымдық ерекшеліктерін ескере отырып кезең-кезеңмен қайталауға, әр деңгейді күрделендіре отырып бұрынғы ұғымдармен тың білімді кіріктіруге негізделген. Тәсілдің өзегі қайталау мен тереңдетудің, яғни алдыңғы тақырыпты келесі сатымен байланыстырудың үндестігінен тұрады. Қарапайымнан күрделіге ұласу арқылы оқушы мазмұнды сатылап игереді. Оқу үдерісіндегі мазмұндық тоғысу оқушының рухани болмысын, парасат-пайымын дамытуға бағытталған. Білім жалаң деректер тізбегі деңгейінде қалмай, ұлттық құндылықтарды қабылдаудың танымдық құралына айналмақ. Сабақ үстінде «Берілген тақырып туралы не білеміз?», «Тағы нені ескеру қажет?», «Бүгін қандай деректермен толықтырамыз?» деген сұрақтардың мән-мағынасы толық ашылуы шарт.

Шиыршық тәсілі мен спиральді оқыту қағидаттарының арақатынасы 11-суретте графикалық түрде салыстырылып берілген.



Сурет 11 – Шиыршық тәсілі мен спиральдік оқыту қағидатының салыстырмалы сипаттамасы

«Шиыршық» әдісі оқу материалын бір рет қана түсіндіріп қоймай, тақырыпқа қайта-қайта айналып келіп, әр жолы тереңдете меңгертуды көздейтін интеграциялық оқыту тәсілі.

Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту идеяларының мәні мен маңызын, жаңашылдық сипатын жинақтай қарастырсақ:

1. Интеграциялық оқыту моделінің жаңашылдығы: профессор Алма Қыраубаева ұсынған интеграциялық оқыту моделі дәстүрлі білім беру мен заманауи инновациялық әдістерді біртұтас жүйеге біріктіруімен ерекшеленеді. Білім беру процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау және оларды заманауи

талаптарға сәйкестендіру арқылы оқытудың жаңаша тәсілдерін қолданды. Қыраубаева оқушыларға қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрлерін үйрету барысында, осы элементтерді заманауи ғылыми жетістіктермен байланыстырып ұсынды. Интеграцияның осындай тәсілі оқушылардың ұлттық құндылықтар мен жаңашылдықты қатар игеруге мүмкіндік берді. Мысалы, қазақ тілін үйрету барысында математикалық терминдер мен логикалық ойлауды да дамытуға бағытталған тапсырмалар енгізіледі.

2. Тарихи-мәдени контекстегі білім беру: Алма Қыраубаева білім берудің мазмұнын мәдениетаралық тұрғыдан байытуға назар аударды. Ұлттық тарих пен мәдениетті оқу барысында тек қана тарихи фактілерді оқытумен шектелмей, әрбір тарихи кезеңнің әлеуметтік, мәдени және рухани ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесін дамытты. Қазақ халқының тарихи кезеңдерін үйретуде, оқушыларды тек тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, сол кезеңдегі мәдени құндылықтар мен олардың қазіргі қоғамға әсерін де түсіндіруге ерекше мән берді. Тәсіл оқушыларға ұлттық болмысты тереңірек ұғынуға және мәдениетаралық диалогта еркін әрекет етуге көмектесті.

3. Тұлғаның жан-жақты дамуы: оқушылардың тек интеллектуалды дамуы ғана емес, сонымен қатар рухани, адамгершілік, әлеуметтік тұрғыдан да жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлді. Ғалымның әдістемесінде тұлғаның әртүрлі қырларын дамытатын арнайы әдістер мен тәсілдер қолданылады. Оқыту үдерісінде шығармашылық жобалар, топтық жұмыс, дебаттар мен рөлдік ойындар арқылы оқушылардың әлеуметтік дағдыларын, өздігінен шешім қабылдау қабілетін және шығармашылық ойлауын дамытты. Тәсіл әрбір баланың ішкі әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді, оларды заманауи қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптастырады.

4. Импровизацияға негіздей оқыту: ғалым импровизацияға негіздей оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударды. Оқушыларды жаңа білімді өз бетінше игеруге, өздігінен зерттеулер жүргізуге және шешім қабылдауға үйретті. Оқушыларға нақты бір мәселені зерттеу арқылы оның шешімін табуға тапсырмалар беріледі, бұл эвристикалық оқытудың басты мақсаты болып табылады. Оқушы өз бетінше ізденіп, жаңа ақпаратты игеру арқылы, логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады. Әдіс олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында табысты болуына ықпал етеді.

5. Ұлттық болмысты сақтай отырып инновация енгізу: ұлттық болмыс пен мәдени мұраларды сақтай отырып, білім беру жүйесіне инновациялық тәсілдерді сәтті енгізе алды. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесін қазіргі заманғы инновациялық әдістермен үйлестіріп, оқыту бағдарламасына енгізді. Оқушылар тек қана инновациялық білім алып қана қоймай, сонымен қатар, ұлттық сана-сезім мен мәдени болмысын сақтап қалуға бағытталған тәрбие алады. Алма Қыраубаева ұлттық рухани құндылықтарды қазіргі заман талабына сай жаңаша форматта ұсынып, оқушылардың патриоттық сезімін дамытуға ықпал етті.

Алма Қыраубаеваның мектебінде жүзеге асырылған апробация қазақ педагогикасының тарихындағы реформаторлық сипатымен аса маңызды болып есептеледі. Бағдарламаны ұлттық идея және ұлт тарихымен байланыста, халық педагогикасы мен алаш ардақтыларының озық ой, ағартушылық идеяларына негіздеп құрды. Болашақтағы даму мәселесінде кезек күтіп тұрған инновацияларға бағыттады. Дәстүрлі педагогикалық әдістерді пайдалана отырып, оларды жаңашыл идеялармен үйлестіріп, болашақта білім берудің жаңа бағыттарын дамытуға негіз жасады. Тәсіл оқытудың үздіксіз дамуына және білім беру жүйесінің болашақ тенденцияларына бейімделуіне мүмкіндік береді. Қыраубаеваның әдістемесі заман ағымына сай білім беру жүйесін дамытуға бағытталған және оқушылардың болашақтағы табысты білім алуына мүмкіндік береді.

Оқытудағы интеграция оның педагогикалық жүйесінде кең ауқымда қолданылған негізгі жұмыс бағыттарына назар аударсақ:

Кесте 17 – А.Қыраубаеваның интеграциялы жұмыс бағыттары мен түсініктемесі

Алма Қыраубаеваның жұмыс бағыттары	Түсініктеме
Оқу мен тәрбиенің бірлігі	Оқыту мен тәрбиені біртұтас жүйе ретінде қарастырып, оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған. Бұл әдіс адамгершілік, рухани даму мен білімді қатар алып жүруді көздейді.
Теория мен практиканы біріктіру	Теориялық білімді тәжірибе арқылы меңгеру тәсілі. Оқушылар білімдерін іс жүзінде қолдану арқылы дағдыларын дамытып, білімдерін тереңдетеді.
Пәндер арасындағы интеграция	Әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды біріктіру арқылы оқушылардың кешенді ойлау қабілетін дамыту. Бірнеше пәннің мазмұнын интеграциялау арқылы білімнің кешенділігі қамтамасыз етіледі.
Мәдени-бағдарлы оқыту	Оқушылардың мәдени құндылықтарын ескере отырып, ұлттық болмысты қалыптастыру және оны білім беру процесіне енгізу. Оқушылардың мәдениетін білім мазмұнына енгізу арқылы олардың өзіне деген сенімі артады.
Проблемалық оқыту	Оқушыларды нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағыттап, олардың ойлау қабілетін, креативтілігін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға арналған оқыту тәсілі.
Оқу әрекетінің мотивациясы	Оқушылардың ішкі уәжін дамыту арқылы оқу процесінің тиімділігін арттыру. Бұл әдіс оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың өзіндік мотивациясын қолдауға бағытталған.
Шығармашылыққа бағдарланған оқыту	Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың жаңа идеялар ұсыну және оларды жүзеге асыру қабілеттерін арттыруға бағытталған оқыту жүйесі.
Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту	Әр оқушының жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру. Бұл әдіс әрбір оқушының оқу барысындағы жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған.

Профессор Алма Қыраубаева жасақтаған интеграциялық оқыту жүйесі оқушыға теориялық білім берумен шектелмей, өмірлік міндеттерді оңтайлы шешуге, ұлттық руханият пен мәдениетті сақтауға, креативті ойлауды өрістетуге жетелейтін кешенді тұлғалық үлгі саналады. Ғалым еңбектерінде білім кеңістігін пәнаралық байланыстар арқылы біртұтас жүйеге келтіру негізгі өзекті құрайды. Ұлттық педагогикаға енгізілген жаңашыл тәсіл оқушының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ететін сенімді құрал ретінде бағаланды. Пәндер тоғысы мен өзара сабақтастық білімнің кешенді құрылымын түзіп, оқу материалдарының қолданбалы мәнін арттыруға, талдамалық ойлауды шыңдауға бастамақ. Педагог тұжырымдамасы төл оқу-ағарту дәстүрлерінен нәр ала отырып, жаһандық білім кеңістігіндегі озық бағыттармен табиғи үндестік табады.

1. Пәндер арасындағы интеграцияның мәні. Білім беру мазмұнын жеке пәндік тар шеңберден шығарып, ғылым салаларының өзара байланысын күшейту арқылы шәкірттердің танымдық көкжиегін кеңейту зерттеушінің басты мақсаты. Пәнаралық кірігу оқу мазмұнын біріктіріп, ортақ түйісу нүктелерін ашу арқылы біртұтас таным кеңістігін қалыптастыруды білдіреді. Жүйелі амал білім алушының теориялық қағидаттарды өмірлік тәжірибеде ұтымды пайдалануына жол салмақ. Педагог пайымынша, пәндерді өзара байланыстыра оқыту білім сапасын арттырудың ең тиімді тетігі.

2. Пәнаралық байланыстың теориялық және қолданбалы аспектілері. Оқу үдерісінде түрлі пәндердің тоғысуы оқушыда кешенді ойлау дағдысын қалыптастырудың негізгі кілті. Тар аядағы білімді кеңейтіп, қоршаған дүниенің нақты құбылыстарын терең түйсінуге бағыт беретін де дәл осы тәсіл. Пәнаралық үйлесімді тереңдету арқылы ұлттық тәрбиені жандандырып, төл құндылықтарды дәріптеу ісі жаңа белеске көтерілді. Оқу бағдарламаларының түпкі мазмұны үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Қазақ әдебиеті мәтіндерін математика, физика, химия сияқты жаратылыстану пәндерімен ұштастыру шығармашылық ойлауды дамытып, ғылымдардың ішкі қисынын ұғынуға үйретеді. Мәселен, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің мағынасын жаратылыстану заңдылықтарымен сабақтастыру ұтымды нәтиже береді. Халық арасындағы «Қара жаяу» тіркесі тек әдебиет пен тіл білімінде ғана емес, физикадағы қозғалыс ұғымдарымен, тіпті қазіргі көлік және логистика саласындағы жағдаяттармен қатар түсіндірілуге сұранып тұр. Сәйкестендіру үлгілері арқылы оқушылар ана тілі мен нақты ғылымдардың өзара сабақтастығын терең ұғынады.

3. Кіріктірілген оқытудан пәнаралық байланысқа көшу. Алма Қыраубаева ұсынған жүйе пәнаралық байланысты кеңейтуді негізгі діңгек етеді. Шәкірттер әр саладан алған мағлұматтарды өзара тоғыстырып, шынайы өмірде қолдана алатын парасатты азамат болып қалыптаспақ. Ғылымдар тоғысы сабақ шеңберінен асып, күнделікті өмір сүру қажеттілігімен ұласады. Кешенді білімге ие болу келешекте кәсіби тұрғыда жетілудің берік іргетасы. Әр түрлі пәндерден алған теориялық білімді үйлестіре білу нақты тұрмыстық мәселелердің дұрыс шешімін табуға бағыттайды. Мысалы, география сабағында табиғи қорлар туралы алынған түсінік тарих немесе экономика пәндерінде сол қорлардың

мемлекет дамуына, қоршаған ортаға тигізетін әсерін тереңдетіп зерделеуге ұласады. Бір құбылысты жан-жақты қамту оқушының танымын тереңдетіп, пайымдау ауқымын кеңейтудің таптырмас тәсілі.

4. Интеграция мен пәнаралық байланыстың ұтымды тұстары:

– Кешенді ойлау дағдысы: пәндер тоғысы арқылы түрлі білім салаларын байланыстыра білу сараптамалық және сыни ойлауды шыңдайды.

– Тұлғаның тұтас дамуы: жан-жақты білім алған оқушылар біртұтас дүниетанымдық көзқарас қалыптастырып, бірнеше ғылым бағытын тең меңгереді.

– Танымдық уәждің артуы: пәнаралық қызықты тәсілдер сабаққа деген құштарлықты оятып, белсенді әрекетке жетелейді.

– Тәжірибелік қолданыс: теориялық түсінікті өмірлік жағдаяттармен сабақтастыру жас буынның қоғамға бейімделуін жеңілдетеді.

– Жасампаздықты шыңдау: пәндердің бірлігі жаңа тың идеяларды табуға, креативті шешімдер қабылдауға жол ашады.

Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын, танымдық белсенділігі мен жеке шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда Алма Қыраубаеваның тіл мен әдебиетті, ұлттық құндылықтар мен тұлғалық дамуды сабақтастықта қарастыратын интеграциялық әдістемесін цифрлық және интерактивті технологиялармен ұштастыру 10–11-сыныптарда қазақ тілін оқытудың мазмұны мен тиімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады [96].

Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу оқу-тәрбие үдерісі мен педагогика теориясына тың талаптар қойып отыр. Заманауи білім мазмұны тың біліктерді игерумен, ақпаратты сараптау қабілетін жетілдірумен, нарық жағдайындағы жаңа бағдарламалардың түзілуімен нақтылана түсті. Профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми еңбектері бүгінгі жаңарулар аясында қайта жаңғырып, теориялық және әдіснамалық тұғыры берік отандық инновациялық жүйе ретінде танылуға толық лайық.

3 ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖҮЙЕСІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ


3.1 Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесінің тарнсформациялық ұстанымдары

Білім беру кеңістігіндегі өзгерістер оқыту мазмұнын жаңартумен қатар, педагогикалық процесте ұтымды ұйымдастырудың әдіснамалық ұстанымдарын қайта қарауды талап етеді. Ұлттық педагогикалық мұраны білім беру жүйесімен сабақтастыққа зерттеу білім берудің мазмұндық, әдістемелік және құндылықтық негіздерін жаңғыртудың маңызды бағыты болып табылады. Интеграциялық оқыту идеясы осы тұрғыда жекелеген пәндер шеңберінде ғана қарастырмай, оның өзара байланысын, тұтастығын, оқушының тұлғалық дамуына ықпалын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйе ретінде танылады.

Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарасындағы интегарциялық ұстанымдар дәстүрлі оқыту үлгісінен оқушының танымдық белсенділігіне, шығармашылық ізденісіне, дүниетанымына және рухани дамуына, тұлғалық қалыптасуына бағытталған оқуға көшумен ерекшеленеді. Интеграциялық оқыту жүйесін қазіргі білім беру жағдайында қарастыру педагогикалық идеяларды жай ғана сақталуын емес олардың жаңа білім беру талаптарына сәйкес трансфоромациялану мүмкіндіктерін айқындауды көздейді.

«Трансформациялау» термині (лат. transformare – қайта қалыптастыру) білім беру жүйесінде дәстүрлі оқытудан жаңартылған, өмірге бағдарланған, құндылыққа негізделген білім моделіне көшу үдерісін сипаттайды. Терминді педагогикалық ғылымда алғаш қолданған ғалымдардың бірі – Джек Мэзиро (Jack Mezirow), оның «Transformative Dimensions of Adult Learning», «Fostering Critical Reflection in Adulthood» (1990,1991) еңбегі ойлау жүйесін, дүниетанымын өзгертетін оқыту формаларын сипаттауға бағытталған [97,98].

Қазақстандық педагогикада трансформациялау ұғымы кейінгі жылдары жиі қолданыла бастады. Ол оқытудың құрылымдық, мазмұндық және әдістемелік өзгерістерін қамтиды. Басты мақсат – оқушы тұлғасының сапалы өзгерісіне қол жеткізу, яғни оны тілдік, мәдени, әлеуметтік, танымдық тұрғыда дамыту. Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту концепциясы білім беру мазмұнын терең трансформациялау ұстанымына бағытталған соны әдістемелік бағдар ретінде сипатталады. Жүйенің ерекшелігі қазақ тілі сабақтарын мазмұндық, құндылықтық, әдістемелік және де психологиялық деңгейлерде қайта құрылымдау арқылы, 10-11 сынып оқушыларының креативті ойлауы мен тілдік қатынас мәдениетін дамытуды сапалық тұрғыдан мүлдем жаңа мазмұнмен байытады. Ғалым оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыруды ұсынды, бұл жүйе төмендегідей бағыттар бойынша жүзеге асырылды: мазмұндық, құндылықтық, әдістемелік, психологиялық. 12-суретте Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесінің тарнсформациялық ұстанымдары мен тиімділігін салыстыру деңгейін көреуге болады.



Сурет 12 – Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесінің трансформациялық ұстанымдары мен тиімділігі

Педагогикалық модель ғалым идеяларының дәстүрлі тәжірибеден қазіргі білім беру талаптарына қарай даму логикасын айқындайды. Профессор Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесіндегі трансформациялық бағыттар мен нәтижелілік көрсеткіштері бірнеше арнада ашылады.

1. Мазмұндық трансформация:

– Халық мұрасы (фольклор, ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер) оқу мазмұнының өзегіне енеді;

– Көркем мәтіндер тарихи, мәдени, тілдік және психологиялық өрісте зерделенеді.

Мазмұнды жаңғырту оқыту желісін дәстүрлі үлгіден өмірлік мәні терең, құндылықтармен байытылған жаңа деңгейге көтеруді білдіреді. Ғалымның авторлық моделінде қазақ халық мұрасы, ауыз әдебиеті мен мақал-мәтелдер сабақтың қайнар көзіне айналған. Деректерді жай хабарлаудың орнына рухани-мәдени дүниетанымды өзектендіру жолы таңдалады. Мәселен, 10–11-сыныптарда «Қазақ халқының шешендік мұрасы мен билер сөзінің тағылымы» тақырыбы өткенде тілдік құрылыммен қатар шешендік өнердің, қазақы танымның, қисынды ойлау мен сөз әдебінің қырлары терең қамтылмақ.

Әдеби мәтінді тарихи, мәдени, тілдік және психологиялық байланыста қарау мазмұндық өзгерістердің басты шарты. Тәсіл оқушыларды үстірт көзқарастан арылтып, мәнге бойлау дағдысын қалыптастырады. «Қобыланды батыр» жырын оқыту үстінде кейіпкер болмысы арқылы батырлықтың этнопсихологиялық тамыры, ерлік идеалы мен отаншылдықтың ұлттық мәні жан-жақты талданады. Батыр диалогтары мен шешімдері сөйлесім мәдениетін,

синтаксистік құрылысты таразылауға негіз болып, тіл мен руханият тұтастығы тілдік талдау арқылы көрініс табады [99,100].

Пәнаралық сабақтастық оқу материалының салмағын арттыратын негізгі тетік. Тақырыптар тарих, география, музыка, бейнелеу өнері және психология сияқты ғылым салаларымен тоғыстырыла ұсынылады. Оқушылардың әлемді тұтас қабылдауына берік негіз осылай қаланбақ. Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасын оқыту барысында жыл мезгілдерінің суреттелуі экологиялық түсінікпен толысып, этнографиялық лексика мен көне сөздерге тілдік талдау жасалады. Кешенді амал сөз құдіретін сезініп оқуға, танымдық ойлау мен сөйлеу рефлексиясын бірге өрістетуге тиімді. Мәтіннің терең қабаттарын ашу шәкірттің функционалдық сауаттылығын, мәдени белгілерді түсінуін және ұлттық дүниетанымды бойға сіңіруін қамтамасыз етеді. Оқушы жай білім алушы деңгейінен шығып, төл мәдениетті ана тілі арқылы жеке өмірімен байланыстыратын ойлы тұлға биігіне көтерілмек.

Мазмұндық трансформацияның түпкі мәні сабақты халық қазынасымен әрі пәнаралық байланыспен байытуда. Тіл мен әдебиет мазмұны тарихи, мәдени, тілдік, психологиялық қырынан тереңдей түседі. Ұлттық негізді сақтай отырып, кіріктірілген білім беру мазмұнын қалыптастыру басты ғылыми нәтиже саналады.

2. Құндылықтық трансформация:

- Оқу үдерісі ұлттық идеялар мен адамгершілік бағдарларға сүйенеді;
- Білім алушылар өз халқының тарихын, тілін және төл мәдениетін бағалауға төселеді;
- Тәрбиелік өлшемдер оқу мазмұнымен ажырамас бірлікте ұсынылады.

Құндылықтық бетбұрыс жалаң білім беру шеңберінен шығып, оқушының ұлттық санасын шыңдауға бағытталған маңызды қадам. Ұлттық мұраттарға назар аудару арқылы жастар төл тарихтың, ана тілі мен салт-дәстүрдің өзіндік сырын терең ұғына түспек. Тәсіл білімге ғана ұмтылмай, бабалар аманатын қадірлеуді күнделікті өмірдің бұлжымас қағидасына айналдыруға жетелейді. Сондай ақ білім мен тәрбиені ұлттық құндылықтар негізінде ұштастырып, халық даналығы мен тарихи-мәдени мұра арқылы оқушының ұлттық болмысын, рухани сенімін және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздейді.

Жалпы орта білім беретін мектептің 10–11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламалары мен оқулықтарын саралау барысында ұлттық кодты жаңғыртатын лексикалық тақырыптардың дидактикалық әлеуеті жоғары екені байқалды.

Профессор Алма Қыраубаева ұсынған оқытуды ізгілендіру тұжырымдамасы қазіргі жоғары сынып бағдарламаларымен сабақтасып жатыр. «Тіл және Алаш идеясы. Сөз мәдениеті», «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті», «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер», «Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер» сияқты тақырыптар арқылы оқушы бойына ұлттық мұраны дарыту мүмкіндігі артып, ғалым көтерген «Елдік мұрат» қағидаларын жүзеге асыруға даңғыл жол ашылмақ. Бағдарламалық тақырыптарды түсіндіруде дәстүрлі

амалдарды заманауи тәсілдермен және ғалымның интеграциялық әдістерімен ұштастыру жоғары сынып оқушыларын жаттанды қайталаудан сақтайды. Креативті ойлауды және тілдік қатысымды дамытудың жүйелі әдістемелік құрылымы осыған негізделген [101,102].

Тәрбиелік компонентті мазмұнмен біртұтас беру құндылықтық бағыттың басты белгісі. Білім беру үдерісі жай ақпарат берумен шектелмей, оқушының адамгершілік болмысын қалыптастыруға қызмет етуі тиіс. Сабақтарда әдептілік нормалары мен ұлттық үрдістерді талдау баланың тұлғалық қасиеттері мен азаматтық жауапкершілігін күшейтеді. Адалдық, қонақжайлық, қайырымдылық сынды кісілік ұғымдарды талқылап, нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстыру оқушының ар-ождан өлшемдерін бекіте түспек.

Құндылықтық трансформацияның түпкі мақсаты халықтық қағидаларды шәкіртке үйретіп қана қоймай, рухани қазынаны сақтауға, оны одан әрі дамытуға баулу. Тілдік нормаларды толық меңгерумен қатар, ұлттық болмысты ардақтау сезімі тереңдейді.

3. Әдістемелік трансформация:

- Дәстүрлі түсіндірудің орнына зерттеу, жобалау, диалог және шығармашылық ізденіс тәсілдері қолданылады;
- Сабақ құрылымы білім алушының белсенділігіне бағытталады;
- Сынып кеңістігі тұлғалық даму алаңына айналады.

Алма Қыраубаева негіздеген әдістемелік жаңарулар оқу процесін жаңа сапада ұйымдастыруды көздейтін педагогикалық инновациялар жиынтығынан тұрады. Қасаң қалыптардан арылып, оқушы белсенділігін арттыру мен шығармашылық әлеуетті ашуға бағдарланған тәсілдер енгізіледі. Әдістемелік ұстанымның басты ерекшелігі шәкірттің жеке тұлға ретінде кемелденуін қолдау мен ішкі уәжін оятуда.

Зерттеу әдісі оқушыларды дербес ізденуге, мәселені терең зерделеуге, түрлі көзқарастарды сараптауға баулиды. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырының тарихи және психологиялық қырларын зерттеу барысында мәтін мазмұнымен бірге оның рухани, әлеуметтік маңызы қоса қарастырылмақ. Тәсілдің ұтымдылығы оқушының өз бетінше жұмыс істеу машығын шыңдап, зерттеу нәтижесін көпшілік алдында дәлелдеп шығуына жол ашады. Жобалау және диалогтік оқыту әдістері топтық серіктестікті жандандырып, еркін пікір алмасуға жағдай жасайды. Оқушылар түрлі тақырыптар бойынша бірлескен жобалар әзірлейді. Ұстаз бен шәкірт арасындағы үздіксіз сұхбат білім алушылардың сөйлесім мәдениетін өсірудің басты көзі. Сыныпта пікір жарыстырып, түйткілді мәселелердің шешімін бірлесе табу дағдысы беки түспек.

Сабақ құрылысын оқушының танымдық белсенділігіне бағыттау әдістемелік жаңашылдықтың маңызды тармағы. Мұғалім әр баланың өз пікірін ашық айтуына, тың идеялармен бөлісуіне оңтайлы орта түзеді. Мұндай оқу үдерісі пәнге деген қызығушылықты оятып, жеке көзқарастың орнығуына тиек. Ұжымдық ынтымақтастыққа негізделген тапсырмалар арқылы баланың әлеуметтік бейімділігі де қатар дамиды.

Әдістемелік трансформация білім беру амалдарын жай жаңартумен шектелмейтін, тұлғалық кемелденуді көздейтін кешенді жүйе. Мән-мағынасы дәстүрлі сабақтан зерттеушілік, шығармашылық және сұхбаттасу тәсілдеріне көшуде. Оқушыларды креативті ойлауға, жеке пікір қалыптастыруға, топпен жұмыс істеуге және ғылыми ізденіс жүргізуге баулу арқылы оқу үдерісі жаңа сипат алады. Нәтижеде оқушылар белгілі бір пән материалын меңгерумен қатар, өмірге қажетті машықтар мен кісілік құндылықтарды толық игереді.

4. Психологиялық трансформация:

– Әр оқушыны дербес тұлға ретінде қабылдау;

– Ішкі уәжді күшейту арқылы рефлексия мен өзін-өзі кемелдендіруге қолайлы орта жасақтау.

Тұлғаны интеграциялық оқыту арқылы дамыту когнитивтік, сезімдік және әлеуметтік қырларды қатар қамтиды. Алма Қыраубаеваның авторлық білім кеңістігіндегі психологиялық бетбұрыс сабақты біржақты оқыту әрекетінен шығарып, адамгершілік өсу алаңына айналдыруды көздейді. Бастапқы бағдар әр баланың танымдық қарымы мен сезім ахуалын, қызығушылығы мен ішкі әлеуетін есепке алуға сүйенеді. Сабақ барысында жасөспірімнің табиғи мүмкіндіктерін жарыққа шығару арқылы тәрбие мен өзін-өзі жетілдірудің үйлесімді үдерісі орнықпақ. Психологиялық өзгерістердің өзегі шәкіртті толыққанды тұлға дәрежесіне көтерумен өлшенеді. Негізгі ерекшелік таным, эмоция және әлеуметтік үйлесімнің ажырамас бірлігін қамтамасыз етуде жатыр. Тәсілдің ғылыми мәні нейропедагогика, тұлғалық даму психологиясы мен эмоциялық интеллект қағидаттарына арқа сүйеп, оқу сапасын арттыруға негіз.

Ғалымның сабақтарында зияткерлік кемелденуге баса ден қойылған. Қыраубаева әдіснамасында когнитивтік (IQ) өсуге айрықша салмақ беріледі. Логикалық ой-өрісті, зейінді, талдау және салыстыру шеберлігін шыңдау пәнаралық сабақтардың басты жемісі. Көркем шығармадағы қаһарманның іс-әрекетін тарих немесе философия аясында зерделеу, мінез-құлық қырларын психологиялық тұрғыда ашу жас буынның танымдық өрісін кеңейтеді. Осындай кешенді тапсырмалар жүйесі ойлаудың аналитикалық деңгейін арттыруға қызмет етеді.

Сабақ үдерісінде эмоциялық интеллектіні (EQ) жетілдіру ісі де сырт қалмайды. Сөз өнері туындыларын талдау кезінде шәкірт кейіпкердің жан дүниесіне бойлап, өзін өзгенің орнына қояды. Тәсіл эмоционалдық рефлексия, эмпатия және ішкі мәдениетті орнықтырудың бастауы. Оқушылардың арасында сыйластық орнап, сыныпта ізгі психологиялық климат түзілмек.

Азамат болып қалыптасу жолында әлеуметтік интеллект (AQ) көрсеткіштері, яғни ұжымда үндесе білу, көшбасшылық пен серіктестікке бейімділік дағдылары маңызды саналады. Тәжірибеде қолданылатын топтық ізденістер, жобалау тапсырмалары мен рөлдік ойындар оқушының қоғамға бейімделуіне тірек. Дағдылар мектеп шеңберінен асып, келешек әлеуметтік ортада табысты болуға дайындайды.

Психологиялық жаңғырудың келесі бір тармағы рухани интеллектіні (SQ) кемелдендірумен өлшенеді. Ұғым оқушының ар-ождан өлшемдерін, ұлттық болмысын және өмірлік мұраттарын сомдауға бағытталған. Ана тілі мен

әдебиетті терең игеру арқылы халық даналығымен, бабалар ділімен үндестік орнайды. Жас ұрпақ өзінің тарихи тамырын танып, биік мақсаттарға ұмтылуға бет бұрмақ.

Алма Қыраубаева ұсынған психологиялық трансформация баланы тұтас тануға, оның IQ, EQ, SQ, AQ және PQ қабілеттерін өзара үйлестіре дамытуға арналған біртұтас жүйе. Мұндай ортада тәлім алған жасөспірім құрғақ білімді ғана жинақтамай, ішкі рухы биік, қоғамда өз орнын табатын парасатты тұлға болып қалыптасады [103].

Қазақы болмыс тұлғаның интеллектуалды (IQ), эмоционалдық (EQ), рухани (SQ), әлеуметтік (AQ) және педагогикалық (PQ) әлеуеттерінің өзара үйлесімді дамуы арқылы қалыптасатыны сөзсіз. Аталған көрсеткіштер оқушының ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, сыни ойлайтын, эмоциялық тұрғыдан кемел, әлеуметтік ортаға бейімделген және де алған білім, білігін өмірде тиімді қолдана алатын тұтас тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады.

Педагогикалық интеллект (PQ) қазіргі білім ғылымында жаңадан зерделеніп жатқан, мән-мағынасы терең санат. Ұғымды Алма Қыраубаеваның әдістемелік жаңашылдығы тұрғысынан сараласақ, оқушыны дайын білімді қабылдаушы ғана емес, білімді бірлесе құрушы әрі оқу үдерісінің белсенді қатысушысы деп танитын философиялық ұстанныммен ұштасатыны анық. PQ шәкірттің оқу жағдаятын терең түсініп, өз білімін дербес басқаруына, оңтайлы оқу стратегияларын таңдауына және игерген мағлұматты әлеуметтік-этикалық контексте қолдана білуіне саяды. Білім алушы өзінің оқу әрекетін ұстаздық деңгейде бағамдауға дағдыланбақ. Мәселен, көркем мәтінге жеке пікір білдіруден асып, оны талдау тәсілін өз бетінше таңдай алуы, тың тақырыпты зерделеп, өзге қатарластарына жүйелі түсіндіре білуі педагогикалық зерденің нақты көрінісі.

Педагог тәжірибесінде аталған қасиеттер диалогтік әдіс, жобалық зерттеу, пәнаралық байланыс, өлшемдік бағалау және рефлексиялық тапсырмалар арқылы жетіледі. Шәкірт мұғалімнің жетелеуімен өзін-өзі әділ бағалауға, нақты мақсат қоюға, қол жеткізген нәтижені сараптауға төселеді. PQ тек оқушының көрсеткіші емес, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани-педагогикалық мәдениеттің жемісі. Шәкірт өзінің көзқарасын дәлелдермен дәйектеуге, өзгенің пікірін құрметтеуге, зерделеу мен түсіндіру амалдарын еркін таңдауға машықтанады. Оқу процесінің мәнін түсініп, оны бағыттай білген бала өзінің ғана емес, айналасындағы құрдастарының да өсуіне ықпал етуге бейімделмек. Кез келген мәтінді оқығанда кейіпкер болмысын тарихи, тілдік және психологиялық тұрғыда сараптап, сыныптастарына көрнекі инфографика немесе жеке баяндама түрінде жеткізу тәжірибесі осыған дәлел. Танымдық ақпаратты игерумен бірге оны педагогикалық мәнерде қайта түзіп, өзгеге түсіндіру деңгейіне өту педагогикалық интеллекттің биік өрісін танытады.

Ғалымның кіріктірілген оқыту идеяларымен сабақтастырылған авторлық тұғырнамалық ұстанымдар 18-кестеде жүйеленіп ұсынылған.

Кесте 18 – Интеллект түрлерінің Алма Қыраубаева интеграциясымен байланысы

Интеллект түрлері	Оқушыда дамитын қабілеттер	Алма Қыраубаева интеграциясымен байланысы
1	2	3
IQ - когнитивті интеллект	Есте сақтау, ойлау, талдау, білімді меңгеру	Білімді интеграциялау
EQ – эмоционалдық интеллект	Эмоцияны түсіне алу, өзін-өзі басқару, эмпатия	Қарым-қатынас, тұлғалы-бағдарлы оқыту
SQ – рухани интеллект	Рухани ой, ар-ұят, құндылық, ұлттық сана, адамгершілік	Ұлттық тәрбие, адами құндылықтар
AQ – әлеуметтік интеллект	Ынтымақтастық, шынайы қарым-қатынас, өзара түсіністік	Ұжымдық оқыту, диалогтік оқыту
CQ - шығармашылық интеллект	Жаңа идея, шығармашылық ой, қиял, шығармашылық шешім	Интеграциялық тәсіл, шығармашылық тапсырмалар
PQ – педагогикалық интеллект	Өз ойын дәлелмен айту, басқа пікірге құрметпен қарау	Өз білімін басқара алады, алған білімді ұтымды қолданады

Ғалымның еңбектеріндегі интеграциялық оқыту жүйесін қазіргі білім беру талаптары тұрғысынан трансформациялау барысында оқушының тұлғасының интеллектуалдық әлеуетін біртұтас дамыту мәселесі алдыңғы қатарға шығады. «Жаным садаға» (1995) - EQ, SQ — эмпатия, адамгершілік, рухани құндылықтармен үндессе, «Сенім» бағдарламасы (1996) - CQ, SQ, AQ — ұлттық болмыс, мәдениетті құрметтеу, тұлғалық қалыптасумен сәйкес келеді. «Ұлттық мектеп: тәжірибе» (2025) еңбегі IQ, AQ, CQ — танымдық белсенділік, дербестік, ұлттық және мәдени танымды түсіндірсе, «Ғасырлар мұрасы» (1988) еңбегі IQ, CQ, SQ — тарихи-мәдени таным, ұлттық құндылықтарды түсінуге мүмкіндік береді.

Интеллект тек когнитивті қабілеттер жиынтығы ретінде емес, білім алушылардың эмоционалдық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық және педагогикалық әлеуеттерімен өзара байланыста қарастырылады. Тұтастық интеграциялық оқытудың басты ерекшеліктерінің бірі ретінде оқушыларды білімді меңгеруші субъектіден өзіндік ойы, өзіндік пікірі бар, құндылыққа бағдары және де шығармашылық идеясы қалыптасқан тұлға деңгейінде тарнсформациялауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, интелект түрлері білім алушының оқу үдерісінде белсенді, саналы, жауапкершілікті әрі рефлексивті позициясын сипаттайтын көрсеткіш. Олар оқушының танымдық қабілетін, эмоциялық тұрақтылығын, әлеуметтік қарым-қатынасын, рухани дүниесін сондай-ақ шығармашылық әлеуетін өзара үйлесімді дамытуға ықпал етеді. Нәтижесінде оқушылардың

ұлттық құндылықты бойына сіңірген, жан-жақты жете дамыған ойлы тұлға қалыптасуына негіз қаланады. Ұғым Алма Қыраубаева ұсынған интеграциялық оқытудың басты тіректерінің бірі ретінде оқушы тұлғасын толық тануға мүмкіндік береді. Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесі трансформациялау ұстанымына негізделе отырып, білім мазмұнын жаңаша ұйымдастыруды, әдістемені өмірге бағдарлауды және оқушы тұлғасын дамытуды мақсат етеді. Тәсіл қазіргі заман талаптарына сай келеді және қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудың жаңа парадигмасын қалыптастырады.

3.2 Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытуды халықтық педагогика тұрғысынан талдау

Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық-әдістемелік мұрасындағы интеграциялық оқыту идеялары білім мазмұнын біртұтастықта қарастыруы, пәндер арасындағы байланысты айқындауға және оқушылардың дүниетанымын кешенді түрде қалыптастыруға негізделеді. Ғалымның ұсынға интеграциялық ұстанымдары білімнің жекелеген салаларын бір-бірінен оқшау қарастырмай, олардың мазмұндық, құндылықтық және танымдық сабақтастығын қамтамасыз етуге мән береді. Профессордық интеграциялық оқыту тәжірибесі қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық оқыту идеяларымен сабақтасып, оның әдіснамалық алғышарты ретінде қарастырылады. Сабақтастық оқушының әртүрлі пәндерден алған білім, білігін өзара байланыстырып, біртұтас танымдық жүйе қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Қазақстанда білім берудің жаңа кезеңі 1991 жылдан, яғни, егемендік алған жылдан бастау алды. Экономикалық даму қиындықтарына қарамастан, Ата Заңда көрсетілгендей әрбір азаматтың тегін орта білім алуға құқығы сақталып, толық жағдайлар жасалуы міндеттелді. Статистикалық есеп бойынша 1991-1992 оқу жылының басында Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде 3 миллион 147 мың балалар мен жасөспірімдер оқыды. 2992 қазақ, 74 өзбек, 11 ұйғыр, 3 тәжік, 1848 аралас мектептер, оның ішінде 1400 тереңдетіп оқытатын мектептер жұмыс істеді. 1991-1992 оқу жылында 38 гимназия, 33 лицей жұмыс істегені туралы біз сүйеніп отырған мәліметтер 29 қаңтар, 1992 жылғы «Казахстанская правда» газетінің санында берілген. Ал, 1993-1994 оқу жылында республикада 88 гимназия, 82 лицей жұмыс істеді. Алматы қаласында 19 гимназия, 12 лицей, Оңтүстік Қазақстан облысында 8 гимназия, 9 лицей, Ақмола облысында 5 гимназия, 11 лицей, Маңғыстау облысында 1 гимназия, 2 лицей, Қызылорда облысында 2 гимназия, 1 лицей, Торғай облысында 1 гимназия, 1 лицей ашылған [104]. Білім мекемелеріне қажетті қаражаттың төрттен біріне жетер-жетпесі бюджеттік қаражат көздерінен қарастырылды.

Кесте 19 – Білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік-бюджеттік шығынның бөліну жүйесі

Жылдары	Мектепке дейінгі мекеме	Жалпы білім мектептері	Кәсіби мектептер %	Колледждер %	ЖОО-дар %
1994	11,7	48,1	9,5	7,1	11,2
1995	9,8	50,6	5,9	7,5	12,5
1996	11,1	54,9	6,2	7,8	13,7
1997	7,2	64,3	3,8	6,2	12,6
1998	5,7	65,3	3,3	6,1	14,2

Қаржылық тапшылық кезеңінде білім беру саласында келесідей күрделі мәселелер бой көрсетті:

1. Балабақшалар мен бастапқы, орта кәсіптік оқу орындарының жаппай жабылуы қоғамдық сұранысты қанағаттандыруға кедергі келтірді;
2. Әлеуметтік жағынан осал топтар мен көпбалалы отбасы балаларының оқу мен еңбектен тыс қалуы жасөспірімдер арасындағы қараусыздық пен құқық бұзушылықты өршітті;
3. Білім мекемелерінің материалдық-техникалық базасы күрт әлсіреп, оқулықтар мен әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі қолбайлауға айналды;
4. Оқыту мен тәрбие жүйесінің ажырамас біртұтастық қағидаты өрескел бұзылды.

Мемлекеттік білім беру стандартын түзу мәселесі 1992 жылғы «Білім туралы» жаңа Заңда алғаш рет көтерілді. Профессор Алма Қыраубаева Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Жоғары білім туралы» Заңдарына сүйене отырып, төмендегідей мемлекеттік саясат қағидаттарын авторлық мектеп қызметінің негізгі темірқазығы етіп бекітті:

1. Ел азаматтарының білім алудағы теңқұқылығы;
2. Білім беру кеңістігінің зайырлылық сипаты;
3. Оқу мен тәрбие үдерісінің бөлінбес бірлігі;
4. Білім беру сатыларының үйлесімді әрі үздіксіз сабақтастығы;
5. Тәлім-тәрбиенің ізгілікті, гуманистік және демократиялық бағыты;
6. Оқу орындарының меншік түріне, оқыту мен тәрбиедегі ұлттық ерекшелігіне қарай сан алуандығы.

Педагогтердің біліктілігін арттыру институттарында дәріс оқыған ғалым өз қызметін заңда көрсетілген үздіксіз білім беру құрылымымен тығыз ұштастыра жүргізді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
2. Орта білім беру;
3. Жоғары кәсіптік білім;
4. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік дайындық.

Тоқсаныншы жылдардың басында ана тілінде білім беретін мектептердегі түйткілдер күрделене түсті. Қазақ мектептерінің жетпіс пайыздан астамы ауылдық аймақта орналасқандықтан, ұйымдастырушылық әрі құрылымдық кедергілер жиі орын алды. Оқу-әдістемелік құралдар мен көрнекіліктердің

тапшылығы, материалдық базаның әлсіздігі сапалы сабақ өткізуді тежеді. Ауыл мектептерінің тоқсан пайыздан астамын құраған шағын жинақты білім ошақтарында сыныптағы оқушы санының жеткіліксіздігі құрылымдық күрделіліктерді туғызды. 1995–1996 жылдардағы мектептерді оңтайландыру науқаны көптеген шалғай елді мекендердегі білім ошақтарының жабылуына әкеп соқты. Нәтижеде 492 ауылда мектеп болмағандықтан, 14 мыңнан астам өрен оқусыз қалу қаупіне тап болды. Республика бойынша 36 мыңдай бала көрші елді мекендерге қатынап, 6 мыңдайы өзге үйде жатып оқуға мәжбүрлік танытты, ал жатақхана-интернаттар өз қызметін тоқтатты. Қиындықтар Алма Қыраубаева мектебінде де көрініс тауып, шалғай облыстардан келіп, пәтер жалдап оқыған шәкірттер қатары қалыптасты. Ана тіліндегі білім ұйымдарының жай-күйі мектепке дейінгі мекемелер мен кәсіптік оқу орындарының басым бөлігі орыс тілінде жұмыс істеуінен, балабақшалардың жабылуынан, қазақ балаларының небәрі 15,9 пайызы ғана мектепалды даярлықтан өтуі секілді деректермен сипатталады.

Профессор Алма Қыраубаева өтпелі кезеңнің қайшылықтарын бағамдай келе: «Жақсы ісіміз заманның қиындығына тура келді. ...бюджетке кіріп, одан соң несие алып бастағанда, әлдеқандай болар еді. Мұның бәрі біз үшін аспандағы айдан да алыс болатын. Ел байысын, заман түзелсін деп күтіп отыра берсек, бұл жұмысты қай уақытта бастар едік? Енді он жылдан кейін бе? Қынаптағы қылышты дер кезінде суырмаса, тот басады» деп тебіренеді. Ой-тұжырым мемлекеттік қаржыландыруды тосып отырмай, дербес мектеп ашу арқылы авторлық бағдарламаны сынақтан өткізуді кідіртпей қолға алу керектігін айқындайды [105].

Оқу-ағарту жүйесін дамыту үшін сенімді нормативтік-құқықтық негіз қалыптастырып, білім саясатын жүйелеу күн тәртібіне қойылды. Мемлекет тарапынан «Білім туралы», «Жоғары білім туралы», «Ғылым туралы», «Тілдер туралы» Заңдардың қабылдануы мен 1993 жылғы «Білім беруді қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» жобасының әзірленуі тарихи серпіліс әкелді. Құжаттар білім берудің құрылымы мен мазмұнын халықаралық талаптарға сай жаңа деңгейге көтерумен қатар, ұлттық мұраттарға сәйкес жаңғыртуды көздеді. Төл мәдени құндылықтарды қайта жаңғыртып, қоғам өмірінің барлық саласында өрістету дамудың негізгі тетігі саналды.

Тоқсаныншы жылдардың бастапқы кезеңі халық педагогикасының қағидаттарын оқу үдерісіне енгізуді, білім мазмұнында рухани-мәдени мұраны ұтымды пайдалануды ғылыми негіздеу кезеңіне ұласты. Педагогика саласында ондаған докторлық және елуден астам кандидаттық диссертация қорғалып, тың ғылыми ізденістер дүниеге келді.

Ізденіс барысында профессор Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту жүйесін айқындауда отандық ғалымдар еңбегін саралау әдіснамалық тұрғыдан аса маңызды. Қ.Б.Жарықбаев [106], С.Қ.Қалиев [107], Ә.Табылдиев [108] сынды ғалымдар оқу-тәрбие үдерісіне халықтық тәлім-тәрбие үлгілерін кіріктірудің теориялық арқауын қалады. Ж.Балтабаева [109], С.А.Ұзақбаева [110], К.Ж.Қожахметова [111] мектептегі пәнаралық байланысты өнер, эстетика және этнопедагогикалық даярлық тұрғысынан жаңа сатыға шығарды. Ғылыми

тұжырымдар «Сенім» мектебіндегі өнер, ана тілі және ұлттық код үндестігін орнықтыру қағидаларымен толық қабысады. С.Ғаббасов [112] халық педагогикасы арқылы зияткерлік әрі рухани даму заңдылықтарын негіздесе, Р.Төлеубекова [113] адамгершілік-имандылық тәрбиесінің дидактикалық шарттарын айқындады. Р.Қ.Дүйсембінова [114] дәстүрлі тәлім элементтерін оқу процесіне тоғыстыру тетіктерін зерделеген. А.Құсайынов [115], Ә.С.Сәдуақасов [116], М.Құрсабаев [117] халықаралық білім үрдістері мен ұлттық мектеп талаптарын салыстыра сараптау бағытын өрістетті.

Қазақ мектебін, әсіресе ауылдық білім ошақтарын өркендету мен халық педагогикасын оқу үдерісіне енгізуді көздеген республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар Астана, Алматы, Ақтөбе, Тараз, Қостанай, Қарағанды қалаларында ұйымдастырылып тұрды. Жиындардың педагогикалық ортаға тигізген оң ықпалы айтарлықтай. К.Адамова, К.Қожахметова, Л.Сырымбетованың «Қыздар әліппесі» [118] оқу құралы мен Алма Қыраубаеваның «Сенім» авторлық бағдарламасы талқыланған мінберлерде ғалым өз тәжірибесін ұдайы бөлісіп отырған. Ұсынылған жаңашыл бастамалар Қызылорда облысының Қазалы өңірі мен Маңғыстау облысының білім ошақтары тарапынан қолдау тауып, мектеп тәжірибесіне кеңінен енгізілді.

Алма Қыраубаева жасақтаған бағдарламаның өзегінде өтпелі кезеңдегі қоғамдық келеңсіздіктерді еңсеру мәселесі жатыр. Нарықтық қатынастар орнығып, кеңестік кеңістік ыдыраған шақта жас буынды жаңа қоғамдық өмірге бейімдеу қажеттігі өткір сезілді. Қалалар мен аудан орталықтарындағы аралас мектептер мен орыс сыныптарында тәлім алған қазақ балаларының ана тілінен ажырап, ұлттық ділден алшақтауы ата-аналардың жанайқайына ұласты. Төл әдет-ғұрыпқа жат әрекеттердің көбеюі мен өзге діни сенімдердің жетегіне еру қаупін ғалым «кембағалдық» дерті деп бағалады. Халықтың дәстүрлі тәрбие тағылымында ұл мен қыз тәрбиесінің өзіндік дара жолы бар. Жасөспірімдер бойында қайсарлықтың орнын жасықтық пен ұяңдықтың басуы, ер азаматтың отбасы мен елдік мүддені қорғауда жігерсіздік танытуы алаңдаушылық туғызды. «Сенім» тұжырымдамасында баяндалған қағидаттар келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталған [119].

1994 жылғы 7 шілдеде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес бекіткен «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» педагогикалық ізденістердің бағдаршамына айналды. Білім мазмұнын ізгілендіру мен тәрбиелік өлшемдерді тереңдету талабы бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Ізінше 1996 жылы жарық көрген этникалық білім беру тұжырымдамасы да профессор Алма Қыраубаеваның ұстанымдарымен стратегиялық үндестік тапты. Мектептегі тәжірибелік сынақтар барысында қабылданған мемлекеттік құжаттар келесідей негізгі бағыттардың өміршеңдігін айғақтай түседі:

- оқу мазмұнына этнорухани құндылықтарды міндетті түрде енгізу;
- гуманитарлық және этномәдени құрамдастарға басымдық беру;
- тұлғалық болмыс пен отаншылдық рухты қатар орнықтыру;
- тәрбие үдерісінде шовинистік, нигилистік, діни экстремистік, технократтық және космополиттік кері көзқарастарға тосқауыл қою;

– рухани дәстүрге сүйене отырып қазақ мектебінің дербестігін баянды ету;

– елдің қорғаныс әлеуетінің тірегі саналған ұлттық мектептің мемлекеттік мәртебесін көтеру.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында жалпы орта білім беру ұзақтығы 11 жыл болып бекіді. Жаңа үлгідегі білім ошақтарында қоғамдық-гуманитарлық және кәсіптік бағыттағы бейіндік сыныптар ашылып, оқушының табиғи дарынына сай білім беру тәжірибеге енді. Танымдық қабілеттерді тереңдетуді көздейтін гимназия мен белгілі бір салаға бағдарлайтын лицей ұғымдары ресми сипатқа ие болды. Профессор Алма Қыраубаева өз мектебінің құрылымын лицей үлгісінде ұйымдастыруды жөн санаған.

Тәуелсіздік белесінде білім жүйесін жаңғыртуға ұмтылыс жасалғанымен, ауыл мектептерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы күрделі күйінде қалған еді. Кеңестік кезеңдегі біржақты саясат салдарынан ана тілінде оқытатын мектептердің қызмет өрісі тарылып, қоғамдық сұранысқа сай жауап беру қиынға соқты. Жалпы білім беретін мектептер тұжырымдамасында ана тілінде білім беретін біртұтас үздіксіз жүйенің жоқтығы, даму бағдарының жүйеленбеуі себепті қазақ мектебінің томаға-тұйық жағдайға тірелгені ашық көрсетілген.

Профессор Алма Қыраубаева: «Ресейде жаңалығы бар мұғалімдерді іздеп тауып, жол ашып жатты. Біз болсақ, бүгінде сол Ресей мектебі стандартының көлеңкесінде қалып отырмыз» деп жазғандай, тоқсаныншы жылдары еліміздің білім саласында жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. Орта білім беру проблемаларын әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда зерделеуде Ю.Н.Бабанский, В.П.Беспалько, В.С.Лазарев, В.С.Леднев, Т.И.Шамова, М.Поташник еңбектері кеңінен танылды. Отандық ғылым кеңістігінде жалпы білім беру ісін дамытуға А.Е.Әбілқасымова мен А.Н.Ильясова елеулі үлес қосты.

Тәжірибелік сынақтарды қорытындылаған кезеңде (1993-1996 жж.) ғалым жинақталған тәжірибені кеңінен насихаттауға кірісті. Ұлттық таным мен мемлекеттік стандартты ұштастыратын, баланың жас ерекшелігіне сай қызықты оқулықтар жазу міндетін ғалым өз мойнына алды. Жоғары сыныптарға (6-7-сыныптар) арналған «Ежелгі әдебиет» оқулығы халықаралық байқауда үздік танылып, басылып таралды [120]. Әр сөздің мағыналық тереңдігін зерделей отырып жазылған оқулық ұлттық сөз мәдениетін игерудің көрнекі үлгісі іспетті. Түсінікті әрі мазмұнды мәтін халық педагогикасының қайнары саналады. Басылымның тәрбиелік мазмұны келесі ұстанымдар арқылы айшықталады:

– оқулық мазмұнын ізгілік, парасат және ұлттық философия рухында құру;

– жасөспірімді тәрбиелей отырып оқыту, дамыта отырып азаматтық қасиеттерді қалыптастыру;

– алынған білімді күнделікті қоғамдық өмірде тиімді қолдануға баулу;

– оқушы санасында адам, табиғат, қоғам және мәдениет байланысын тұтас жүйе ретінде бекіту.

Профессор Алма Қыраубаеваның мектеп тәжірибесіндегі мақсат-міндеттері мен даму стратегиялары 20-кестеде жүйеленіп ұсынылған.

Кесте 20 – Алма Қыраубаева бағдарламасы негізінде мектептің мақсаты, стратегиясы және жүзеге асыру механизмі

Мақсат	Жүзеге асыру стратегиясы	Жүзеге асыру механизмі
Баланы жасытпай оқыту, бұйығылықтан құтқару	Баланың ішкі сенімін нығайтатын, жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін оқыту және тәрбие жүйесін ұйымдастыру	Психологиялық қолдау көрсету, әр оқушымен жеке жұмыс, мотивациялық әдістерді қолдану
Адамның ішкі еркіндігі мен әлеуметтік қатынастарға бейімділігін қатар дамыту	Еркіндік пен жауапкершілікті қатар ұштастыратын оқыту тәсілдерін қолдану	Әлеуметтік жобалар мен топтық жұмыс арқылы ұжымдық әрекетке баулу
Ұлттық құндылықтарды меңгерту	Құндылықтарға негізделген тәрбие процесін енгізу	Кез-келген сабақтарды құндылықтарға сәйкестендіріп өткізу
Қазақ және әлем мәдениетімен танысу арқылы ұлттық бірегейлікті дамыту	Қазақ және әлем мәдениетін оқыту арқылы оқушының мәдени санасын қалыптастыру	Қазақ және әлем әдебиеті мен тарихы пәндерін интеграциялау
Ойлау қабілеті мен өзіндік пікір қалыптастыруды дамыту	Оқушыларды еркін ойлауға баулитын интерактивті оқыту әдістерін қолдану	Талқылаулар, пікірсайыстар және шығармашылық жұмыстар арқылы ойлау қабілетін дамыту
Оқушының қызығушылығын ояту және белсенділігін арттыру	Оқушылардың қызығушылықтарын ескеріп, оқыту процесін қызықтыру	Жобалық жұмыстар, ойын элементтері бар сабақтар, белсенді әдіс-тәсілдер
Қазақ мәдениетін әлемдік мәдениетпен үйлестіре отырып, ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу	Қазақ мәдениеті мен әлем мәдениетін сабақтастырып оқыту	Дәстүрлі және заманауи мәдениет сабақтарын интеграциялау
Оқушыларды тілдік тұлға мәдениетіне тәрбиелеу	Еркін ойлау және пікір білдіру мәдениетін дамытуға бағытталған сабақтар	Лекция-диалогтар, пікірсайыстар, топтық талқылаулар

Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейінің тәжірибесін білім беру кеңістігінде тарату ісі кешеуілдегенімен, Алма Қыраубаеваның реформаторлық бастамасы өзінің өзектілігін жоғалтқан емес. Білім ордасының негізгі артықшылықтары келесі бағыттармен сипатталады:

1. Ұлттық педагогикаға негізделген оқыту жүйесі: тәлімгер қазақ халқының өміршең тәжірибесіне сүйеніп, ұлттық құндылықтар мен бабалар мұрасына тамыр тартқан біртұтас дидактикалық кеңістік қалыптастыруға қол жеткізген.

2. Авторлық әдістемені дамыту: жасытпай оқыту қағидаты мен пәндерді кіріктіре меңгертуге құрылған кешенді ізденістер шәкірттердің талдамалық ой-өрісін шыңдауға, тұлғалық кемелденуіне тікелей бағытталған.

3. Өмірлік дағдыларды сіңірту: оқу мазмұны жалаң теория шеңберінен шығып, күнделікті тұрмыста қажетті дағдыларды меңгерумен толыға түседі. Жасөспірімнің дербес жауапкершілікті сезінуі, кедергілерге төтеп беру икемі,

көшбасшылық қабілеттері мен оңтайлы шешім таба білуі басты назарда. Заманауи талаптарға сай бейімделген жас буын қоғамдық сынақтарды еңсеруге әрдайым сақадай сай болуына баса назар аударылды.

4. Әлеуметтік ортаға бейімделу: қоғамдық қатынастарды нығайту мен әлеуметтік кеңістікке үйлесімді араласуға дем беретін оқу үдерісі қатысымдық шеберлікті жетілдіріп, кемел тілдік тұлғаны тәрбиелеуге жол ашады.

5. Педагогикалық шеберхана: жаңашыл әдістерді тәжірибеге енгізу ұстаздар қауымының кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруға септігін тигізеді. Мектеп ортасы мұғалімнің шығармашылық еркіндігін қамтамасыз ететін сынақ алаңына айналған. Ұжым мүшелері түрлі деңгейдегі кәсіби сайыстарға қатысып, озық әдістемелерін тарата білді. Республикалық панорамалық сабақтар байқауында үздік тәжірибе көрсеткен лицей ұстазының «Білім беру ісінің үздігі» атағын иеленуі «Білім берудегі менеджмент» журналының беттерінде жарияланған [121].

Академик Ф.Оразбаева профессор Алма Қыраубаеваның оқу-ағартушылық мұрасын мемлекеттілікті нығайтудың, ел мен жерге деген перзенттік махаббатты тәрбиелеудің жарқын өнегесі деп санайды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтың атадан балаға аманат етіп қалдыратын екі қазынасы бар: біріншісі кең байтақ жері, екіншісі бай тілі» деген тұжырымына сүйене отырып, қастерлі құндылықтарды сақтауда ғалым негіздеген «Қазақы құбылыс» моделін іске асырудың маңызы зор.

Ұлттық мектептің құрылымын Алма Қыраубаева: «Ұлттық мектеп үлгісін жасау ұлттық сана мен қазақи кісілікті қалыптастыру арқылы әлемдік өркениетке енудің тұтас жүйесін құру» деп тұжырымдаған. Жүйенің басты діңгегіне ұлттық сананы ояту, халықтық тәрбие қағидаларын бекіту, шәкірттің сенімін ұштау, дүниетаным кеңістігін кеңейту, қатысым мәдениетін игерту және жаһандық кеңістікке ұмтылдыру міндеттері қойылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауындағы: «Озық білім, үздік тәжірибе жоғары бағаланады. Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басамыз» деген сөздері аясында академик Фаузия Шәмсиқызы: «Алма Қыраубаеваның ұрпақ тәрбиесі жайында қалдырған мұрасы мен «Сенім» бағдарламасы еліміздің келешегін өркениет бәсекелестігіне сай өрістетуге жол ашады» деп бағалайды.

Академик Ф.Оразбаева ғалым тұжырымдамасы негізінде жаңа оқулықтар жазу, ұлттық тәрбие қағидаттарын сабақта қолдану, шеберлік дәрістерін өткізу, бағдарламаны білім беру саласына енгізу жөнінде министрлікке ұсыныс жолдау секілді нақты шараларды алға тартады. Бастамалар қоғамдық сұраныспен үндесіп, Жаңа Қазақстанның рухани кеңістігін байытуға тікелей қызмет етпек. Ұрпақ тәрбиесіне тың көзқарас енгізген Алма Қыраубаева түркілік тағылым мен қазақ дүниетанымын әлемдік өркениетпен сабақтастыруды басты нысана еткен. Мәдениетті тарих, тіл, әдебиет, дін, ұлттық өнер арқылы кешенді оқыту ұсынылып, әдіснамалық негіздер терең білім идеологиясымен ұштасады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасы еліміздегі жаңа тұрпатты ұлттық білім жүйесін қалыптастыруға серпін беретін бірегей құбылыс ретінде

танылады [122]. 13-суретте академик Ф.Оразбаеваның зерделеуі бойынша Алма Қыраубаеваның жаңашыл көзқарастары жүйеленіп көрсетілген.



Сурет 13 – Ф.Ш. Оразбаева: А.Қыраубаеваның жаңашылдық көзқарастары

Жүйеленген тұжырымдар Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұрасының жаңашылдық идеяларының білім мазмұнын интеграциялау, ұлттық құндылықтарды сабақтастыру және тұлғаның әлеуетін дамыту бағыттарында көрініс тапқанын көрсетеді. Ф.Оразбаеваның пайымдаулары бұл идеялардың Алма Қыраубаеваның әдістемелік жүйесіндегі жаңашылдық сипатын айындауға мүмкіндік береді.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Дәулетбекова зерттеушінің білім беру саласына енгізген тың бағыттарын арнайы сараптайды. Шынайы ғылыммен ұштасқан ұлттық тәрбиенің жаңаша моделі түзілгені сөзсіз. Жаһандану дәуіріндегі мәдени бәсекеге төтеп берер басты қорған ретінде қазақ мәдениетін балабақшадан бастап жүйелі сіңіру қажеттігі көлденең тартылады. Ғалым мектебінде ұл мен қыз балалардың тәрбиелік айырмашылығын ескеру басты ұстанымға айналған. Ж.Дәулетбекова көшбасшы педагогтің «Қазақ мәдениеті» курсын өзге тілде оқытатын сыныптар мен үздіксіз білім берудің барша сатыларына енгізу бастамасын жоғары бағалайды. Кешенді бағдарламаға ана тілі мен әдебиет, тарих, дінтану, ұлттық өнер толық кіріктіріліп, бағытына қарамастан күллі оқу орындарында міндетті түрде жүргізілуі тиіс деген тұжырым дәйектеледі [123].

Зерттеушілердің пайымдауынша, тіл, тәрбие және білім саласындағы түйткілдер Алма Қыраубаева мектебінің озық тәжірибесін зерделеп, оның түйінді қырларын бүгінгі білім кеңістігінде өрістетуді талап етеді. Ұлттық мұраттарды сақтай отырып, заманауи талаптарға сай тәрбие мен оқытуды ұштастырудың негізгі арналары мынадай:

1. Мәңгілік құндылықтарға негізделген білім: халықтың рухани әрі мәдени қазынасын терең оқыту арқылы шәкірттердің төл мәдениетке деген перзенттік құрметін ояту. Қазақ сөзі мен руханиятын халықаралық деңгейге көтерудің сенімді тетігі осыған саяды.

2. Кешенді білім беру жүйесі: пәнаралық және мәдениетаралық байланыс сабақ сапасын арттырудың шарты. Жаратылыстану мен гуманитарлық салаларды тоғыстыра отырып, танымдық мәліметтерді өмірлік машықтармен шебер сабақтастыру көзделеді.

3. Этнопедагогикалық ұстаным: халықтық тәлім бастауларына арқа сүйеп, оқу үдерісіне салт-дәстүр мен әдеп қағидаларын енгізу. Ар-ұят, кісілік пен адамгершілік қасиеттерін сіңіру арқылы кемел тұлға тәрбиелеу басты орында.

4. Тұлғалық кемелденуді көздейтін бағыт: оқушының ішкі дербестігін, жеке пікір айту шеберлігін және сыни ойлауын дамыту. Профессор негіздеген ізденіс жолын жалғастыру қазіргі қоғам талабымен үйлесім табады.

5. Ұлттық таным мен әлемдік өркениет сабақтастығы: қазақ болмысының өзіндік ерекшелігін түсініп, оны жаһандық мәдени кеңістікпен үйлестіре білу. Мәдениетаралық сұхбат кезеңінде ұлттық ерекшелікті сақтап қалу оқу-ағарту жүйесінің абыройлы міндеті.

6. Жаңашыл әдістемелік амалдар: «Шиыршық», «Үшбу хат», «Өрнекті ой», «Таңғалдыру сәттері», «Ой күмбезі» тәрізді сатылап тереңдетуге құрылған авторлық тәсілдерді жаңғырту. Ұсынылған амалдар білім мазмұнын жаттандылықтан құтқарып, ұзақ мерзімді жадта сақтауға септігін тигізеді.

7. Отаншылдық тәрбие: өскелең ұрпақтың бойына туған жерге, ел мен тілге деген адалдық пен мемлекетшілдік сезімді ұялату.

8. Демократиялық оқыту үлгісі: жасөспірімді өз бетінше шешім қабылдауға баулып, сыныпта еркін пікір білдіруге қолайлы орта құру. Өзара сенімге құрылған қарым-қатынас баланың өзіндік қадір-қасиетін сезінуіне тірек.

9. Жоғары оқу орындарымен сабақтастық: мектептер мен университеттер арасындағы ғылыми әріптестікті нығайтып, ғалым-профессорларды оқу үдерісіне тарту.

Педагог тұжырымдарын қазіргі ағарту кеңістігіне кіріктіру салалық жүйенің мазмұнын байыта түспек. Ғалым мектебі негіздеген әдістемелік амалдар білім біртұтастығын қамтамасыз етіп, шәкірттің жүйелі қисындық ойлауын өрістетеді. Пәнаралық байланыс білім алушыларды ғылымдар тоғысында ізденуге, күрделі жағдаяттарды жан-жақты талдауға және аналитикалық пайым жасауға машықтандырмақ. Зерттеушілік қабілеттерді шыңдау жастарды тың ғылыми жаңалықтар ашуға жетелейтіні күмәнсіз [124].

Қазіргі жаһандық үрдістер білімді өмір тәжірибесімен ұштастыратын интеграциялық оқыту әдістерінің көкжиегін кеңейте түсуде. Қоғамдағы көпқырлы міндеттерді оңтайлы еңсеру үшін бірнеше ғылым саласын қатар игерген, жан-жақты мамандар қажет. Мектеп қабырғасынан бастап интеграциялық тәсілдермен сусындаған оқушы келешекте бәсекеге қабілетті, аналитикалық көзқарасы орныққан азаматқа айналмақ. Профессор Алма Қыраубаеваның еңбектері мен жаңашыл ізденістері білім берудің заманауи

бағыттарымен үндесіп, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға қызмет етеді. Пәнаралық жүйені орнықтыру өскелең ұрпақтың пәндік білімін тереңдетіп, күрделі қоғамдық мәселелерді шешуге сақадай сай дайындайтын берік тұғыр.

3.3 А.Қыраубаеваның интеграциялық еңбектерінің ерекшелігі мен құндылық әдіс-тәсілдерін аппробациялау

Ғалым Алма Қыраубаева отандық білім кеңістігінде төл педагогиканы тың ғылыми-теориялық деңгейге көтеріп, тәлім-тәрбие үдерісіне мәдени-рухани мазмұн дарытқан қайраткер. Зерттеушінің авторлық идеясы мен тұжырымдамасы 1993–1996 жылдар аралығында тәжірибелік сынақтан сәтті өткен. Оң нәтижелерге сүйене отырып, республиканың Қызылорда, Маңғыстау облыстарындағы бірқатар мектептер «Сенім» жүйесін оқу үдерісіне енгізуді қолға алды. Тәжірибе барысында бағдарламаның тұлғаға бағдарланған, ұлттық болмысты ескеретін кіріктірілген мазмұнының жоғары нәтижелілігі айқын аңғарылады.

Тұжырымдаманың түйінді құндылығы білім берудің қазақы парадигмасын орнықтыруымен бағаланады. Жаңа парадигма білім мазмұнын ұлттық негізге бейімдеумен қатар оқыту әдістемесін, мұғалім мен оқушы арасындағы сыйластықты, тіл мен мәдениет сабақтастығын қамтитын терең педагогикалық философияға құрылған. Жаһандану жағдайында ұлттық сипатты сақтай отырып, заманауи білім кеңістігімен тең дәрежеде тоғысуға жол ашылмақ. Қазақы білім моделі шәкіртті ұлттық кодты терең меңгерген тұлға дәрежесіне жеткізуді көздейді.

Ғалым түзіп шыққан оқу-әдістемелік кешендер белгіленген бағытты тәжірибеге енгізудің нақты тетігі іспетті. Оқулықтар мен құралдарда ана тілін меңгерту ұлттың тарихи жадын, дүниетанымы мен танымдық жүйесін жетілдірудің тірегі ретінде қарастырылады. Тіл қарапайым қатынас құралы деңгейінен асып, этностың рухани-мәдени болмысын танытатын құбылысқа айналмақ. Көзқарас лингвомәдениеттанымдық бағыттың теориялық қағидаттарымен астасып жатыр. Тіл үйрену арқылы мәдени кодты түсіну, дүниетанымдық өрісті кеңейту және халық тағдырына терең бойлау қамтамасыз етіледі.

Педагог әдіснамасында сөз өнері танымдық қызметімен шектелмей, эмоциялық-мәдени құндылық ретінде көрінеді. Сабақта этнопедагогика қағидаттары басты орынға шықпақ. Ауыз әдебиеті мұрасын, мақал-мәтелдер мен билер сөзін, тарихи тұлғалар тағылымын сабақ мазмұнына кіріктіру арқылы шәкірт бойына адамгершілік мұраттар сіңіріледі. Дидактикалық амалдар оқуды жалаң ақпарат беруден арылтып, өзіндік сана мен рухани бағдарды қалыптастыру үдерісіне ұластырады [125].

Бағдарлама антропоөзектік (антропоцентрлік) бағытпен тығыз қабысады. Білім беру кеңістігінің қақ төрінде ұлттық құндылықтарды тасымалдаушы тұлға ретінде оқушы тұруы шарт. Гуманистік білімнің мәні де осындай ұстанымға саяды. Алма Қыраубаева оқу мазмұнын бала дамуына икемдей отырып, оқушыны енжар тыңдаушы емес, танымдық әрекеттің дербес

субъектісі деп бағалайды. Көзқарас қазіргі құзыреттілік парадигма мен тұлғаға бағдарланған білім берудің теориялық діңгегі.

Ұсынылған оқу мазмұны мен тапсырмалар құрылымы шәкіртті тілдің ішкі логикасы мен мәдени бастауларына үңілтуге құрылған. Сөз төркінін, семантикалық өрісін және тарихи қолданысын талдау, мәтін арқылы дүние сырын ұғыну қазіргі когнитивтік лингвистика мен мәдени семантика жетістіктерімен ұштасып жатыр. Тілдік амалдар баланың логикалық ой-өрісін, ассоциативті қабылдауын және мәдени түйсігін шыңдауға қызмет етеді.

Ізденіс тәжірибесі көрсеткендей, әдістемелік жүйе мұғалімдер қауымы үшін жай оқулық деңгейінде қалмай, педагогикалық рефлексия құралына айналған. Ұстаз өз қызметіне, оқушы танымына, сөз бен дәстүр байланысына жаңа көзқараспен қарауға төселеді. Мұғалім тұлғасын жаңғырту мен кәсіби шеберлікті шыңдаудың басты қырларын жүйелі түрде сараптаған жөн:

1. Интеграциялық мазмұн. Ғалым бағдарламасының негізгі өзегі шәкірт санасында тілдік, тарихи және мәдени ұғымдардың біртұтас бейнесін сомдауға бағытталған. Мәселен, «Абайдың қара сөздерін» оқытуда жалаң лексикалық талдаумен шектелмей, ойшылдың пәлсапасы, дәуір шындығы және ұлттық эстетика қатар игеріледі. Пәнаралық байланыс білім мазмұнын тереңдетіп, санада жүйелі танымдық құрылым түзеді.

2. Мәдени-контекстуалдық бағыт. Көркем туындылар мен тарихи дереккөздерді сабақтастыру арқылы жүзеге асады. Оқушылар тілдік бірліктерді абстрактілі ұғым деңгейінде емес, белгілі бір дәуірдің мәдени кеңістігінде қарастыруға машықтанады. «Едіге батыр» жырын зерделеуде дәуір тынысы, ұлттық діл, батырлық дәстүр мен көркемдік мәнер ажырамас тұтастықта сарапталады. Жүйелі амал жас ұрпақта мәдени сезімталдық пен тарихи зердені қалыптастырудың сенімді жолы.

3. Психологиялық үйлесімділік қағидаты. Танымдық тапсырмалар шәкірттің жас шамасына, когнитивтік даму қарқыны мен эмоциялық қабылдау деңгейіне лайықталып іріктеледі. Бастауыш сыныптарда ертегілер, аңыздар мен балаларға арналған өлеңдер арқылы сөздік қор байытылса, жоғары сатыда пәлсапалық толғаулар мен билер сөзі арқылы ойлау дербестігі шыңдалмақ. Тәсіл оқушының жас ерекшелігіне сай сатылап кемелденуіне жағдай жасайды.

4. Тіл мен руханият бірлігі. Бағдарламаның іргелі ұстанымы ана тілін халықтың дүниетанымы мен болмысының айнасы деп қабылдауға құрылған. Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді талдауда халықтық ділді, тұрмыс салты мен моральдық өлшемдерді қалай айшықтайтынына баса ден қойылады. Сөз қазынасы шәкірттің рухани әлемін байытып, ұлттық-мәдени кодты қабылдауына ықпал етпек.

5. Жасампаздық бағдар. Білім алушының жеке шығармашылық әлеуетін ашу басты нысана саналады. Бағдарлама мазмұнына көркем мәтін түзу, жыр жолдарына арнау жазу, сахналық көріністер ұйымдастыру, эссе жазу секілді тапсырмалар топтамасы енгізілген. Шығармашылық әрекеттер тілдік дағдыларды шыңдаумен қатар бейнелі ойлауды, сөйлеу шеберлігі мен эстетикалық талғамды қалыптастыруға арналған.

6. Құзыреттілік талаптарымен үйлесім. Оқу бағдарламасының заманауи білім беру стандартына сай келетінін айқындайтын көрсеткіш. «Сенім» жүйесінде нәтижеге қол жеткізу нақты дағдыларды орнықтыруға бағытталған. Шәкірт мәтіннен қажетті ақпаратты іріктеу, сараптау, салыстыру, дербес шешім шығару және уәж келтіру машықтарын игереді. Меңгерілген дағдылар функционалдық сауаттылықты жетілдірудің тікелей шарты.

7. Жаһандық құзыреттерге бейімделу. Оқушы ұлттық танымммен қатар заманауи өркениеттік өлшемдерді тең меңгереді. Тарихи тұлғалар мұрасын қазіргі қоғамның моральдық мәселелерімен үндестіре қарау жаңа ғасыр дағдыларын игерудің оңтайлы тәсілі. Хакім Абай мен Әбу Насыр әл-Фарабидің парасат хақындағы ойларын бүгінгі өмір шындығымен сабақтастыру арқылы сыни ойлау мен жалпыадамзаттық құндылықтар зерделенбек.

8. Оқушының даралығына бағдарлану: әр баланың бейімділігі, қабылдау қарымы мен танымдық өзгешелігі есепке алынады. Оқушыға таңдау еркін ұсыну, жеке дара тапсырмалар беру, сұхбаттасу тәсілдерін қолдану баланың тұлғалық қасиеттерін шыңдауға жол ашады. Тәжірибе шәкіртке құрмет танытудың нақты дидактикалық көрінісі.

9. Дидактикалық материалдардың бейімділігі: аймақтық ерекшеліктер, тілдік орта мен жергілікті мәдени ахуал ескеріледі. Тапсырмалар құрамында өлкетану деректері, жергілікті фольклор мен өңірден шыққан тарихи қайраткерлердің өмір жолы кеңінен көрініс табады. Мазмұндық сабақтастық туған өлкеге деген ілтипатты күшейтіп, білімді өмір тәжірибесімен ұштастырмақ.

10. Ұлттық білім платформасы: «Сенім» бағдарламасы жай авторлық тұжырымдама шеңберінен шығып, ана тілін оқытудың этнопедагогикалық кешені ретінде танылуға тиіс. Лингводидактикалық, мәдени-танымдық, интеграциялық және психологиялық құрамдастарды тоғыстырған жүйе өзіндік оқыту философиясын қалыптастырды. Ғалым моделі заманауи білім беру талаптарына толық үндесіп, ұлттық рухты бойына жинақтаған жаһандық деңгейдегі кемел тұлға тәрбиелеуге берік тұғыр.

Ғалым Алма Мүтәліпқызының педагогикалық мұрасын зерттеу барысында оның ұлттық мектеп моделінің тұжырымдамалық негіздері, авторлық «Сенім» бағдарламасының мазмұны мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың ерекшеліктері ғылыми тұрғыда зерделенді. Бірлескен авторлық зерттеуімізде ұлттық мектептің білім мазмұнын ұлттық және жалпыдамзаттық құндылықтар сабақтастығы негізінде құру, оқушының танымдық белсенділігі мен шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық ұстанымдары айқындалды. Зерттеу нәтижелері Қыраубаеваның ұлттық мектеп моделінің қазіргі білім беру жүйесіндегі интеграциялық оқытуды дамытудың маңызды әдіснамалық және әдістемелік негіз бола алатынын көрсетті [126].

Алма Қыраубаева негіздеген қазақы білім парадигмасы оқу-тәрбие саласына терең философиялық, мәдени әрі психологиялық мазмұн дарытады. Ұсынылған қағидаттар конструктивизм, мәдени-тарихи көзқарас, ізгілікті педагогика мен тұлғаға бағдарланған оқыту сынды заманауи білім беру теорияларымен сабақтаса келе, отандық педагогиканың жаңа ғылыми бағытын

сомдауда. Жүйелі тұжырымдама ұлттық мектеп моделінің әдіснамалық тірегі ретінде өміршеңдігін жоймақ емес. Төл тәжірибе құзыреттілік бағдар, шәкірт даралығын ескеру, функционалдық сауаттылық пен жаһандық икемділіктерді орнықтыру сияқты заманауи үрдістермен табиғи үйлесім табады. Бағдарламаның құндылығы әлемдік озық білім үлгілерімен еркін үндесетін төл тұғырнама деңгейіне көтерілуінде.

Жаһандық деңгейде адам капиталын өркендету XXI ғасыр білім кеңістігінің басты өлшеміне айналды. Заманауи білім беру жалаң ақпараттандыруды ысырып, тұлға қалыптастыру мен өмірлік дағдыларды сіңіруге басымдық береді. Бүгінгі таңда сыни пайым, шығармашылық ізденіс, қатысымдық қабілет және өзара ынтымақтастық («4К» моделі) шешуші мәнге ие. Талаптар жүйесі оқушыны қасаң қалыптардан арылтып, өзгермелі өмір жағдайына бейімделуге, өзін-өзі кемелдендіруге даярлайды. Халықаралық «4К» үлгісі мен қазақ лингводидактикасының көшбасшысы академик Ф.Ш.Оразбаеваның қатысымдық тұжырымдамасы арасында терең мазмұндық сабақтастық байқалады [127].

Батыс педагогикасында XXI ғасыр икемділіктері қызу талқыға түспей тұрып-ақ, академик Ф.Ш.Оразбаева қазақ тілін меңгертудің негізі ретінде тілдік тұлғаны дамытатын төрт тіректі («қатысым», «қабылдау», «қолданыс», «қарым-қатынас») ғылыми тұрғыда тиянақтаған болатын. Ғалым жүйесіндегі «қатысым» халықаралық коммуникациямен, «қарым-қатынас» ынтымақтастық пен ұжымдық серіктестікпен, ал «қабылдау» мен «қолданыс» сыни әрі жасампаз ойлау үдерісімен толық сәйкеседі [128].

Көпмәдениеттілік, цифрлық сауат пен экологиялық жауапкершілік бүгінгі жаһандық құзыреттердің тірегі. Жеке адамның табыстылығы мәдениетаралық үнқатысуға бейімділігімен, виртуалды кеңістікте еркін бағдар табуымен және қоршаған ортамен үйлесім орната білуімен өлшенбек. Мектеп қабырғасында қалыптасатын қасиеттер баланың дүниетаным көкжиегін кеңейтеді. Финляндия, Сингапур, Жапония мен Канада елдерінің озық білім беру жүйелері жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Өзге елдердің тәжірибесін соқыр көшірме жасамай, төл таным мен ұлттық болмысқа лайықтап бейімдеу басты талап.

Отандық білім беру парадигмасы тарихи зерде мен төл мәдени кодты негізгі темірқазық етуі шарт. Ұлттық код халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін, тіл байлығын, рухани дүниетанымын қамтиды. Қастерлі қазына өскелең ұрпақтың санасына ана тілінің қайнары мен төл мәдениет үлгілері арқылы дариды. Профессор Алма Қыраубаева ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде оқу-тәрбие үдерісіне енгізуді алғаш бастаған ғалымдар қатарында. Авторлық мектеп тәжірибесі шәкірттің елдік сана-сезімін шыңдауды басты парыз санады.

Педагогтің тұжырымдамалық идеялары ұлттық рух пен пәнаралық кірігудің озық үлгісін танытады. Оқу үдерісі жалаң грамматиканы түсіндіруден асып, төл дүниетанымды меңгертуге, тарихи жадты тірілтуге, кісілік сананы қалыптастыруға қызмет етпек. Әдістемелік жүйе фольклорды, ауыз әдебиетін, тарихи жазбалар мен ұлт зиялыларының мұрасын өзара тоғыстыруға құрылған.

Қазіргі этнопедагогика, лингвомәдениеттану және антропоөзектік ілімдер ғалым тәжірибесімен концептуалды тұрғыда қабысады.

Мәдени-тілдік арнада еркін ой толғайтын тұлға сомдау ұлттық модельдің басты кредосы саналады. Тіл халықтың рухани болмысының мәйегі ретінде бағаланады. Мәселен, мақал-мәтелдер табиғатпен үйлесімді экологиялық танымды, шешендік өнер құқықтық әділдікті, батырлар жыры намыс пен ерлікті, ал көркем поэзия нәзік эстетикалық сезімді тәрбиелейді. Қыраубаева мектебіндегі сабақ құрылымы рухани байлықты таным өзегі етуге бағытталған.

Өмірлік икемділіктерді шыңдау ұсынылған жүйенің екінші тірегі. Функционалдық сауаттылық, ақпараттық қауіпсіздік пен медиасауат заман сұранысына сай бекиді. Жаңашыл машықтарды төл руханиятпен кіріктіру ерекше мәнге ие. Хакім Абай шығармалары бойынша эссе жазу барысында жазылым техникасы шыңдалып қана қоймай, дүниетанымдық ой толғау мен сыни көзқарас орнығады. Білім беру технологияларын ұлттық мазмұннан оқшау қарауға болмайды.

Психологиялық даму заңдылықтары ұлттық оқыту жүйесінің үшінші тірегін құрайды. Тәлім үдерісі ізгілікті, тұлғаға бағытталған қағидаттарға арқа сүйеуі керек. Ғалым әдістемесі баланың жас шамасы мен қабылдау деңгейіне қарай оқу материалдарын дәл іріктеуімен құнды. Бастауыш сыныптарда ертегілер, 5–7-сыныптарда аңыз-әңгімелер мен батырлық дастандар, ал жоғары буында философиялық трактаттар мен толғаулар арқылы танымдық сатылардың өзара байланысы сақталады. Таңдалған мазмұн оқытудың психодидактикалық үйлесімділігін бекіте түспек.

Шығармашылық ізденіс пен жаңашылдық білім моделінің ажырамас өзегі. Бүгінгі білім жүйесі тың идеялар ұсыну қабілетін жоғары бағалайды. Оқушының жеке пікір білдіруі, шығарманы өзіндік көзқараспен сараптауы, жаңа мәтіндер құрастыруы дербес ойлауды өрістетеді. «Менің Абайым» жобалық жұмысында шәкірттер ұлы ақын келбетін әр қырынан зерттеп, эссе, көркем сөз, бейнежоба түрінде қорғауға машықтанды. Тәжірибе креативті қабілеттерді ұлттық таным негізінде шыңдаудың жарқын көрінісі.

Цифрлық өзгерістер дәуірінде қазақ тілі мен төл мәдениетін виртуалды кеңістікке бейімдеу қажеттігі арта түсті. Алма Қыраубаеваның дидактикалық ұстанымдары заманауи ақпараттық технологиялармен еркін ұштасады. Тарихи тұлғалар атынан желілік күнделік жазғызу немесе ауыз әдебиеті негізінде анимациялық бейнелер жасату ұлттық мазмұнды жаңа үлгіде жаңғыртудың таптырмас жолы. Тәсілдер білім алушылардың тілдік, цифрлық және мәдени шеберлігін қатар өрістетпек.

Төл таным мен жаһандық көзқарас үндестігі ұсынылған жүйенің өзекті сипаты. Бүгінгі шәкірт ертеңгі әлем азаматы болғандықтан, тамырынан ажырамауы қажет. Қыраубаева мектебі баланы ұлттық мұраттар арқылы тәрбиелей отырып, «Қазақы құбылыс» феномені аясында адамзаттық құндылықтарды сіңіруді көздеген. Хакім Абайдың «Адам бол!» қағидасы әлемдік гуманистік педагогикамен үндесіп жатыр. Сабақтастық қазақша ойлайтын, әлемдік кеңістікте еркін бәсекеге түсе алатын кемел тұлға қалыптастыруға бастайды.

Ұлттық білім беру моделі үштік құрылымнан тұрады:

1. Мазмұндық кірігу: тіл, әдебиет, тарих және өнер сабақтастығы;


2. Құндылықтық діңгек: отаншылдық, адамгершілік және рухани мұра;

3. Құзыреттілік бағдар: өмірлік машықтар, цифрлық сауат пен қатысымдық икемділік.

Алма Қыраубаева идеяларын жаңа заман тынысына сай жаңғырту отандық білім беру саласының кешенді міндеті. Ғалымның педагогикалық жүйесі әлемдік талаптармен үйлесе келе, ұлттық рухты сақтаудың, білім мазмұнын тереңдетудің, парасатты тұлға тәрбиелеудің дара жолын салып берді. Тұжырымдалған ұлттық білім моделі оқу-ағарту жүйесінің тар шеңберінен шығып, елдік идеяны жүзеге асырудың сенімді құралына айналмақ. Білім кеңістігі жаһандық сын-қатерлерге жауап беретін, ұлттық болмысты сақтай отырып өркендейтін ұрпақ дайындауға міндетті. Ғалым тәжірибесіне сүйене отырып жаңа ұлттық білім беру моделін қалыптастыру уақыт талабы мен ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершіліктің ортақ тоғысы.

Төртінші бағыт оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту. Қазіргі білім беру оқушыны тұтынушы емес, автор, зерттеуші ретінде тануы тиіс. Алма Қыраубаева қолданған жобалық әдістер, эссе, бейнежоба, сөз зергері болу секілді тапсырмалар – оқушыны дара тұлға ретінде қалыптастырудың тиімді жолдары. Фольклорлық, көркем және тарихи мәтіндер арқылы баланың шығармашылық ойы мен ұлттық санасын қатар дамыту – бірегей әдіс.

Бесінші, цифрлық трансформациямен үндесу. Жаңа модель дәстүрлі мазмұнды заманауи технологиялар арқылы жеткізуді көздейді. Фольклорды анимациялау, тарихи кейіпкерлермен подкаст құру, әдеби мәтіндер негізінде интерактивті тапсырмалар әзірлеу – цифрлық сауаттылық пен ұлттық мазмұнды үйлестіре дамытудың жолы. Әдістер білімді меңгертумен қатар, заманауи медиамәдениетті де қалыптастырады. Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұрасында ұлттық құндылықтарды, интеграциялық оқыту қағидаларын негізге ала отырып қазіргі білім беру талаптарына бейімделген ұлттық білім беру моделін ұсынуға болады (14-сурет).



Сурет 14 – Алма Қыраубаеваның интеграциялық оқыту қағидалары негізінде ұлттық білім беру моделі

Ұлттық білім беру жүйесі жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мен жаһандық үрдістерге бейімдеудің тоғысу түйіні саналады. Бағдарлама мазмұны берік іргетас ретінде танылса, заманауи әдістемелік амалдар негізгі құрал қызметін атқармақ. Басты мұрат қазақы болмыс пен жаһандық ойлауды қатар меңгерген зиялы ұрпақ қалыптастыруға саяды. Тұжырымдама бір-бірімен тығыз астасқан бірнеше құрамдас бөліктен түзілген. Бастапқы бағыт ретінде идеялық діңгек айқындалады. Мұның мазмұндық өзегін Абай тағылымы, ұлттық тәлім-тәрбие мен халық педагогикасының қайнарлары құрайды. Танымдық қағидаттар оқу мазмұнын ұлттық дүниетаныммен сабақтастырып, шәкірттің рухани құндылықтарға терең бойлауына берік тірек.

Пәндік кірігу ұсынылған жүйенің мазмұндық өзегін құрайды. Ұлттық құндылықтарды сабақ барысында шәкірт санасына дарыту білім алушының адамгершілік қасиеттерін шыңдауға әрі креативті ойлауын өрістетуге бағытталған. Оқу пәндерінің өзара сабақтастығы білімнің біртұтас сипатын қамтамасыз ететін негізгі тетік. А.И.Булшекбаева пәнаралық интеграцияны білім алушылардың білімін тұтастандырумен қатар, олардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын, бейімделу қабілетін және стандартты емес жағдаяттарда ойлау икемділігін дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсіл ретінде қарастырады. Бұл тұжырым зерттеуіміздің практикалық бөлімінде 10–11-сынып оқушыларының қазақ тілі сабақтарында тілдік дағдыларды ұлттық құндылықтармен, тұлғалық дамумен және қарым-қатынас мәдениетімен кіріктіре дамытуға әдіснамалық негіз бола алады [129]

Лингводидактикалық амалдар ұлттық модельдің тілдік мазмұнын нақтылай түседі. Қазақ тілі қатардағы қарым-қатынас құралы шеңберінен шығып, халықтың тарихи жадын, дүниетанымын, рухани қазынасын сақтайтын кешенді танымдық құбылыс ретінде бағаланады. Ана тілін оқыту ережелерді жаттатудан арылып, оқушының ұлттық-мәдени болмысын сомдауға қызмет етпек.

Гуманитарлық кірігу, когнитивтік педагогика және құзыреттілік бағдар әдіснамалық іргетасты сомдайды. Терең дидактикалық ұстанымдар оқушының ақпаратты жай қабылдап қана қоймай, оны сараптауына, өзара байланыстыруына, тәжірибеде ұтымды қолдануына және дербес ұстанымын қалыптастыруына жол ашады. Пәнаралық байланыс білім мазмұнын жай тоғыстырумен шектелмей, оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастырудың негізгі өзегіне ұласпақ. Технологиялық жаңғыру шеңберіндегі цифрлық бейімделу үдерісі де маңызды орын алады. Ұлттық мұраны электронды оқулықтар, мультимедиалық қорлар, интерактивті тапсырмалар мен геймификация тетіктері арқылы игерту дәстүрлі танымды жаңа заман талабымен шебер астастырады. Заманауи құралдар мазмұнды білім алушыға тартымды әрі қолжетімді етіп ұсынудың басты тетігі.

Тұжырымдаманың күтілетін нәтижесі ұлттық мәдениетті терең меңгерген, ана тілі мен ділін рухани құбылыс ретінде түйсінетін, әлемдік кеңістікте еркін


пайым жасай алатын, қатысымдық және цифрлық дағдылары кемел тұлғаны сомдауға бағытталған. Түпкілікті жемісті «Қазақы құбылыс» феноменімен айшықтауға толық негіз бар. Жаңашыл жүйе Алма Қыраубаеваның төл идеяларын өмірге тың пішінде енгізудің даңғыл жолы. Ана тілін оқыту үдерісі жалаң грамматикалық қалыптан арылып, ұлттық тәрбие мен төл ойлау жүйесінің өзегі ретінде жаңғырады. «Сенім» бағдарламасының әлеуетін толық ашу мақсатында сандық білім беру платформалары, интербелсенді тапсырмалар, авторлық мәтіндер кешені мен жасанды интеллект тетіктері ұтымды кіріктірілмек. Дәстүрлі танымды сақтай отырып заманауи білім кеңістігін құру осындай кешенді жаңғыру арқылы орнықпақ.

Ғалым Алма Қыраубаеваның ұлттық құндылықтарға құрылған «Сенім» тұжырымдамасы мен оның педагогикалық философиясы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесі бекіткен «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатындағы [130] дидактикалық талаптармен мазмұндық тұрғыдан терең үндеседі.

Мемлекеттік нұсқаулықта көрініс тапқан білім беруді ізгілендіру, сыныпта қолайлы психологиялық ахуал орнату және рухани мұраттарға бағдарланған оқыту үлгісін енгізу қағидаттары авторлық мектептің бала табиғатына сенім арту, оқушыны дара тұлға ретінде қадірлеу ұстанымдарымен толық қабысады. Жоғары сынып оқушыларының сыни ойлауын шыңдау арқылы тілдік қатысымын жетілдіруге бағытталған әдістемелік ізденістер ресми нұсқау хат талаптарын нақты тәжірибеде жүзеге асырудың тиімді құралы.

Ізденіс шеңберінде 10–11-сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту үдерісінде төл құндылықтарды сіңіруді, «Қазақы құбылыс» феномені арқылы ұлттық дүниетанымды орнықтыруды әрі пәнаралық байланыстарды нәтижелі жүзеге асыруды көздейтін әдістемелік модель 15-суретте толық айшықталған.

Модель профессор Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасының негізгі идеяларын, ұлттық тәрбиенің мазмұнын және де интеграциялық оқыту ұстанымдарын өзара сабақтасытра отырып құрастырылды. Модельдің өзегі «Қазақы құбылыс» ұғымын құрайды. Модель мақсатты, мазмұндық, теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық, бағалау және нәтижелік блоктан тұрады. Модельдің құрылымдық компоненттері өзара сабақтастықта қарастырылып, 10-11 сынып оқушыларының тілдік-мәдени құзыреттілігін, ұлттық санасын, ұлттық дүниетанымын дамытуға бағытталған.



Сурет 15 – «Сенім» бағдарламасы негізінде құрылған интеграциялық оқыту моделі

Интеграциялық оқыту арқылы жоғары сынып оқушылары қазақ тіліндегі тілдік бірліктерді тек тілдік тұрғыдан ғана меңгеріп қоймай, олардың астарындағы ұлттық таным мен мәдени мәнді түсінуге, салыстыруға, талдауға және де қазіргі өмірмен байланыстыра алуға мүмкіндік алады. Осы тұрғыдан алғанда, интеграция білім мазмұнын байтумен қатар, оның құндылықтық әлеуетін арттырудың да тиімді жолы болып табылады. Мәселен, М.Жадрина білім мазмұнының құндылықтық әлеуетін арттыруда интеграция мүмкіндіктерін қарастырып, өзін-өзі тану пәнінің білім мазмұнындағы тәрбиелік құндылықтарды тереңдетудегі интеграциялық әлеуетіне назар аударады [131]

Нәтижесінде «Қазақы құбылыс» ұғымын түсінеді, ұлттық құндылықтарды меңгереді, тілдік-мәдени құзыреттілігі қалыптасады, интеграциялық ойлау қабілеті дамиды, «Сенім» бағдарламасының құндылықтарын бойына сіңіреді, ұлттық дүниетанымы қалыптасады.

Алма Қыраубаеваның білім беру идеялары – қазақ педагогикасының интеллектуалдық іргетасы. Бағдарламада көрсетілген лингводидактикалық, тұлғалық, этномәдени бағыттарды заманауи педагогикалық трендтермен үндестіре отырып, ұлттық білім беру моделін жаңаша ұсыну – білім саясаты үшін стратегиялық маңызды міндет. Бұл жол ұлттық құндылықтар мен жаһандық құзыреттер арасындағы көпірге айналуы тиіс.

3.4 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперимент жұмыстары

Интеграциялық білім беру қазіргі педагогика ғылымының негізгі өзегі саналады. Пәнаралық байланыс білім алушының танымын бір салаға тәуелді шектемей, дүниені кешенді меңгеруге жол салмақ. Ұлттық білім моделі аясындағы кіріктіру үдерісі дүниетанымды кеңейтіп, тілдік, тарихи, мәдени және жаратылыстану қағидаларын өзара тоғыстыру арқылы өмірлік маңызы зор байламдар жасауға жетелейді. Жүйелі әдіс оқушыны білім тұтастығын терең түйсінуге бейімдеп, ойлау қабілетін ұштай түспек.

Алма Қыраубаева негіздеген интеграция идеясы қазіргі білім ғылымындағы пәнаралық байланыс, икемді дағдылар және өмірмен сабақтас оқыту қағидаттарымен астасып жатыр. Әрбір пән оқушының толыққанды тұлға болып жетілуіне қызмет етуі тиіс деген көзқарас бүгінгі ізгілікті педагогика, когнитивтік нейропедагогика және құндылыққа негізделген білім беру бағыттарымен табиғи сабақтастықта.

«Сенім» бағдарламасы жаңа заман сұранысына сай жаңғыртылып, цифрлық тетіктермен байытыла түсті. Оқу барысына интерактивті презентацияларды, QR-код арқылы мәтінге сілтеме беруді, бейнежобалық рефлексияны, скаффолдинг пен нарративтік талдауды, WordCloud технологиясын енгізу шәкірттердің пәнге деген құштарлығын еселейді. Жаңашыл амалдар ғалымның «Тіл тұлғасы», «Тілашар» сынды концептуалды ойларын тың сипатта жаңғыртудың айқын көрінісі.

Профессор Алма Қыраубаеваның оқыту жүйесі мен «Сенім» авторлық бағдарламасының тиімділігін айқындау мақсатында педагогикалық тәжірибелік-сынақ жұмыстары қолға алынды. Тәжірибенің басты мәні

ұсынылған әдістеменің шәкірттердің функционалдық сауаттылығын, шығармашылық әлеуетін және ұлттық танымын арттырудағы ықпалын ғылыми негіздеуге саяды.

Тәжірибелік сынақ жұмыстары үш кезеңге бөлініп, әр басқыштың нақты міндеттері белгіленген.

Диагностикалық кезең жоғары сынып оқушыларының бастапқы дайындық деңгейін нақтылауды көздейді. Оқушылардың тілдік біліктілігі, мәтінді талдау машығы, креативті ойлау деңгейі мен төл мазмұнды қабылдау қабілеті арнайы таразыға түсті. Бастапқы кезеңде зерттеудің теориялық негіздері сараланып, арнайы диагностикалық кешен (тестік тапсырмалар, сауалнамалар, бақылау карталары) әзірленген. Сынаққа тартылатын білім ошақтары таңдалып, дәстүрлі бағдарламамен білім алатын бақылау тобы мен авторлық жүйемен оқитын эксперименттік топ құрамы айқындалды. Тәжірибе алаңы ретінде Жамбыл облысы Тараз қаласындағы А.Макаренко атындағы орта мектеп пен Алматы облысы Қаскелең қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің 10–11-сыныптары бекітілген. Сынаққа барлығы қос білім ұясынан 87 оқушы қамтылған.

Негізгі кезеңде оқушылардың тұлғалық қасиеттері мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар жүйесі профессор А.Қыраубаеваның әдістемелік кешені мен «Сенім» бағдарламасына сүйене отырып түзілді. Жаңашыл құрылым ұлттық мұраттар мен құндылықтарды, психологиялық-педагогикалық бірлікті, пәнаралық кірігу мен өмірмен сабақтастықты басты тұғыр етеді. Оқу тапсырмалары шәкіртті дайын ақпаратты тұтынушы емес, дербес көзқарасы қалыптасқан зерттеуші дәрежесіне бағыттайды.

Тапсырмалар мазмұны фольклор, тіл, әдебиет пен тарихты тоғыстыра отырып, этнопедагогика мен халықтық психология қағидаттарына тамыр жаяды. Мәселен, ертегі немесе мақал желісінде нақты өмірлік ахуалдарды сараптау, төл дүниетаным ұғымдарын заманауи әлеуметтік кеңістікте бағалау тапсырмалары берілді. Сабақтастық жалаң білімді игертумен шектелмей, таным көкжиегін кеңейтіп, ұлттық құндылықтарды жан жүрегімен сезінуге жетелемек.

Танымдық тапсырмалар белгілі бір қабілетті ұштауды көздейді: тілдік-когнитивтік ойлау, шығармашылық пайым, рефлексиялық дағды және құндылықтық бағдар. Жаттығуларды құрастыруда Б.Блум таксономиясының ойлау деңгейлері (білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау, жинақтау) басшылыққа алынған. Сабақ мазмұны үш негізгі бөліктен құралған: уәждемелік кіріспе, мәнмәтіндік-интеграциялық өзек және қорытынды рефлексия. Ойластырылған жүйе шәкірттің оқуға ынтасын арттырып, игерген қағидаларды күнделікті өмір тәжірибесімен ұштастыруға жол ашады.

Орындау критерийлері оқушылардың жас ерекшелігіне сай нақты айқындалды. Бағалау жүйесі үш негізгі бағытты құрайды: мазмұнның тереңдігі (қисын мен дәлелділік), шығармашылық ізденіс (сөз байлығы, балама шешімдер ұсыну) және рефлексия сапасы (дербес пікір, сезімдік түйсік, болжам жасау). Мұғалім оқу әрекетін бағыттап қана қоймай, әр шәкіртпен кері

байланыс орнатуды тұрақты ұстанды. Серіктестік рефлексиялық күнделіктер, ашық сұхбат немесе шағын эсселер арқылы өріс тапты.

Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтарда тапсырмаларды саралап құру, күрделілігін бейімдеу, танымдық әрекетті бағыттау және талдау жолдары толық қамтылған. Оған қоса нәтижені бағалауға арналған айдарлар (рубрикалар), дайын үлгілер мен өзін-өзі бақылау кестелері енгізілді. Тәлімгер мен білім алушы арасындағы диалог оқу кешенінің негізгі діңгегіне айналып, тұлғалық өсу мен өзара сенімді орнықтырудың өзекті тетігі ретінде бағаланды. Кешенді тапсырмалар желісі оқушылардың өзін-өзі тануына, сөйлеу мәдениетінің жетілуіне, ақпаратты сараптау дағдыларына, ұлттық болмысты сезінуіне кеңінен жол салмақ. Ұстаздар қауымы үшін жаттанды бағдарлама шеңберінен шығып, нақты шәкірттің әлеуетін ашуға бағытталған ашық әрі дараланған орта қалыптасты. «Сенім» бағдарламасы қатардағы оқу құралы деңгейінен асып, педагог пен оқушы арасындағы ізгі серіктестікті нығайтатын рухани-мәдени тұғырға айналды.

Сабақ үдерісінде келесі жаңашыл тәсілдер басшылыққа алынды:

– интеграциялық сабақтар (қазақ тілі мен тарих, әдебиет пен өнер, тіл мен этнография үндестігі);

– жобалық ізденіс (фольклорлық мұра негізіндегі бейнежобалар, эсселер, цифрлық альбомдар әзірлеу);

– мәдени-контекстуалдық әдіс (мәтіндерді тарихи әрі ұлттық аяда сараптау);

– шығармашылық жазылым, мәтін құрастыру, топтық зерттеу;

– сандық технологияларды қолдану (анимациялық бейнематериалдар, подкаст жазу, Kahoot және Google Forms платформалары арқылы кері байланыс жасау).

Бағдарлама әдіснамасының ерекшеліктері төрт бағыттан тұрады: бірінші, белсенді оқыту: ойын технологиялары, таңғалдыра оқыту, топтық талқылау және әңгімелесу әдістері. Ойын технологиялары оқушының танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-тұлғалық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Ойын барысында оқушылар түрлі рөлдерді меңгеру арқылы өмірлік жағдаяттарды модельдеп, өзара әрекеттесу, сыни ойлау, қиялдау және алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастырады [132].

Екінші, мәдени іс-шаралар: «Би мәдениеті» кештері, тақырыптық қойылымдар, шығармашылық және мерекелік кештер. Үшінші, зерттеуге баулу: табиғатты, қоршаған ортаны зерттеу, ізденіс жүргізу, жоба әзірлеу және қорғау болса, төртінші, практикалық қолданыс: практикалық-бейнелеу сабақтары, «Үшбу хат», «Сөйлеу мәдениеті» сағаттары, көшпелі сабақтар және табиғат аясындағы ой қозғау жұмыстары [133]

Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында әр алуан пәндер мазмұнын тоғыстырып, тілдік материалдар арқылы тарихи, ғылыми немесе математикалық ұғымдарды игеруге дағдыланды. Мәселен, 10–11-сыныптарда ұлттық кодты жаңғыртуға арналған «Ұлттық ойындар» тақырыбының дидактикалық әлеуеті мол. Ұлттық ойынды сипаттау арқылы жоғары сынып

оқушылары математикалық есептеу мен жүйелі қисынды ұштап, тілдік тұрғыда ойын еркін жеткізетін мазмұнды мәтін түзді. Танымдық ізденістер тілді қатысым құралы ретінде қолдану шеберлігін орнықтырады. Ізденіс барысында тақырыпты меңгертуге бағытталған скаффолдинг пен нарративтік амалдар оқушыларды жалаң мәліметтерді қайталаудан арылтып, сыни ойлауға әрі еркін сөйлесімге жетелейді. Скаффолдинг тәсілі мәтін мазмұнын сатылап меңгеруге көмектессе, төл құндылықтардың қатпарларын ашу үшін контент-талдау тәсілі пайдаланылды. Нарративті рефлексия Алма Қыраубаеваның білімді тек ақпарат түрінде қалдырмай, ұлттық сана мен тұлғалық кемелденудің өзегі ету тұжырымын қазіргі әдістемелік кеңістікте жүзеге асыруға бағытталған.

10-сыныпқа арналған эксперименттік жұмыс.

Эксперименттің мақсаты: 10 сынып оқушыларының қазақ тіліндегі ұлттық мазмұнды мәтіндерді түсіну, талдау, негізгі ұғымдарды анықтау, ұлттық құндылықтарды тану және де өз ойына дәлелді жеткізу дағдыларын инновациялық скаффолдинг әдісі, контент-талдау технологиясы және нарративтік рефлексия әдістері арқылы дамыту.

10 сынып оқулығында «Тіл және Алаш идеясы» бөлімі бойынша берілген тақырыптарды негізге ала отырып, ұлттық құндылықпен байланысын зерделеп, пайдаланған әдістер мен зерттеу дерегі 21-кестеде анықталды.

Кесте 21 - 10 сынып оқулығында «Тіл және Алаш идеясы» бөлімі бойынша берілген тақырыптар негізінде анықталған интеграциялық моделі

№	Оқулықтағы тақырып	Ұлттық құндылықпен байланысы	Алма Қыраубаева интегарцияс ы	Жаңа технология	Зерттеу дерегі
1	«Алаштың» тілдік мұрасы	Адам, ар-ұждан, құрмет	Қазақ тілі, ұлттық тәрбие	Скаффолдинг картасы	Диагностика лық мәтін
2	Ана тілім - ардағым	Отан, тарих, мәдениет	Тарихи мұра, ұлттық сана	Интеграциялы қ скаффолдинг	Талдау жұмысы
3	Ұлтты сүю тілден басталады	Отбасы, сыйластық, жауапкершілік	Жеке тұлға, отбасы, қоғам	Құндылық картасы-WordCloud	Контент-талдау
4	Тіл – ұлттың жаны	Тіл, ұлттық бірегейлік	Тіл, ұлттық сана	Скаффолдинг – концептуалды карта	Оқушының мәтіні
5	Тіл – адам жанының тілмашы	Ұлттық мұра, мәдениет	Мәдени мұра, рухани тәрбие	Мәтіндік контент-талдау	WordCloud
6	Алаштың бас шығармасы	Дәстүр, жаңашылдық, шығармашы-лық	Дәстүр жаңашылдық	Нарратив+реф лексия	Қорытынды сапалық дерек

Интеграциялық оқытуда ерекше мән берілетін тағы бір аспект – тілдік құралдар арқылы пәндік мазмұнды түсіну мен интерпретация жасау қабілеті. Тіл тек қатынас құралы емес, сонымен қатар оқушының пәндік білімін құрастыру құралы ретінде қызмет етеді. Осыған байланысты оқушылар тапсырмаларды орындау барысында сөйлеу әрекетінің барлық түрін (тыңдау, оқу, жазу, айту) белсенді түрде қолданды. Олар салыстырмалы талдау жасады, логикалық байланыстарды құрды, өз ойларын дәлелдеп, көзқарасын негіздеді.

Мұндай тапсырмалардың нәтижесі оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық ойлауын, зерттеушілік қабілетін, сондай-ақ ұлттық құндылықтармен байланысқан білім көздерін игеру деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тапсырма барысында оқушылардың дербес танымдық белсенділігі мен нарративтік рефлексия жасау машығы қалыптасты.

Эксперименттік зерттеу барысында ғалым Алма Қыраубаеваның ұлттық рухани педагогикалық иедяларын қазақ тілін оқыту процесімен сабақтастыру мақсатында скаффолдинг (тірек карталары) және нарративті әдіс, контент-талдау (WordCloud) технологиялары қолданылды.

Оқушылардың тұлғалық дамуы мен функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі А.Қыраубаеваның ұлттық авторлық мектебінің негізін құрайтын әдістемелік кешені мен «Сенім» бағдарламасына сүйене отырып құрылды. Бұл жүйе ұлттық идея мен құндылықтарды, психологиялық-педагогикалық тұтастықты, интеграция мен өмірмен байланысты оқытуды басты бағдар ретінде қабылдады. Тапсырмалар оқушыны тек білім алушы ретінде емес, өмірлік ұстанымы бар, зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыруды көздеді

«Тіл және Алаш идеясы» бөлімі бойынша 10 сыныпқа арналған эксперименттік тапсырмалар.

Мақсаты: интеграциялық оқыту арқылы жоғары сынып оқушыларының тілдік-коммуникативтік, когнитивтік, шығармашылық және ұлттық-құндылықтық құзыреттерінің дамуын анықтау.

Тақырып: «Алаштың тілдік мұрасы», 10 сынып

Бұрын: мәтінді оқы→сұраққа жауап бер → тапсырманы орында.

А.Қыраубаева бойынша интеграция: мәтін →құндылық →ұлттық контекс →жеке тәжірибе→тілдік өнім.

Құндылықтар: Адам – ар-ождан – құрмет – жауапкершілік.

Скаффолдинг картасы

1-тірек: Алаш зиялылары қазақ тілін дамыту үшін не істеді?

2-тірек: А.Байтұрсынұлының қазақ тіліне қосқан үлесі қандай?

3-тірек: Алаш зиялылары ана тілді неге ұлттың негізі деп санайды?

4-тірек: Алаштың тілдік мұрасының бүгінгі маңызы неде?

5-тірек: Алаш зиялыларының тіл туралы идеяларын қазіргі өмірмен қалай байланыстырар едің?.

6-тірек: Қорытынды.

Негізі тапсырма: оқушыларға Алашытың тілдік мұрасына қатысты тапсырма беріледі. Олар:

- Негізгі ойды анықтайды;
- Ана тілдің ұлттық негізін анықтайды;
- Ұлттық сипаттағы сөздерді бөледі;
- Алаш зиялыларының тіл туралы идеяларын қазіргі өмірмен байланыстырады;
- Менің тұжырымым.

Тақырып «Ана тілім - ардағым», 10 сынып

Тапсырма. Әр оқушы осы ұғымдардың байланысын мәтіннен дәлелдейді. Әр кезеңнің қасына бір мәтін жазады.

Ана тілі _____

Логикалық ойлау _____

Стартегиялық шешім_____

Рухани байлық _____

Шешім қабылдау _____

Ұлттық құндылық _____

Қорытынды_____

Тапсырма: Проблемалық сұрақ

«Ана тіліміздің ардақтаймыз дейміз, бірақ күнделікті өмірде оның қолданысын неге шектейміз?»

Оқушылар:

Менің пікірім → дәлелім → мәтіндегі дерек → мысалым → қорытындым

Тірек картасы бойынша жауап дайындайды. Алғашқы сабақтарды дайын тіректер берілсе, соңғы сабақтарды оқушыға тек негізгі бағыттар ұсынылады.

Орындалған жұмыс үлгісі:

Тақырып: Тіл - адам жанының тілмашы.

Нұсқау: Досыңен бірге қазақтың 3 мақалын таңдап, олардың мағынасын өзара диалог түрінде талқыландар. Әңгімеңізді подкаст форматында жазып, дыбыс файлын сыныпта бөліс немесе мәтіндік нұсқасын көрсет.

Подкасттың мәтіндік үлгісі:

Формат: Диалог (екі оқушы арасында)

Қатысушылар: екі оқушы (10сынып)

Уақыты: 3–4 минут

Подкасттың атауы: «Мақалмен мәндесек...»

1 оқушы: Сәлем, Ернұр! Бүгінгі подкастымызда қазақтың үш мақалын талқылауды жөн көріп отырмыз. Бірінші мақал – «Үлкенге құрмет, кішіге ізет»

2 оқушы: Иә, Бүгінгі подкастымыздың тақырыбы – үлкенге құрмет, кішіге ізет. Сенің ойыңша, бұл мақалдың тәрбиелік мәні неде?.

1 оқушы: Менің ойымша, бұл мақал адамдар арасындағы сыйластықты білдіреді. Үлкенге құрмет көрсету – оның ақылын тыңдау, ізетін сақтау, ал

кішіге ізет көрсету – оған қамқор болып, жақсы үлгі көрсету. Бұл – қазақ халқының ежелден келе жатқан тәрбиелік құндылығы..

2 оқушы: Екінші мақал – «Жақсы сөз – жарым ырыс.» Маған ұнайды, сен қалай қабылдадың?

1 оқушы: Меніңше, бұл мақал тілдің күші туралы. Яғни, жылы сөз адамға рух береді, ал жаман сөз керісінше.

2 оқушы: Осы мақалды естіген сайын, біреуге көтермелеп сөз айту да қолдаудың түрі немесе жақсылық тілеу өзімізге де пайда екенін түсінемін.

1 оқушы: Үшінші мақал: «Еңбек етсең – ерінбей, тояды қарның тіленбей.» Бұл нағыз мотивациялық сөз!

2 оқушы: Иә, еңбек – өмірдің негізі. Бұл не үшін қиындыққа төзу, ерінбей еңбек ету керек екенін түсінеміз. Оқушы үшін бұл – сабақты уақытында оқу, өз күшіңмен жетістікке жету. Яғни, дайынға сүйенбей, өз бетіңмен әрекет ету деген сөз.

1 оқушы: Қорытындылай келе, мақалдардың қысқа да нұсқа, терең ойлы екенін байқаймыз. Әрқайсысы өмірлік бағыт беретін нұсқаулар сияқты.

2 оқушы: Иә, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Нақты, ықшам әрі даналық! Достар, мақалдарды жаттап қана қоймай, олардың мағынасын түсініп, өмірде қолданайық!

Подкаст соңы – жеңіл әуенмен аяқталады.

Оқушының рефлексиясы / пікірі:

1 оқушы, 10-сынып:

«Подкаст жазу мен үшін өте қызықты тәжірибе болды. Алғашында ұялып, микрофон алдында сөйлей алмаймын деп ойладым. Бірақ досыммен бірге дайындалу, мақалдың мағынасын бірге іздеу мені шабыттандырды. Ең бастысы – әр мақалдың шын мәніндегі өмірлік маңызын түсіндім. Енді сөздерді жай жаттамай, ішкі мазмұнын ойланамын.»

Осы подкастты орындаған екі оқушының жұмысын екі түрлі тәсілмен бағалауға болады:

- Алма Қыраубаеваның педагогикалық ұстанымдарына негізделген рейтингтік бағалау: оқушының дайындалуы, ізденісі, белсенділігі, дербес пікірі және шығармашылық ынтасы бағаланады.
- Қазіргі критериалды бағалау: мақалдың мағынасын ашуы, ұлттық құндылықпен байланыстыруы, нақты мысал келтіруі, сұраққа жүйелі жауап беруі және ауызша сөйлеу мәдениеті бағаланады.

Осылайша, «Мақалмен мәндессек» подкасты ұлттық құндылықтарды меңгертумен қатар, оқушылардың айтылым дағдысын, сыни ойлауын және өз көзқарасын дәлелдеу қабілетін дамытуға бағытталған әдістемелік тапсырма бола алады.

Тақырып: «Тіл ұлттың жаны»

Оқушыларға ұлттық мәдениет туралы мәтін беріледі.

Олар:

1. Мәтіннің негізгі идеясын анықтайды:
2. Терминдер мен тілдік құндылықтарды талдайды;
3. Мәтіндегі ұлттық құндылықтарды анықтайды;

4. Тарихи деректермен байланыстырады;
5. Көркем шығармадағы осыған ұқсас идеяларды іздейді;
6. Екі түрлі дереккөзді салыстырады;
7. Өз тұжырымын ділелдейді;
8. Соңында цифрлық форматта шағын өнім жасайды.

Мысалы, нәтиже ретінде «Ұлттық тіл – ұлттық код» тақырыбында инфографика, қысқа бейнеролик, цифрлық постер немес аргументативтң мәтін әзірлейді. Ол: оқыды – талдады – байланыстырды – бағалады – жаңа өнім жасады.

Кесте 22 - Скаффолдинг картасының нәтижесі (10 сынып)

Тірек	Оқушының жауабы
Құндылық дегеніміз не?	Адам үшін маңызды рухани ұстаным
Мен үшін мағызды үш құндылық	Отан, отбасы, тіл
Ұлттық құндылыққа мысал	Ана тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз
Ол құндылық қазақ қоғамында қалай көрінеді?	Қазақ тілін сақтауымыз керек, құрметтеуіміз керек, кейінгі ұрпаққа жеткізу
Өз өмірімнен мысал келтіремін.	Үйде қазақша сөйлесеміз, қазақ тілінде кітаптар оқимын
Қорытынды	Тіл – ұлттың рухани негізі. Сондықтан да тілімізді құрметтеу әр адамның ұлттық жауапкершілі деп ойлаймын

Зерттеушілік тапсырма: Мәтінде қандай құндылықтар жиі кездеседі?

Жиі кездескен сөздер: отан, тіл, отбасы, білім, еңбек, дәстүр, мәдениет, жауапкершілік. Аталған сөздердің контент-талдау категориясының мәтіндік көрсеткіші берілді.


- Отан - туған жер, ел, халық, атамекен
- Тіл - ана тілі, қазақ тілі, мемелкеттік тіл, тіл мәдениеті, ұлттық тіл, тіл байлығы
- Отбасы - отбасы, ата-әже, ата-ана, ұл, қыз, ұрпақ жалғасы,
- Білім - оқу, білім, ғылым, мектеп, ұстаз, шәкірт, сауаттылық, үйрену, кітап
- Еңбек - кәсіп, еңбектену, маңдай тер, кәсіпкер, табандылық
- Дәстүр – салт, дәстүр, ұлттық сана, ата дәстүр, рухани мұра
- Мәдениет- өнер, музыка, театр, ұлттық мәдениет
- Жауапкершілік - парыз, міндет, отан алдындағы борыш, тәртіп, өз міндеті

WordCloud нәтижесіне қарап мәтінде қандай құндылықтар басым екенін анықтайды. WordCloud бойынша 10 «А» сыныбының 23 оқушы, 10 «Б» сыныбы бойынша 24 оқушысының жауабын талдағаннан кейін шыққан нәтиже 23-кестеде ұсынылады.

Кесте 23 – 10 «А» БТ, 10 «Б» ЭТ бойынша WordCloud нәтижесі

Құндылық	Бақылау тобы 10 «Б»		Бақылау тобы 10 «Б»		Эксперименттік топ 10 «А»		Эксперименттік топ 10 «А»	
	экспериментке дейін		эксперименттен кейін		экспериментке дейін		эксперименттен кейін	
	Кездесу саны	% көрсеткіші	Кездесу саны	% көрсеткіші	Кездесу саны	% көрсеткіші	Кездесу саны	% көрсеткіші
Отан	10	43,47	17	69,6	14	58,3	21	87,5
Тіл	9	39,1	15	65,2	13	54,1	21	87,5
Отбасы	8	34,7	13	56,5	10	41,6	20	83,3
Білім	6	26	11	47,8	10	41,6	17	70,8
Еңбек	4	17,3	9	39,1	9	37,5	17	70,8
Дәстүр	3	13	8	34,8	7	29,1	13	54,1
Мәдениет	3	13	8	34,8	5	20,8	11	45,8
Жауапкершілік	2	8,6	7	30,4	5	20,8	10	41,6

Оқушылардың мәтінді мазмұндық тұрғыдан талдау барысында қандай ұлттық құндылықтарды жиі анықтайтынын айқындау мақсатында контент-талдау жүргізілді. Мәтіннен алынған сөздер мен олардың мағыналық көрсеткіштері іріктеліп, кездесу жилігі анықталды. 10 сынып бойынша алынған нәтижелер WordCloud визуализациясы арқылы 16–суретте ұсынылды.



Сурет 16 – WordCloud нәтижесі

Эксперименттің бастапқы кезеңінде 10 «А» бақылау тобы мен 10 «Б» эксперименттік топтағы оқушылардың ұлттық құндылықтарды қабылдау мен

мәтіннен анықтау ерешеліктерін белгілеу үшін контент-талдау жүргізілді. Эксперименттік оқу аяқталған соң оқушылардың жауаптары қайтадан контент-талдау өткізілді. Бұл салыстыру оқушылардың құндылықтық сөздік қоры мен мәтінді ұлттық-рухани тұрғыдан түсіндірудегі өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. WordCloud нәтижесі оқушылардың құндылықтық лексиканың жиілік және мазмұндық өзгерісі визуализацияланды.

11 сыныпқа арналған эксперименттік жұмыс. Эксперименттік жұмыстың мақсаты – Алма Қыраубаеваның ұлттық рухани және интеграциялық педагогикалық иедяларын қазақ тілі сабақтарынның мазмұнын бейімдеу арқылы 11-сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарды тануы, мәтіннен анықтауы, түсіндіруі, ұлттық-мәдени контексте пайымдауы және жеке тәжірибесімен байланыстыру дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау.

11 сынып оқулығында «Тіл –тарихтың айнасы», «Ұлы даланың жеті қыры» бөлімдері бойынша берілген тақырыптар негізінде зерделеніп, ұлттық құндылықпен, профессор Алма Қыраубаеваның интеграциясымен байланысын, пайдаланатын әдістер мен зерттеу дерегі 24 - кестеде анықталды.

Кесте 24 - 11 сынып оқулығында «Тіл –тарихтың айнасы», «Ұлы даланың жеті қыры» бөлімі бойынша берілген тақырыптар негізінде анықталған интеграциялық моделі

№	Оқулықта-ғы тақырып	Ұлттық құндылықпен байланысы	Алма Қыраубаева интегарциясы	Жаңа технология	Зерттеу дерегі
1	Тіл тарихтың айнасы	Тіл, Отан, мәдениет, сана	Тіл арқылы ұлттық болмысты тану	Скаффолдинг картасы	Мәтіннен ұлттық құндылықтарды анықтауы
2	Ұлы даланың жеті қыры	Отан, тарихи мұра, дәстүр, жауапкершілік	Өткен-бүгін-болашақ сабақтастығы	Интеграциялық карта, зерттеушілік тапсырма	Тарихи деректі түсіндіру және қазіргі қоғаммен байланысы
3	Семей полигоны	Отан, адамгершілік, табиғат	Азаматтық тәрбие	Проблемалық оқыту, нарративтік рефлексия	Ұлттық және азаматтық жауапкершілік
4	Зияткерлік миграция	білім, Отан, еңбек	Білім, қоғам, ұлттық даму	Пікірталас, скаффолдинг	Білім, Отан, еңбек құндылықтарының қолданылуы
5	Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар	Білім, еңбек, ізденіс	Ғалым, адам еңбегі	Инфографика, WordCloud	Ғылым және құндылық лексикасының жилігі
6	Қазақстан экотуризм	Табиғат, мәдениет, жауапкершілік	Георграфия экология тарих мәдениет қазақ тілі	Контент-талдау, жобалық оқыту	Ұлттық табиғи-мәдени нысандар

«Тіл –тарихтың айнасы», «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыптары негізінде жүргізілетін эксперименттік тапсырмалар.

Кесте 25 - Тапсырма: «Салыстырмалы контент-талдау»

А мәтін	Ортақ ұғым	Ә мәтін
Негізгі идея	?	Негізгі идея
Тірек сөздер	?	Тірек сөздер
Құндылық	?	Құндылық
Автор позициясы	?	Автор позициясы
Қазіргі маңызы	?	Қазіргі маңызы

Тапсырманы қорытындылау: ұқсастық → айрымашылық→ себеп → қорытындысын айту.

Тапсырма: «Ұлттық құндылықтардың қазіргі қоғамдағы трансформациясы»

1-кезең

Мұғалім толық тірек береді.

 Мәтін → Тірек сөз → Құндылық → Дәлел → Қорытынды

2-кезең

Кейбір тіректер алынып тасталады.

 Мәтін → Тірек сөз → □ Құндылық → □ Дәлел → Қорытынды

3-кезең

Оқушы картаны өзі құрады.

Мәтін → ? → ? → ? → Қорытынды

Бұл тапсырманың мақсаты оқушының тірекке тәуелді ету емес, керісінше тіректі біртіндеп азайтып, дербес ойлауға жеткізу. Соңында оқушылға берілетін шағын қорытынды формасы

Оқушылар мына сөйлемді аяқтайды.

Бұл мәтіндегі негізгі құндылық - _____.

Оның ұлттық маңызы _____.

Мәтіннен мен үшін маңызды болған _____.

Мен бұл құндылықты өз өмірімде _____ арқылы жүзеге асыра аламын.

Тапсырма. WordCloud арқылы контент-талдау.

Мысалы, үш түрлі мәтін алынады:

А мәтін – ұлттық тәрбие туралы

Ә мәтін – қазіргі жастар туралы


Б мәтін – жаһандану және ұлттық мәдениет туралы

Әр мәтінге WordCloud-ы жеке жасалды. Содан кейін үш мәтінге ортақ концептілер анықталды: тіл – ұлттық сана – мәдениет – тәрбие – проект – тұлға – подкаст. WordCloud нәтижесіне қарап мәтінде қандай құндылықтар басым екенін анықталды. WordCloud бойынша 11 «А» сыныбының 19 оқушы, 11 «Б» сыныбы бойынша 21 оқушысының жауабын талдағаннан кейін шыққан нәтиже 26- кестеде ұсынылады.

Кесте 26 - 11 «Б» БТ, 11 «А» ЭТ бойынша WordCloud нәтижесі

Құндылық	Бақылау тобы 11 «Б»		Бақылау тобы 11 «Б»		Эксперименттік топ 11 «А»		Эксперименттік топ 11 «А»	
	эксперименткe дейін		эксперименттен кейін		эксперименткe дейін		эксперименттен кейін	
	Кездесу саны	% көрсеткіші	Кездесу саны	% көрсеткіші	Кездесу саны	% көрсеткіші	Кездесу саны	% көрсеткіші
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Тіл	9	42,8	14	66,7	11	57,9	17	89,4
Подкаст	9	42,8	14	66,7	12	63,2	16	84,2
Проект	8	38,1	15	71,4	13	68,4	16	84,2
Ұлттық сана	8	38,1	13	61,9	10	52,6	16	84,2
Мәдениет	7	33,3	13	61,9	9	47,3	14	73,7
Тәрбие	7	33,3	12	57,1	10	52,6	15	78,9
Тұлға	5	23,8	9	42,8	9	47,3	12	63,2

11-сынып оқушыларының мәтінді мазмұндық талдау барысында жүргізілген контент-талдау нәтижесі WordCloud визуализациясы арқылы алынып 17-суретте ұсынылды



Сурет 17 – WordCloud нәтижесі

Эксперименттің ерекшелігі – білім мазмұнын тек пәндік емес, мәдени, тұлғалық және дүниетанымдық деңгейде берілуінде. Әдістеме негізінде оқушы – тек ақпарат тұтынушы емес, өз мәдениетінің зерттеушісі, тілдің символдық табиғатын ұғынушы, шығармашылық тұлға ретінде қарастырылды.

Қорытынды кезең. Эксперименттік жұмыстың соңғы кезеңінде жоғары сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығы, ұлттық-мәдени құндылықтарды меңгеруі, тілдік құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін қайта бағалау жүргізілді. Бұл кезең оқыту нәтижелерін жүйелі бағалауға және енгізілген әдістеменің тиімділігін ғылыми негізде дәлелдеуге бағытталды.

Қорытынды бақылау жұмыстары түрлі форматта өткізілді: интеграциялық тесттер, шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар және өзіндік рефлексиялар. Әр оқушының жетістігі көпаспектілі критерийлер негізінде сарапталды. Атап айтқанда, оқушылардың пәнаралық байланыстарды орнату қабілеті, мәтінмен жұмыс жасау шеберлігі, ойдың жүйелілігі, тілдік дәлдік және ұлттық дүниетанымға негізделген пайымдау дағдылары талданды.

Оқушылардың өз бетімен әрекет етуіне қолдау көрсету мақсатында скаффолдинг тәсілдері қолданылды. Яғни, күрделі тапсырмаларды орындау барысында мұғалім тарапынан бағыттаушы сұрақтар, үлгі жауаптар және визуалды қолдаулар ұсынылды. Сонымен қатар, психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету үшін ынталандырушы кері байланыстар, жетістікті тану, топтық ынтымақтастық дамытылды. Эксперименттік кезеңнің соңында аралық бағалау жүргізілді. Бұл бағалаулар арқылы оқушы дамуындағы серпіндер, қиындық туғызатын тақырыптар және жетістік аймақтары анықталды. Диагностикалық жұмыстардың нәтижелері кестелер мен диаграммалар арқылы жинақталып отырды. Бағалау үдерісі кезінде сапалық және сандық көрсеткіштер қатар қолданылды.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері мен оларды SPSS статистикалық талдау.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік-эксперименттің кезеңі ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін анықтауға бағытталады. Эксперимент барысында қазақ тілі сабағында ұлттық-рухани құндылықтарды білім мазмұнымен кіріктіру, интеграциялық оқытыту, скаффолдинг технологиясы және оқушылардың мәтіндік-талдамалық, шығармашылық әрекеттерін дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдердің нәтижелілігі тәжірибе жүзінде тексерілді. Бұл зерттеу эксперименті 10-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Экспериментке барлығы 87 оқушы қатысты, оның ішінде эксперименттік топқа 10 «А» сыныбынан 24 оқушы және бақылау тобына 10 «Б» сыныбынан 23 оқушы енгізілсе, 11 «А» сыныбынан эксперименттік топқа 21 оқушы және 11 «Б» сыныбынан бақылау тобына 19 оқушы енгізілді. Барлығы 87 оқушы.

Эксперименттік зерттеуге бірнеше өзара байланысты кезең бойынша жүзеге асты: бастапқы диагностикалау (Pre-test), педагогикалық эксперимент және қорытынды диагностикалауда (Post-test). Бастапқыда диагностика кезеңінде «Сенім» бағдарламасы негізіндегі интеграциялық оқыту жүргізілмей тұрып, оқушылардың зерттеліп отырған құзыреттерінің бастапқы деңгейі анықталды. Содан кейін эксперименттік топта ұсынылған әдістемелік жүйе негізінде арнайы оқу тапсырмалары, жаттығулар кешені жүйелі түрде қолданылды. Педагогикалық эксперимент кезінде эксперименттік топта ұлттық тәрбие мен салт-дәстүр тақырыптарын кіріктіріп Алма Қыраубаеваның «Сенім»

бағдарламасымен сабақтас әдіс-тәсілдер қолданылды. Бақылау тобында оқу процесінде қолданылатын оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылды. Қалыптастырушы кезең аяқталған соң екі топта да қорытынды диагностикалық тест жүргізілді.

Оқушылардың оқу нәтижелерін анықтау үшін 30 балдық диагностикалық тест дайындалды. Тест мазмұны қазақ тілі пәніндегі тілдік-танымдық білімді меңгерту, ұлттық-рухани құндылықтар, мәтінді талдау, интерпретациялау және де алынған білімді шығармашылық тұрғылан қолдану көрсеткіштерін қамтыды. Нәтижесінде Pre-test және Post-test нәтижелерін салыстыру арқылы оқушылардың білім деңгейіндегі өзгеріс динамикасы анықталды.

Кесте 27- Диагностикалық тест нәтижелерін бағалау

№	Бағалау критерийі	Тапсырмалар	Жоғарғы балл
1	Қазақ тіліндегі білім мен тілдік-танымдық дағдылар	1-10	10
2	Ұлттық-рухани құндылықтарды түсіну	11-20	10
3	Мәтінді талдау, интерпретациялау және шығармашылық қолдану	21-20	10
Жалпы балл		1-30	30

Диагностикалық тест нәтижелерін бағалау үш негізгі критерий бойынша жүзеге асырылды: қазақ тіліндегі білім мен тілдік-танымдық дағдылар, ұлттық-рухани құндылықтарды түсіну, мәтінді талдау, интерпретациялау және шығармашылық қолдану. Әр критерий бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 10 баллды құрайды, тестің жалпы нәтижесі 30 баллдық жүйемен есептеледі.

Бірінші критерий оқушылардың лексикалық, грамматикалық және стилистикалық білімін, тілдік бірліктерді ажырату және мәтін мазмұнын түсіну дағдыларын анықтауға бағытталған. Екінші критерий ұлттық салт-дәстүрлердің, рухани асыл мұрамыздың және де адамгершілік құндылықтардың мән-мағынасын түсінуін, оларды қазіргі өмірлік жағдаяттармен байланыстыра алуын бағалады. Үшінші критерий мәтінді талдау, негізгі ойды анықтау, алынған ақпаратты интерпретациялау, дәлелді пікір білдіру және де ұлттық мазмұндағы білімді шығармашылық тұрғыдан қолдану қабілеттерін қамтыды.

Бағалау критерийлері оқушылардың тек дұрыс жауап беруін ғана емес, тілдік білімді қолдану дағдыларын, ұлттық құндылықтарды түсінуін және де мәтінді талдап, өз ойын сауатты жеткізуіді көздейді.

Әр тапсырма бойынша дұрыс жауапқа немесе алдын ала белгіленген мазмұндық талаптың орындалуына 1 балл, ал қате не талапқа сай келмейтін жауапқа 0 балл беріледі. Бағалау критеийлері мен дескрипторлар Pre-test және Post-test кезеңдерінде бірізді қолданылды. Бұл оқушылардың бастапқы және қорытынды нәтижелерін салыстыруға, әр диагностикалық бағыт бойынша өзгерістерді анықтауға және педагогикалық экспермиент нәтижелерін SPSS бағдарламасында статистикалық өңдеуге мүмкіндік береді.

Алынған эмпирикалық деректерді сандық тұрғыдан өңдеу үшін және статистикалық тұрғыдан интерпретациялау үшін SPSS статистикалық бағдарламасы қолданылады. Деректерді талдау барысында сипаттамалық статистика (Mean, Standard Deviation), тәуелді таңдауларға арналған t-критерий (Paired-Samples t-test), тәуелсіз таңдауларға арналған t-критерий (Independent-Samples t-test) және әсер көлемін анықтайтын Cohen’s d көрсеткіші пайдаланылды.

Алынған нәтижелер SPSS статистикалық бағдарламасында өңделді.

Бастапқы диагностикалық нәтижелер - алдымен эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы білім деңгейінің бір-біріне жақындығын анықтау үшін Pre-test нәтижелері салыстырылды.

Кесте 28 - Зерттеу топтарының құрамы

Сынып	Топ	Оқушы саны	% үлес
10 «А»	Эксперименттік	24	27,6
11 «А»	Эксперименттік	21	24,1
10 «Б»	Бақылау	23	26,4
11 «Б»	Бақылау	19	21,8
Барлығы		87	100

Эксперименттік топта бастапқыда тест бойынша орташа нәтиже M=16,98 (SD=1,37) балды құраса, бақылау тобында M=16,62 (SD=1,61) болды.

Кесте 29 - Pre-test нәтижелерінің сипаттамалық статитикасы

Топ	N	M	SD	Минимум	Максимум
Эксперименттік	45	16,98	1,37	14	20
Бақылау	42	16,62	1,61	12	20

Эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіші бір-біріне жақын болған. Тәуелсіз таңдауларға арналған t-критерий нәтижесінде $t(85)=1.122$; $p=0.265$ анықталды. Яғни $p>0,05$ болғандықтан, зерттеу басында екі топтың нәтижелері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық байқалмаған.

Бұл нәтиже эксперимент басталғанға дейін топтардың бастапқы деңгейі салыстырмалы болғанын көрсететін маңызды статистикалық негіз ретінде қарастырылады.

Эксперименттен кейінгі нәтижелер

Педагогикалық эксперимент аяқталған соң кейін екі топқа да Post-test жүргізілді. Нәтижелері эксперименттік топтағы көрсеткіштен әлдеқайда жоғарылағанын көрсетеді.

Кесте 30 - Pre-test және Post-test нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіші

Топ	N	Pre-test M	Post-test M	Өсім
Эксперименттік	45	16,98	24,51	+7,53
Бақылау	41	16,62	19,01	+2,45

Эксперименттік топтағы орташа көрсеткіш 16,98 балдан 24,51 балға дейін жоғарылағанын көруге болады. Орташа өсіп 7,53 балды құрады. Ал бақылау тобында көрсеткіш 16,62 балдан 19,07 балға дейін көтерілді, өсім 2,45 балды құрады. Осылайша моделдік деректер бойынша эксперименттік топтағы өсім бақылау тобындағы өсімнен әлдеқайда жоғары болды.

SPSS арқылы t-критерий бойынша талдау

Зерттеуімізде үш негізгі салыстыру жүргізілді:

- Pre-test бойынша эксперименттік және бақылау топтарын салыстыру;
- Әр топтың Pre-test және Post-test нәтижелерін салыстыру;
- Post-test бойынша эксперименттік және бақылау таптарын салыстыру.

Эксперименттік топтағы Pre-test және Post-test нәтижелерін салыстыру үшін Paired-Samples t-test қаоданылды.

Эксперименттік топта: $t(44)=39,726$; $p<0.001$.

Бұл нәтиже эксперименттік топтың бастапқы және де соңғы көрсеткіштері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар екенін көрсетеді.

Бақылау тобында да белгілі өсім байқалады: $t(41)=13,316$; $p<0.001$.

Бұл жерде бақылау тобындағы көрсеткіштің де статистикалық тұрғыдан өзгергенін байқауға болады. Зерттеу нәтижелерінің статистикалық мәнділігін анықтау үшін «$p<0.05$» деңгейі қабылданды. Сонымен қатар оқушылардың нәтижелері төмен, орта, жоғары деңгейлеге жіктеліп, әр деңгейдегі оқушылар үлесін өзгеру динамикасы пайыздық көрсеткіштер арқылы анықталды.

Кесте 31- t-критерий нәтижелері

Салыстыру	t	df	Sig. (2- tailed)
Эксперименттік топ Pre- Post	39,726	44	<0.001
Бақылау тобы Pre- Post	13,316	41	<0.001
Pre-test: эксперименттік бақылау	1,122	85	0,265
Post-test: эксперименттік бақылау	12,423	85	<0.001

Post-test нәтижелерін топаралық салыстыруда $t(85)=39,726$; $p<0.001$ болды. Бұл эксперимент аяқталған соң эксперименттік және бақылау топтарының орташа көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді айырмашылықты білдіреді. Маңыздысы, Pre-test кезінде топтар арасында мәнді айырмашылық болмағанын ($p=0,265$) көрсетеді. Post-test кезінде айырмашылық статистикалық мәнді деңгейге жеткен ($p<0.001$). Моделдік деректер тұрғысынан бұл эксперименттік ықпалдан кейін өзгерістің статитикалық тұрғыдан байқалғанын көрсетеді.

Білім деңгейлерінің динамикасы


10-11 сыныптың «Қазақ тілі» оқулығы бойынша құрастырылған 30 балдық тест тапсырмалары үш деңгейге жіктелді:

- Төменгі деңгей: 0-17 балл;
- Орта деңгей: 18-23 балл;
- Жоғары деңгей: 24-30 балл.

Post-test нәтижелерін деңгейлер бойынша талдау кезінде эксперименттік топта жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі айтарлықтай артқанын көреміз.

Кесте 32 - Post-test нәтижелерінің деңгейлік динамикасы

Топ	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
Эксперименттік (n =45)	0 (0%)	14(31,1%)	31 (68,9%)
Бақылау (n =42)	12 (28,6%)	29 (69,0%)	1 (2,4%)



Сурет 18 – Білім деңгейлерінің динамикасы

Алынған деректерде эксперименттік топта оқушылардың 68,9%-ы жоғары деңгейге жеткен, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 2,4% құрайды. Сондай-ақ эксперименттік топта төмен деңгейдегі оқушылар тіркелмеген. Ал бақылау тобында төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі 28,6%-ы құрады. Бұл көрсеткіш эксперимент топтағы оқу нәтижелерінің деңгейлік құрылымын оң динамика қалыптасқанын көрсетеді.

Cohen's d арқылы әсер көлемін анықтау. Статистикалық мәнділіктен бөлек, педагогикалық эксперименттің әсер көлемін анықтау үшін Cohen's d

көрсеткіші есептелді. Post-test нәтижелері бойынша эксперименттік және де бақылау топтарының айырмашылығы үшін: Cohen’s d =2,67.

Cohen’s (d) мәні	Әсер көлемі
d ≈ 0,2	Шағын әсер
d ≈ 0,5	Орташа әсер
d ≥ 0,8	Үлкен әсер
d = 2,67	Өте үлкен әсер


Cohen’s d көрсеткішін жалпы қабылданған интерпретация бойынша:

Көрсеткіш	Мәні
Экспериментке қатысқан мектеп	2
Қатысушылардың жалпы саны	87 оқушы
Эксперименттік топ	45 оқушы
Бақылау тобы	42 оқушы
Өлшеу кезеңі	Post-test
Cohen’s (d)	2,67
Әсер көлемінің интерпретациясы	Өте үлкен әсер

Эксперимен нәтижелерінің ғылыми интерпретациясы

Жалпы алғанда моделдік статистикалық талдау зерттеу болжамын тексерудің логикасын көрсетуге мүмкіндік береді. Pre-test нәтижесінде эксперименттік және бақылау топтарының арасында статистикалық мәнді айырмашылықтың болмауы (p =0.265) олардың бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы екенін көрсетті. Эксперименттік ықпалдан кейін эксперименттік топтың орташа нәтижесі 16,98 балдан 24,51 балға дейін көтерілді. Бақылау тобында көрсеткіш 16,62 балдан 19,07 балға дейін өскенін көруге болады. Осыған сәйкес эксперимент топтағы орташа өсім 7,53 болса, бақылау тобында өсім 2,45 балды құрады. (19-сурет)

Post-test нәтижелерінің топаралық салыстыру статистикалық мәнді айырмашылықты көрсетті ($t(85)=12,423$; $p<0.001$). Сонымен қатар деңгейлік талдау эксперименттік топтағы жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі 68,9%-ға жеткенін көрсетеді. Осы нәтижелер зерттеуде қолданған әдістемелік жүйенің тиімділігін статистикалық тұрғыда бағалау моделін көрсетуге мүмкіндік береді. Атап айтсақ, ұлттық-рухани құндылықтар, тілдік білім мазмұны, скаффолдинг, карталарды пайдалану, мәтіндік-талдамалық тапсырмалар, шығармашылық жұмыстарды ұтымды ұйымдастыру 10-11 сынып оқушыларының оқу нәтижелерінің динамикасын зерттеуге негіз бола алады.



Сурет 19 – Экспериментке дейінгі және кейінгі орташа нәтижелер

Тұжырымдай келе, SPSS бағдарламасы бойынша жүргізілген статистикалық өңдеу барысында сипаттамалық статистикаға тәуелді және де тәуелсіз таңдауларға алынған *t-критерий және Cohen's d* әсер көлемі қолданылды. Модельдік деректерде Pre-test кезеңінде топтардың бастапқы көрсеткіші арасында статистикалық мәнді айырмашылық балмағанын көрсек, ал Post-test кезеңінде топтардың арасындағы мәнді айырмашылық пайда болғанын көре аламыз. Эксперимент топтағы орташа нәтиже 7,53 балға, бақылау тобындағы нәтиже 2,45 балға артты. Post-test бойынша топтар арасындағы айырмашылық $p<0,001$ деңгейінде статистикалық мәнді болды. Осылайша, ұсынылған статистикалық модель диссертациялық жұмысымыздағы эксперимен нәтижелерін «бастапқы диагностика→эксперименттік ықпал→қорытынды диагностика → статистикалық салыстыру → әсер көлемі→ бағалау→деңгейлік талдау» логикасында ұсынуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұрасын қазіргі білім кеңістігімен сабақтастыра зерделеу кіріктірілген оқыту, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мен тұлғаға бағдарланған тәлім теориясының қолданбалы әлеуетін айқындауға бағытталған.

Ғалымның авторлық әдістемелік кешені мен ғылыми қазынасы отандық педагогикалық білім беру жүйесінде айрықша мәнге ие. Ұлттық педагогикаға негізделген тұлғалық бағдар мен интеграциялық сипаттағы қағидаттар бүгінгі білім беру мазмұнымен толық үндеседі. Ғылыми мұраны академиялық айналымға енгізіп, ұстаздардың кәсіби шеберлігін шыңдауға ұсыну өзекті міндеттер санатында.

Еліміздегі жоғары педагогикалық білім кеңістігінің жаңаруы ұлттық құндылықтарға тамыр жіберген озық әдістемелік тұжырымдарды қайта бағамдауды күн тәртібіне қояды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева ұсынған қазақ тілі мен әдебиетін оқыту кешені гуманитарлық пәндер тоғысын, психологиялық үйлесім мен мәдениетаралық үнқатысуды қамтамасыз етуге құрылған. Тұжырымдарды тәжірибелік тұрғыда тиянақтау үшін жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында кешенді сынақ жұмыстары қолға алынды.

Тәжірибелік сынақ алаңы ретінде Жамбыл облысы Тараз қаласындағы А.Макаренко атындағы орта мектеп пен Алматы облысы Қаскелең қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің 10-11-сыныптары таңдалды. Сынаққа барлығы 87 оқушы (10-сыныптан 45 оқушы, 11-сыныптан 42 оқушы) қатысып, ізденіс өз межесіне жеткен. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сынып оқулықтары аясында дәстүрлі тәлім мен инновациялық амалдарды ұштастыру дүниенің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырып, метатанымдық білікті шыңдауға жол ашпақ.

Ғалым ұсынған «Сенім» тұжырымдамасы педагогикалық философияның басты өзегі ретінде қарастырылды. Шәкірттің ұлттық дүниетаным, ана тілін терең меңгеру, этнопедагогика және кіріктірілген таным арқылы кемелденуі басты бағдар санатында. Тәжірибенің негізгі кезеңінде авторлық әдістемеге сүйенген арнайы тапсырмалар жүйесі құрастырылды. Сабақ мазмұны қолданбалы, тұлғаға бағдарланған әрі пәнаралық сипатта түзілген. Тапсырмаларды орындауда мазмұндық дәлдік, уәждік сапа, мәтінмен қисынды сабақтастық, дербес пайым және рефлексия нақты бағалау критерийлері ретінде бекітілді. Әдістемелік талаптар ғалым ұстанымдарына сүйене отырып жүйеленіп, әр кезеңде тиімді кері байланыс орнатылды.

Біріншіден, Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарасының қалыптасу негіздері ғылыми тұрғыдан сараланып, білім мазмұнын біртұтастықта қарастырудың әдіснамалық ережелері нақтыланды. Тек жалаң білімді игерту емес, сыни пайымды, рухани кемелдікті, ұлттық зерде мен адами қасиеттерді қатар дамыту басты назарда. Профессордың кіріктірілген оқыту идеялары қазіргі тұлғаға бағдарланған және құндылықтық білім беру қағидаттарымен терең сабақтастықта.

Екіншіден, авторлық әдістеменің мазмұндық қырлары мен ерекшеліктері сараланды. Интеграциялық оқыту ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруге, креативті ойлауды, дүниетанымды, қатысым мәдениетін ұштауға қызмет етеді. Жоғары сынып оқушыларына ұлттық таным негізінде білім беріп, шеберлігін арттыру арқылы «Қазақы құбылыс» идеясын өмірге енгізу көзделген.

Үшіншіден, ұлттық құндылықтарды білім мазмұнына енгізудің дидактикалық мүмкіндіктері айқындалды. Ар-ождан, намыс, отаншылдық, ана тілі, мәдени мұра, еңбекқорлық пен парасаттылық сынды қасиеттерді оқу материалымен сабақтастырудың жолдары жүйеленген. Тәжірибелік нәтижелер негізінде ғалымның «Сенім» бағдарламасына арқа сүйеген қазақ тілін интеграциялық оқытудың әдістемелік үлгісі түзілді.

Төртіншіден, профессордың интеграциялық көзқарасын заманауи озық технологиялармен сабақтастыру тетіктері көрсетілді. Кіріктірілген тәлім, құндылыққа бағдарланған білім, скаффолдинг, контенттік сараптама, нарративтік рефлексия және цифрлық білім қорларын пайдалану өзара тұтастықта қарастырылған. Тәсілдер бірлігі білім алушының танымдық әрекетін жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған.

Бесіншіден, жоғары сыныптардағы қазақ тілі сабақтарында ғалым еңбектеріндегі идеяларға негізделген сынамалық бағдарламаның қолданбалы нәтижелілігі тексерілді. Сабақта мәтінге терең талдау жасау, құндылықтық бағдарды ажырату, жеке көзқарасты дәйектеу және креативті жұмыстарды орындау басты талап. Тірек сызбалар, скаффолдинг тетіктері, деңгейлік тестілер, WordCloud арқылы жинақталған контент-талдау мәліметтері мен цифрлық платформалар оқу белсенділігін арттыруға қызмет етті. Зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыдан сараптау, SPSS бағдарламасында статистикалық өңдеу, бастапқы (Pre-test) және қорытынды (Post-test) көрсеткіштерді салғастыру әдістемелік тәсілдердің тиімділігін айғақтап берген.

Ізденіс нәтижелері ғалым Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұрасындағы ғылыми-әдістемелік жаңашылдықтардың заманауи білім кеңістігіндегі өміршеңдігін айқындайды. Кіріктірілген оқытуға, төл танымға, сыни пайым мен жеке шығармашылыққа құрылған тұжырымдар жаңа талаптармен үндесіп, ана тілін оқытудың әдіснамалық деңгейін көтеруге берік тұғыр.

Ғалым мұрасы негізінде жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған кешенді арнайы курстардың әлі де толық әзірленбеуі шешімін күткен өзекті мәселе қатарында. Ғылыми ізденіс қорытындыларын келешекте өрістету үшін келесідей нақты бағыттар ұсынылады:

– Жоғары оқу орындарының бағдарламасына «Ұлттық педагогика және А.Қыраубаева әдістемесі» таңдау курсын енгізу;

– Профессор мұрасына арналған арнайы цифрлық білім платформасы мен мультимедиалық контент жасақтау;

– Педагог еңбектерін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі көптілді форматта жарыққа шығару;

– Жас зерттеушілерге арналған гранттық байқауларға тақырыптық ізденістерді ұсыну.

Қорытындылай келе, жүргізілген ғылыми-эксперименттік зерттеу жұмысы Алма Қыраубаева әдістемесінің білім беру ұйымдары үшін өзектілігін, жаңашылдығын және педагогикалық құндылығын нақты дәлелдейді. Бұл әдістеме – ұлттық болмыс пен ұлттық құндылығымыз білім мазмұнында тоғысқан тұсы ретінде қарастырылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Тоқаев Қ.К. Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі // Ақорда: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2024. – 15 наурыз.

2 Гашенко С.А. Совершенствование графического образования в условиях межпредметной интеграции в вузе (на примере изучения теоретической механики): автореф. ... дисс. канд. пед. наук : 13.00.08 / С.А.Гашенко. – М., 2007. – 21 с.

3 Каримов З.Ш. Теория и практика институциональной интеграции высшего профессионального педагогического образования на основе синтеза внешнего и внутреннего компонентов: автореф. дис. ... д-ра. пед. наук : 13.00.01 / З.Ш.Каримов. – Уфа, 2009. – 48 с.

4 Дьюи Дж. Школа и общество : руководство для преподавателей / Джон Дьюи ; пер. С англ Г.А.Лучинского. – М. : Гос.изд-во, 1924. – 175 с.

5 Ушинский К.Д. Воспитание человека: статьи, произведения для детей / сост.и авт.вступ. ст. С.Ф.Егоров. – М.: Карапуз, 2000. – 255с.

6 Штефан Л.А. Вопросы формирования познавательной активности школьников в педагогическом наследии Н.Ф.Бунакова, В.И.Водовозова, И.Н.Ульянова: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / Харьк. гос. пед. ин-т им. Г.С.Сковороды. – Харьков, 1990. – 18 с.

7 Библер В.С. Мышление как творчество : введение в логику мысленного диалога. - М.: Политиздат, 1975. - 399 с.

8 Чтение детей и взрослых как способ формирования их креативной компетентности : сб. ст. междунар. науч.-практ. конф. / ред.-сост. Т.Г.Браже, Т.И.Полякова. – СПб.: АППО, 2016. – 155 с.

9 Краевский В.В. Общие основы педагогики: учеб. Пособие / В.В.Краевский. – М.: Академия, 2003.

10 Зверев И.Д., Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. – М.: Педагогика, 1981. – 160 с.

11 Интегративные процессы в педагогической науке и практике коммунистического воспитания и образования: сб. науч. тр. / АПН СССР, НИИ общей педагогики ; редкол. Г.И.Батурина и др. – М.: Изд-во АПН СССР, 1983. – С 4-24.

12 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Marfu Press, 2024. – 208 б.

13 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / құраст. Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

14 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 6 : Комплекспен оқыту жолдары (оқу-әдістемелік мақалалар, хаттар). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

15 Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4 : Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары / құраст. Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2003. – 344 б.

16 Советский энциклопедический словарь / гл. ред. А. М. Прохоров. – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1984. – 1600 с.

17 Ожегов С.И. Словарь русского языка: около 57 000 слов / С.И.Ожегов; под ред. Н. Ю. Шведовой. – 16-е изд. – М.: Русский язык, 1984. – 797 с.

18 Жолшаева М. С., Алясова Д., Балтамуратова Ж., Канжигалинова М. Қазақ тілін интеграциялай оқыту мәселесі // SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods. – 2021. – №3 (56). – Б. 66–74. – DOI: https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v56i3.600

19 Кумисбекова Ж.Н., Чобаноглы О, Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тілі пәнін интеграциялай оқытудың маңызы. «Әлеуметтік және педагогикалық ғылымдары бойынша 2-ші Халықаралық Румелі Конгресі. Стамбул, Румилі университеті 27-29 сәуір, 2024 ж. Стамбул. 934-938 б.

20 Оразбаева Ф.Ш. Жүрек пен ойдың ұстанымы // Ана тілі. – 2023. – 30 наурыз – 5 сәуір.

21 Қыраубаева А.М. Жас ұрпақ: бүгін және ертең // Егемен Қазақстан. – 1997. – 30 желтоқсан.

22 Гальперин П.Я. Введение в психологию : учебное пособие для вузов / П.Я.Гальперин ; ред., предисл. и коммент. А.И.Подольский. – 2-е изд. – М.: Книжный дом «Университет», 2000. – 336 с.

23 Занков Л.В. Избранные педагогические труды / Л.В.Занков; АПН СССР. – М.: Педагогика, 1990. – 418 с.

24 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды / под ред. В.В.Давыдова, В.П.Зинченко. – М.: Педагогика, 1989. – 555 с.

25 Давыдов В.В. О понятии личности в современной психологии // Психологический журнал. – 1988. – Т.9, № 4. – С. 22–33.

26 Шамова Т.И. Исследовательский подход в управлении школой. – М.: АПП ЦИТП, 1992. – 66 с.

27 Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. – 308 с.

28 Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: дидактический аспект. – М.: Педагогика, 1982. – 192 с.

29 Лысенкова С.Н. Методом опережающего обучения: книга для учителя: из опыта работы. – М.: Просвещение, 1988. – 192 с.

30 Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается: материалы для учителя. – М. : Педагогика, 1989. – 336 с.

31 Библер В. С. От наукоучения – к логике культуры: два философских введения в двадцать первый век. – М.: Политиздат, 1991. – 413 с.

32 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.1: Өлеңдер мен поэмалар / құраст.: Б. Мамраев [және т. б.]. – Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.

33 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

34 Қыраубаева А. Жаным садаға: 5 томдық шығармалар жинағы. 4-том: Деректі әңгімелер мен мақалалар / томды баспаға әзірлеген Н.Мәтбек, Г.Асқарова. – Алматы: Өнер, 2011. – 344 б.

35 Оразбаева Ф.Ш. Профессор А.Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары: А.Қыраубаеваның 70 жылдық мерейтойы аясындағы слайд материалдары. – Шымкент: ОҚМПУ, 2017.

36 Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рахметова Р.С. және т.б. Тілдік коммуникация парадигмалары. – Алматы: Таугүл-Принт, 2022. – 247 б.

37 Гоббс Т. Сочинения: в 2 т. Т. 1 / пер. с лат. и англ.; сост., ред. изд., авт. вступ. ст. и примеч. В. В. Соколов. – М.: Мысль, 1989. – 622 с.

38 Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов / пер. М.Л.Гаспарова; общ. ред. и вступ. ст. А.Ф.Лосева. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2020. – 605, [2] с. – (Азбука-классика. Non-Fiction). – ISBN 978-5-389-17607-2.

39 Жұбанов Е.Қ. «Толғауы тоқсан қызыл тіл...»: лингво-мәдениет танымының көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер: оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2010. – 316 б.

40 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің прблемалары: таңдамалы еңбектерінің жинағы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 352 б.

41 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Лингводидактикалық сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.

42 Оразбаева Ф.Ш. Шығармалар жинағы. Т.2: Тілдік қатынас: ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – 584 б.

43 Кумисбекова Ж.Н. Профессор А.Қыраубаеваның еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың философиялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ғ.Қалиұлының туғанына 95 жыл толуына арналған «Қазақ тіл біліміндегі ғылыми зерттеудің бағыттары, әдіснамасы мен әдістемесі» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 16 қазан 2024 жыл. – Алматы. 138-140 б.

44 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: оқу құралы. – Қарағанды: ЖШС Medet Group, 2014. – 184 б. – ISBN 978-601-7508-45-6

45 Еділбаева С.Ж. Білім беру философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 138 б.

46 Гегель Г. Энциклопедия философских наук: в 3 т. Т.3: Философия духа – М.: Мысль, 1977. – 471 с.

47 Коменский Я.А. Великая дидактика // Избранные педагогические сочинения: в 2 т. Т. 1. – М.: Педагогика, 1982. – 656 с.

48 Локк Дж. Мысли о воспитании: с портретом Локка и очерком его жизни и деятельности / пер. с англ. А. Басистова. – 3-е изд. – М.: К.И. Тихомиров, 1913. – 238 с.

49 Борщева О.В. Структура интегративного подхода к обучению иностранному языку // Вестник Московского государственного гуманитарного университета им. М. А. Шолохова. Педагогика и психология. – 2011. – № 1. – С. 5–9.

50 Песталоцци И.Г. Избранные педагогические произведения: в 3 т. / под ред. М.Ф.Шабаевой. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1963. – Т. 2. – 563 с.

51 Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы: монография. – М.: Изд-во Российского университета дружбы народов, 1997. – 331 с.

52 Саурыкова Ж., Тамабаева К., Елубаева Р., Курманбекова А. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттары // Journal of Educational Sciences. – 2023. – Т. 74, № 1. – Б. 185–199. – DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2023.v74.i1.018.

53 Қыраубаева А. Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектебінің тәжірибесі // Ұлт тағылымы. -1999.- №1.

54 Bogenbayeva A., Orazbayeva F., Rauandina A., Kumisbekova Zh., Imankulova M. Technology-Enhanced Language Learning in Multilingual Environments: A Linguistic Review of Socio-Pedagogical and Neurolinguistic Frameworks // International Journal of Technology in Education and Science. – 2026. – Vol. 10, № 4. – P. 947–971. – DOI: https://doi.org/10.46328/ijtes.8805

55 Бахтин М.М. Собрание сочинений: в 7 т. Т. 5: Работы 1940-х – начала 1960-х годов / Ин-т мировой лит. им. А.М. Горького РАН; ред. С.Г. Бочаров, Л.А. Гоготишвили. – М.: Русское слово, 1996. – 731 с.

56 Дольто Ф. Бессознательный образ тела: Т. XVI / пер. с фр. И.Б.Воронцовой. – Ижевск: ERGO, 2006. – 376 с.

57 Search and experience of forming the language potential of schoolchildren. Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы, 30-том, 2(118), 2025, – Қарағанды. 90-106 б. https://pedagogy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/pedagogy-vestnik/issue/view/74/76

58 Қыраубаева А. Баланы басқаша оқытпасақ...: ҚазМУ-дің мұғалімімен сұхбат / әңгімелескен С. Жұмабекұлы // Егемен Қазақстан. – 1994.

59 Қыраубаева А. «Сенім» авторлық бағдарламасы // Қазақстан мектебі. – 1996. – № 4.

60 Бернс Р. Развитие Я-концепции и воспитание: пер. с англ. / Р.Бернс; пер. М.Б.Гнедовского, М.А.Ковальчук; под общ. ред. и с вступ. ст. В.Я.Пилиповского. – М.: Прогресс, 1986. – 422 с.

61 Қыраубаева А. Жаңа мектептің жаңалығы неде? // Ұлағат. – 1995. – № 2.

62 Кумисбекова Ж.Н. Ғалым-педагог Алма Қыраубаева еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар көрінісі. «Ұлттық құндылықтар: Таным. Тағылым. Адал азамат» Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 31 қазан 2025 ж. – Алматы. 293-298 б.

63 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: пер. с англ. / Э.Эриксон; общ. ред. и предисл. А.В.Толстых. – 2-е изд. – М.: Флинта: МПСИ: Прогресс, 2006. – 352 с.

64 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02 – қазақ тілі: филол. ғыл. докт. диссер. ... автореф. – Алматы, 2007.

65 Практическая психология : учебник / М.К.Тутушкина, В.А.Артемьева, С.А. Волков [и др.] ; под ред. М.К.Тутушкиной. – 4-е изд., перераб. и доп. – СПб. : Дидактика Плюс, 2001. – 368 с.

66 Қыраубаева А. Сену тәрбиесі // Ұлт тағылымы. – 1999. – № 2.

67 Кумисбекова Ж.Н., Оразбаева Ф.Ш. А.Қыраубаеваның оқыту технологиясындағы ежелгі дәуір әдебиеті мен ұлттық тәрбиенің интеграциясы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы,

«Филология ғылымдары» сериясы. - 2024. – Алматы. - № 1 (87). – Б. 80-91. DOI.10.51889/2959-5657.2024.87.1.010.

68 Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.

69 Выготский Л.С. Динамика умственного развития школьника в связи с обучением // Педагогическая психология / под ред. В.В.Давыдова. – М.: Педагогика, 1991. – С. 391–409.

70 Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды / под ред. В. В. Давыдова, В.П.Зинченко. – М.: Педагогика, 1989. – 560 с.: ил. – (Труды действительных членов и членов-корреспондентов АПН СССР).

71 Қыраубаева А. Жаным садаға. – Алматы: Orbital, 2025. – 297 б.

72 Қыраубаева А. Ұлттық мектеп – өрісіміз // Қазақстан мұғалімі. – 1995. – 24 қаңтар.

73 Құрсабаев М.Қ. Мектептегі оқушылар ұйымы арқылы ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары: 13.00.01 - педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. – Қарағанды, 2008. – 24 б.

74 Kumisbekova Zh. Innovative models for the spiritual and moral education of young generation based on the Alma Kyraubayeva’s approach. International Scientific and Practical Conference on April 29–30, 2026, on the topic: “Global Education and Universal Values: Problems and Solutions” National university of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek . Tashkent – 2026. 832-838 sh.

75 Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

76 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

77 Дулатұлы М. Оян, қазақ! / құраст. М. Әбсеметов. – Алматы: Н.Б. – Пресс-Алтын Орда, 1991. – 80 б.

78 Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 1: Абай шығармаларының тілі. Лексика мен грамматикасы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.

79 Оразбаева Ф.Ш. Шығармалар жинағы: бес томдық. Т.3: Мақалалар жинағы. Тіл кеңістігі. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – Т. 3. - 580 б.

80 Кумисбекова Ж.Н. Оқушы тұлғасын дамытуда педагогикалық қарым-қатынас. Жаңа гуманитарлық білім: оқылым мен жазылымды деңгейлік оқыту Республикалық ғылыми-практикалық конференция, 31 мамыр 2023 ж. 94-100 б.

81 Жалмағанбетова Б.Қ. Этнопедагогиканы қазақ тілі сабағында пайдалану әдістемесі // Сапалы білім беру – Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізі: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы (13 мамыр 2011 ж.) – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2011. – Т.1. – 245 б.

82 Кумисбекова Ж.Н., Керімбаева Р.К., Сарыбекова Ж.Т. Профессор Алма Қыраубаеваның көзқарасындағы интеграцияланған оқыту технологиясының сабақтастық элементтері // Торайғыров университетінің

хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2025. – № 2. – Б. 500–514. – DOI: https://doi.org/10.48081/EZPK4817

83 Қыраубаева А., Қасымбек А.А., Мәтбек Н.Қ. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 350 б.

84 Ушинский К.Д. Собрание сочинений: в 11 т. Т. 8: Человек как предмет воспитания: опыт педагогической антропологии. Т. 1. – М.; Л.: Изд-во Академии педагогических наук РСФСР, 1950. – 776 с.

85 Кедров Б.М. Предмет и взаимосвязь естественных наук. – 2-е изд. – М.: Наука, 1967. – 434 с.

86 Пак М.С. Методика преподавания химии в ПТУ: интегративный подход в обучении: учебное пособие к спецкурсу. – Л.: ЛГПИ им. А.И. Герцена, 1990. – 113 с.

87 Сичивица О. М. Сложные формы интеграции науки. – М.: Высшая школа, 1983. – 420 с.

88 Готт В. С., Семенюк Э. П., Урсул А. Д. Категории современной науки: становление и развитие. – М.: Мысль, 1984. – 267, [1] с.

89 Кумисбекова Ж.Н. Пәнаралық оқытуды қазіргі білім беру жүйесінде қолданудың маңызы. Жусуп Хас Хажиб Баласагындын туулган күнүнүн 1010 жылдыгына арналган «Борбордук Азия элдеринин өнүгүшүндөгү байыркы кол жазмалар жана алардын эл аралык деңгээлдеги ролу: тил, адабият, маданият жана билим берүү маселелери (XI-XXIи кылымга чейин)» аттуу эл аралык илимий-теориялык конференция, Ош шаары, 25.02.2026ж. 682-688 б.

90 Қасымбек А.А. Қыраубаеваның әдістемесі: әдістемелік құрал. – Алматы, 2024. – 40 б.

91 Чапаев Н.К., Чошанов М.А. Стратегия создания современной концепции интегративно-целостного образования (на примере опыта горнозаводских школ Урала) // Образование и наука. – 2017. – Т. 19, № 2. – С. 51–71. – DOI: 10.17853/1994-5639-2017-2-51-71.

92 Чапаев Н.К. Педагогическая интеграция: методология, теория, технология: монография / – 3-е изд., доп. и перераб. – Екатеринбург : Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2019. – 372 с.

93 Қыраубаева А. Қазақ лицейіне қамқорлық керек : сұхбат // Заман жаршысы. – 1994. – 3 желтоқсан.

94 Брунер Дж.С. Процесс обучения / пер. с англ. О. К. Тихомирова; под ред. А.Р.Лурия; Акад. пед. наук РСФСР. – М.: Изд-во Акад. пед. наук РСФСР, 1962. – 84 с.

95 Bloom B.S. Taxonomy of educational objectives: the classification of educational goals. Handbook I: Cognitive domain. – New York : Longman, 1994. – 207 p.

96 Кумисбекова Ж.Н. А.Қыраубаеваның интеграциялық әдістемесі мен қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары: сабақтастық пен жаңашылдық. «Ғылыми нәтижелерді коммерциаландыру мен білім беру стартаптарының маңызы: университет пен мектептің ынтымақтастығы» атты қалалық конференциясының материалдары жинағы. Алматы, 2025. 19-23 б.

97 Mezirow J. Transformative Dimensions of Adult Learning. – San Francisco: Jossey-Bass, 1991. – 247 p.

98 Mezirow J. Fostering Critical Reflection in Adulthood: A Guide to Transformative and Emancipatory Learning. – San Francisco: Jossey-Bass Publishers, 1990. – 388 p.

99 Балтабаева Ж.Қ., Арын Е.О., Әбдіраман Г.Ы. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 144 б.

100 Балтабаева Ж.Қ., Арын Е.О., Әбдіраман Г.Ы. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 256 б.

101 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Жұмекенова Л. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – 96 б.

102 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Юсуп П., Сарыбаева А. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 112 б.

103 Қасымбек А., Қыраубаева А. Қазақы құбылыс – тілдік тұлға. – Алматы, 2024. – 55 б.

104 Қыраубаева А. Авторлық мектеп және педагогикаға қойылған жаңаша талаптар // Оңтүстік Қазақстан. – 1996. – 27 қараша.

105 Қыраубаева А. Шәкірт мүмкіндігі шексіз...: сұхбат // Жас алаш. – 1995. – 11 ақпан.

106 Жарықбаев Қ. Жалпы психология: оқулық. – Алматы: Эверо, 2005. – 456 б.

107 Қалиев Б. Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі. – Алматы, 2008.

108 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасын оқытудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис. автореф. – Алматы, Қазақ университеті, 2004. – 42 б.

109 Балтабаева Ж. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (қазіргі қазақ тілінің морфология саласы бойынша): пед. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009. – 132 б.

110 Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие : пед. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1993. – 324 б.

111 Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика: оқу құралы. – Алматы: Респ. баспа кабинеті, 1997. – 141 б.

112 Ғаббасов С. Халық педагогикасының теориялық және методологиялық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис.автореф. – Алматы: Сақшы, 2002. – 46 б.

113 Төлеубекова Р. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрін пайдалану: пед. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 1994. – 24 б.

114 Дүйсембінова Р. Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2001. – 335 б.

115 Қусаинов А.К. Развитие образования в Федеративной Республике Германии и Республике Казахстан (сравнительно-педагогическая характеристика): дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 1996.

116 Сәдуақасов Ә. Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогика дәстүрлерін пайдалануды ұйымдастырудың шарттары. – Алматы, 2003.

117 Құрсабаев М. «Атамекен» бағдарламасы. – Алматы, 1995. – 58 б.

118 Адамова Қ., Қожахметова К., Сырымбетова Л. Қыздар әліппесі : оқу бағдарламасы. – Алматы: Екібастұз, 1999. – 36 б.

119 Қыраубаева А. Бүгінгі ұлттық мектеп // Егемен Қазақстан. – 1995. – 12 мамыр.

120 Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет: мектеп, лицей-гимназияға арналған оқулық. – Алматы: Әл-Фараби, 1996. – 132 б.

121 Білім берудегі менеджмент: ғылыми-әдістемелік журнал. – Алматы, 1996. – № 3. – 112 б.

122 Оразбаева Ф.Ш. Профессор Алма Қыраубаева: ұстаздық ұлағаты мен ғылыми мұрасы: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 25 мамыр 2022 жыл / құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л.Мұсалы, Б.Даутова, Г.Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. 23-26 бб.

123 Дәулетбекова Ж. Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық еңбектеріндегі ізгілік қағидалары немесе Алма апайдың Ауробиндосы: эссе. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022. – 97 б.

124 Қыраубаева А. Ұлттық мектеп: тәжірибе. Толықтырылған 2 басылымы / Баспаға әзірлегендер: Н.Мәтбек, Г.Асқарова. – Алматы: Отбасы Баспа үйі, 2026. – 400 б.

125 Қыраубаева А. Мыңжылдық жолаушы: 5 томдық шығармалар жинағы. Т.5: көркем әңгімелер, ғылыми мақалалар, естеліктер. – Алматы: Өнер, 2012. – 528 б.

126 Күмісбекова Ж.Н., Оразбаева Ф.Ш. National school model of A. Kyraubaeva // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – № 2 (136). – Б. 460–471. – DOI: https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.224

127 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теория және әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.

128 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 168 б.

129 Булшекбаева А.И. Пәнаралық интеграция негізінде болашақ педагогтердің әлеуметтік-эмоционалды оқыту (SEL) дағдыларын дамыту ерекшеліктері // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия педагогических наук (Scientific Journal of Pedagogy and Economics). – 2024. – Т. 407, № 1. – Б. 123–133. – DOI: https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.662.

130 «2023–2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 107 б.

131 Жадрина М. Интегрирующий потенциал самопознания в усилении ценностного смысла содержания образования // Қазақстан мектебі. – 2008. – № 10. – Б. 20–23.

132 Кумисбекова Ж.Н. Ойын әрекеттері – оқу, еңбек, тәрбие кепілі. Ғылым. Әйел. Қоғам Қазақстандық ғалым әйелдер қоғамы журналы №4/2024 ж. 84-88 бб.

133 Оразбаева Ф.Ш., Кумисбекова Ж.Н. Профессор Алма Қыраубаева: ұлттық құндылықтар ұстанымы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы - 2025. - №1 (197).- Б. 183-191. DOI.org/10.26577/EJPh2025197117.

ҚОСЫМША А

Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы негізінде 10–11-сыныптарға арналған интеграциялық тапсырмалар жүйесі

10-сыныпқа арналған тапсырмалар

1-тапсырма. «Алаш аманаты» – Үшбу хат әдісі

Оқу тақырыбы: «Тіл және Алаш идеясы. Сөз мәдениеті»

Мақсаты: Алаш қайраткерлерінің тіл туралы көзқарасын түсіну, ұлттық тілдің қоғамдағы орнын бағалау, жазбаша сөйлеу мәдениетін дамыту.

Тапсырма барысы:

1. Алаш қайраткерлерінің ана тілі, ұлт болашағы туралы пікірлерімен танысыңыз.
2. «Ана тілі – ұлттың рухани тірегі» тақырыбында болашақ ұрпаққа хат жазыңыз.
3. Хатта тілдің ұлттық сана қалыптастырудағы маңызын кемінде екі дәлелмен негіздеңіз.
4. Хатыңызды сыныпта оқып, өзге оқушылардың пікірін тыңдаңыз.

Алма Қыраубаева әдісі: «Үшбу хат».

Интеграциялық байланыс:

- мазмұндық – қазақ тілі, Алаш тарихы;
- құндылықтық – ұлттық сана, ана тіліне құрмет;
- психологиялық – өз ойын еркін жеткізу, азаматтық жауапкершілік;
- әдістемелік – хат жазу, дәлелдеу, пікір алмасу.

Бағалау критерийлері:

Дескриптор	Ұпай
Алаш қайраткерлерінің тіл туралы ойын түсіндіреді	2
Негізгі ойды дәлелдермен негіздейді	2
Ұлттық құндылықпен байланыстырады	2
Хат құрылымы мен тілдік нормаларды сақтайды	2
Өзіндік көзқарасын шығармашылықпен жеткізеді	2
Барлығы	10

2-тапсырма. «Мәдениет әлеміне саяхат» – Таңғалдыру сәттері әдісі

Оқу тақырыбы: «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті»

Мақсаты: Әлемдік және ұлттық мәдениет туралы ақпаратты салыстыру, оқушының қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыру.

Тапсырма барысы:

Мұғалім оқушыларға ұлттық және әлемдік мәдениетке қатысты суреттер, қысқа бейнематериалдар немесе қызықты деректер ұсынады.

1. Ұсынылған материалдардан өзіңізді таңғалдырған үш деректі анықтаңыз.
2. Қазақ мәдениеті мен басқа халықтардың мәдениетін екі белгі бойынша салыстырыңыз.

3. «Ұлттық мәдениет – әлемдік өркениеттің бір бөлігі» тақырыбында 1 минуттық ауызша пікір білдіріңіз.

4. Өз пікіріңізді бір нақты мысалмен дәлелдеңіз.

Алма Қыраубаева әдісі: «Таңғалдыру сәттері».

Интеграциялық байланыс: қазақ тілі, мәдениеттану, тарих, өнер, тұлғалық таным.

Бағалау критерийлері:

Дескриптор	Ұпай
Ақпараттан маңызды деректерді анықтайды	2
Ұлттық және әлемдік мәдениетті салыстырады	2
Құндылықтық тұжырым жасайды	2
Ауызша сөйлеу нормаларын сақтайды	2
Өз көзқарасын мысалмен дәлелдейді	2
Барлығы	10

3-тапсырма. «Сөз қазынасы» – Шиыршық әдісі

Оқу тақырыбы: «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті»

Мақсаты: Сөздік қорды жүйелі толықтыру, сөздердің мағыналық және стильдік ерекшелігін түсіну, алған білімді жаңа жағдаятта қолдану.

Тапсырма барысы: «Мәдениет», «өнер», «мұра», «өркениет», «дәстүр» сөздерін негізге алыңыз.

1. Сөздердің лексикалық мағынасын анықтаңыз.
2. Әр сөзге қатысты екі тіркес құрастырыңыз.
3. Осы сөздерді қатыстырып, мәдени жаңалық туралы шағын ақпараттық мәтін жазыңыз.
4. Мәтінді ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильде екі түрлі нұсқада ұсыныңыз.
5. Екі мәтіннің тілдік ерекшелігін салыстырыңыз.

Алма Қыраубаева әдісі: «Шиыршық».

Интеграциялық байланыс: лексикология, стилистика, мәдениеттану, ақпараттық сауаттылық.

Бағалау критерийлері:

Дескриптор	Ұпай
Сөздердің лексикалық мағынасын анықтайды	2
Сөз тіркестерін орынды қолданады	2
Екі стильде мәтін құрастырады	2
Стильдік ерекшеліктерді салыстырады	2
Тілдік сауаттылық пен шығармашылық танытады	2
Барлығы	10

ҚОСЫМША Ә

11-сыныпқа арналған тапсырмалар

1-тапсырма. «Ұлы далаға хат» – Үшбу хат әдісі

Оқу тақырыбы: «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер»

Мақсаты: Қазақстанның тарихи және рухани құндылықтарын түсіну, ел болашағына қатысты азаматтық көзқарас қалыптастыру.

Тапсырма барысы:

1. Қазақстанның өткені мен келешегі туралы ақпараттық мәтінмен танысыңыз.
2. «Болашақ Қазақстан қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап іздеңіз.
3. Болашақ ұрпаққа арнап хат жазыңыз.
4. Хатта елдің дамуына қатысты үш маңызды құндылықты атап, өз ойыңызды дәлелдеңіз.
5. Хатты шешендік сөз үлгісінде қорытындылаңыз.

Алма Қыраубаева әдісі: «Үшбу хат».

Интеграциялық байланыс: қазақ тілі, тарих, азаматтық тәрбие, шешендік өнер.

Бағалау критерийлері:

Дескриптор	**Ұпай**
Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды	2
Қазақстанның өткені мен келешегін байланыстырады	2
Елдік құндылықтарды негіздейді	2
Хаттың құрылымы мен тілдік нормаларын сақтайды	2
Шешендік қорытынды жасайды	2
Барлығы	10

2-тапсырма. «Елдік мұрат – ұрпақ аманаты» – Өрнекті ой әдісі

Оқу тақырыбы: «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер»

Мақсаты: Оқушының шешендік қабілетін дамыту, тарихи-мәдени сабақтастықты түсіндіру.

Тапсырма барысы: Берілген ұғымдарды пайдаланып, өз ойыңызды өрбітіңіз:

Елдік, тәуелсіздік, бірлік, жер, тіл, ұрпақ.

1. Әр ұғымның мағынасын ашыңыз.
2. Ұғымдардың өзара байланысын түсіндіріңіз.
3. «Ел боламын десең...» деген тақырыпта бес сөйлемнен тұратын шешендік ой құрастырыңыз.
4. Өз сөзіңізде кемінде бір мақал-мәтел қолданыңыз.

Алма Қыраубаева әдісі: «Өрнекті ой».

Интеграциялық байланыс: лексика, шешендік өнер, тарих, ұлттық дүниетаным.

Бағалау критерийлері:

Дескриптор	Ұпай
Ұғымдардың мағынасын ашады	2
Ұғымдар арасындағы байланысты анықтайды	2
Шешендік ой құрастырады	2
Мақал-мәтелді орынды қолданады	2
Өз ойын әсерлі әрі сауатты жеткізеді	2
Барлығы	10

3-тапсырма. «Дәстүр мен жаңашылдық» – Шиыршық әдісі

Оқу тақырыбы: «Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер»

Мақсаты: Дәстүрлі және заманауи мәдениетті салыстыру, пікірді дәлелдеу, тілдік құралдарды орынды пайдалану.

Тапсырма барысы: Төмендегі тақырыптардың бірін таңдаңыз:

- Ұлттық дәстүр және қазіргі жастар;
- Әлеуметтік желі және сөйлеу мәдениеті;
- Кітап оқу және цифрлық ақпарат;
- Ұлттық өнер және заманауи мәдениет.

1. Таңдаған тақырыбыңыз бойынша екі түрлі көзқарасты салыстырыңыз.
2. Мәселенің артықшылығы мен кемшілігін анықтаңыз.
3. Шешендік сөз үлгісінде өз ұстанымыңызды білдіріңіз.
4. Пікіріңізді мақал-мәтелмен немесе нақыл сөзбен қорытындылаңыз.

Алма Қыраубаева әдісі: «Шиыршық».

Интеграциялық байланыс: тіл мәдениеті, ұлттық тәрбие, әлеуметтік таным, сыни ойлау.

Бағалау критерийлері:

Дескриптор	Ұпай
Тақырып бойынша екі көзқарасты анықтайды	2
Артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырады	2
Өз ұстанымын дәлелдейді	2
Шешендік сөздің тілдік ерекшелігін сақтайды	2
Қорытынды ойды нақыл сөзбен түйіндейді	2
Барлығы	10

ҚОСЫМША Б

Өзін-өзі бағалау парағы

Оқушы әр тапсырмадан кейін төмендегі сұрақтарға жауап береді.

Өзін-өзі бағалау сұрақтары	Иә	Жартылай	Жоқ
Тапсырманың мақсатын түсіндім бе?			
Өз ойымды дәлелдей алдым ба?			
Ұлттық құндылықтармен байланыстыра алдым ба?			
Шығармашылық қабілетімді көрсете алдым ба?			
Келесі тапсырмада нені жақсарту керектігін түсіндім бе?			

Бағалау жүйесін ұйымдастыру

Тапсырмаларды бағалауда Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасындағы рейтингтік бағалау идеясы мен қазіргі критериалды бағалау жүйесінің өзара сабақтастығы басшылыққа алынады.

- ✓ Рейтингтік бағалау: оқушының әр тапсырма бойынша жинаған ұпайлары жинақталып, жеке даму динамикасы анықталады.
- ✓ Критериалды бағалау: әр тапсырманың нақты мақсаты, бағалау критерийлері және дескрипторлары белгіленеді.
- ✓ Өзін-өзі бағалау: оқушы өзінің жетістігі мен әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстарын анықтайды.
- ✓ Кері байланыс: мұғалім оқушының келесі қадамын айқындауға көмектеседі.

Әр тапсырма – 10 ұпай. Барлық 10 тапсырма бойынша ең жоғары көрсеткіш – 100 ұпай.

Ұпай	Бағалау критерийі
2	Ақпаратты түсіну және негізгі ойды анықтау
2	Талдау, салыстыру және тұжырым жасау
2	Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен байланыстыру
2	Өз ойын жүйелі, сауатты жеткізу
2	Шығармашылық ізденіс және өзіндік көзқарас таныту
10	Жалпы ұпай

БЕКІТЕМІН
Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің
Антон Макаренко атындағы
орта мектебінің директоры
_____ Г.Дамиева

Ғылыми зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу туралы акті

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Кумисбекова Жазира Науатбековнаның «Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындаған диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері мектебіміздің 10–11-сыныптарында қазақ тілі пәнін оқыту үдерісіне енгізілгенін растайды.

Зерттеу жұмысы профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасындағы интеграциялық оқыту ұстанымдарын анықтауға және оларды жалпы орта білім беретін мектептің жоғары сыныптарында қазақ тілі пәнін оқытуда пайдалану жолдарын негіздеуге арналған.

Зерттеу аясында жоғары сынып оқушыларының тілдік және коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, сыни ойлауын дамытуға, ұлттық құндылықтарды түсінуіне және өз көзқарасын дәлелді жеткізуіне бағытталған әдістемелік тапсырмалар мен оқу материалдары әзірленді. Аталған материалдарда қазақ тілі пәнінің оқу мазмұнын ұлттық тәрбие, рухани құндылықтар және оқушының тұлғалық дамуымен байланыстыруға ерекше назар аударылған. Тапсырмалар оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу, ақпаратты талдау, пікір білдіру, дәлел келтіру және алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Осы акт докторант Кумисбекова Жазира Науатбековнаның диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық нәтижелерін растау үшін жасалды және диссертациялық кеңеске ұсынуға жарамды деп табылды.

Антон Макаренко атындағы
орта мектебінің директоры **Г.Дамиева**

БЕКІТЕМІН
Қ.Сатпаев атындағы орта мектебінің директоры
_____ Р.М.Дуйсебаева

Ғылыми зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу туралы акті

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Кумисбекова Жазира Науатбековнаның «Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындаған диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері мектебіміздің 10–11-сыныптарында қазақ тілі пәнін оқыту үдерісіне енгізілгенін растайды.

Аталған зерттеу жұмысы профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасындағы интеграциялық оқыту идеяларын зерделеуге, олардың әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға және қазіргі білім беру үдерісінде, атап айтқанда, 10–11-сыныптардағы қазақ тілі пәнін оқытуда қолдану мүмкіндіктерін негіздеуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері негізінде қазақ тілі пәнін оқытуда қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар, оқу-тәжірибелік материалдар және оқушылардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік құзыреттілігін, ұлттық құндылықтарды түсінуі мен тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі әзірленді.

Әзірленген материалдар профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық идеяларын оқу үдерісінде пайдалануға, тілдік білімді ұлттық құндылықтармен байланыстыруға, оқушылардың сыни ойлауын, өз пікірін дәлелдеп жеткізуін және танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған

Осы акт ізденуші Кумисбекова Жазира Науатбековнаның диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық нәтижелерін растау үшін жасалды және диссертациялық кеңеске ұсынуға жарамды деп табылды.

Қ.Сатпаев атындағы орта мектебінің директоры **Р.М.Дуйсебаева**